




ТАЙТАЛАС

Өмір КӘРІПҰЛЫ



“Елорда”
Астана - 2001

Шетская 996
центральная районная
БИБЛИОТЕКА

ББК84 қаз 7-44
К 11

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ, АҚПАРАТ ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ КЕЛІСІМ
МИНИСТРЛІГІНІҢ БАҒДАРЛАМАСЫ БОЙЫНША ШЫҒАРЫЛДЫ

Кәріпұлы Ө.
К 11 Тайталас. Роман.
Астана: Елорда, 2001. 312 бет.

9965-06-018-5

Жазушы Өмір Кәріпұлы мұнан бұрын жарық көрген роман, повесть, әңгіме жанрындағы көркем туындыларымен оқырман қауымның ықылас-ілтипатына ие болған белгілі қаламгер.

Ө. Кәріпұлының “Тайталас” атты жаңа романы азаттық алған қазақ қоғамындағы тарихи-әлеуметтік ахуалға арналған. Романда халқымыздың биік парасаты, адам өмірінің мәні мен сәні шиеленіскен оқиға шыншылдықпен суреттеледі. Халықтың өмір салты мен төлтума қасиеттерін терең меңгерген автордың тілі шұрайлы.

К $\frac{4702250201-37}{450(05)-2001}$ 37-2001

ББК 84 қаз 7-44

ISBN 9965-06-018-5

© Кәріпұлы Ө., 2001



Жатса да, тұрса да түйсігінен кетпей, сартап сағынышына қозғау салып көкірегін сыздатқан құзар шың бұл жолы да алдырмады. Сандықша текшеленген беткей бел ортаға таяна бере диірменнің тасындай жылтырланып, маймақ тұяғына ілікпей діңкесін құртты да, шау тартқан ұлы кеудесін кері бұрып, етекке ілбіді. Екпінінен тал теңселіп, құрақ жапырылған, тұяғынан от ұшқындаған ереуілді күндерде биікке шығу құлжаға тым онай еді. Бірденеден секем алғанда құзарды бетке алып ұра жөнелетін. Көрінген далданы тасаланып бұқпантайлаған қорқынышты да, сумандаған ұры желмен ілесіп аяқ астынан атойлап шыға келетін үрейді де төменге қалдырып, шың басынан төңіректі шолғанда, астамшыл көкірегі көк тіреп, өзін айдай әлемнің қожасындай сезінетін. Бір-бір құбыжыққа отырып алып жел қуған қаңбақтай домаланған екі аяқтылардың бей-берекет жортуылын көзге ілмей, шаңырақ мүйізімен аспан тіреген тәкаппар тұрқын ұры көздің сұғына қаймықпай ұстап, тас мүсіндей тапжылмай ұзақ тұратын бір орында. Сол сәтте табиғаттың текті төліне тіл бітіп сөйлеп кетердей еді. “Ей, жұмыр басты пенделер, көп едік жер бетінде. Қомағай құлқындарыңа босқа жем болмайық деп, бірте-бірте тасқа айналамыз. Бірақ бізді құрта алмайсындар! Әй, сендерге дауа жоқ-ау! Тауды да үңгіп аласартып барасыңдар”. Бұл - мүтін арқар атаулының адамдарға көрсеткен қайсар қарсылығы, жан айқайы. Бұлардың зар-наласы екі аяқтылардың құлағына жетті ме, жетпеді ме, оған әл-дәрменнен айырылып қуаты сарқылуға жақындаған сынық мүйіз кәрі құлжаның түйсігі жетпейді. Кейінгі бес-алты жылда бұқпантай тіршілік тұтқынында құр сүлдесін сүйретіп жүрген құлжа

дәл бүгінгі тырбанысына үлкен үміт артып, Арқарлының бигіне шығармын-ақ деп дәмеленген. Қайдағы?! Жол шығын боп кетпегеніне шүкірлікдесін. Үнемі жұмулы жүретін мүкіс көзінен жас парлап, сылтымасы бар артқы аяғының сан еті сыздап шаншып әкетіп барады. Сау көзінің жанарын жас жуып, жетімек құлжа адамша жылады. Қайсарлық пен өрліктің, тәкаппарлық пен сұлулықтың жиынтығындай табиғат ананың ерекше жаратылған текті төлі үгітілме күйректікті әсте білмейтін. Ыбылжыған жастық табиғатына жат еді. Үнемі құзарды мекендеп төске өрлеп жүргендіктен бе, әйтпесе жаратылыс тастай қатты сезімге бейімдеп, жүрегіне ұсақ-ұлан осалдықты дарытпай қалқан қойғандықтан ба, болмаса қос үрей тіршілік тықыр аулағыш сақтыққа мәжбүр етіп, үркек түйсігін жалаңаштап тастаған ба, мұң-нала дегеннің не екенін білмей келген сынық мүйіз құлжа кейінгі кездері көзінен алты тарам жас парлап жылайтынды шығарған.

Бас - Арқарлы, Орта - Арқарлы, Кіші - Арқарлы аталатын таудың қолтық-қойнауында қойша өріп жүретін арқарлардан қалған төрт-бес тұяққа барып қосылуға әл-дәрмені жетпесе, бұл жыламағанда кім жыласын! Құлжаның көз жасынан дүние оңғарылып, жалғыздық шырмауынан құтылатын күн туып, үйіріне барып қосылуға жол ашылса арты қайыр. Әй, бірақ ондай күннің төбесі көрінбейді-ау!? Әйтеуір бір жұбанышы, тау еркесі адамша жылауды, сағынышқа берілуді, кәдімгідей-ақ құсаланып қайғылануды үйренді. Құлжа сай табанындағы тұмадан су ішті де, иіс тартып дыбыс аулады. Көрінген шөптің басын бір шалып жүре оттағанымен, таңдайын шаң қауып, аузына тікенек түскендей тітіркеніп жайылуға зауқы соқпады. Кекілін жел қағып, жаңбыр жуып, тозаңынан арылған тау беткейінің қара отына не жетсін! Тіл үйіріп, көмей қытықтайтын, тынысын ашып тұла бойына қуат дарытатын арқар жусанның кемеліне келген кезі ғой. Шөп атаулының асылы қасиетті арқар жусан-ай, кез келген жерде өсіп аяқ астында жер тезекше тапталсаң, қадірің болмас еді-ау! Онда көрінген төрт аяқты тұяғымен таптап, ернімен ұйпап, тісімен іскектеп, одан қалды екі аяқтылар темір тіс құбыжықтарын қапта-тып, жер нәін сорған тамырын жойып әлдеқашан түбіне жетіп тынбай ма. Аспанмен астасқан тау биігінде тамыр

жайғаны қандай жақсы! Кәрі құлжа тағы да көзіне ерік берді. Таңғы шықтай мөлдір ірі тамшылар ақшулан тартып емрексіген сакалынан үзіліп-үзіліп түсті. Атасының асына тісі тимегелі кемінде ондаған мезгіл ауысып, сан рет ай жаңарды ғой. Құлазыған түйсігіне қосарланып, көмейіне арда жусанның қышкылтым дәмі келіп жаңағыдан бетер үгітілді.

Құлжа селт етіп дыбыс аулады. Құлағына кеп соққан әлдебір мақұлықаттың ащы үні тұла бойын түршіктіріп жіберді. Тұмсығын дыбыс шыққан жаққа төсеп еді, жағымсыз күлімсі иіс танауын тітірентіп, еріксіз сақтануға мәжбүр етті де, үйреншікті үңгіріне тартты. Қауіп-қатерді биіктен бақылайтын астам кеудеден желік кетіп қуаты азайғалы бұл тәсіліне қатты бейімделіп тоселіп алған-ды. Рас, амалдайтынжері- үңгірден гөрі тастың қуысына келіңкірейді. Арынды арқар шабыспен тастан тасқа секіретін баяғы екпінді күпдері қайтып оралса, ендігі шың басында тұрмай ма?

Құлжа сестене тарпынды. Үнемі шоптесін сыздауытты таптағандықтан ба, әлі еттенген тұяғы тызылдап ауырып кетті. Айбат шақырған әрекетінен тыйылып, басын тұқыртып, мойнын ішіне ала неше қилы кимыл жасады. Табиғат ана сүйкімді момын төліне айбарлы мүйізді тегін сыйламаған - тау еркесіне лайықты сұсты сұлулығын арттырып, әрі жауынан қорғансын деп есіркеген шығар. Бірақ сол артықшылықты кәрі құлжа пайдалана ала ма? Қапылыста бір мүйізінен айрылып сорлап қалды ғой. Табиғат заңы қатал. Он сегіз мың ғаламды жаратушы құдірет тіршілік иелерін бір-біріне айдап салып аңдыстырып қойған. Сақтықты ұмытып сәл босаңсыса, сәбізінің біткені. Сыртынан торуылдаған аш көз жалмауыз жанын жаһаннамға жіберіп, қанын суша шашады. Еті обырдың өңешіне жұтылып, сүйегі бір сайда шашылып қалғаны. Ашық аспан, асқар тауға, аяқ астында ұысып көмей суырған неше түрлі өскінге, таза ауаға, ішкенде мейір қандыратын бастаудың мөлдіріне не жетсін. Дүние қандай кең, қандай салтанатты десеңші! Осындай шалқар кеңістікті тарылтып тіршіліктің апшысын қуырып бара жатқан нендей тылсым?! Әлде жаратылысты әділетсіз өлшеп пішкен тәңірдің өзінен бе? Қиянатқа даңғыл жол ашып, зұлымдыққа да залал жасамайтын тау еркесінің түйсігі жете ме. Сонда бұны үйірлестерінен көз

жаздырып, осындай бақырана күйге ұшыратқан кім? Жазықсыз тәніне жара салып, жіпсіз тұсағаны, жауына дөң айбат көрсететін айбарынан айырып, шаңырақ мүйізін артық көргені қиянат емей не?

Құлжа тұрқын тіктеді. Ұлы шыдам асқақ тәкаппарлықтың маңғаз кейпіне ауысып, баяғы бетті күндеріне қайтып оралғандай алдамшы түйсікпен басын кегжете төңірекке айбарлана қарады. Әттең, сынық мүйізінің жараспай тұрғаны-ай!

Иә, ол жылдары он екі мүшесі сау, тасқа тиген тұяқтарынан от шашыраған нағыз арынды шағы-тын. Үйір алып күйек қызығына кенелген, бауырынан тұяқ өрбітіп, аталық міндетін терең сезіне бастаған дер шағы-тын. Қасиетті мекеннің қадірін сұңғыла түйсікпен салмақтап арқарлардың құтты қонысы Бабатауға әбден бауыр басқан күндердің бірінде, Бас Арқарлыны мекендеген тау еркелерінің аяқ астынан шырқы бұзылды. Қос бүйірінен қандауырларын жаландатқан аран ауыздардың ындынына жұтылып, қатарлары селдіреп шағындалып қалған. Үркердей-ақ. Тәңірдің бағымынан адамдардың иелігіне көшіп, қос үрей тірліктен рухы жасығанымен, бастаушы сесті де сергек. Өткен жазда ата құлжаның тұрқы ысылып жанары өткірлене түскен. Алаңсыз бұйығылықты, қыбыр еткенді байқағыш қырағылыққа, иіс алғыш сақтыққа жендіріп, аз жусап, жүре оттайды. Күйек ойнағына бір өзі кенеліп, құмарлық ләззатын емін-еркін қызықтағалы серек бітімі сомдана жұмырланып, іріленіп барады. Еменнің иіріндей жуантық балғын мүйізінің буылтығы бүрленіп, орамы зорайғалы айбыны тіптен асқақ. Құзардың ит азу сойдақ тастарына алма-кезек шығып, жер дүниені тым биіктен шолғандағы ересен айбарына сүйсінбеген көз сірә да жоқ-ау. Оны айтасың, әлемді жаратқан алла тағала осы бір момақан жануардың асқар шыңмен жарасымды үйлескен сұлу да сымбатты тұрқына алдымен өзі сұқтанбаса деңіз. Шыңның ұшар басында тұяқтарын бір нүктеге қадап тұрған сәтінде табиғат ана сүйкімді төлінің шаңырақ мүйізіне ақ мамық бұлтын ілер еді, майда қоңыр самалымен желпір еді, сандаған өскіннің жұпар иісімен кіршіксіз ұлпа танауын қытықтар еді. Сонда, иә сонда деймін-ау, жас құлжа аузын сәл ашып, көмейінен мекіреністі үн шығаратын. Құмыққан дірілді қоңыр дыбыс ауаға ән бо-

лып таралып, тау-тасты жыр болып әлдилейтін де, тағат ұласып кете баратын. Тау да, тас та арқар ұранын шақырады. Сыңсыған құрай, терең шатты бойлай өскен ақ балтыр қайындар мен мырза теректер де мың сан жапырағына тіл бітіріп, арқарларға мадақ өлеңін арнайды. Жанаттай құлпырып, табиғаттың өзіндей түлеп, желдей жүйтікпен қайран арынды күндер-ай! Сол жылы қыс ерте түскен. Желтоқсан желдете келді де, соңы боранға ұласты. Көз аштырмай үдеп-үдеп соғып, сай-саланы оппаға сықады. Іле шыңылтыр аяз күш алды. Текенің бұрқылы басыла бере ауа күрт жылынып былжырады да тұрды. Қаңтардың қақырығы көк сіреу мұзға айналып, қар бетін жылмағайлап тастады. Қыстың бұл амалына арқарлар ерте бастан қамданған еді. Сергек түйсіктері атойлап, табиғаттың қытымырлығына бірлесе қарсы тұруға топтасқанымен, қарамы тым шағын үйір Арқарлының етек-жеңін толтыра алмады. Оның есесіне, қолға үйретілген мондыбастар қаптады. Темір қанат алып құспен ілесе келген “аталастары” бұлармен қоян-қолтық әмпейлесіп кетпей бөлек қос боп іргелерін аулақ ұстады. Тұла бойы-
• нан жағымсыз жат иіс аңқыған тұқымдастарының жүрістері ебедейсіз-ақ. Мүйіздері темірмен құрсауланып, шетінен қоңырау тағынған.

- Армысындар, қаңдастар. Қоныс аман болсын-ақ.

- Біз сендермен сөйлеспейміз. Не деп тұрсындар?

- Тегіміз бір емес пе?

Жонынан жарылған сал бөксе ақ шабдар құлжа пысқырынды.

- Тау сағалаған тағы тіршіліктеріңе біз үйлеспейміз. Жігі-жігі ағайын, әрі жүріңдер. Кесірлерің тиеді.

Үнсіз тілдесу осы сарында аяқталды да, екі жақ қайта бас біріктірмеді. Тебінді мұз жапқалы аралары тіптен шанжау. Арқар шаттың ұйысқан шөбін шетінен кертіп жеген бұларға қарағанда темір мүйізділер нашарлау. Дайынға үйренген, қар астынан шөп аршып жеуге дағдыланбаған қол бала әйнектер иірілді де қадды. Кешікпей алып құс жетті қияннан. Хош иісі танау жарған көк балаусаны бұрқырата шашып, тең-тең шөпті үйді де тастады. Сен же, мен жеге кенелген марғаулар, әй, бір рахатқа батты дейсің! Миды айналдырып есірік қылатын қара сора аралас шөпті есі қалмай ұйпап, теке тойлы болған әңгүдіктер не күйек ойнағы

емес, не көктем салтанаты емес, мезгіл тәртібін естен шығарып, желігіп шыға келген. Жұлын-жүйкесін қара сораның уытына жөндіріп, әбден есірген топ жабайыларға соқтықсын. Түйсікке тым ауыр ұғымсыз үндері құлаққа тосаң шалынады. “Ежелгі атамекен Арқарлыға қожалық ететін мына дөдең! Сендер біздің шылауымызда, нені айтсақ соны орындайсындар. Қиқақтасандар жарылқаушымызға шанып жер аудартамыз”.

Ежірек көз ақ шабдар құлжа осы сарында қоқиланды. Бір бірін зордың күшімен түсінген тұқымдастар ұзақ ырғасқан. “Табиғаттың текті төлі біздер - десті қоңырау тағынғандар. - Сендер әншейін тау сағалған тексіз мұндарсыңдар.” Сонымен тектілер мен тексіздердің арасында теке тірес тарбайыс басталды. Көздері шатынап, алқымы ісінген ереуілшіл топ сайысқа тіленді. Тағылардың сөзін ұстанған қоңыр саулық жыларман болып: “Бір әулеттен тараған тұқымбыз. “Бөлінгенді бәрі алат” деген. Ынтымақ-бірлігімізді бұзбай, бірлесіп қыстан шығайық. Қыста қысылсақ, жазда жазыламыз”, - дегенді тұла денесімен сездіре мекірленді. Бірақ кәрі аналықтың татулыққа шақырған жалынышты жан айқайы “тектілердің” көсеміне шыбын шаққан құрлы әсер етпеді. Тау-тасты жаңғырықтыра азандады дейсің. “Сайысқа!” “Сайысқа!” Тұмантық жанарына аз ғана шоғыр тым әлжуаз болымсыз шалынды да, рабайсыз жуандап жасаңсыған мүйізін шүйіре қоқиланып алға шықты ақ шабдар құлжа.

Тағылар тобының талапкері жас құлжа жаутандап енесіне бұрылғанда, шер көкірек аналық арқар: “Намысты қолдан берме” дегенді аңдатып, көзін ежірейтті. Екі мықты шетке шықты. Күйек құмарлығына беріліп, махаббат ойнағы үшін, әйтпесе көктемнің жайма-шуақ күндерінде ісініп бүрленген мүйіздің сыздағанын басу үшін ойын жолымен бейбіт шекелессе арман не?! Кер құлжа алғашқыда сылбыр қимылдады. Бір жағынан түсініксіз сыңғырлаған қоңырау үнінен сескеніп қашқақтады. Соған дәс алған Ақшабдар қарсыласын бүйірден аямай соқты. Кер ауырсына шегіншектеп қаша ұрыс салды. Жеңістен үмітті есірік Ақшабдар қарсыласын бастырмалата қуысқа тықсырды. Қоқиланып жүргенде болдырып аузын ашып қалғанын өзі де байқамады. Май басқан жүрек қашанғы шыдасын. Салмағы артып, әлі еттенген

мүйізі басын тұқыртып еңсеріп барады. Кер оңтайына келгенде қос өкпенің тұсынан нықыртты. Өгіздей Ақшабдар кескен теректей опырыла тырапай асты. Дөңбектей домалдап бес-алты аунап кетті. Андысуға бар да, алыс жоқ сал бөксе неме ежелгі тексіз ынжықтығына бағып жеңілгенін мойындауға шамасы келмей қыр асып кете барды. Кер құлжа астам үнмен жеңіс әнін әуелетті. Қомағай түйсікпен қожасыз қалған арқарларды үйіріне қосып алғысы келді де, жиіркенішті иістен танауын алып қашты.

Арада үш күн өткенде тосыннан ойран басталды. Арқарларға жаман ауыз араласты. Қияннан ауып келген ұлыманың бет алысы қатты. Соңына бөлтіріктерін ерткен Қызылшолақ келе-ақ қан шығарды. Қаншығы жат өлкеде майып болғалы бес бөлтіріктің қорегі Қызылшолақтың мойынында. Талай биікті шарлап, сан шыңға өрмелеп әдістенген еді, мұншалықты асу бермес алып тасбақадай бітеу тауды көрсе көзі шықсын. Арқарлыны төңіректеумен жеті күн, жеті түнді өткеріп, өлімші боп, құпия соқпаққа тұяқ іліктірген. Көк айна мұздан бес баса алмай көне адымын жаздырсыншы. Қызылшолаққа сор бөлтіріктер болды. Жан кешті көкжал күшіктерін отардан алып қашқан марқадай арқасына салып бір-бірлеп шығарды биікке. Тауға бір іліксе шыңнан көрініс берген сойдақ мүйіздерге салмай ма ауызды. Әй, бірақ оларың мұның ауызына оңайлықпен түспес. Төбесіне томар қондырған үйір қожаларын алып жеу қиынның қиыны. Тастан тасқа секіріп орғығанда қимылына көз ілеспейді. Өлмегенге өлі балық. Бар екен. Үйме шөпті шиырлап жатақ еткен шағын үйір топтанған бөрілерді одырайыса қарсы алды. Ығысып сескенсе де, қашпады. Үйір қожасын ықтап Ақшабдардың қолдауына сүйенген сыңайда. Көздері от шашқан жаман ауыздарға таңырқағандай әуестікпен едірейісті. Бұрын-сонды мұндай жан иелерімен бетпе-бет келмеген еді жас арқарлар. Саркідір шабдар жұқа танауы делдең-делдең етіп пысқырынып, алдыңғы аяғымен тарпынды. Онысы - айбат шеккендегісі. Соқыр санасы әлде бір қатерді сезінсе де, марғау жүйкесі ширыға қоймады. Қайта қаперсіз аңқаулықпен қара құлақтарға екі-үш қадам жақындады. Хайуанаттар мекеніндегі бейғам тіршілігі көз алдынан жүгіріп өткендей болды да, суыт жүрісті ұлымаларға қапелімде үйірсектене қалды. “Ә, мені танымадың-

дар ма? Азаттыққа жіберген екен ғой сендерді. Бізбен қарама-қарсы тар қоршауда торда көрші тұрғансыңдар. Ұлып мазамызды алушы едіңдер ғой. Бостандыққа шыққандағы сиықтарың қандай аянышты?! Келіндер, шөп жендер”.

Қызылшолақ құлжаға жауапты ызалы ырылмен қайтарды. “Үсті-басынды темірмен шырмап, он жерден одыраңдағаныңмен бәрібір құтылмайсың. Адамдар иіс сезу қабілеттеріңнен айырып, мәңгүрт қып жіберген-ау, сірә? О заман да бұ заман қасқырдың шөп жегенін кім көрген?! Мардымсыған пысықай иелерің бізді қоңырау үнімен қорқыта алмайды. Темірмен тым әуестеніп кетті соларың. Олардың түбіне өздері жасаған темір аждаһа жететін шығар”. Көкжалдың іші ұлып, сілекейі шұбырды. Ұрыста тұрыс жоқ. Мына ебдейсіз қол бала томар бастарды бір бастырығаннан қалдырмай қағып түсеріне кәміл сенімді. Жондарынан жарылған семіз екен шетінен. Дегенмен, сақтық керек. Екі аяқтылардың ойлап таппайтыны жоқ. Кім біледі, әдейі бұларды қақпанға түсіру үшін амалдаған айласы ма?! Қыңсылап жылаған бөлтіріктерді арс етіп тыйып тастады да, Қызылшолақ Ақшабдардың алдына шөкелеп жата кетіп мүләйімси жарамсақтана жер бауырлап жылжыды. Сырғисырғи құлжаның тура аяғының астына барды. Шолақ құйрығын бұлғандата тағылық айбатынан жаңылған сүмелек бейшаралықпен жерге кіріп барады.

Құлжаны аяушылық жеңді. Қапелімде бір сарынды үйреншікті қамаудағы күндерін аңсап, тау арасындағы түйсік сергітпейтін өлі тыныштықтан мезі болғандығын “жерлесіне” үнсіз мәлімдеп, шағына пысқырынды. “Байқаймын, жүдеп қапсың. Қаңғыр-күңгірге әдет алғансың. Іштерің пысып зеріктіңдер-ау, ә? Тағылардың мекеніне қайдан тап болғансыңдар? Жүр, соңыма еріндер, құтты орындарыңа бастап барайын”.

Арқарларға мекендестері осылай деген тәрізденді. Іші жылып, жүрегі уылжыған мәңгүрт құлжа отандасының еңсе көтертер достық ниетіне құлай беріліп, әр түгінің арасына бір-бір аждаһа жасырынған қорқауды мекірене иіскеледі. Сол-ақ екен, қызыл қоңыр қылшықтар күрт тікелей сеніскен достың жалы сәтте күдірейіп, аран ауызы арқардың кеңірегін жармасты. Әп-сәтте ақ қардың бетін жын аралас қан жапты. Құлжаның жылы-жұмсағы обыр өңеш-

терге білем-білем жұтылып, бір ет асымда Ақшабдардың қаңқиған сүйегінің мүжуірі ғана қалды...

Жабайылар аталған “жегіліктілер” арқар шаттан қия баспай, жаман күнді жатып тындады. Мұздаққа шыланбаған құрғақ өскінді күрт-күрт күйсеп, ауық-ауық танауын желге тосып иіс тартады ене арқар. Сонда кәрі саулық ауаға таралған жын исін сезініп, қан қасап қырғынды тұла денесімен түйсінер еді. Қоңыр барқын түгін тікелей жөн арқасын қуалай жүгірген ұры сезіктен хабар алған миы дереу сезім нүктелеріне бұйрық таратады. Қырағы көзі ұясынан шыға шатынап, сұмдықты аналық түйсікпен үргін-сүргіннен бейхабар жас арқарларға мәлімдейді. Сезікшіл тау еркелері ене арқарды қоршалап тың тыңдайды. Сүйкімсіз ала қанат шықылық-шықылық етіп, жаман ырым нышанасын танытады. Сауысқандардың жемтікке жер түбінен жететін әдеті қашанпан. Тұмсықтарын қандап, оңай олжаға батқан соң, әредік қанды көз қаршыға көрініс береді. Қанды көрсе есі қалмай қалбалақтап, қайда да жау жеттілеп жүретін ала қанаттардай емес, қаршыға тегеурініне сенеді. Қорегін бейнетпен айырғанға не жетеді.

Шабдар саулық мұнымен тынбайды. Мүйізін шүйіре жас құлжаға тіл қатады. “Керім, не ойлағаның бар, бізге бір тықыр жақындады-ау осы. Басыңды оттан алмайсың, тоқ жарау қалпынды сақтасаң етті. Жағаласар жауың дәл қасында. Ойранды салып қандастарымызды ұйпап жатыр. Кезек бізге де келеді. Ұлымаларға қарсы тұрып майданасатын сенсің. Соңындағы із басар төлді сақтап қалу үшін азуы алты қарыс ата дұшпанмен айқасқа түсер кезің алыс емес. Қара, жан-жағыңа. Тікте еңсенді! Ата-бабамыздың тұяғы тиген қасиетті тауды қан тілеген бөрілердің жын ойнағына беріп қойып, бас амандағаның - ездігің. Аз күнде өледі, ерге өлім біреу”.

Көрқұлжа енесінің көзіндегі көп сырды сұңғыла сезімталдықпен қабылдап, кемеліне келіп айбар шашқан шаңырақ мүйізін аспандата кекжиді. “Арқарлардың киелі тұқымынан жаратылғаным рас болса, намысты қолдан бермеспін. Қапы кетіп тая соқсам, аналық махаббатыңмен демей көр!”

Енесі Керқұлжаның тас түйін шымыр тұрқын қырағы назарымен барлады. Арқарлардың ендігі көш бастар көсемі

екендігін аңдатып, серек тұрқын сестене тіктеді. Кеудесі ауқымды, омырауы есіктей, мойындығы тұтас білеуленген құлжаның алып мүйізіне үйірілген сұсты айбар төңірегіндегі жанды-жансызды ықтата бұқтырып, сұстылық тәңірісі құзармен де иық теңестіргендей еді. Енесі Керқұлжаны қапысыз барлады. Төрт тағаны мінсіз сомдалып, шиыршық атқан еңсесін биіктете аспандатады. Томпақша көздерінде үркек үрейден гөрі уыт басым. Айналасына секемдене, сестене тесірейеді. Сол шатынаған жанарынан ене құрсағынан жарық дүниеге ілесе келген сезікшіл секем атойлайды. Құдіреті күшті жаратқан ие табиғат еркелеріне аспандаған өрлікті аямаса да, кара қабақ салқындықты қимаған. Өрлік пен сұлулық тоқайласқан жерде ыбылжыған жасық мұңға орын қайда.

Енесі тарпынды. Керқұлжа керіле есінеді де, елендеп дыбыс аулады. Алыстан күннің күркірегеніндей азан-қазан гүріл талып жетті құлағына. Не бір сұмдықты дабырлауға жеткізбейтін ала қанаттар дабылды бірінші қақты. Топтақаннан да бас амандауға құмбыл олар бет-бетімен бытырап құзарды тастай қашты. Іле жау жеттілеген құбыжық құс парлап кеп қалды. Шеңгеліне қомақты бірдеңені бүріп алған тік ұшақтан үшеу түсті. Жартылай желінген шөптің айналасында арқарлардың жемтігі шашылып жатыр. Қаңқайған сүйектердің тарамысына шейін қалдырмапты. Төңірегі айқыш-ұйқыш із. Бүгін бе, әлде кеше ме, тас қақырлар соңғы олжасын бәршектеп, ағаш арасына сүйреп әкетіпті.

- Қасқырлар алыста емес, - деді жол басшы.

- Мына құздан алдырушы ма еді, - деп көмекшісі күдік айтты.

- Сөзді қойып, қимылдайық, - деп бастықсымағы бұйыра тіл қатты. - Жаман ауыздар көз жаздырып кетеді.

Тікұшақ жақпардың ойдымындағы селдір теректі нысаналай құдиды. Бұл кезде Қызылшолақ соңына бөлтіріктерін шұбыртып, ит азу жақпарға тұяқ іліктіріп қалған-ды. Алып қанатымен ауаны оскылаған құбыжық құс ұялы қасқырлардың дәл төбесінен түсті. Бөлтіріктер төнген тажалдан бой тасалаудың орнына тұмсықтарын аспанға шаншылтып бір орында ұйлығысты. Ажал оғы бесеуін адаспай тапты. Қаңқ етуге де шамаларын келтірмей ұйпап салған. Жас қасқыр жалтаңға, кәрі қасқыр қалтаңға әдісін ұстанған

Қызылшолақ тез жылысып бой тасалап үлгерді. Сан қуғынды көрген әккі көкжал жалаңаш құзардың жақпар тасын айнала беріп, із жасырып, Үңгіршатқа құлаш ұрған-ды. Бірер шақырымды артқа тастағанда көзі шалды, әлгі ажал құсы жер бауырлай ұшып, қанды көзін мұның ізіне төндіріп жүр екен. Табан мөрін қарға қалдырмай аршындай қарғып бұлталаққа салған бөрі қуғыннан құтыларына сенімді-тін. Сан шолып ұңғыл-шұңғылына шейін байқаған тұсқа жете бере артына бұрылды да, ызалы үнмен айбат шеге қыңсылады. Мұнысы белтіріктерін жоқтаудан көрі ізін жасырып, бас амандағанына шүкіршілік еткен жұбаныш белгісі-тін.

Тік ұшақ құз-қияны тінткілеп ұзақ сүзді. Бірақ әккі көкжал оларды мықтап алдаған-ды. Қарға түскен із сорабын шығармаққа жанын салған қуғыншылардан бұрын Үңгіршатқа ентелеген. Арқарлыны мекендеген төрт-бес жетіде Қызылшолақ құзардың құз-қиясы, үңгір-окабын тінткілеп, әбден барлап біліп алған. Табиғат ғажайыбы Үңгіршатқа келіп биіктен ұзақ-ұзақ көз талдыра үңілгенде, сойдақ мүйізділерді көріп бүйірі қызған. Биылғы қарды осы тауда кетіретінін тағылық түйсікпен шамалап аңғарға қалай түсуді амалдағанда, үлкен кедергіге тап болды. Шатқа құлдилаытын соқпақ жалғыз-ақ. Мейлі аю, әйтпесе жолбарыс, аң патшасы арыстан - арқарлардың құтты ұясына жалғыз аяқтап, оның өзінде әупіріммен зорға түседі. Соның бәрін Қызылшолақ айналасы екі-үш танда суыт шолып түйсігіне шегелеп алған-ды. Даладай аңғарда жеті-сегіз мүйізіден басқа қара жоқ. Кеудемсоқ қорқаулыққа басып салып ұрып жетіп бармақшы еді, соқпақ аузында мүйізі ойдақ-сойдақ үйір қожасы тұрды. Содан тайсалып тайқып кеткен-ді. Өзірше айыратын қорегі бар. Күн уағында көре жатар. Алайда Қызылшолақ межелі мерзімге жетпей қақты жат қақпаны. “Даланың бейкүнә, қорғансыз тағысымыз ғой. Құдай үшін аш есігінді.” Көкжалдың сөмпиген аянышты түрінен Керқұлжа ата жауының ит көздене мүләймсүін сезсе де, жібімеді. Айбарлана шүйлігіп:

- Өткізбеймін! Өлмей құтылмайсың бізден. Аямаймыз, - деді аспан тіреген алып мүйізімен жасқап. Тәсілқой көкжал тайқыды. Жан алқымда жалыныштан түк шықпасын сезсе керек. Арындаған тажалдың осылай қарай құлдилағанын көрді де, шоқиып отыра қалып, көкке тұмсығын соза ұлып

қоя берді. Артқы аяғымен жалама тасты осып-осып жіберген. Салалы әрі қыжырлы тынақтарынан от ұшқындағандай боп май табаны дызылдап қоя берді. Әбден айбатын шақырып бұла көшпен шыңдалған серпінді шымыр тұрқын тас түйін қалыппен еңсере шегіншектеп, аңғарға үңіле төнген жартастан төменге бір-ақ атылды. Жан себіл бөрі күрткіке кептелгендіктен аман қалды. Соның өзінде қарға тұншығып қала жаздап, өлермендікпен бұзып-жарды шеміршек сіреуді.

Қызылшолақ көпке дейін солығын баса алмаған. Кеудесінің қатты ауырғанын сезсе де, өжеттікке басып жалын күдірейте айбат шақырды. Табан астын бұрқырата оскылап әптер-тәптерін шығара, қардан құйын үйірді. Еркіндікке тұяқ іліктіріп қуғыннан құтылғанына астамсығаны ма, төңірегіне үрей сала, күнше күркіреп берсін. Көмейінен лықсыған айбарлы үн. Үңгіршатты жаңғырықтырды. Көкжалға қарсақ жортақ жараспайды, түлкі бұлаң да үйлеспейді. Қызығы киіп жарған. Қызылшолақ айбарын асыра арындап-арындап алды да, бөрі бүлкекпен жер шолды. Сап-сары боп туырылған қою шопті айқыш-ұйқыш шарлаған із көзіне арқарларды елестетіп, сілекейін шұбыртты да, бойына төтенше күш дарығандай арқа-басы дүрдие қопсыды. Қапелімде тар қылтадан мана алдын кес-кестеген томар бас қарсыласы шыға кедді. Соңына ерткен үйірін әлде бір тұсқа бастап бара жатқан Керқұлжа сақтана состиып, дыбыс аулағандай бір жүріп, бір тоқтайды. Астамсыған алапат сұсынан жаңылмаса да, төңірегіне елеңшіл сезікпен секемдене қарап, қауіп-қатерді алдын ала түйсінген сынайда. Жау жеттіге басып, ұран шақырғандағы топтасқан түрі Қызылшолаққа соншалықты сұсты көрінбеді. Қанды ауыз қомағай бөрі қайта тіске басар қорегін азырқанды.

Екі мықты беттесті. Керқұлжа ішке кіріп алған ата жауына шөлкестене шүйлікті. Көкжал ығыспады. Шабуылды бастап жібермекке оңтайланып, үйір қожасына жақындады. Қол бала ашық ауыздардан дәнігіп, оңай олжаға мелдектеген астам көкірек құрбандық тілеп-ақ тұр. Бірақ мыналар қоңырау таққан тұқымдастарынан гөрі сақ жұптарың жазбайды екен. Үйір көсемінің тұрқы ересен. Тұла бойы толған күш-қайрат. Бөрінің қырағы көзі жағаласар жауының артықшылығын салғаннан-ақ шамалады. Шайқас-

тан жалтарса көкжалдығына сын. Дөң айбатпен арқарлардың алдын орады. Үйір қожасы мүйізін ала жүгірді. Қызыл-шолақ жалтарды.

Керкұлжа үшін нағыз жағаласты, жанкешті күндер басталған. Андыған жау алмай қойсын ба, ене соңындағы томпиған сүйкімді қоңыр тоқты жаман ауызға жем болды. Длай-түлей боранда тапты қапысын. Дәніккен ұлыма енді шабуылды күн жарықта бастап, арқарларды тар қолтыққа ығыстырды. Ене арқар шабдар саулық ұлыманың азуына іліге жаздап зордың күшімен аман қалды. Араларындағы ойыншыл тентек кодыға күн сайынғы шайқастың басты нысанасы. Су ішкілігі таусылмаған соң жүр, әйтеуір. Керкұлжаның сауырлы буылтық тұрқы ысылып, еті ояздаған, жаялығы ойқылданып, жаңбырлығы тереңцеп, қабырғасы біліне бастапты. Дене тұрқы ысылып сылыңғыр тартса да, Кер табиғат сыйлаған өрлігінен жаңыла қоймаған-ды. Қайта құшақ жетпес даладай омырауы аршындана, салкам кеудесі орамы кере құлаш мүйізін асқақтата биіктетіп тұрғандай. Қызылшолақ оңай жау емес. Көргіш көзі қарсыласының бұла бітіміне тұрақтай алмайды. Үстіне тас құлап келе жатқандай сескеніп, ығыса береді құлжадан. Әйтпесе, айналасы бір жетіде бұтарлап тауыспай ма олжасын.

Шағын үйір қаға берістегі тар қолтыққа ұйлықты. Екі- үш күндік тебіні бар қысаң қалтарыс үңгір тәрізді. Қажақ-құжақтан тісін қандап, өзегін жалғаудан күдерін үзген Қызылшолақ арқарларды қуысқа тықсырып, мырза қамаудан шығармай діңкелетті. Аяқ астарындағы шөпті ұйпап, ұстарамен қырғандай іскектеп тауысқан соң тау еркелері тықыршыды. Көк желкелерінен төнген құз тас қанды көз бүркіт тәрізденіп, төбелерінен үңілсе, аузын арандай ашып, көзінен от шашқан бөрі алапат сұсымен және ықтырады. Теке көз үрей аштыққа ұласып арқарлардың жүні жығылайын деді. Шабдар саулық үйір қожасын сүзгіледі. “Бастасаңшы. Аштан өлгенше арпалысып көрейік”.

Керкұлжа уыттанды. Қарсы алдында шөкесінен бейғам жатқан ата жауына тап берді. Бәлкім, сескенді, әйтпесе басқаша амалға басты ма, көкжал құлжамен қаша қаржысты. Дәс алған Кер бөріні бастырмалата ықтырып, соңынан қалмады. Жауын тау асырып қуып тастамай алаңсыз жайылуға мүмкіндігі жоғын сезінген құлжаның бұл әрекеті ажалға

бастайтын қатер екенін сол сәтте түйсінбеп еді. Айлалы арлан қаша ұрыс сала, Керді өшіктіре егестіріп, үйірінен алыстата берді. Оппаға салып дінкелетіп қалың қарға малтықтырып қарсы шабуылға шықты.

Керкұлжа жанталаса ырғып, қия беттегі арқар соқпаққа тырмысты. Кесе қарға кептеліп, үріндіге тұсалған құлжа әуіріммен тұяқ іліктірді жақпарға. Тасқа жетуі мұң екен, тау еркесінің құлашы жазыла берді. Қуғыншы жырынды - соңынан қалмайды. Өлермендене ышқынып, тау басына құйрық тістесе шықты құлжамен. Одан әрі толассыз сүргінге ұласқан аламан қуғын басталды. Өшіккен бөрі ежелгі көкжалдығына басып, құлаштай сілтеп, үйір қожасының адымын жаздырмады. Ұзақ жүгіретін үнем созар Қызылшолақ екі бүйірін соғып болдырғанша адуын шабысты арқардың қыр соңынан қалмады. Не қар қауып орта жолда қалады, әйтпесе құлжаны титықтатып жығады да, талай күнгі аштығының қармышын қайтарады.


Құлжаны үрей қармаған-ды. Неше күн, неше түн андысып беріспегендегі көрейін деген құқайы осы болғаны ма?! Сүргінге түскен Кердің сенгені — арынды шабысы. Сосынғы тұяқтары. Бұталаққа салып жақпарды қиялай сілтесе де, қанды ауыз ұлымадан қара үздіретіндей амалы қалмады. Аштық шеңгеліне ілігіп, күш-қуатын селкеулеп алғаны екпінін дем сайын бәсендетіп барады. Соны сезінген құлжа бар қажырын сала құлаштап текше тасты жақпарға төтелей салды. Қалың қар ойылып, адымын тұсай берген. Ызалана ышқынып, өлермен өжеттікпен қыр соңынан қалмаған Қызылшолақ сәт сайын жақындай түсті. Қарға малтығып пырылдай жанталасқан Керге ауызды салмақшы еді. Серпінді санның ойындысы көздегені. Енді тісін басқанша, оқыс қайырыла жаман ауызды қос өкпеліктің тұсынан іреп өтті. Соққының пәрменділігі соншалық - Қызылшолақ оппаға құлағына шейін көміліп, қатты малтықты. Сәтте ширығып күш алған Кер екі-үш қарғығанда қағылға ілікті. Солығын басып сәл кідірді де, жырынды қуғыншыдан құтылудың соңғы амалын түйсігінде жаңғыртты. Қапелімде құлжаны ырқынан тыс өктем қуат еңсеріп бара жатты. Сал-сал боп титықтаған ұлы кеудесін тұс-тұстан демеген тұқымдастары Керді қаумалап құздың ұшар басына қарай икемдеді. Ербиген тасқа шейін ереуілдеп, төңірегі арқарларға толып

кеткендей болды. Тау да арқар, тас та арқар. Қыл аяғы шанжау-шанжау шыршаға дейін арқар бейнесіне еніп, Баба-таудың қойны-қонышынан андыздаған қандастары мұны қаумалап құзардың аспанмен астасқан биігіне бастап бара жатты. Бәрінің түйсігінде бір ғана ұран: “Биіктік! Биіктік! Тау еркелеріне еңістеген жараспаса керек. Табиғаттың текті төлінің тұғыры - шың. Шыңнан тұяғы ажырады ма, сүйегі бір сайда шашылып қалады. Ендеше не тұрыс? Ұранды бабаларындай ата жауымен биікте шайқассын. Сұласа да, құласа да биіктен тапсын ажалын. Құлжа қаптаған сансыз елес қаумалауында өршелене арындап, тастан-тасқа секіре орғып едірейген шомбалға дік етіп тұяқ іліктірді. Еңтігін басып түйсігі жайланғанда барып төңірегіне көз жүгірткен. Құламаға ентелеген тұғырға бұдан басқа екінші бір жан иесінің шығуы мүмкін емес.

Керқұлжа ұранға басты. Бауырынан жарап, әбден шиыршық атқан ол көмейінен лықсыған мекіреністі әнді ехелене созды. Жеңіс ұранына жартас жаңғырығып, тау күңірелді. “Жаса Керқұлжа! Жасай бер! Мүгін арқарлардың намысын қорғап қалдың”. Жеңіс салтанаты ұзаққа бармады. Ұранды ән кілт үзілді. Құлжаға тілекші шомбал тастар шарасыздықтан аязға шыдамаған мұздай қақырай шытынады. Дүниенің бар уайымын қабағына қонақтатқан құзар түнере түксиіп, бейкүнә момын төліне аяушылық білдірді. Қан тілеген ала қанаттар төбесінде айқыш-ұйқыш ұшып жүрді.

Қызылшолақ күнше күркіреп айбаттана ұмтылды құлжаға. Ұрымтал тұстан қарғып еді, тасқа кеудесін іліктіре алмай сырғып түсе берді. Амалы таусылған көкжал енді мысық табандап тырмысты жоғарыға. Онысынан нәтиже шықпаған соң, бір жақпардан екінші жақпарға қарғуды жиілетті. Кеудесі іліккенімен, артқы аяқтарын тірей алмай ернеуге асыла ышқына өңмендеді. Өжет өлермендік Қызылшолақты тұғырға шығарды. Тастың беті айнадай жып-жылмағай. Ұзыны он адым, көлденеңі жеті адым. Құтты жұдырықтасу алаңы десе болғандай.

Керқұлжа қынаға өзек жалғап, ептеп әл жиған-ды. Қанды ауызға тарпа бас салуға батпай, сайысқа тіленді. Көкжал ығыспады. Жонын тікірейте дүрдиіп, көзінен үрей шаша ғаламат айбармен күрілдеп берсін. Аяз қысып бауырын



суыққа алдырған құз тітіреніп, шатқал теңселгендей болды. Төңірек ызалы да, үрейлі үнге толып, құлжаның жон арқасы тітіренді. Жүрегі бұлқына тулап кеудесін ұрғылады. Сайысқа тіленгенде айбарлы мүйізі сыздап, ұлы кеудесіне желік бітетін. Дәл сондағыдай астамсып өрлікке басқан құлжа ұлымадан ығыспады. Ығысқанмен шегінер жер жоқ. Шайқас алаңында мына түйе тастың үстінде біреуі ғана қалуға тиісті, екінші жан иесіне орын жоқ мұнда. Жеңілгені құздан құлап құрдымға батады.

Құлжаны тайталасшыл түйсік биледі. Тайталаста жеңіп шығатындай сезінді өзін. “Ал, баста!” Бұл - құлжаның дөң айбаты. Қызылшолақ тура жауаптан жалтарды. Жалтаратыны - ендігі шайқас тым биікте. Биіктік - арқарлардың демеушісі, тау - еркелерінің жағында. Бөріні қолдаушылар бұл арада тек қызылшыл сауысқандар. Сүйкімсіз алаларға бөрі бір. Бірі өліп, бірі қалсын. Қосарынан неге ұшпайды мына құздан, Қызылына тұмсықтарын қандап, кенелмей ме!

“Баста дедім ғой шайқасты”. Тағы да құлжа өктемдікке басқан ұлыма итше қыңсылады. Мұнысы - жүні жығылғандығының белгісі. Ендігі сәтте Қызылшолақ етпеттей шөкелеп, оған бұғына құлағын жымды. Жеңілгендігін мойындап құлдық ұрған рай таныта, жуаси қалды. Керқұлжа бөрінің аяр амалына түйсік жүгірте алмады. Бауырымен тасты сыза біртін-біртін жақындай түскен тас қақпырға мүйізін төседі. Әккі көкжал тұмсығынан шап етті. Ол тартына шегінді де, қасқырға тап берді. Екеуі тіктесе арбасты. Арлан тістерін ақсита қаша ұрыс салып, жойқын шабуылдан жалтара дызықты. Биіктік құлжаны демеп алапат айқасқа итермеледі. Керісінше, ұлыманың жүнін жығып, түйсігіне үрей тықсырды.

Керқұлжа өрленді. Тынысы кеңіп, жүрек соғысы қалыпты ырғағын тапқандай еді. Салқам омырауын ызғырыққа тосып, ересен шымыр тұрқын қанды ауыз қарсыласына бағыттады. Сол сәтте аспан тіреген алып мүйізіне ақ шүйке бұлт оралып, айбарын асыра манағыдан да асқақтады. Үрей құрсауынан азат өр кейпіне орасан қуат дарыған құлжа әлгінде ғана сұмдық сұсымен ықтырған қарсыласына уыт-тана шүйлікті. Сәл шегіне берді де, көз ілеспес жылдамдықпен атылды. Одан арғысы бұлдыр елестей. Құс боп ұшып бара ма, әлде тастай домалап құзға құлады ма, шакұр-шұқыр

соғылыстан көз алдын өрт алауы орап алды. Қызыл жалын сейілгенде барып оңалды. Тірі екен, аман қалыпты. Оны айтасың, он екі мүшесі сап-сау. Төрт тағаны бәз қалпы. Қос мүйізінде ақау қалмаған. Басы аздап зеңгенін, мойны ауырғанын елемеді. Жағаласқан жауы, әлгі қанды ауыз мазалап жүрмесе жарады. Құздан домалаған көкжал мылжа-мылжасы шығып терең шатқа барып түскен-ді. Қазірде сол жемтікті ала қанаттар қоршалап жабыла түтіп жатқан.

Керкұлжа жеңіс ұранын шақыра алмады. Түйе тастан атыла төменге құлдилап, мүйізімен шаншыла тас сүзгені мойнын бұрғызбай тастаған. Ілбіп Арқар шатқа тартты. Үйірі алдынан шықты. Ене-арқар сезімтал түйсікпен оның ата жауын жайғаған жан кешті ерлігіне жауап ретінде құлақ түбінен иіскеледі. Үйір қожасының әукесіне мүйізін төсеп қасыну ишарасын білдірді. Жас саулық та жанарынан мейірім төге Керкұлжаға жұп-жұмсақ ұлпа бөксесін жұғыстырды. Қоңыр кодыға балаң тентектікке басып, оны тұқылымен нұқыды.

Бір күндік ерліктің мың күндік тыныштығы бар. Қысты арқарлар бейбіт өткерді. Көктем мен жаз мамыражай өтті. Күз бұлар үшін тынышсыздау басталды. Оған кінәлі - маусым ойнағы еді. Қарашаның қоңыр желімен ілесе келген күйек салтанаты тау еркелерінің желігін қоздырып, махаббат мастығына батырған. Жылына жалқы сәт, бір-ақ рет бұйыратын, қанды қыздырып, ыстық құмарлыққа бастайтын күйек қызығы Керкұлжаны Арқарлыға сыйдырмай соны өріске бастаған. Бауырындағы аз ғана үйірін Кіші - Арқарлыға қуалап, одан ойға түсіріп Үстіртке бет алды. Үстірттің арқарлары Керкұлжаны кергіген кекірлікпен жатырқай қарсы алды. Тұрықты, сүйекті көрінгенімен бұл жақтағы тұқымдастары шиыршық атқан шымырлықтан ада, тым бейғамдау ма қалай?! Күйек ойнағына берілген Сарықұлжа салғаннан-ақ сайысқа тіленді. Кердің іздегені осы. Сарт-сұрт сүзістен жартас жаңғырығып, тау мен тау соқтығысқандай жер теңселді. Сәл басымдыққа иек сүйеген Керкұлжа бір табын арқарды Бабатауға қуалады. Үйір қожасым бүйірден соғып мертіктіріп кетіп еді, арада үш күн

өткенде Сарықұлжа жетті артынан. Қос мықты Арқарлының бауырында майдандасты. Үстірттің алқам-салқам ата құлжасы нағыз жанкешті қара күш иесі боп шықты. Арқарлының адуын серісінен қайтпай шайқасты. Тайталас бір аптаға созылды. Кемеліне келген Кердің екпіні Сарықұлжаны сан рет сансыратып жықса да, Үстірттің сақалдысы қыр аса беріп қайта оралады да, сайысты бастап жібереді. Сондай бір жағаласта қос құлжа мүйіздерін айқастырып алды. Сарының мүйізі алшақтау біткен оралымы жазыңқылау келсе, Кердікі орамды болса да жинақылау-тын. Екі сері матасқан бойында төрт тәулікті өткерді. Бесінші тәулікте қос құлжаға кәдімгі екі аяқты жұмыр басты достық қолын созды.

- Ей, бұларың не?! - деген ол жақындап келіп. - Өлдіндер ғой? Не жетпейді екеуіңе?

Қос құлжада дәрмен қалмаған, іштері қабысып әбден титықтаған-ды. Әлгі сәл асаусыған екеуін сауырдан бір-бір ұрып жөніне жіберді. “Барындар, - деген қайырымды адам. - Мұндай жағдай менің де басымнан өткен”.

Кер есін тез жиған. Суға қанып жүре оттап, үйірін адаспай тапты. Су ішкілігі таусылған Сарықұлжа қайтып қатарға қосылмаған. Есесіне Арқарлының бауыры шымыр тұяқтардың дүбіріне толды. Құлазыған тау базарлы думанын қайтадан бастады. Қатарлары молығып, ойдан-қырдан бас қосқан шаңырақ мүйізділер күйек сайысын бейбіт аяқтады.

Күндердің күнінде осы маңға темір қанат алып құс қонды. Биіктен төменге үңілген әлгілер даурығысқан.

- Артық-кемі жоқ отыз.
- Қателестің отыз бір.
- Менің санағаным отыз үш.
- Әне бір тұстан бес-алтауы шықты.
- Сонда ұзын саны қанша?
- Қырық бір.
- Ой, жаса! Пысытқыға біреуін құлатайық.
- Мейлі. Мойнымызға мінетін совхоздың малы емес.

Үйір қожасы шошына қоймады. Сескенісін сабырға жеңдіріп, екі аяқтыларға төменнен көз жіберді. Адамдардан келетін жаманшылық жоқтай сезініп, Керқұлжа олардан ығыспады. Қайта ана жолғыдай шарапатын сала ма деген

түйсікпен көрініс беріп, үйірін ашық алаңға алып шықты. Сөйткенше болмады, күйек ләззатын бірге бөліскен қоңыр тұсақ зың еткен октан тырапай асты. Аяқтары сербелендеп, жанталасқан тұсақты үйірлестері тастай қашқан. Енді сол тұсқа темір қанат репейсіз алып құс құлдилады. Олжасын ілген құбыжық биіктей көтеріліп тау асып кетті. Келесі күні нағыз қырғын-жорық басталды. Үңгір-шатты жан-жақтан қоршалаған қағушылар арқарлар үйірін дүрліктіре қуалап тау басына айдап шықты. Үйреншікті сүргінге дағдыланған Ене-арқар құзға тіке тартты. Бастаушыдан үйірлестері қалсын ба, сондарындағы қуғыннан ығыса ықтап, шатқалға үңіле төнген иек артпаға шыға-шыға келді. Сол-ақ екен, оқ нөсері жауды. Қоңыр саулық нысанаға бірінші ілікті. Үстірттің ақ шап тушасы да төрт аяғы аспаннан келіп, құздан құлдилап бара жатты. Жас кодыға қосақ арасында және кетті. Қатарлары селдіреп қалған үйір жалт бергенде қуғыншының біреуі үнемі егіздетіп табатын қоңыр саулықты тырапай асырды.

Осымен қан қасап сүргін бір қыс тыншыды. Келер көктем де тыншу етті. Жаз ортасына қарай тағы да ала шапқың тайталас басталды. Тайталастан жан қалса, ол да демеу шыбын жанға. Үйренішікті қалыпқа түсіп алған жан алғыштар ысқырса болды, момын жануарлар алдарына түсіп алып шұбыра жөнеледі. Бағы мен соры биіктікке маталған есіл арқарлар ажал қақпанына өз еріктерімен түсіп, біртіндеп азайып бара жатты. Әсіресе, Үстірттен келіп ата қонысқа бауыр басқан бейбақтарға қиын. Жалтарып бұлтаруға үлгертпей құлата салады. Шоғырланып қара көрсеткендегі тапқан мұраттары осы болғаны ма? Қайран қара жұрттан, ата қоныс Арқарлыдан қасиет қашайын дегені ме?! Сандаған заман неше ықылым уақыт үрдісіне төтеп беріп, жаратылыстың текті төлін төбесіне ойнақтатып, құтты мекенге, ырысты өлкеге айналған Бабатауға ненің салқыны тиген?! Айбарлы сұсымен, тәкаппар өрлігімен, асу бермес қияпатымен жасқап, қанағаты жоқ тойымсыз пенделерге тоқтам салмай ма?! Бір ауық сілкінсе қайтер еді. Сонда бәлкім қу құлқынын ғана ойлаған қомағайлар тәубесіне келіп, райдан қайтар. Әйтпесе, бұл қалпында қанағатсыздар тас екеш тасты да өңешінен өткізіп жіберуге бар.

Сірә, момын төлдеріне жаны ашығаны ма, Арқарлыға ғайыптан тіл бітеді. Шежіре таудың қырық қатпар көкірегінде не бір хикая жатталып қалған екен. Керқұлжа сандаған аңызға негіз болған Ата құлжаның жүзінші тұяғы көрінеді. Ата-Құлжа заманында арқарлардың қас жауы қоңыр аю болса керек. Жекпе-жекте аюды үйір қожасы құздан бір-ақ ұшырыпты. Содан кейін сілеусіндер түскен арқарлардың соңына. Сілеусіндермен шайқас сандаған жылдарға созылған. Келе-келе осы өңірді қысық көз, қырыс қабақ, жұмыр бастылар мекендеп, арқарларға көз тіге бастаған. Тағыдай тарпаң, асаудай қияңқы еркін елді жебенің ұшымен піскілеп, қылыштың жүзімен турап, әбден бұқтырып, білгенін істейді де, бостандық сүйгіш ерлерін бір-бір сәйгүліктен айырып жаяу тастайды. Ат мінгендер қолма-қол дарға асылған. Жел жетпейтін қыл құйрықтың құлағында ойнаған, сандал кермен қызды ауылдарға қырындап, жиын тойда кокпар тартып додаға түскен, арынды тұлпармен жауға шапқан алаштың арысқа салар азаматтары құлдық бұғауын мойындарына іліп, ит мінген ирек қамшылаған қорлыққа ұшырайды. Ел іргесі бүтін заманда жорғадан басқаға мінбеген, құлын жарғақтан басқаны кимеген, қазықарта шайнап, сары қымыз сімірген даладай дарқан, еркін ел басқа түскен баспақшылдың керімен есек пен егізге бұт артады. Қорлыққа төзбеген намысқой жігіттер тау-тасты сағалап қашқын боп кетеді де, арқарларға құрық салып, қолға үйрете бастайды. Бір-бір құлжаға ер салған жан кештілер қапылыста жау ордасына лап қойып, құйындай ұйпап тастайды. Тұткиылдан тарпа бас салып тыныштығын кетіргендердің қыр соңына түскенімен, басқыншылар оларды қолдарына түсіре алмайды. Жазықта құйрық тістескенмен әлгілер тауға іліксе, тезегін тергізіп, діңкелетеді қуғыншыларды. Соған әбден ызаланып қаны қарайған дұшпан Сарыарканың жатаған тауларын, күз-шатқалын мекендеген арқар атаулыны мың сан түменді қаптатып жіберіп, қырығын таптырады. Арқа төсінде бірде-бір иір мүйізді қалмасын деп жарлық беріпті қаһарлы хан. Сонда жарықтық Ата-Құлжаның жиырмасыншы тұяғы Қоңырқұлжа қырқаға шығып ұрандаса керек: “Кіндік жұрт Арқарлыға, Баба-тауға тартындар!”. Елгезек жел іліп әкетіп дәнекерлік жасапты. Содан ала шапқыннан жан сауғалаған момын жануарлар Бабатауды бетке алып жоңкіле кашады ғой. Қарамы

мыңға тарта қалың табын Арқарлыны үш қыстап жау аяғы басыла бере үйреншікті мекен-тұрақтарына оралған көрінеді. Бәлкім, ептеген қоспасы бар шығар. Аңызды жоққа шығарып абыз болғандағы сыйық та келісіп тұрған жоқ. Есте жоқ ескі заманды былай қойғанда, күні кеше Керкұлжаның көрген үргін-сүргіні адам айтса нанғысыз аңыз емей мемене? Тайталас сүргіннің көкесі алда-тын.

Тағы бір жаз, тағы бір қыс өтті. Үркердей аз үйір он-он бестен аспады. Құғын бәсеңсігендей еді, жаз ортасында ойламаған жерде жағымсыз керней үні үдеді. Іле екі аяқтылар шықты андағайлап. Күмп-күмп оқ бүріккен әлгілер Үңгіршаттан қуалады да, шықты жетім үйірді. Биіктен жан қала ма деген далбасамен құзардың ұшар басына тартқан бірі қалмай. Ауаны осқылаған зың-зың ысқырықтан құлақ тұнды. Таңы жарқыраған бұлтың бөксе тұсақ үйір қожасының көз алдында құздан құлады. Басқалары аман қайтты сүргіннен. Күндері санаулы екендігін бұлдыр сезікпен түйсінген бейкүнә жануарлар бір-біріне сүйкене жұғысып, шарасыз мекіренеді. Жаһұттай жарқ-жұрқ еткен көздеріне шық үйіріліп үнсіз жылар еді. Асқарлы шынды, айбарлы құзды, төбеден төңкерілген көк аспанды, жұпар ісімен көмей қытықтаған мың сан өскінді қызықтап, табиғат сұлулығына көз талдырар есіл тұнық жанарлар меңдуана жапырағына қонақтаған кермек тамшыдай ащы жасқа шыланып жасық тартқаны ма?! Уыты қайтқан жасқаншақ жанардан не қайыр.

Керкұлжа аса күйрек еместін. Үйірлестерінің жалынышты мекіренісіне жауап ретінде жігерлі ұранды көмейінен лықсыта созады. Азатшыл асқақ әнге жақпар шындар үн қосып, жер дүние шаттық жырына бөгеді. Жанды мақұлықат түгілі зіл қара тасқа шейін аяғының астында теңселе дөңбекшіп үйір қожасына құрақ ұшқандай болатын. Кер дүр-дүр сілкініп еңсесін тіктейді де, төңірекке тау басынан көз жібереді. Пай-пай, сондағы өр тұрқын айтсаңшы! Тұяқтарын найза шыңның төбесіне қадап, еменнің иіріндей айбарлы мүйізін көгілдір аспанға шаншылтқанда сұқтанғыш көздер кірпік қақтастан қадала тесіліп қалардай еді. Жанды мақұлықат тұрмақ, зіл қара тасқа шейін аяқ астында теңселе ырғалып, құлжаға тәжім етердей еді. Сонда Керкұлжа жігерлі тәубесіне келіп, сұңғыла сезімталдықпен жаратқан

иеге соқыр түйсікпен мінажат ететін. “Иә, жаратқан ием, мені де, тектестерімді де құзардан ажырата көрмеші! Атамекенім Арқарлыдан көз жаздырмашы! Биіктен еңіске қудырмашы”.

Үйір қожасы жаратқанға осылайша жалбарынды ма, оған куәлік беру артық. Қалай болғанда да арқарлардың жаны асқар биікте. Балықтың сусыз тіршілік ете алмайтыны сияқты, бұлардың да таусыз күні қараң. Сірә, Керкұлжа өзіне төнер қауіпті күні бұрын сезген де шығар. Бабындағы Кер зарықтырып жеткен күйек ойнағына көзсіз беріліп, құмарлық мастығына алаңсыз батты. Бойын кернеген тасқынды қуатқа кедергі болатындай қарсыласы да жоқтың қасы. Әлуатті құлжа жас саулықтарды ләззатқа қарық қылды. Салқам омырауын жұп-жұмыр тығыншық бөксеге жұғыстырған сәтте, Құлжа тіршілік рахатын сезінер еді. Су ішкілік тірлікте не бір сұмдықты көзбен көріп, түйсігінен өткергені, үнемі тығырыққа қамалып жол таба алмай аласұрғаны, қатал жазмыштың қуғынға салған қаскөйлігі, тіршіліктің таусылып бітпес бәсеке-тайталасы - сәтте ұмытылып, есінен шығады. Аямасқа бекіген дұшпанымен арпалысқа шыққаны, құмарлық қызығына бола қарсыласын тырапай асырғаны, бауырындағы үйірін қауіп-қатерден қақалап тыным-тыныштықтан айрылғаны бодаусыз босқа кетпепті. Есесі сандаған үстемемен қайтып, ләззат шәрбатына қарық қылған жоқ па! Жаратқанды жоқтан өзгеге күстәналап берудің қисыны келмейді. Бір аштықтың бір тоқтығы бар. Ұлан-асыр қызыққа кенелдіріп, күйек ойнағын пешенесіне бұйыртқанына мың да бір шүкірлік! Бойынан ұрық бөліп, тұяқ сабақтастығына бола тегеурінін бөсеңдетпей сынақтан сүрінбей өткен үйір қожасын алда нағыз азапты арпалысты күндер күтіп тұрған-ды. Сол сүркіл кешіктірмей-ақ кимелеп кие жара жеткен. Үйреншікті қуғын. Тарс-тұрс. Зың-зың. Ала көз үрей тұс-тұстан анталап, арқарларды алдына салып қуды да жөнелді. Бағынан да сорына бола асқақтаған құзар алдамшы кейіппен төбе көрсетіп, қол бұлғап шақырғандай ма. Биіктік десе өрленіп кететін жануарлар салып ұрып жетіп-ақ барған. Жеткені құрысын-ай! Зуылдаған оқтың астында қалды. Қуғыншылар ықтиятты-ақ. Құлама күзға тықсырып тарсылдата мылтық атады. Үйір қожасы жанталасты. Бәрінен де құлжаны көк желкесінен

тықсырғандар шошытты. Гүрс-гүрс түтеген мылтықтан жан ұшыра ықтап құзға ентелей бергенде қара санын бірдеңе сойып түскендей болды да, еш қайраны қалмаған құлжа екпінімен мойнын ішіне ала шыңнан бір-ақ қарғыды. Аршалы беткейге мүйізімен шаншыла түскен-ді. Мойны күтірлей опырылып, көз алдын қызыл мұнарт қан жапқан Кер қара түнекке жұтылып бара жатты. Керқұлжа біразға шейін есін жия алмаған. Жыңғылды жастанып қас қарайғанша жатты да, түн пердесі түсіріле орнынан жылжыды. Оқ тиген саны бастырмайды. Ортан жілігі қақ айрылса керек. Келісті тұрқына айбар ұялатқан сексеуілдің иіріндей шомбал мүйізінің тұқылы ғана қалыпты. Бір көзі ағып түскен. Сау жанары шарасынан шыға шатынап, қызара жасаурайды. Жаралы көзінен қан аралас жас сигектеп тыйылар емес. Құлжа шоңқаландап етекке түсті. Аршалы шаттың табанындағы тұмадан зорға деп су ішкен. Тұрқын тіктеп, он екі мүшесі сау кезіндегідей күш жинауға тырысқан. Сынған мүйізінің тұқылы қан қақсап, басы тасқа соғылғандай сырқырап бара жатқанын сезінді. Бәрінен де қиыны, сау мүйізінің тым ауырлап кеткені еді. Ауған жүктей еңсеріп бір жағына қарай алып түсе береді. Қос мүйізін төбесіне шаншылтқанда қамыстың ұлпасындай ауырлықты сезбейтін. Сыңар мүйіздің батпандығын сұрама. Айналма қойдай бір орында шыр айналып, жетім мүйіздің әуселесімен көп әуреленді.

Шатқал адам аяғы баспайтын қалтарыс түкпірде. Жаралы құлжаны тек ала қанаттар мазалайды. Төбеден төне шықылықтап, өздерінше жауласпақ сыңайда. Мүйіз - жан садақасы. Құлжа көрешекті қағынып ісіп, күндізгі түнге ұластырып толассыз сырқыраған жаралы саннан көрді. Қыс қашанда қыса келеді. Ақсақ құлжаға қар астынан шөп алып жеу - азаптың үлкені. Төрт аяғы сау кезінде арқар жусан мен май көдені араластыра ұйпағанда, кеңсірігін қытықтаған қышқылтым жусан ісінен пысқырына мекіреніп араны ашыла күйсейтін қыр шөбін. Бүйірі шығып тоқтыққа марқайған жануар аз оттап көп жусайтын сергектігіне басып, төңіректі қырағы көзбен шолып, бір орында тапжылмай ұзақ тұратын. Енді, міне, қарға адым жер мұң болып, түйе құлақтың ризығына ортақтасады. Тышқандардың дайындаған пішені болмағанда, Кер қыстан шыға алмай аштан қататын еді. Қар кетіп жаз шыққан соң да, құлжа құлан таза жазылып кете алмады. Жарақаттан көп азап шекті.

Екінші қарды өткергенде ғана бақырана тіршілігіне бір жо-
лата мойын ұсынып, өлмес күнін амалдады. Бұған төнетін
бар қатер - жұмыр бастылардан. Адам ісін сезіп тықырын
құлағы шалысымен үңгірге жасырынады. Қашып үлгер-
месе жата қалып бой тасалайды. Әсіресе, тау кезумен күнін
батыратын әккі қорықшыдан өлердей қорқады. Өзге екі
аяқтылардан оның ісі де, жүріс-тұрысы да бөлекше. Сұлба-
сын көзі шалысымен одан ықтай жөнеледі. Бұны осынша-
лықты кіріптарлыққа душар етіп, қарқарадай мүйізінен,
тұяғынан от ұшқындаған арынды шабысынан айырып,
үңгір сағалаған қор тіршілікке қосақтаған нақ сол. Сыңар
мүйіз ақсақ құлжа адам аласы ішінде, мал аласы сыртында
екенін, арқарларды ажал апанына айдап түсіретін қорық-
шыда ерік жоқтығын, бар сұмдықты өзінен жоғары тұрған
мықтының нұсқауымен жүзеге асыратынын қайдан білсін.
Табиғаттың жазықсыз момын төлі жаратылыс құпиясының
сан қатпар тылсымына түйсік жүгіртсе, бұған құбыжық
көрінген екі аяқтылардың да ізгілік үшін күресетініне, со-
ңынан екі елі қалмайтын қорықшының он сегіз мың ғалам-
ның уайымын аркалап, басы қататынын пайымдар еді. Жа-
ратылыс та тым сараң. Көз қызықтырған сымбатты қиған-
да, болмашы зердені несіне аяды екен. Егер арқарларға
сұңғыла сана бұйырса, онда бірінші кезекте жұмыр басты-
ларды танып білуге күш салар еді. Солармен ымыраласап
жақындасуға, жан сырларын ұғуға тырыспай ма. Сөйтсе,
адам деген де тым әлжуаз, қорғансыз екен. Шыбын жанын
шүберекке түйіп, біресе табиғат апатымен, біресе жоқшы-
лық қыспағымен алысады. Ұрпақ қамына бола ұрлыққа да
барады, боқ шоқыған қарғаша ырзық-несібесін түртініп
күресіннен тереді. Қайтсін, ішіп-жемесе ашығады, киінбесе
абыройы ашылады, баспана тұрғызбаса суықтан қатады.
Қуанышын қызықтап ұлан-асыр той жасайтын, өлгендерін
жылап-сықтап ақ жуып арулап, соңғы сапарға шығарып са-
латын көдесі және бар. Жарайды, мұның бәрі тіршілік заң-
дылығы болсын-ақ. Бір-бірімен итше жұлқысатыны қалай?!
Арқарлардың сұңғыла санасы осы сұраққа жауап іздеп біраз
сандамай ма? Тым көбейіп кеткен шығар жер бетінде. Жо-
жоқ, одан емес. Әлмисақтан жер бетінде қоянның құмала-
ғындай шашырап жүріп те желекті найзаны қандаумен
көзі шыққан ғой бұлардың. Бір-бірімен қызыл шеке боп

төбелеспесе, атысып шабыспаса ішкен астары бойларына сіңбейтіндей. Құрсын! Құтырғаннан құтылған. Пәлесінен аулақ. Әлгі зерделі арқардың адамдар тіршілігіне ой жүгіртуге деген ықыласы осымен тынбаса қара да тұр. Жұмыр бастылардың қым-қуыт ала шапқын арпалысты ғұмыры аса қорқынышты. Қай жаққа беттеп, қай биікті нысаналайды. Не үшін өліп-өшеді, соны өздері де білмейді. Құдайын ұмытқандардың бар ынтасы, қызылды-жасылды әлеміш, шыр айналған дөңгелек, атақ-абырой, тақ пен мансап. Ішіп-жеп, уғарлап мас болу. Неткен жиіркенішті?!

Құлжа пысқырынды. Сөйткенше ұзын құйрық, салпаң құлақтар көрініс берді. Алға шығып көстендеген қара қаншықтың соңынан шұбырған шәуілдектердің қараы мол еді. Еріккен қыңсыламаның біреуі құлжаны көріп қалып тұра бастырды. Әлгінің соңынан бірі қалмай ұмтылды. Не қораға үріп, не қасқыр алып жарытпайтын дүрегейлер оңай олжаға құмартып, тау еркесін ортаға алды. Тастың қуысына артын беріп қорғануға кіріскен сынық мүйіз ақсақ құлжа оңайлықпен жан беретін өлі сүйек емес-тін. Су ішіп, от оттағалы не бір сүркілді көріп, тіршіліктің қатал заңына әбден көндіккен жанкешті жануар жарға бұғып жан сауғалайтын тым үрейшіл көрінбейді. Азуымен тас шайнайтын қара құлақтармен де талай-талай шайқасқан. Аран ауыз қомағай ұлымаларға қарағанда, тәйірі, шәуілдектер сөз бе екен?! Әттең, үңгір сағалаған қор тіршілік адымын жаздырмай, жіпсіз тұсап қойған жоқ па! Әйтпегенде мына бітімсіз немелерді мүйізімен бір-ақ жасқап қуып тастамай ма. Айбарынан ай жасырынған арқарлар әулетінің көсемі арсылдақтарға мазақ болып ішінен жылап тұрды. Дөң айбатынан жаңылмапты. Сыңар мүйізіне үйірілген болмашы сұс көпек иттерді кәдімгідей-ақ тегеурінді шабуылға шығудан тайсалып, жалықты білемін, үруді тоқтатты. Ауыл-ауылдан мыңдап өретін, шөп жеп, су ішкеннен басқада жұмысы жоқ, момын жануар шопан ата нәсілі қойдан айнымаған арқарға шәуілдектер: “Отардан бөлініп не ғып жүрсің, біз сені танып тұрмыз” дейтіндей. Ойнақ тілеп шиыршық атқан иттер ұятсыз әрекетке басып, қара қаншыққа өлермендене ұмтылысып, бірін бірі омыраулай жұлқысты.

Құлжа салпаң құлақтардың шайқасына түйсік жүгірте алмады. Жаны алқымға тіреліп үрей бұған байғұс бас аман-

даудан артықты қайтеді. Кенет бұған ақ көз қатер төнді. Әлгінде ғана бейбіт тынған шиеленіс оқыс өршіді. Қырдан бері түскен жалғыз жаяуды көріп арқаланған иттер мұны қыспаққа алып,тастың қуысына тықсырды. Манағы әшейін ойын жолы екен. Нағыз хан тілеген ауыздар енді ашылып, азулар айқыш-ұйқыш сақылдады. Әлгі жаяу жақындаған сайын шәуілдектер батыл қимылдап бұған жұмыла ұмтылысты. Иелеріне тәуелді тіршілікке әбден қалыптасып, жарамсақ жағымпаздық соқыр санасына сіңісті әдетке айналып, адамдарға жақсы атты көрінуге машыктанып алған сабаздарың байбаламнан кенде қалмады. Өршеленген жағымсыз үрістен жартас тітіреніп, тау жаңғырықты.

Әлгі адам таяна бере ақырып жіберді: “Кет, кет-ей!” Бірақ оған иттер ығыспай, қарсыласына ауыз салуға шақ қалды. Алайда Керкұлжа өліспей берісетін емес еді. Біресе тарпынып, біресе пысқырына шегіншектеп, қайта тап беріп, шәуілдектерге шүйлігіп-шүйлігіп алады. Жүрегі кеудесін тесіп шығардай атқақтап, тынысы тарыла бастаған соң, аузын аңкитып ауаны қомайғалана жұтты. Бұл амалы - арсылдақтарды кәдімгідей-ақ жасқады. Жаяу жерден тас алып иттерді қуалап тастады да, құлжаға жақындады. “Сәлем бердік, тау еркесі! Қалжырап қалғансың ба? Білем-білем, сабазың, әлі жүр екенсің-ау!”

Құлжа әлгіндегі жағаластан жаншылуға шақ қалған ұлы кеудесін тіктеп, бұған жалғыз көзімен тесірейді. “Енді шырамыттың білемін. Арқарлының бұрынғы бас агрономы Данаһ деген пақырың осы тұрған. Сен де менің кебімді кигенсің-ау, сірә! Мен мүйізден, есебі бастан айрылғанмын. “Сөйлеуің керек. Өздеріңді өздерің қорғамасандар, тұқымың құрып жер бетінен жойылып кетесіндер. Олар жалмауыз, барып тұрған обыр. Барды қанағат тұтатын мен емес. Зіркіл-Зекеннің иттерін көрдің ғой. Иесінен аумады. Мүләйімсіп жағымпазданғанда сұмдық. Айтақтасаң, айға қарап абалайды. Зекен де сондай еді кезінде. Заман өзгертеді ғой адамды. Райынан қайтқан шығар, бәлкім. Есейді білетін шығарсың. Ол Зекеннен өткен. Дәу де болса сенің түбіңе жеткен сол шығар-ау!? Сөйле, сөйле деймін саған. Жетпіс жыл бойы мылқау боп келдік. Жетер, біздің де күніміз туды. Айдай әлемге жар салайық. Бар даусымыз жеткенше айқайлайық. Тауларды ұйқысынан оятайық.

Тау сілкінсе, астамсыған кокіректер жермен жексен болады. Кіруге тесік таппай сен екеумізге жалынады. “Мені танымадың. Қанша дегенмен хайуансың ғой. Осымен екінші мәрте беттесіп тұрмын сенімен. Қалай таныдың дерсің. Оң құлағыңның ұшын сетігенмін. Есебі, ен салғанмын”. Данаһ өзіне сенімді, осыдан сегіз-тоғыз жыл бұрынғы оқиға күні кешегідей көз алдында. Қиянат пен құсаға шыдамай тау кезіп жүргенде, бір біріне маталған қос құлжаның үстінен түсіп, ажыратып жіберген. Махаббат ойнағына бола қырқысқан екі сері аштықтан бұралып өлуге аз-ақ қалған екен. “Баяғы бетті күнің жоқ. Можа-можа қартайыпсың-ау. Аяғың ақсай ма, оқ тиген шығар. Атқан кім? Білемін. Есей. Оның оғынан сау қалған кім бар? Мені де жаралап жайымды тапқан сол сұм! Зіркіл-Зекен екеуі. Уақа емес, ауырып тұрдың, аунап тұрдың деген. Емделіп есімді жиып қалдым. Құдайға шүкір деп айтайын. Бұрынғыдай атқа шапқандаймын. Тәуекел, олардан қорықпаймын. Дегенмен, сактық керек. Әлі билік солардың қолында. Айтпақшы, Есей мырзаның тағы шайқалыпты деп естідім. Одан хаба-рың бар ма?

Данаһ дүрбімен төңіректі асықпай шолды.

- Соның дәл өзі! Көзіне көрінбей-ақ қояйын. Ескі жыны ұстап жүрер, - деді де ол жақпарды алып, ұзай берді.

* * *

Биікке тырмысқанымен еңседен басқан зіл адымын жаздырмай жүрісі өндімеді де, сандықша тасқа отыра кетті. Көңілін бөлмекке маңайды шолып еді, сезімін селт еткізетіндей түк те түспеді көзіне. Өзін көшкен елдің жұртында қалғандай сезініп, тіптен жайсызданды. Қолы қалт етіп босағанда тау аралайтын қашанғы әдеті-тін. Сондай оңашада мұны астам сезім билеп, бір-бірінен иық асырмаққа тыраштанған Арқарлының найза шындары аласара тәжім етіп, сай табанында сыңсыған мырза терек, ақ тамақ қайың, көк желек тал, қадау-қадау бой көтерген тырбық шыршамен қарағай бұған құлдық ұра бас шұлғып тұрғандай көрінетін. Тіпті оны айтасың, түксиген сұсты шыңның да қабағы ашылып кетердей еді мұны көргенде.

Күздің бұлыңғыр күнін елеп алдағы қыс ызғарына көрсеткен қарсылығы ма, әлде мұның мезгілсіз селекет жүрісін жақтамаған кірпияздығы ма таудың қожыр тасты бұжыр беті сұрлана сазарып, түгін сыртына теуіп тұрғандай еді. Онсыз да жарым көңіл Есей-Есағаң дағдарып, көзімен жер шұқыды. Дүние дидарына қаймықпай астамшылдықпен тесілетін қомағай жанарының оты бәсендеп қалған-ау, шамасы. Тілсіз мылқау табиғат осындайлық қыр көрсеткенде - сыбыс- сыбырға жеткізбейтін жыпық ауыз жел өкпеге қараулығына құрық бойламайтын опасызға, басқан-тұрғанын аңдыған пәлекорға не дауа?! Күні кеше ауданды былай қойғанда, облысқа атақ-абыройы жалғыз аяқтап астанаға жеткен, айбарынан керек десең тау да аласарып, тас та жаншылған, дұшпанына ақ мылтық, досына мырза қол “Арқары” кеңшарының директорын астындағы ат пен басындағы бақтан айырып жаяулатқан ненің сілесі?! Адамнан ба, өйтпесе жез өкше әйелдің көңіл күйіндей мың құбылған кер заманның кекірлігі жетті ме түбіне? Қалай десек те, Арқарлының алпауыты атанған Есей-Есағаңа зауалдың келгені рас.

Ол қуғын көрген қасқырдай шоңқаландап қалды. Алпысқа іліксе де кеудесінде сырыл, тізесінде діріл жоқ-тын. Сірә, алаңы көп уайымшыл тірлік ізсіз кетпеген-ау. Алыс-жұлыссыз ғұмыр кешпегені өзіне аян. “Арқарлы” кеңшарының гүлденіп көркеюіне арнаған отыз төрт жылы мамыражай тыныштықта өтті дегенге кім нанады? Сол жылдардың еншісіне денсаулығы, ұйқысыз түн, мазасыз күндерін қалай ұмытсын. “Арқарлы тауын жайлаған, тоғайда бұлбұл сайраған, ерлері жомарт, елі ырысты, жері жаннаты Арқарлы” дегізіп ақындарға, жыр сазгерлерге ән шығартқаны қайда:

Көрінер күндік жерден асқар биік,
Найза шың тұрғапдай-ау көкке тиіп.
Бұлт тартқан қайың, терек, қарағайы
Ойнайды бауырында арқар, киік.
Батырдай сауыт киген сұсты қабак,
Биіктен маңғаз құлжа тұрар қарап.
Мың бұлақ сай-саладан жамыраған,
Ішкенде кәусарыпан мейір қанат.
Кешегі кер заманда мұң басқан тау,
Кедеймен оңашада сырласқан тау.
Сүйікті партияның арқасында,
Адамша тыңгерлерге тіл қатқан тау,
Баянды базарым, Арқарлы,
Шырқағап жаңа әнім, Арқарлы, -

деп күні кешеге дейін тамылжытатын осы оңірдің жастары.

Есей босаңсып көзіне жас алды. Кәрінің де, жастың да сүйікті әуеніне айналған қайран ән құмығып өшкенің бе, шынымен-ақ?! Алыс кетсе сағындырған, түсіне кіріп, өзіне сұлудай табындырып, ой-аңсарын билеген Арқарлы-ай! Бір осының думанды келешегі үшін тексізге телміріп, сараңнан сыбаға дәметкені, жақсымен шекісіп, жаманмен кетіскені қайда?! Арым да, ардағым да сен деп жүрген Арқарлы сырт айналмаса керек еді.

Ол күректей алақанымен бетін көлегейлеп, қыбырсыз ұзақ отырды. Басынан бағы тайысымен жалт берген жәдігөй-жарамсақ, жандайшап-жағымпаздардың қараулығына жаны күйіп, тау кезіп жүргендегі сиқы мынау. Қызметті қойшы. Зейнет демалысына шыға салады. Далада қалмас. Атағынан айырамыз деп өзеуреген тобырдың алтын жұлдызға жармасқаны батады жанына. Есей ауыр күрсініспен торыға күбірледі. “Құлан құдыққа құласа, құрбақа құлағында ойнайды” деп халық тегін айтпаған. Талайға нан жегізіп еді, біреуінің төбе көрсетпеуін көрмейсің бе. Жазығы - қаңыраған таудың бауырын дүбірлі құтты мекенге айналдырғаны ма?! Өзгені қойшы, Зекен сұмырайды айтсаңшы!.. Жағасына қол салып шаужайынан алғаны батты-ау жанына. Жарайды, Зекен опасыз-ақ болсын. Арқарлының таза ауасын жұтып, шалғынына аунаған, өзеніне шомылып, арқарын аулаған игі жақсылар қайда? “Арқарлыға бардың ба, арқар етін жедің бе?” деген сөз мәтелге айналып кетіп еді-ау!

Есей сапырылысқан кермек ойды әрі-бері қуалап көріп еді, батпаққа малтыққандай діңкелеп қалды. Тіршілігінде көрсеткендері мынау, көзі жұмылса көрін қазуға да ерінер мына қалпында. Өлім туралы ойлағаннан ба, есіне анасы түсті. Кескінді, бойшаң, ақ сұр әйел “Балам-ау, мені ұмытып кеткенің қалай?” деп жазғыра күңкілдеп тұрғандай көрінді де, шеше бауырындағы алаңсыз балалық шағын қиялынан өткізе бастады. Анасы пақыр жас боталаған іңгендей мекіренуден бір танбай бұған жүрегiнің жылуын үйіп-төгіп бітетін. Тентектерден тізе көріп, үйге жылап келгенде, шешесі мұны бұрынғыдан бетер жақсы көріп, айналып-толғанады-ай кеп! Секемшіл сана сергек келеді. Есей өзі турасындағы күбір-сыбырға құлағын ертерек үйретті. Бірақ шешесінен түбегейлеп сұрауға батпады. Өтірік шығар деп жұбатты өзін. Қалада интернатта жатып тоғызды

бітіріп ауылға оралған жазда, колхозға шөп шабысуға барған-ды. Шалымды Есей тентекке есесін жібермейді. Сондай бір шекісуден кейін ол уйге көңілсіз оралды. Сырт көзге айбарлы адуын Таңғал бұған келгенде тым үгітілме. Өкпешіл, кілт етпе мінезге жоқ Есейдің қабағынан ішін танып бәйек болды. Сақтағанын аузына тосып, сасқалақтап абдыраса да, Есей сазарған қалпы тіс жармады. Содан әлден уақытта табиғатында жоқ қиястықпен дүңк еткізді:

- Мені ылғи жылан арбайды, апа.

- Қой?! Түсің шығар?

- Өңімде. Нанбасаңыз көрсетейін.

Апасының көзі бағжиып шарасынан шығып барады.

- Бір сұмдыққа бастадың-ау, балам! Бұ не жұмбақ?!

- Жұмбағымды шешіп берсеңіз ғана тынышталамын.

Әйтпесе, ордалы жыланның апанынан бір-ақ шығамын!

- Қайдағыны айтпа, балам! Тамағынды іш те, тынық, - деді шешесі бұның сөзіне аса мән бермегенсіп.

- Тынықпаймын! - деді Есей қатқыл үнмен, - Айтпады деменіз, апа. Өкінесіз әлі. Мені бүгін қайткенде жылан шағады. Ширатылып қалтамда жатыр. Қойныма салып жіберемін де, сәбізімді бітіре саламын!

Одан әрі шешесі екеуінің келіссөзі басталған. Анасы бұған бар шындықты бүге-шігесіне шейін түгін қалдырмай айтады. Сонда ғана Есей қалтасындағы түйме басты тиісті жеріне жөнелтеді. Сонымен әңгіме басталып кеткен. Әңгімеден гөрі аңызға, адам айтса нанғысыз ертегіге жуық.

...Ел көшті, жау жетті заман тебінгісі терден шіріген ат үстіндегі елім деп еңіреген ерлер түгілі көмпіс даланы да мезі етіп, қара қабақ күйге түсірді. Тау тұнжырап, өзен ағысы құмыға жылауықтанып, күміс үнді бұлақтар күлкісінен жаңылды. Көл еркесі аққу, қаз канаттарымен су сабап шошына қаңқылдады.

Ата жұртқа іргеден көз алартқан жүрегі тас, көкірегі шойын рахымсыз жау қалғып кетсең қотанынды, ұйықтап қалсаң ошағынды ойрандап, мал бакқан момын елді тыным-тыныштықтан айырды. Ерлер егесуден, шешендер кеңесуден жалықты. Ереуіл аттан жал, өрісті жайлаудан мал кетіп, еміздікті қара сабаға қымыз орнына іркіт құйылды. Қанжарларын қандауға асыққан қара ниет басқыншы неше қилы айлаға басып, біресе көлгірсіп бейбіт келісімге ұмтыл-

са, енді бірде жоқтан ілік шығарып жанжалдың отына май құяды. Күндердің күнінде андысқан жау жарағын жарға жасырып, қол қусырып сауға сұрады. Жаздым-жаңылдымға басып есіктен сығалады. Келе-келе төрге озды. Қой терісін жамылған қасқыр пішіндес қырыс қабақ қысық көздерге жұрт ниеті аумаса да, иланымға жол ашылды. Қасарған қайрат қалғын деді. Шаршаған бой болбыр тартып, қырағы жанарларға ұйқы тығылды. Атыс-шабыстан қажыған жүйке жайланып, сарсаң тірлік сабасына түсті. Ерулі ат жетектеп садақ асынған батырлар бел шешіп жар төсегін қызықтады. Келіншектердің бозаң бетіне қызыл жүгіріп, күлкісі түзелді. Бойжеткендер қолаң шашын қос бұрымдап өріп, шолпыларын қайра тақты. Ақсақ тазы түлкіге қосылып, босағада байлауда қалған қыран иесімен табысып тоятын түзден айырды. Мал алаңсыз өрістеп, сиыр өкіргенін, іңген боздағанын, жылқы үйірі шұрқырағанын сирексітті. Даланың сүйкімді төлі құландар жалданып, елік елеңін азайтты, бөкендер желдеуден тиылып, тау еркесі арқарлар алаңсыз оттап, жан-жануар тыншу тапты. Тыншымағанда қайтеді. Қалың қол қаптай шауып ұрандағанда, жан иелері тұрмақ шапқыншылардың екпінінен тау теңселіп, тал жапырылса қайтпекші?! Сайын даланы атыс-шабысқа бөктірген жортуыл бәсендегенімен, қауіп-қатер алда-тын.

Жер тәңірісінен де көк тәңірісінің ашуы қатты. Табиғат шіркін дүлейлікке басты ма, не бір көкіректі жаншып, бір тарының қауызына сидыруға бар. Сол жылы жаз жаңбырлы, күз қойдай қоңыр мінез танытып, мал тұяғына ерген көшпелі елдің тынысын ашты. Күзем алдырған ауылдар құлаш-құлаш киіз басты. Местегі іркіт тай жүзген қазандарға қотарылды. Шымырлап қазанда құрт қайнады. Шапқыншылықта ортасына түсіп сынған уық, шаңырақ жаналанып, жарбиған күрке қайтадан еңсе көтерді. Бозбала атаулы жалбағайын елтірі тымақпен алмастырды. Кәриялар сірі шәркейін тастап, мәсісін киді. Өнерге көкірегі желді сал-серілер бұзау тіс дырауды тобылғы сапты қамшыға алмастырды. Жылқышы мен малшы қарын талдырған шоқпарды төсек арасына жасырып, ақ табан сойылдарын сүйретті. Батырлар сауытын шешіп иығына пұшпақ ішіктерін ілді. Күздің көкше қымызына бүйірі шыққан еміздікті саба бәйбіше қасынан табылып, ошақта от маздады. Тыншу за-

ман орнады деп қуанысты кәрі-жас. Ғашықтық әні жас жүректерді тыпыршытып, мосқал көкіректі де сергітті. Тіршілік күш алып, желек астындағы келіндерге түйін байланды. Тұмса махаббаттың тұсауы кесіліп жатты айлы түн қойынында. Жұрт жоқтау орнына жақсылықтың жоралғысы деп көңілдерін әнмен жұбатты.

Осындай бейбіт күндердің бірінде күзеудегі ауылдарға хабаршы келді. Игі жақсы хан ордасына бет алды. Елге иелік, жерге қожалық еткелі атыс-шабыс, үргін-сүргіннен көз ашпаған ханның қабағы әлі де қатулы. Аз сөйлеп көп тындайтын әдетімен алқалы мәслихаттың беташарын Еңсегей шешеннің құзырына тапсырған. Кәрі би лақа жорғадай кібіртіктеп суырылып кете алмай, жөткіріне берді.

- Езуін алдырған кәрі боз да бір, мен де бір. Екеуімізде сын жоқ, мін көп бірақ. Көсіле сілтер шама қайда? Жылан жуасыса, у жиғаны, жауың жуасыса, күш жиғаны. Осы сөзімді бақ та ұжымыңды жазба, халқым! Көші-қонның жағдайын есепшілерден сұрарсындар, - деді де кәрі би күміс сақалын тарамдады.

Жылдың төрт мезгілін кісі қабағындай бағып, бақылап күн райын көрегендікпен болжайтын дуалы ауыз есепшілер қатары бірқыдыру еді. Сонау теңіз жағасынан, Атыраудан кәрі сүйегін сүйреп келген көріпкел шал құмалаққа қарап сөйлеген.

- Жылан жылың момақан сыңайлы. Ініне кірер де қайтып шықпас. Алдағы жылдан дәмеленер едім, жүрек топ. Құйысқан босаң. Босаға берік деп және айта алмаймын. Жылқы жылың қысып кетер түрі бар. Қыс аяғы созылып қыспаққа алмаса не қылсын?! Құмалақ тым пышырап кетті.

Сыр бойының түс жорығыш батагөйі деп қуанарлық болжам айтпады. Өр Алтайдың шок уыстап оттағы темірді тілімен жалайтын бақсысы да көңіл жұбатарлық сәуегейлік білдірмеді. Ошақтың үш бұтының біріне кәкір деп жұмбақтады. Ертістің кезбесі жалаң аяқ диуана аса таяғына сүйене теңселіп:

Жауым жоқ деп алданба,
Жар астына бұғады.
Қыс жайлы деп малданба,
Алдында тұр сын әлі, -

деп бел шешті бейғамдықтан сақтандырды. Одан әрі үлкенді-кішілі болжамшы, балгерлер мен жауырыншылар алма-кезек сәуегейлік танытып сынға түсті. Асыра сілтеп

артық кеткендері де, ханның сұсты қабағынан ықтап қой үстіне бозторғай ұялайтын заман орнайды деп марапатқа басқандары да болды. Енді біреулері құдай ісін күн ілгері топшылаудан тайсалса, халқымен тілеуі бір дуалы ауыздар жақсы сөз - жарым ырыс дегенге сайып, күдік-күмәнін көңіл қалтарысына жасырып қалды. Солардың бірі - Қосай әулие-тін. Жас кезінде жеке батыр атанып, қара құрттай қаптаған жауға қарсы шауып қамал бұзған он сан оймауыт, тоғыз сан торғауытты қойдай ықтырып, қояндай бұқтырған, не бір апай төс алпауыт ойрат нояндарын жекпе-жекте жер қаптырған, жауын дуалап тастайтын көз байлағыштығы және бар. Өкпелесіп назаланған адамына жаман көзімен қараса, жұлындай ұшырып түсіретін киесі тағы бар. Сондайлық сілесі өткір сүңгі көз қыран топшылы Қосай батыр керер көзге сұсты. Алапатынан адам тұрмақ аң патшасы арыстан да тайсалатындай суық жүзді мейлінше ірі денелі адам болатын. Оның есімін алғаш алты алашқа танытқан Бабатау үшін болған қырғын. Осыдан елу жыл бұрынғы қанды майданның ізі әлі күнге жер бетінен өше қойған жоқ.

...Сары теңізді жайлаған қалың елсары күздің бұлаңытқан келте сағымы ойнаған күзем шағырмағына дейін жайлаудан тапжылмай алаңсыз отырған еді. Бейбіт күндердің бірінде ауыл шетіне жаушы жеткен. “Аттан! Аттан! Жау шапты!” Жұрт дүрлігісті. Суыт хабарды ақылмен топшылап мәнжайды ой елегінен өткізген елбасылар сыралғы жаудың бұл жолғы қоқайының зымияндығын салғаннан-ақ тап басқан. Ежелгі қазақ жұртының кіндігі делінетін, ертеректе Бабатау атанған, одан келе-келе Арқарлы атауын иемденген киелі де қасиетті тауды қоршалаған дұшпанның бұл жолы өліспей беріспейтіні белгілі. Бәрінен де ата-бабаның қорымы жатқан қара қонысты қасақана баса-көктегені жандарына батып, намысына от тигендей ширығып шиыршық атқан батырлар: “Бүгін Бабатауды алса, ертең Қаратауға қаптаймын дегені, - деп шұғыл мәжіліс өткізген ел басыларын шайқасқа асықтырды. Қаскөй жаудың қарамы күн санап молайып, тың күшпен толығып, Бабатаудың адам аяғы баспайтын, тек тау еркесі арқарлар ғана шыға алатын ұшар басында жау туы желбіреп тұрды. Кіндік мекеніңнен күдер үзе бер, он жерден күпініп күш жиғаныңмен біздің шепті

ала алмайсың дегенді аңғартқан дұшпанның бұл дөң айбаты атамекеннің әр түп кедесі мен малта тасына шейін сыралғы ел азаматтарының намысына шындап-ақ тиді. Әсіресе, қабыландай бетгі жас батыр Қосайды шың басында желбіреген ту қатты ширықтырды. Осы күнге шейін бұдан басқа жан баласы жұмбақ таудың құпиясын білген емес. Аса аспан тіреген биік болмаса да Арқарлы кім-көрінгенге жонын тосатын жадағайлықтан ада. Тегіне кісілік біткен адамдай жағасын бастырмас өрлікпен маңғаз томсарады. Сөйткен сұсты шынды бір-ақ күнде дегеніне көндірген кердең немелердің өктемдігі Қосайдың ішіне қан қатырған. Еңсегей шешен ол жылдары жалындаған жас еді Қосай тәрізді. Жас би төкпелеп сөйлейтін әдетімен:

Бабатауды алғаны,
Бауырға пышақ салғаны.
Дат, деймін, таксыр хан ием!
Шегінер жер қалмады.
Ата жұрттан айрылып,
Бұрармыз қайда арнаны?
Оңайға түспес, хан ием,
Бұ жолғы жаудың салмағы, -
деп тоқтаған.

Елдесерменге ыңғай бермей, келсең келге басқан жау шайқастан ығысатын емес. Тұрысар жерінді айт деп дігерлесе, қол бастап шайқасқа шығар батырларға нағыз сын осы. Оларға тұтқиылдан тарпа бас салу мүмкін болмады, - күні бұрын шеп құрып бекіністі нығайтып алған. Қоян-қолтық шайқас қана ұрыс тағдырын шешпекші. Жау елдесерлік сынай байқатпай, тың күшпен молығып, қанатын үстін-үстін жая түскен. Әскер ойынын ойнап, одан қала берді таудың арқарына ауыз салып, аңшылық құрған. Шайқас сәскеде басталған. Бабатаудың киік ойнағы деп аталатын алаңқайында бетпе-бет келді екі жақ. Алғашқы сәтте ұрыс салмағы жекпе-жекке ауып, не бір апай төс батырлар шықты ортаға. Олардан атақты Доржы ноян көлденендеді. Тортбақ мығым денелі Доржы сайысқа түссе болды арқаланып кететін де, қылышты онды-солды сілтеп, қарсыласын турап салатын. Қимылына көз ілеспейді. Сермеген қылышы мулт кетпейді, қылша мойынды нысаналайды. Осындай қанды қолға тақа бір жанынан безген көзсіз батыр болмаса, ешкім шықпайды. Шыққан күнде шыбын жаны қылыштың ұшында кетіп, басы допша домалайды. Бұл - шығар күндей анық. Ежелден андысқан көрші елдің соғыстағы бір құпиясы жекпе-

жектің тендессіз жарып салы Доржыға байланысты-тын. Жалт етіп бір көрінеді де, қылышын қандаған соң зым-зия жоғалады. “Ө, сені ме!” деп жан алғыштың із өкшесіне түсіп жолын тосқандар қар адамын іздегендей шаршап-шалдығып орта жолдан қайтар еді. Сөйткен құбыжық жер қайысқан қалың әскердің ортасында тұр. Жай тұрса бір сәрі, қылышымен қақпақыл ойнап, не қилы шалт қимылға басады.

Екі жақта үн жоқ. Қара құрым қалың қол тас мүсіндей қалша қатып үнсіз қалған. Басқыншылар өздеріне сенімді көрінсе де, демдерін ішіне алып қатты қобалжыған сыңайда. Қазақ қолы шарасыз дағдарыспен бір біріне сұраулы жүзбен аңтарылады. “Сен шықтың” түбі қайырсыз. “Мен шығамын!” - деп желіккеннің аты жетекте, басы қоржында кетеді. Сонда не істеу керек?! Қандай айла бар?! Жекпе-жекпен жалтару - намыссыздық. Сүйекке таңба. Қоян жүрек қорқақтық. Кәрі жыны басылмаған батырлар сайыс алаңына ұмтылып еді, қаумалаған қалың әскер жолын бөгеп жібермей қойды. Бір өзі жүз кісілік жалаң төс жас перілер де, намысқа шыдамай шиыршық атып сайысқа тіленді. Бірақ қолбасыдан қолдау таппай шетке ығыстырылды. Нағыз алым-перім айқас алда. Күшті артқа сақтамаса тағы болмайды. Сайыстан ықтау - жігерді жасытарлық орны толмас ұтылыс. Амал қанша, күші асқанның мерейі үстем әзірше.

Осы мезетте күтпеген жағдай екі жақты да елең еткізді. Ортаға Қосай шықты. Батырлығынан аңшылығы, одан көріпкелдігі басым. Үнемі бөлек қос боп жеке жүретін оны өткен жазда хан ордаға шақырып екеуара ұзақ әңгімелескенді. “Жағадан алып жанға жармасқан жау ата жұртыңа көз алартып жыланша арбасқанда, сенің сейіл құрып аң аулағаның қай жетіскенің?! Түйенің қабырғасын шертіп сындыратын күшіңе жұрт куә. Жағаласқанды жайпап салатын жүз кісілік әлің бола тұра шайқастан шеттегенің өсер елдің азаматына лайық әдет емес”, - деп хан оған салмақ салып: “Ту ұстап, қол баста!” - деп қатты әмір еткен еді. Өзге түгілі өзіне де жұмбақ Қосай: - Тақсыр, артық кетсем әруақ-құдайға салыңыз. Бас еркім өзімде жоқ. Мен бір дуаланған адаммын. Ел шетіне жау келгенде бой жасырсам құным сұраусыз. Мені қақпайламай өз еркіме жіберіңіз, хан ием. Бір жерден шығармын түбінде, - деп өтініп еді.

Енді сол Қосай ажалына асыққандай қарсыласының

қолында ойнаған наркескенге қылша мойынын тоскалы тұр. Дел мына бейғам қалыпта Қосай сайысқа сауыт киіп, қару асынбай құр қол шықты. Үстінде киік терісінен тігілген ақ жарғақ. Қолында жылан жон дырау.

Жанкешті жағаласқа екеуі барын салған Доржы “әп” деп шарпысып өткенде-ақ қарсыласының атын мойындығынан шауып түсірді. Жаяу қалған Қосай жан дәрменде дырау сілтеп үлгерген. Қолы сүйсініп еді, мүлт кетпеген екен, ат жалын құшқан қалмақ нояны сайыс алаңына қайта шықпады. Бас сүйегі сойылып, миына зақым келсе керек, сол жолғы ұрыста ит жемеде көмусіз қалды. Ал оның есесіне Қосай қалың қолды ұрысқа бастап кіріп, ақжолтай батыр атанып еді. Кейін Бабатау үшін болған қырғын шайқаста жау жағы қазақтың жас батырын аңыз етісіп: - Оқ қағары бар екен. Бұзау тісін сілтегенде жыланша ысылдап үрейімізді алды. Зәре-құтымыз қалмай, қоянша зытып бердік, - деп мойындапты. Бертін келе Қосай жеке жортатын әдет шығарып, күндіз ауыл қарасын көрмей ел тыныштығын сырттан қарауылдап жүрді. Ақ түйеге артқан қосын жау келеді-ау деген тұсқа тіктіріп қойып, дұшпан қарасының шамалап алады екен де, атақты Нарқызыл атын ағындатқан бойда бір бүйірден қосылып береді дейді. Аюша ақырғанда ат сиіп жіберетін алапатты батырдың серті - қалың қол емес, жүз қаралы қосын. Жүзі Қосай үшін бір адам құрлы көрінбейді.

Қапылыста тарпа бас салып, ес жидырмай қаптап кеткенде, сасқан жау қылыш сілтеуге де үлгермейді. Қосай сілтеген дыраудың екпінінен құйын соққан құрақша жапырылып қалатын. Одан әрі Қосай әлгілердің атын сайға апарып матап, өздерін алдына салып жаяу айдап “Енді бұдан былай бұ жакқа қия баспаңдар” - деп алты қырдан асырып жібереді. Қайдан кеп, қайда тұрғанын білмей басы айналған жасақ арып-ашып еліне жеткенде: “жер қайысқан қалың әскердің қоршауында қалдық”, - деп ақталады екен.

Қосайдың кереметін бақыршысы ғана білетін. Кейде бақыршы әуестікпен: - Қолың бос тұр, неге артыңа қоясың?

- десе қолға түскен тұтқындарға: - Топшымды қайырып білегімді айқастыра қыл шылбырмен шиелеп тастады ғой”,

- деп шарасыз тістенеді дейді. Келе-келе Қосай бұл кереметін сирексітіпті. Тақа бір жау жағадан алғанда болмаса, аңшы-

лық қызығына берілген. Бірақ бөлек қос боп жеке жүруден тиылмаған. Онсыз да жұмбақ адам тіптен тұйық тартып мылқау жанның кейпінде жұрт көзіне түсуден қашты. Қосай әулие қатын-балаларына да жұмбақ. Үзеңгілестеріне ептеп сыр ашқанда: “Қуат азайғандық па, бұрынғыдай емеспін”, - деп тұспалдапты. Сөйте тұра дұшпанға есесін жібермей, ел тыныштығын күзетумен жүреді. Оған қоса зиянсыз аң, құсты сыртынан иемденіп, аңшылықтың қан қасап дүрмегіне қатты тыйым салып, оңайдан олжа табуға садағын сайлағандарды Бабатауға қия бастырмайды. Естіген құлақ, көрген көзде жазық жоқ. Қосай әулиенің аң атаулымен үнсіз тілдесетіні шындыққа бір табан жуық. Олай дейтініміз - одан ешбір аң қашпаған. Әсіресе арқар үйірсек батырға. Тау еркелерін қойша қайырып дегеніне көндіретін кереметі ел арасында аңыз боп тараған. Табиғаттың құпиясын тамыршыдай тап басатын көрген, болжамы қате кетпейтін есепші Қосай батыр кәрілікке бет түзегелі ұсақтап арқар баққан алжыған шал атанып алқалы жиынға бұрынғыдай қатыспай, ел сөзіне араласпады. Сонысы үшін елдің игі жақсылары батырға өкпелі-тін. Хан болса-болмаса наразы кәрі шөңгеге. Сондайлық қырыс қабақпен сұстанған әмірші Қосай батырдың береке-бірлікке ниет еткен жиынға салғырт қарағанына ызаланып:

- Бабатаудың әулиесі, сіздің не ойлағаныңыз бар?! Үндемеске серттесіп пе едің? - дегенде ғана батыр жұмулы көзін ашып, ұйқыдан ояңғандай кейіпте төңірегін шолды. Ол өзіне сенімді-тін. Сөйте тұра жаман ырымға бастап жау жеттілеуге аузы бармай, әліптің артын баққан. Қосай көп жағдайда бойындағы табиғат сыйлаған сезімталдыққа иек арта бермей, күн райының қабағын көнігі кәрі есепшілердің тәжірибесімен салғастыра өз түйгенімен ұштастыра болжаушы еді. Болжамы дұрысқа шығып, басқа тұрмақ өзін де таңырқатқан сәттері жиілеген сайын жылдың төрт мезгілінің аумалы-төкпелі құбылысын, әсіресе қаһарлы қыстың мінезін тамыршыдай тап басуға деген құлшынысы көнігі есепшіге тән қасиет-қарымын ұштап, ізденіске кең жол ашқан-ды.

Ойы кеңейіп, ақылы өрістеп, қиялына қанат бітіп, санасы саңлақтанып алатын да, дала сынды алып кітаптың әр бетіне құныға бас қойып жалықпай ұзақ оқыр еді. Бұған жер бетінде қаптаған мүтін жаратылыс: құрт-құмырсқа,

жан-жануар көмекке келіп, табиғаттың тылсым сырын үнсіз мәлімдер еді. Осындай оқу-тоқудан кейін күн қабағын бақыш болжамшы болмасқа лажы қайсы?! Бәрі де жаратқанның әмірінде деп қол қусырып құлдық ұрғанда көктен құймақ жауа ма. Долы жаратылыстың ойпаң-тойпаңына қарсы тұрып әрекет қылмасаң өрістегі малына, жағаннан алып жаныңа жармасады. Кең дүниеге сиыса алмай бірін бірі қасқырша талаған адамдардың сиқы мынау! Заманыңның әуселесі осы. Ендеше көрге басың жеткенше тығырықтан шығар жол ізде. Қайткен күнде өлмеудің қамын қарастыр. Сенің аузыңды баққан халқың бар, неше ықылым заманалар бойында құтты қонысқа айналған жер ұйығың, қайран Сарыарқа бар. Ырысты мекенге көзін алартып, басқан-тұрғаныңды аңдыған аш көз жауынды қайтіп ұмытартың. Қосайды ұшығына жеткізбей діңкелеткен, анталаған көп сауал осы.

Біріне жауап тапса, екіншісі бас көтереді. Ежелгі дұшпан егесерге бар да елдесерге жоқ. Еңсегей бидің сөзі соған саяды. Қосайдың көңіліне түйгені осыған жуық. Жыланның күші құйрығында. Қыстың тәрізі кәрі есепшінің көкірегінде сайрап-ақ тұр. Жорамалын бүксе - мал мен жанға қиянат, байлауын жұрт талқысына салса, керт басы көреді қызықшыжықты. Айтқаны дәл келмей мүлт кетсе, сан соқты өкініш кәрі жүрегін инеше шабақтап шыдатар ма! Тәуекел! Қатын-бала, қара қазанның қамы, халқының келешегі үшін - аллаға қарсылық, аруаққа шек келтіргендік емес, малдың амандығы, бастың түгелдігі үшін - ырыс-ынтымақтың жоралғысы деп ниет етсін. Әмин!

Кәрі есепшінің долбарына сүйеніп, әрі көріпкел болжамшылардың ой-тұжырымын түйіндей келгенде ордадағы алқалы мәслихат бір ауызды пәтуаға келді. Ана жылғы көк қоян аталған сіреу қыс биыл да қайталануы кәдік. Арқа даласын мұз құрсап мал қар үстінде иіріліп қалса қайтпек?! Әрісі Жиделіні, берісі Шу бойын сағалаудан басқа амал жоқ. Қопарыла көшіп атамекенді иесіз қалдыруға және болмайды. Күшіне сеніп малға күрек аршып беруге шамасы жететін әлді ауылдар қалсын қыстауларда.

Елдің игі жақсылары хан ордасынан көп-көп уайым арқалап тарасып еді. Сол қабындаған қалың уайым салмағы әсіресеб Қосай батырға түсті. Қарт батыр нөкерімен ауыл-

ауылдарды аралап, әр үйге бас сұқты. “Жоқ-жітікке болысып, аш-арығынды жүдетпе, көшкенде көлігі, қысқы қызылы мойнында”, - деп әлді ағайындарға салмақ салды. Көшке ере алмайтын шабан-шардақ, ауру-сырқаулы жесір-жетімді батыр ауыл шетіне қоңсы қондырып, қарамағына алды.

Сонымен Сарыарқаны жайлаған қалың ел қарашаның қырбығы түсе бере түстікті бетке алып, үздік-создық көше бастаған. Ертеңі мәлімсіз, бірақ үміті желісті, арманы асқақ көшпелі халық қыстан амалдап шығудың қамымен мал тұяғына ілесіп, Қаратауды бетке алғанда ажалына асыққандай қайырсыз қаралы күндерге тап боларын қайдан білсін. Арқадағы жұрттың да қабағы пәс, уайымы қалың еді. Бабатауды қыстап қалған ауылдардың бас иесі - Қосай. Үш жүздің туы тігілген киелі тау Арқарлыны шырғалағандағы түпкі ойы батырдың өзіне аян. Сол есеппен көрі шөнге қар қалыңдап тебін тарыла бастағанда, етті еркек қойларды сойдырып шошалаға үйдірді. Жылқыны да шағындап ту биелер мен қысырақтың тайын, семіз жабағыларды да бұтарлады. Қызыл іңірден жаман ырымға бастап қолдағы малды қан қасап сойысқа ұшыратқан бұл әрекетіне жұрт: “Алжыған ба?!” - деп күңкілдесті. Алжығанның көкесі алда-тын. Бір күндері аспан сүттей іріп, көгілжім тартты. Жыланның деміндей сүйкімсіз жылы лептен қан иісі сезіліп, аярысқан мүләйім қыс жылымшы мінезге басты да, мезгілсіз көңілшектеніп буазыған мес қарын бұлттар ақ жаңбырды лақылдата төксінай келіп! Тұтаса мұнартқан аспан әлсін-әлсін жаңбырға ұласып, жер бетін көк айна мұз жапты. Төрт түлік мал қолға аршып беруге тура келген.

Ауылдағы шаруаны реттеген соң, Қосай соңына әлді жігіттерді ертіп, Бабатаудың төңірегіндегі қалың адырлы, жатаған таулы сілемді сүзді. Іштері қабысып, ашыққан арқар үйірін бір жерге қоғамдап, аршыған қорыққа әкеп салған. Тау еркелерінің шоғыры молайған соң, әулие шал шылбырмен шандыған пішенді қар бетімен сырғыта саумалап арқарлар керуенін Бабатауға бастады. Былайғы көзге тым ерсі, естір құлаққа нанғысыз жайдың құпиясы тек көреген қартқа аян. Басқалардың өлердей шошынып орғып ала жөнелетін асау тағы шалдың қарасын көрсе болды бұйдалы іңгендей елпектеп соңынан еріп жүре береді. Бір қотан, бәлкім одан да көп табынды соңына ерткен әулие шал

сақалынан алты тарам жас ағып, қоймай-қоймай жылаған. “Ей, жаратқан ием, құдіретіңе шәк келтіріп қарсылық білдіретін шама бізде жоқ. Кең дүниеге сыйыса алмай бір-бірімен қидаласқан пендеңе тауық бере гөр! Тойымсыз аш көздігін кешіргейсің. Жау жағадан алғанда, қыс қысталаңына ұшырата көрмеші! Қарт бойындағы табиғат сыйлаған киеден айрылып қаламын ба деп қауіптенеді. Сол үшін де құдайға жалбарынады. Кәрілік иектегелі көріпкел қабілеті қожыраңқырап, былайғы жан иелеріне сілесі өтпей жүр. Жаратылыстың жазықсыз момын төлін иеленіп ынта-ықыласын салғанда да ойлағаны - жұртының қамы.

Арқарлы қойын-қолтығын кім-көрінгенге шиырлатпайтын сырты сұсты, іші түкті құнарлы тау. Ор жағал тасты қия беткейі таздың басындай жып-жылтыр. Ұшқан құстан басқа тіршілік табан тірей алмастай. Соған қарамастан құзардың ұшар басы селдір қарағайлы, шөптесінді. Бас Арқарлы, Орта Арқарлы, Кіші Арқарлы деп аталғанымен үш өркешті тау бір-бірінен алшақтамай етек-жеңін жинақы ұстайды. Әдетте басқа таулар терең шатты, қобылы қойнауы кең, сай-жыралы боп келсе, Бабатау сауыт киген батырдай тұтас, шомбал бітімімен сұстанады. Тауды шеңберлей ағатын Тентек өзені атына заты сай екпінімен тас домалатады. Қос қапталын сәмбі тал, қызыл шілік, ақ балтыр қайың көмкерген. Ерек бітімді Бабатаудың әркім біле бермейтін құпиясы да бар. Орта Арқарлының түстікке қараған аңғары терең сай, қос беткейі шөптесінді, еңісі тұйық. Қар суы тастың астынан сыздықтайды. Бір кереметі сол - сайды тұс-тұстан қалқан тас қаумалаған. Неше қилы тас бейне биіктен үңіле төніп аңғарды жел өтінен, күн көзінен тасалайды. Шөбі қою құнарлы шатқа қыста жөндеп қар түспейді, қорығы туырылып қара жатады. Сайдың шөптесінді ұлтаны мұздақтан аман. Арқар жусаны бөртіп, үкі бас изені желкілдеп, көдесі тұтасып, қияғы едірейген аңғар сырт көзден тасада, бұл тұсқа жер шамасына сыралғы біреу болмаса екінің бірі келе бермейді. Жан-жағы қалақ таспен көмкерілген бүйірлі қуысты әркім әр қилы атайды. Арқарлы сай, Үй тас, Үңгіршат, Жылы сай деп құбылта айта береді. Осы бір құнарлы сай арқарлардың құтты ұясы іспетті. Қар қалың түсіп, қыс қысымға алған жылдары тау еркелері қорегін осы қойнаудан айырып құйысқандығы босамай шығады. Дәл биылғы-

дай көк шағыр мұздақта тұз тағыларының жан сақтайтын қуысы осы аңғар. Бір ғажабы - шөбі берекелі. Сап-сары боп туырылған қорыққа мың қойды қатарынан бір ай салсаң түгесілмейді.

Шал босаңсыған көңілін шаққа тежеп Бабатауға көз жіберді. Неше ықылым заманның ауыртпалығын көтерекетере әбден уайымшыл боп алған ба, әлде тіршілік иелерін мүсіркеген жанашырлығы ма, кәрі құзар Қосайға тұнжыраған шарасыз кейіпте қараған сияқтанып еді. Қайтсін-ай! Қойын-қолтығына сықаған мол құнарын қасақы қыс мұзбен құрсап, сірестіріп тастаған жоқ па!

Қарттың соңынан шұбырған арқарлар тау етегіне жете бере танауын желге тосып мекіреністі. Сірә, жусан ісін алды білемін. Сақалы омырауын жапқан ақшулан бір тұрып шатқаяқтаған ата құлжаның соңынан жүздеген тұяқ ілбіді. Талғажау іздеп таңын созған бейшаралардың талайы Арқаршатқа жеткенше жол шығын болды. Әрі ерсі, әрі жанкешті аттанысқа әулие шал бірнеше рет шығып, аяқ жетер жердегі тау еркелерін Арқарлығы қоғамдады.

Наурыздың алтын күрегі оңынан шығысымен Қосай батыр төрт-бес үй тіктіріп, қыстан алып шыққан етті сірестіре жайдырып, тобылғының түтініне ыстады. Түтін қапқан сұр қатқан мейіздей боп жазда да маңызын жоймайды. Көпке шыдайды. Қар кете бастағанда ауыл иесі Шудағы елге хабаршы жіберген. Іле суыт оралған әлгілер Қосайды қуантпады. Түстіктегі қалың ел күйзелісте көрінеді. Жау тұтқиылдан басып кіріп, бейғам ауылдардың тоз-тозын шығарып жүнше түтіп жатса керек. Малы айдауға, басы байлауға түскен ел егер-дегер.

Қосай батыр қамаудағы тағыша аласұрды.

- Ей, жаратқан, бұл қай қысастығың?! Тығырыққа қамалған халқымды тағы да жат жұрттың талауына беріп қойғаның ба?! Бір сұмдықты жүрегі сезіп еді ертеден. Расқа шықты-ау ақыры...

“Жінішкенің үзілер, жуанның созылар аш өзек кезінде қамсыз отырған қалың елге тұтқиылдан бас салған басқыншы еңбектеген баладан еңкейген кәріге дейін найзаның ұшына іліп, қалың ауылдарды қырғынға ұшыратқан, - деп жалғастырды әңгімесін Есейдің шешесі. - Сол тұста жарықтық садағасы кетейін бабамыз Қосай батыр атқа қонып-

ты. Жұртта қалған жесір-жетім, кәрі-құртанды Бабатауға жинапты. Арқаға шұбырған босқын Қосайдың ауылына ошарылса керек. Мінерге тұяқ, ішерге асы жоқ аш-арықты Қосай бабамыз бір жаз асырап есін жидырады. Әке-шешеден айрылған жетімектердің нәпақасы боса-болмаса батырдың мойнында. Бабатаудың арқарын қорек еткен жоқ - жітік екі-үш жылда теңеліп ел қатарына қосылыпты”.

- Жетім балалар қайткен? - деді. Есей шешесінің сөзін бөліп.

- Жас өсіп, жарлы байып жетілген. Содан мына біздер тарағанбыз. Бабамыз - Қосай әулие, ата қонысымыз - Арқарлы. Сен де, мен де Бабатаудың төңірегін мекендеген жеті рулы ел жетімдердің кіндігінен өрбіген, есебі Қосай батырдың ұрпақтары - өскен атаданбыз. Кейін заман ұйқы-тұйқы боп... Ей, шырағым-ай қазақ байғұс не көрмеген халық!

- Ұйқы-тұйқы қай кезең?

- Ақ қашып, қызыл қуғанды айтамын да. Қара таяқтар билеп, бай-бағыланды бір тарының қауызына сидырып... Сәтсізәлізім орнады деп даурығысқан жоқ па өңшең кедей. Осы маңда “жетеу өлген” деген жер бар. Жеті байды шолақ белсенділер бейітке қамап атып кеткен.

- Апа, социализмге соқтықпаңыз. Біреулердің құлағына шалынып, халық жауы деп жауапқа тартып жүрер.

- Не бір қасқа мен жайсаң кетті ғой ит жеккенге айдалып. Көбісін атып тауысты. Солардан жаным артық па? Сенің бұл қиқағынды көргенше, кәрлақта жүргенім қайырлы.

- Жалтармаңыз, апа! - деді Есей алған бетінен қайтпай.

- Бойың өсіп, бұғанаң қатсын деп жүр едім. Жандаралша тергеп жанымды қоймадың-ау, балам?!

- Жеті атасын білмеген құлмен тең. Мен құлмын ба сонда?

- Құл емессің балам. Текті атаның ұрпағысың. Әкеңнің ныспысы - Досай. Досекең Қосай әулиенің он бірінші нәсілі. Өзге ұрпақтарына батырдың әруағы қонбаған. Сенің аталарыңда жұқанасы бар дейтін үлкендер. Әкең Досай аңшы еді. Үнемі ат үстінде жүретін. Қыс райын болжайтын есепшілігі бар-тын. Менің төркін жұртым батырдың қырық жетімегінің біреуінен. Боқай деген атаданбыз. Отыз екінің нәубетінде төрт жүз үйлі Боқай әулетінен анық төрт түтін

қалмады. Сопайып жалғыз мен жүрмін. Көзге шыққан сүйелдей. Тұлдырсыз қу бас боп!.. Қырып сал ашаршылықта төрт баламнан, қыздай қосылған қосағымнан адасып қалдым. Аштан өлді деуге аузым бармаған соң айтқаным ғой. Заманың сойтіп бізді тал түсте адастырып тоз-тозымызды шығарған жоқ па. Арқарлының терістігіндегі теректі сайда тігулі бойында үйлер қалды. Көмусіз бай мен бала қалды. Адам етін жеп құтырынған иттер қалды. Бірімізге біріміз сүйеніп төрт әйел шығып едік ауылдан. Екеуі жолда өлді, зорға жеттік аудан орталығына. Сандалып көшеде қалғанымда жалғыз бауырым ұшырасып, үйіне апарып есімді жидырды. Арқарлыға елге кетпекші едім, інім жете алмай жолда қаласың деп үмітімді кесті. Балалар үйінде аспазшы боп жүргенімде сенің шешенді кезіктірдім. Жуынды төуге сыртқа шықсам, күресінде арқасына таңған жас баласы бар бір әйел шұқындап кәртөшкенің қабығын теріп жеп жүр екен. Нұсқы жоқ боса-болмаса. Шешең мені танымады. Атақты мерген Досайдың әйелі Күмісай сұлудың сиқы кетіп-ақ қалыпты. Бет біткеннің бәдендісі-тін. Жылауға шамасы келмеді. Кемсеңдеп: - Өзегім талды, бірдеңе бар ма? - деді ыңырысқан әлсіз үнмен. “Балаң тірі ме?” - деп едім, - “Тірі әзірше, осыны өлтірмеймін деп қой”... - деп сөзінің соңын жұтып қойды. Інімнің үйіне апарып, шешең екеуінді күтімге алдық. Бірақ Күмісай оңалмады. Аштық өтіп кеткен бе, ішіне ас тұрмады. Бір айға жетер-жетпесте көз жұмды. “Есейімді қиямет күні өз қолыңнан аламын”, - деді үзілерінен бір күн бұрын. Әйелдің өндісі еді. Қызығын жер көрді. Сен әкеңе ұқсайсың. Екі иығына екі кісі мінгендей, жігіттің көркемі Досай мергеннің түбіне шалақ белсенділер жетті. Ет салығын өте, таудан арқар атып бер деп соңына түсті. Белсенділер астындағы жүйрігін аударып мініп, қаруын тартып алды. Өкең алған бетінен қайтпай тау арасындағы алпыс үйлі аш-арықты қақпанмен асырады. Жарықтық Арқарлы қасиетті тау ғой. Арқар етін талшық еткен қияндағы ауылдарға белсенділер маза бермеді. “Кеңес өкіметіне қарсы, бөлек қос боп топ жиып, көтеріліске шықпақшы. Жұртты азғырып, әртелге кірмендер деп қарсы үгітгеді” деген жаламен Досай бастаған он жігітті түрмеге жапты. Бас көтерер азаматынан айрылған қорғансыз ауылдарға аштық араласты. Несін айтасың, қырылды

гой калың қазақ. Сәтсиәлізмнің қырағылары әкенді он жылға соттады. Тірі жүрсе ендігі оралатын еді, жер астына барған шығар марқұм. Беу, текті атаның ұрпағы, қайран бауырым-ай! Ит қорлықта өтті-ау есіл ғұмырың! Беу, шерменде жұртым-ай! Мың өліп, мың тірілген жанкешті, халқым-ай!..

Таңғал қос бүйірін таянып, ботасынан айрылған аруанадай аңырасын-ай! Көкірегінде шөмен боп байланған шернала ыстық жаспен жуылып, бойы жеңілейіп қалғандай еді. Есейдің де жетіскені шамалы, көзімен жер шұқып отырды-отырды да сыртқа ата жөнелді.

Есей үш күнге шейін шешесінің бет жүзін көре алмады. Не бетімен көреді. Етікші Сейсекейдің шөп қорасында түнеп жүрді. Жылай береді, бар қолынан келгені. Жылаған сайын Арқарлы тауын көргісі келіп делебесі қозады. Бір күні етікшінің үйіне өзі құралпылас бала келді. Әлгі бала бұдан бір жас кіші екен. Екеуі тез үйірлесті. Зекеннің әкесі сотталғандардың үстінен қарайтын айдауыл көрінеді. Бір шаруамен жүрген ол баласын еріте келіпті. Есей мен Зекен төрт-бес күн бойында жұптарын жазбады. Әңгімешіл Зекен мұны еліктіріп өзіне тарта берді. Тау ішіндегі сотталғандар мекеніне қайтарда Зекен әкесіне үзілді-кесілді талап қойып: - “Досымды ерітпейді екенсің, үйдің қарасын көрмеймін”, - деп арбадан түсе қашты. Есейге рұқсат қағаз алу да бір қиямет. Оны түсінетін Зекен қайда. Айдауыл амалсыздан тағы екі күн жатты. Таңғал оны кәделеп шақырып салмақ салды. “Атамекенін көріп мауқын басып қайтсын. Бір әулеттен қалған тұяқ еді. Көзіннен таса қылма,” - деп айдауылға қатты тапсырған шешесі мұны.

Есей екі жетінің мұғдарында оралды. Зекеннің әкесі уәдесінде тұрып, өзі әкеп салған. Анасы пақыр ботасымен табысқан іңгенше боздап-боздап алды да, тездетіп қазан көтерді. Көрші-қоланды Есейдің тоқым қағарына шақырды. “Есейжан ерледі. Қара қонысқа барып Қосай бабасының аруағына тәуап етіп қайтты,” - деп әйелдерге жыртқыс үлестірді. Оймақтының істісі Таңғал - табысқой. Сынықшылығы, көз тиген, іші тоқтамаған сәбиді емдейтін тәуіптігі, құмалақшылығы және бар. Кесек мінезді, еркек бағалы шешесі мұны көп сөйлете бермейді. “Сөзге үйір болма, мылжың боп кетесің”, - деп тиып тастайтын әдетіне сыралғы Есей кесік алғандардың тұрағына барғанда көрген-

бақканын ой елегінде екшеп, маңыздысын баяндады шешесіне. Өз көзімен көрген кейбір қолайсыз жағдайды өңін айналдырып, ой жобамен өрбітті. Анасынан бүккені көп те, аз да емес. Жазасын өтеп жүргендер ақыл-есі бүтін, кәдімгі адамдардан түк айырмашылығы жоқ екен. Бір қиыны - олар бас құрап некелеспейді, тоя тамақ ішпейді, сәнденіп киінбейді, айтқанға тәк тұрады. Өздері шетінен еңбеккор. Мал бағып, шөп шабады, сиыр сауып, май шайқайды. Бір-бірімен әзілдеседі, өлең айтады, қарқылдап күледі. Ашуына тисе, боқтасады. Бірақ жыламайды. Соған қарағанда діні қатты болуға керек.

Жолда бұлар соңына ит ертіп, жаяу қой бағып жүрген Зекеннің әкесіне бағынышты қойшыға жолығыпты. Өзен жиегінде біраз аялдап, әлгі қойшымен әңгімелесіпті. “Мына бала Арқарлының иесі, атамекенін көрсеткелі ертіп шықтым. Өзің ырдайтын Қосай батырдың кіндік ұрпағы”, - деп айдауыл отыздың ішіндегі ақ сары сұлу кескінді, сақал мұрты өсіңкі қырғызға жете таныстырыпты. Оның есімі - Исағұл, әкесінің аты - Османқұл, туған жері - қырғыз Алатауының төсі. Он жылын өтеп еліне кеткелі жүргенде, тағы екі жылды жамап алған да, бақташы иттерді үйретушіліктен қойшылыққа шыққан. Тегінде, бар туасы жыршы Манасты бір ай жырласа тауыспайтын темір жақ, бұлбұл көмей сабазын есіліп кетті дейсің! Ілдебайлап қолдан жонған қалақ қобызын шерте түсіп, жігерлі қоңыр үнмен бебеулеткенде, Есейдің сай-сүйегі сырқырап, көзіне жас келген. Ширыққан Исағұл қызды-қыздымен шығарма өлеңге басқан:

“Асылым қырғыз болғанда,
Нағашым қазақ жасырман.
Манасты жырлап өсіп ем,
Атаным жыршы жасымнан.
Бәйгіге тіккен қу мойын,
Өтті ғой нелер басымнан, -

деп айдауылдан қаймықты ма, әлде шарасыз ұстамдылығына бақты ма, көп ашылмай Манасты біраз жырлап тоқтады.

Есей дидарынан шуақ, аузынан жыр төгілген Исағұлдың жұмбақ тағдырын сол жолы анықтап біле алмаса да, кейін ажыратты. Он жылды “Манасқа қарағанда, Чапай да батыр ма” дегені үшін арқалаған. Өзі қазақтың кең даласына бауыр басып қалған сыңайда. Елін көргісі жоқ. Бірге жүрген досы, ағайындары ұстап берген. Мұнда тағы да екі

жылды қосып алғанына өкінбейтін тәрізді. Бұл жолы кәдімгідей-ақ бұзақылыққа барған. Лагердің қожасы капитанға өре түрегелген. Қазақтың батыры Қосайдың кесенесін бұздырғанына тісін қайрап кіжінген.

“Әулие атамыздың бейіті күндік жерден көрінетін, аман тұр ма?”- деген шеше сауалына Есей: “Елтеп сыр беріп, бір бұрышына сызат түсіпті”, - дей салды. Көрінеу өтірік айтты. Онысы - шешесінің көңілін жүдетпейін дегені. Есесіне көрген-баққанын тәптіштеп сотталғандардан иттің көптігін, сырттан келгендерді тіке жарып тастайтынын, Зекен екеуі әйелдердің ортасына түсіп қалғанда, қолайсыз жағдайға тап болғанын әңгімеледі. Бабатаудың табиғаты көз жауын алған әсем екендігін, арқары тауда қойша өріп жүргендігін айтқанда, шешесінде ес қалмады. “Киелі мекен жүдемепті-ау! - деп көзіне жас алды. Ләгірдің иелігіндегі жер аттары мүлдем өзгеше аталатынын естігенде: “Онысы несі?!” - деп тіксінді. Шындығы сол-тын. Арқарлы - “Волшебная гора”, Тентек өзені “Сумашедший” аталса, қоныс-қыстақтар толып жатқан сүйкімсіз атауларды иеленген. Соның бірі “Мертвое поле” деген алаңқай. Соғыстан бұрын, бәлкім сол қарсанда ма, осы алаңқайда ғашықтар оққа ұшыпты. Жазығы - екі ғашық бірінсіз бірі жүре алмай, көрісуге асыққан. Ынтығып өліп-өшкен қос жүрек тар кеудеге сыймай бұлқынған. Көршілес бөлімшедегілер бір-біріне қатыспайды. Қатты тыйым салынған. Бұйрықты үш мәрте бұзғандар тіке атылады. Ғашықтар ол межеден асып жығылған. Қауышқан сәттері он, жиырма, бәлкім, одан да артық. Райдан қайтындар десе құлақтарына кыстырмаған. Құшақтары айқасқан қалпы жан тапсырған. Ұлты кім? Аты-жөндері қалай? Оны ешкім тап басып айтпайды. Зекеннің әкесі білетін шығар. Бірақ одан түзу жауап ала алмайсың. Мылқау адам тәрізді. Ішіне тыға беретін көрінеді. Жарылып кетпей ме?!

Есейдің апасына айтқан әңгімесі осы сарындас. Шеше мен баланың ынтымағы бұрынғыдан әрмен бекіді. Көңіл кірі болмашы әңгіме әсерінен шайылып кеткен.

- Есейжан, оныншыны бітіргенсін оқуға барасың ғой?
- Институтқа ма?
- Тәуіріне. Мұғалімдікке түсетін шығарсың?
- Сені тастап ешқайда кетпеймін, апа.
- Қасқыр жемес мені. Оқы, балам.
- Күн уағында көрерміз, апа.

Есей айтқанында тұрды. Мектеп қабырғасынан кетісімен шопырлық оқуға тізілді де, үш-төрт айда бітіріп шықты. Ол салғаннан-ақ темірге жан бітіретін әмбебаптығымен, жалғуды білмейтін елгезектігімен көзге түскен. Ақауланған машинені жөндеуге жаны құмар. Қолы ролден босай қалса, аудан орталығындағы машина-трактор станциясына тартады. Шеберханаға барып жөндеушілерге қолғабыс береді. Енбекке арланбайтын жас жігітті жұрттың қырағы көзі бірден шалған. Көп аузы дуалы. Көпшілік Есейді құдай аманаты инженер атандырды. Оған бағытталған мақтау бір күндері апасының құлағына шалынған. Апасы енді бұған оқуға бар деп үгіттеді. “Қолыма бір шүйке басты кіргізіп бер де, кідірмей Алматыға тарт”, - деп кесімді сөзін бір-ақ айтты.

Есей емтиханды сәтті тапсырып, сынақтан мүдірмей өтсе де, шешесі қойған талапқа бірден мойын ұсынбады. Институттың бірінші басқышынан өтіп, ауылға оралған бұған шешесі бір түрлі жүдеу көрінді. Баяғы ағыл-тегіл аналық махаббаты бөз қалпында. “Жалғаннан көрген, жарығым-ау! Жалғызым-ау!” - деп құшағынан босатпай, қоймай-қоймай жылағанынан секем алып: “Апа, жүдеп кетіпсің? Саушылығың қалай?” - деп сұраған. “Денім сау әзірше. Сенің бағыңа қалқалақтап жүре тұрсам әзірше,” - деп жалғыздық қажытқан тірлігінен хабар бергендей қамығып еді.

Есей апасын аяп кетті. Баласының аңғарын байқаған Таңғал: - Алыстан арбалағанша, жақыннан дорбала, - деп тұспалдады. Есей еріксіз аттанысқа шыққан. Бойжеткені бар үйлерді төңіректен көріп еді, студентке ешкім қызын жетектетіп жібергісі жоқ. Бірді-екілі адуын шешелер қыздарына аңду салып, бұның жолына тосқауыл қойды. “Балаң сері көрінеді. Басымызды қатырмай әрі жүр!” - деп Таңғалға рай бермеді, кейбір қытымыр көршілері. Есейге бәрі бір. Асығатын не бар, Шешесі үшін ғой. Дағдарған Таңғал жақын маңдағы колхозға алас-күлес аттанды. Іле қайтып оралды. Көңілді-ақ! Есейге бұйырып: - Өзіміздің Шұғайдың қызы. Иманы бетіне шығып тұр. Бар да жіп тақ, - деді қатулы кескінде.

Қыз жастау екен. Он алтыда. Еліктей үркек, әрі ұян. Уыз дидарынан балаң сезімнің толқынысы байқалғандай. Талдырмаш, нәзік бітімді қара торы әдеміше бойжеткеннің томпақша қоңыр көзінде болмашы уайым табы бардай ма?!

Анасынан ертерек айырылып, өгей шешенің ысқырық-ыз-барынан жұқтырған ба, жанарына ұялаған мұң тым сіңісті боп кеткен тәрізді. Күлкіге сараң, жымыиысы қатқыл көрінді.

Күлмәш қыз тандаған жігітті бірден қошуаға алмады. Сырғақтап жүре жауап береді. Жігітке “кет әрі” еместігі қабағынан байқалғанымен жауаптасуға сараң. Есей бұл ауылға жиі-жиі келгіштесе де, болашақ қалыңдығының аузынан жөні түзу сөз ести алмады. “Сізге қосылғанда мен бақытты бола алмаймын”, - дейді қыз. “Неге олай дейсін?! Алдағы өмірді күні бұрын болжайтын қабілетің бар ма?” Қыз мүдіреді жігіттің тосын сауалына. Келесі жүздесуде Күлмәш тоқ етерін бір-ақ айтты! “Сізге шешеңіз үшін беремін сөзімді. Ол кісінің қолына келіні емес, қызы есебінде барамын. Қашан оқуынды бітіргенше маңыма жуымайсың. Олай етпейді екенсің, осы бастан аулақ кет”.

Есей дағдарса да әліптің артын бақты. Аяқ астынан айналып қыздан жалт берудің есебін таппады. Бір жағынан анасын аяды. Қызбен сөзді пісіріп, қол алысты. Сондағы апасының қуанғаны-ай! Арада бір ай өткенде Есей үйленді. Келінді болған Таңғал шама-шарқынша той жасады.

Есей Күлмәшпен тұрмыс құрған жылдар парағын ой көзімен оқып көрді. Бәрі күні бүгінгідей есінде. Көкейінде сайрап тұр. Дәті беріктігінен бе, әлде тегіне біткен айрықша қасиетінен бе, қашан институтты тамамдағанша келіншегі бұған қойнын ашпады. Екеуінің арасындағы қиын келісімді өздерінен басқа тірі жан сезбеді. Қыбырлағанды құтқармайтын Таңғал да келіні мен баласының құпия уағдаластығын байқаса да білмегенсіді. Әйтеуір арты қайыр, қызыл дипломмен оралған оған барын шашып, құдайы берген соң, жоқты сылтауратып, жолаушылап кетті де қалды. Жұбайлар сертті күннің ләззатын алаңсыз бөлісті. Қос құшақ құшырлана қауышып, төсек қызығына кенелген екеуінің көңілінде күмән, жүректерінде татау жоқ-тын. Сеніскендер сертінде тұрыпты. Бір-бірін шарасыз тежеп, өткізіп алған қоңылтақ жылдардың есесі бір-ақ күнде қайтып, бір-ақ күнде марқайған олар ыстық пен суыққа сыр алдырмастай шыныққан, ауыр да қастерлі жолдан өткенімен, нағыз азапты сапардың алда тұрғанын қайдан білген?

Есей жан жарының татаусыз тазалығына тәнті. Ыстық сезімге елти берілген ол құдай қосқан қосағын армансыз

құшты. Шіркін, сол ләззатқа толы бақытты жылдар-ай! Неге ұзаққа бармады? Жолын бөгеп адастырған қасақыны түстеп тани алар ма? Бәлкім, жазмыштан, әйтпесе өзінен бе? Жарайды ол өтті делік. Мансап жолындағы сүрінісіне кім кінәлі? Аядай ауылды айналсоқтап жүріп алыпты. Атамекенім, асқар ала тауым дегендегі ұшпаққа жеткені осы ма? Керек кезінде пайдаланды. Енді міне, соңына тұртпек салып...

Арқарлы-арқарлы деп алты алашқа жар салғанда, мүгін саналы ғұмырын атамекеннің гүлденуіне сарп еткенде алған алғысы қайсы? Елірме тобырдың тәрізі жаман. Бәріміз бірдей бай боламыз, бір-ақ күнде байып шыға келеміз деп өзеурейді. Озғындаймыз деп жүргенде, тозғындап кетпесе жарады-ау осыларың?! Кеше ғана емес пе, қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған тыншу да берекелі өмірдің маужырап тұрғаны. Соған жете алмай, сорлап қалмасын деңіз. Өздерінен де бар. Жұмыс істегісі келді ме, өңшең әйеншек жан бақының. Адамдарды бірдейлестіріп, бәріне бірдей байлық, бәріне бірдей білім, бәріне бірдей бақыт үлестіремін деп несі бар еді?! Құдай жаратқан бес саусақтан көрініп тұрған жоқ па. Бірдейлестірудің ақыры осыған әкеп соққаны ма? Бірақ сол төңгермешіліктен бұқара не зиян шекті. Оқытып қатарға қосып, бір-бір пөпке ұстатқаны ма жазығы. Өз басы кеңес өкіметіне өкпе артпайды. Бір мықты шеттетсе, екіншісі оң көзімен қарап қанатының астына алды.

Есей институтты қызыл дипломмен бітірді. МТС-қа механик боп орналасқан-ды. Бір өзі бір моторды екі сағатқа жеткізбей пәршектеп қайта жиятын алымды маман бастағы екі-үш айдың ішінде іскерлігімен ауызға ілініп, тың игеру жорығының алдыңғы легінен шыққан. Қызметі көтеріліп аудандық ауыл шаруашылығы басқармасының бас инженерлігіне бекіген еді. Егістікте болдырып “тілін тістеген” темір көлікті айналсоқтап білек сыбанатын ескі әдеті бұған абырой әпермеді. Қайта беделіне нұқсан келтіріп, бастығымен арасын ашып жіберді. Ішкі Ресейден келген әскери полковник жас маманға “ұсақ-түйекке үйір, ұйымдастыру қабілеті нашар” деген кінә тағып, күн көрсетпеді. Терісі қалың Есей бастығына іштей кіжінсе де, сырын алдырмаған. Сол қарсаңда Есейді аупарткомның бірінші хатшысы қабылдаған-ды. Жылы шыраймен сыр тартқан. “Сені

тәрбиелейміз. Саяси көзқарасың ұшталып, білімің молаяды”, - деген.” Арқарлы” совхозына өз мамандығы бойынша сұранып еді: ”Аупарткомның нұсқаушылығы тақияңа тар келе ме?” - деп зекіп тастады.

Есей жаңа міндетіне кірісті. Орындықта жалпыиып қағаз шимайлау - бұған қорлықтай көрінген. Қолы қалт еткенде кеңсенің сыртындағы гаражға барып жүргізушілерге қолғабыс береді. Зеріксе, үлкен үйдің сүйкімді қыз-келіншектерімен әзілдеседі. Қағаз бетіне түскен ақпарды мақұлдатуға біріншіге, одан екінші хатшыға кіріп, сын-ескертпелерін тындайды. Кезекті бюро мәжілісіне дайындық қып-қызыл жұмыс. Қатынас қағазды онды-солды жіберіп: ”Ало, бұл рэйкомнан ғой”, - деп телефонмен берілетін нұсқау, арыз-шағым бойынша сапарға шығу - маңызды да жауапты міндет екені даусыз. Бөлім меңгерушісінің атынан баяндама жазу, облысқа ақпар жөнелту, шаруашылықтардан күн сайын мәлімет алу, апта сайын шұғыл өткізілетін түрлі-түрлі жиналыстарды ұйымдастыру - айтары жоқ, оңайға түспейді. Бірақ осыншалықты қатқабат іс-шаралардың біріне де Есейдің көңілі көншімеді. Есі-дерті өз мамандығына ауады да тұрады. Бірінші хатшының уәделі мерзімі өтіп барады. Ойын ашық айтайын десе Дмитрий Сергеевичтің салқын назарынан тайсалады. Неден жазықты болды. Ойлап-ойлап ұшығына жетпейді. Басқа жұмысқа ауыстырыңыз деп өтініш берген. “Жолдас Досаев, аупарткомда қызмет істеуден жалыққансыз, ә?! Нұсқаушылықтан шопыр болғанды артық санайсыз,” - деп ол шегір козін ежірейтсін. Содан былай Есейдіңәбігері көбейді. Сыртқа жіберсе бір сәрі кеңсе айналасында ұсақ-түйекке қара тер боп жүргені. Ау, бұл не жаза?! Кейін білді. Кінәсі шаш етектен. Тыңигерудің қайтарымына күмән келтірген беделді бір бас қосуда кеңсеге ғалстук тақпай олпы-солпы киініп келетін көрінеді. Партиялық этикадан жүрдай, барып тұрған тоң мойын. Басшыны сыйлай білмейді. Аңшылық құратын жаман әдеті бар. Ескіліктің сарқыншағына әуес, шешесіне күмбез орнатқан. Келіншегі құмалақ салып, бал ашады. Сұмдық екен! Түйе бойына сеніп, жылдан құр қалыптының кері ғой. Досаев партия қатарынан шығып қалмаса жа-рады. Дағдарған Есей пікірлестерін сөзге тартқан. Олар мұның мінін санамалады. Бұл сабазыңның құдай сүйер

қылығы жоқ екен. Тұлға-тұрпатында басқаның мысын ба-
сатын пандық бар. Сырты - сыз, іші - мұз табашыл жан-
ның кейпінде кеудесін шалқақ ұстап, шіренеді де жүреді.
Көз жанары салқын, ұрғашыға тесілгенде ғана жылиды. Жай
сөйлегенінің өзі энге бергісіз. Құлаққа жағымды қоңыр үнін
тыңдай бергің келеді. Бір қалыптан аспайтын сабырлы,
ішін бермейтін әккілігі, өзгені танығыш зымияндығы тағы
бар. Мұндай кісілік иірімдері сырт көзге оғаш шалынып,
дүниеге бейжай қарайтын топас адамның кейпін таныта-
ды. Сүйкімін кетіріп, дұшпанын көбейтеді. Достарының
бұған таққан міні осы сарындас. Сонда қайтпекші бұл?
Сүйекке сіңісті қалпын өзгертіп, жасанды мінезге басуы
керек пе? “Сөйтесің, - деген жора-жолдас, - Өтпейді екенсің,
өспейсің, өшесің. Ортаң соған бейім. Қай кезде де адамның
күні адаммен. Иттік пен кісілік, жақсылық пен жамандық
теке тіреспен тайталасады да жатады. Өмірдің мәнін өзі
сонда”. “Қызықсындар! Өмірдің мәні күресте емес пе?” -
деп Есей достарымен қасақана сөз таластырады. “Күресетін
адамның екі қолы бос болуы керек. Сенде ондай мүмкіндік
жоқ. Тордағы тағы тәріздісің. Еркіндікке шыққың келсе,
қой терісін жамылған қасқырдың кейпіне ауысып, жуасы.
Табиғи қалпыңды өзгерт мүлдем. Ерегісті таста”.

Есей ақылгөйлерге сырын алдырмады. Ішкі есебі өзінде.
Расында сынбаса болмас. Кісіліктің заманы емес, кішіліктің
заманы. Жеріне ие, еліңе қожа кім болса соның аузы дуалы.
Ендеше қикақты қой да мықтыны тыңда. Соларға жағына
да табына да біл.

Сол қарсанда Есей сәті түсіп облыс орталығында шақы-
рылған үлкен бас қосуға қатысты. Тың игеруге арналған
кеңеске Алматы мен Мәскеудің мықтылары келді. Тың қаһар-
мандары бірінен соң бірі сөз алып, қазақ даласын ошарлы
жұрт, ордалы мекенге айналдырғанын, астықтан тау тұрғыз-
ғанын жарыса мәлімдеді. Есей сөзге сұранып төрдегілерге
қағаз жөнелткен. Сәті түсіп бұған да кезек тиген. Онсыз
да кесек жігіт мінберге көтерілгенде шоқтығы тіптен биіктеп,
жұрт назарын өзіне шұғыл аударды. Ол қағазға қарамай
сөйледі. Даусында діріл, көңілінде қобалжу болсайшы. Тіптен
еркін. Орысшаға жетіктігі сөз оралымынан байқалып,
құлаққа жағымды үні саңқ-саңқ етіп залды кернеп барады.
Партияның көреген саясатының арқасында ғажайып мол-

шылыққа кенелігі, Қазақстанның даңқы тың игерудің нәтижесінде дүние жүзіне әйгіленді. Бұрын-соңды мұндай тарихи ұлы еңбек жеңісі ешбір елде осыншалықты жоғарғы қарқынмен өрістеген жоқ. Партия бізді ұлы жеңістерге бастай береді! - деп дәстүрлі марапатты үйіп-төккен Есей сөз ауанын кілт өзгертіп төтелей тартқан. “Аудан басшысы қол жеткен табысқа тоқталып өтті. Дмитрий Сергеевтің айтуынша, аудан айтарлықтай табысқа жеткен. Расын айтқанда, жолдастар, бұл әншейін сөз жүзіндегі нәтиже. Іске келсек біздің аймақта тың көтеру әлі өгіз аяң. “Арқарлы”, “Қызылтас”, “Ақсеңгір” совхоздарында тыңға шабуылдың лебі де жоқ”. Одан әрі ол ауданда техникаға баптың жетіспейтіндігін нақты мысалмен дәлелдей келіп, бірінші хатшының кейбір мамандарды “арқандап” ұстайтынын сөз арасында аңғартып өтті. “Бұл - тың майданында ересен еңбектің басы-қасында жүрген коммунистердің ой-пікірі, солардың арман-аңсары”, - деп және үстемеледі. Қол шапалақ үдеп-үдеп барып басылғанда, қожайынын барлап еді, Дмитрий Сергеевичтің шегір көзі бұған шапыраштана шатынап, тесірейе қалған екен. Ауданның намысын аяққа басып, бірінші хатшының беделіне кір келтірген Досаев жолдасқа жерлестері оң шырай көрсетпеді. Мәслихатқа келгендер: “ендігі күнің не болмақ?” - деген сұраулы кескінде одан сырғақтап Есейді оқшаулап тастады. Ол нөкерге қосылмай жеке қайтты облыстан. Арада бір ай өтер-өтпесте басы дауға ілікті. Маңызды құжатты жоғалтып қызметіне салғырт қарағаны үшін “үлкен үйден” қуылды. Автокөлік кәсіпорнына механик боп орналасқан бұрынғы партия қызметкері Досаевті мұндағылар сенімсіз көзбен түйреді.

Жұмысқа бар ынтасын салып беріле кіріссе де, өшпенді көздердің сұғынан құтылмады. Жаңғалақ жүргізушінің абайсыздығынан апатқа ұшыраған жүк мәшинесінің ілігі механикке ауды да, Досаев қатардағы мотор жөндеуші боп қалды. Кінәсін өтеу үшін өзі тіленген. Қалап алған жұмысынан қол айырмай, шеберханаға түнеп те жүрді.

Есейдің өз есебі бартұғын. Техниканы жетілдіруге ынтасы ауған ол осы мүмкіндікті пайдаланып қалуға жанын салған еді. Директор зымиян екен. Мұнысын біліп қойып, Есейдің тағы алдын орады.

Бұған енді ауданнан тыс жаққа кетуге тура келген. Жоғарыға жөнелткен арызынан нәтиже шықпады. Есей тіке

облыс басшысына кірді. Орталық Комитеттің бөлім меңгерушілігінен облыстық партия комитетін басқаруға та-
яуда келген Петр Акимович Волков бұған салғаннан-ақ жылы
ұшырады. Иықты, бойшаң денесіне лайық бет өлпеті де
кесек. Биязы өңінен парасатты жылылық байқалғандай.
Сөзін салмақтап нақпа-нақ сөйлейді екен. Мамандығы бой-
ынша агроном. Совхоз директорлығынан жоғарылап, қыз-
мет сатыларынан өтіп, Орталық комитетке алынған. Әкесі
әлі тірі көрінеді. Аюмен алысып, жеңіп шыққан жансебілді
жерлестері ақсақ жолбарыс атандырған.

- Сені шырамытғым, - деген Петр Акимович, - Есімдесің.
Сонда өте әсерлі сөйледің.

- Сол жолғы белсенділігім маған қырсық боп жабысты.

- Кудалады ма?

- Әрине.

- Түсінікті. Партия солақайлыққа жол бермейді, - деп ол
шұғыл қайырған. - Сендей білікті маман Сергеев жолдасқа
қажет болмаса, бізге керек.

Бірінші хатшының тікелей нұсқауымен Есей облыстық
ауыл шаруашылық басқармасына орналасты. Әзірше қыз-
мет - инженерлік. Іле совхоз директорларын дайындайтын
қысқа мерзімді оқуға кетті. Білімін шыңдап алған соң, Арқ-
арлығы жөнелген. Талай жылғы арманы оңынан шығып, ата-
мекенге оралған Есейді алда не күтіп тұрғаны белгісіз-
тін.

...Мезгіл кіші бесін. Сәуір шуағы кемелінде. Лүп еткен
жел жоқ. Бір шеті тауға кеп тірелетін көлемі тай шаптырым
жазықта жер жыртып жүрген тракторлардың қарамаы мол.
Келте сағым шымылдықтағанда, темір көліктер зорая
көрінеді. Жеңіл машиналы жүргіншілер қырға көтерілген.
Олар облыстың бірегейін “Арқарлы” кеңшарымен танысты-
руға келе жатқан ауданның игі жақсылары еді.

Дөкейлер аздап желпінді де, тау қолтығына бет алды.
Ағаш арасына тігілген қос киіз үйдің бірі еңселі, екіншісі
бөкене. Үлкен Арқарлының қыран топшылы құс тұмсығы
биіктен үңіле төнеді.

- Ғажап! - деді Волков таудың оғаш кейпіне қызыға көз
жіберіп - Бүркіт тәрізді екен. Шың қалай аталады?

- Арқарлы тауы осы. Ескіше атауы - Бабатау. Екіншісі бірі
шыға алмайды бұл биікке. Жер ыңғайын білетіндер болмаса.

- Сауыт құрсанған алып тасбақаға ұқсас. Қияпатты екені түксиген кейпінен көрініп тұр ғой. Қандай-қандай аң түрлері мекендейді? Аю кезіге ме?

- Соңғы аюды осыдан жиырма жыл бұрын айдауылдар олжалапты.

- Түсінікті. Арқар ше?

- Жетерлік. Өте сак, алдырмайды.

- Біздің әкейдің қолы екен бұ жер. Жасы кеп қалды, әттең. Әйтпесе бар ғой, сенің қарамағыңа жіберер едім. Сонда Арқарлыдан аң еті тісімізге тимей құр ауыз кетеміз бе?

Есей жымыды. Аупартком хатшысы: - Қонақ күтуге түк дайындығың жоқ қой сенің? - деп нықыртты директорды. Есей ауданның мықтысын қошуаға ала қоймады. Петр Акимовичті қысыр сөзбен алдаусыратты.

- Әй, сен өзі қалайсың?! - деп сұстана зекіді ауданның дөкейі, - Ұйымдастыр дедім ғой!

Есей шыңға телміре қараған қалпы жаңа туған ай көргендей міз бақпады. Үлкен кісі өзімен-өзі. Табиғат көрінісінің тосын кейпіне әсерленіп, жанары шықтана қалыпты. Бәлкім оның Саян тауларының баурайында өткен балалық шағы есіне түскен шығар.

Ауданның мықтысы директорды бүйірден нұқыды.

- Мен не айтып тұрмын саған?!

Есей оған көз қысты. Жарамсақ жазған шыдамын ірке алмай, төтеден қойып қалды:


- Кешіріңіз Петр Акимович, ауыл қожасы қонақ күтуге икемсіздеу ме қалай. Ширатамыз әлі бұл жолдасты.

Мәртебелі мейман оны қоштамады. Шұңет көзі жасаурай түсіп өлде бір ойға беріліп тұрғандай еді. Қошеметші топ жүгіргіштеп кетті. Қонақты қарсы алудағы жіберген ағаттықтарын бір-бірінен көріп теке көздене ежірейісті. Ауданның мықтылары бәрін бүлдірген анау дегендей Есейді көздерімен атты. Қайдағы жоқты шығарып, айдалаға киіз үй тіктіріп.

Осы мезетте жұрт назары тауға тігілді. Шыңнан арқарлар көрініс берген. Есей үлкен кісінің қолына бесатарды ұстатты. Мылтықтың ащы үні тау жаңғырықтырғанда, оқ тиген құлжа опырылған тастай құздан төмен домалай жөнелді. Есейдің бұйрығын қалт жібермей орындаған қағушылар арқарларды шыңға тықсырғанда, ұрымтал тұстан

баспалаған Зіркіл-Зекен қанды ауызын жас құлжаның тықыр қолтығына кезеген.

Сол жазда мәртебелі қонақты қарсы алып, арқар етімен сыйлаған жерде, нулы да сулы аңғарда саяжай бой көтеріп еді.



Данаш ежелгі бақталасымен жүздесуден тайсалды. Есейдің тегін жүрмегенін сезсе де әліптің артын бақты. Жыланның үш кессе де шегіртке құрлы қауқары бар. Пәлесінен аулақ, соған жуыспай-ақ қойсын. Заман кімді илемес дейсің. Арқарлының алпауыты атанған сабазыңның дәурені өткен шығар-ау, дәу де болса. Құдай аманаты, Есейді аяп, оған деген өштігі сәтте басылып, кешірімшіл көңілін өткеннің сағынышы қысты. Дәрі улаған жартыкеш миға салмақ түсіру қауіпті. Артта қалған келмеске кеткен күндерді қайта жаңғыртып ой елегінен өткізуге бір түрлі құлықсыз. Неге десен, осыған дейінгі көріп, білгені жайсыз ұйықтаған адамның көрген түсіндей ғана. Ау, сонда қырық жылғы тірлігінен жер бетінде тышқан шиырындай із қалмағаны ма?! Әлде жүйкесінің әлсіздігінен шығар. Жартыкеш мидан, көрген-баққаны, оқыған-тоқығаны сызылып қалғаны ма, әлде?! Мұны былайғылар тегіндікпен жыңды атандырмаған. Тағдырдың каталдығына не шара! Тағдырдан көретін түгі жоқ, бөрі адамдардан, солардың итгігінен, көре алмаушылығынан. Жарайды, осы-ақ есірік болсын-ақ! Сонда есі бүтін сәуегейлер не тындырған? Омырауына алтын жұлдыз тағып кердендеген Есей тәрізділер не бітірген?! Дүниенің тұтқасы бір кездері солардың қолында емес пе еді. Токтай қал! Тығырыққа тірелген сыңайы бар-ау осылардың. Қайта құрыламыз деп жүргенде, тоз-тозы шығып шашылып қалмаса не қылсын?! Шашылды деген осы. Еңбек Ерінің жүрісі жаңағы.

Ол жайсызданды. Қалтасынан дәрі алып ішті де, иттердің арсылына құлақ түрді. Қайда да ит айтақтан құтылмады-ау?!.

Данаш жұрт көзіне түсуге асықпады. Сметке солай деп ескерткен. Бәрінен бұған Зіркіл-Зекен қауіпті. Осыдан төрт жыл бұрын әдейілеп үйіне барғанда, қуып шыққан. “Енді

қайтып бұ жаққа аяқ бассан, жұмыс жаманға айналады”, - деп қатты ескерткен-ді. Өзіне де обал жоқ. Арқарлыдан тапқан рахаты бар ма? Ақыл-есінен айырғандарды қайтып көргенде, қайғысы жеңілейе ме? Көкіректегі шер-шеменді қозғап жүйкесін жұқарта түседі қайта. Әй, бірақ бала күннен бауыр басқан туған жердің топырағына не жетсін! Дәрі ішкен соң жүйкесі жайланып, қиялына қанат біткендей есіне алды. Әкесі етікші-тін. Отыз жетінің сойқанында он жылды арқалап, сібірді шарлап қайтқан. Аздаған ақындығы бар екен. Көрешекті сол ақындығынан көрген ол өлең тұрмақ сөзден де тыйылып, мылқаулықпен өткізді ғұмырының денін. Жан тартқан адамына болмаса өзгеге артық сөз шығындамайтын. Мұрты құлағына жеткен қыран қабақ, қошқар тұмсық кесек пішінді адам еді. Қосай батырдың қырық жетімегінің бірінен тараймыз дейтін. Шешесі аурушаң-тын. Мүшесі сұлу, бойшаң келген, қағаздай аппақ бәденді әйел-тін. Сірә, сырқатынан қорынды ма, анасы да көп сөзге жоқ. Қос үндеместің тұла бойы тұңғышы - бұл да бала күнінен тұйық өсті. Енбекқор әке жалғызынан ештеңесін аямаған. Оныншыны алтын медальмен бітірген баласына ақ жол тілеген ол: “Сөз қуатын оқудан аулақ болғайсың. Біздің асыраушымыз атамекен, соның қыр-сырына қанығып, жердің ілімін ку”, - деген. Данаш “жығылсаң нардан жығыл” - дегендей Москваның Тимирязев атындағы академиясына түскен. Топырақ тану саласы бойынша мамандық алған алғыр шәкірт академияның қабырғасында жүріп-ақ агрономия саласы бойынша ғылым кандидаты атағын сәтті қорғаған. Келешегінен үлкен үміт күткен ұстаздары Данашты осында қал деп те үгіттеді. Бірақ оны әр түрлі жағдай ілгешектеген. Бір жағы, анда-санда сыр беріп қоятын денсаулығынан қорынды, екіншіден бес жыл қаржы бөліп оқытқан шаруашылықтың қарызы бар мойнында. Сырқат анасын, қартайған әкесін және қимады. Осындай сандаған себеппен туған аулына оралғанда алдынан ай туып, жарылқана қойғаны шамалы-тын. Шешесінің талмасы жиілеп кетіпті. Әкесінің мұрны қоңқиып, көзі бақырайып, арыған аттай сіңіріне ілігіп қалыпты. Сырқат баққан оңай ма, оның үстіне жан сақтаудың амалы қинайды. Мұның ауылға оралғаны әке-шешесіне аздап демесін болды. Мәскеуден білім алған ғылыми атағы бар жас маманды Есей-Есағаң құшақ жая қарсы алып, Да-

наштың құрметіне кіші-гірім қонақасы ұйымдастырған. Сұлу табиғат аясындағы саяжайда екеуі оңашаланып, ұзақ әңгімелескен. “Арқарлы” кеңшарын он жылдың ішінде аспанға шығарып, онымен қоса өзінің де атақ-айбыны асқақтаған директор жас ғалымнан көп үміт күтетінін жасырмай, бұған бас агрономдықты жүктемекші. Данаş әдепкіде жалтарды. Ғылыми жұмысын жалғастыру үшін қатардағы агрономдықты сұраған. Есей түпкі ойынан қайтпай, Данаşка тіке салмақ салды. Кейінгі жылдары егіннің түсімі төмендеп бара жатқанын көлденең тартып, ілікпес еркіне қоймады.

Данаş тосылды. Артта қалған шаруашылықты алға шығарған ақылман ағаның меселін қайтарудың қисынын таппай: “Бір шылбыр, бір тізгін өз қолымда бола ма?” - деп тұспалдағанда, Есағаң датын бірден айтып салған: “Мен шаруаны сырттай қоғамдаймын. Әркім өзіне тапсырылған салаға қожа”. Қисынды сөзге уәж айтуға Данаşтың аузы бармаған. Неге десеңіз, бұл білетін Есағаң уәдесінде тұратын нағыз мәрт. Жыл сайынғы орақта комбайынға отыратыны жалпақ елге аңыз. Жұмыстың қай саласы ақсап жатса, соған тікелей араласып, ауырға иық тосатын еңбекқорлығына мүтін ел куә. Есейдің ерінбейтін елгезектігі тұрасында ел арасында неше қилы аңыз өрбіген. Бірде шөп шабу науқаны нағыз қызған кезде директор үшты-күйді жоғалып кетеді. Табандатқан он күн бойында із-түзін білдірмеген Есейді іздеушілер пішеншілер қосынан табады. Оқиганың жай-жапсары былай: жырақтағы пішеншілерге директор бір барады, екі барады, бірақ ондағы жұмыс қарқыны тым бәсең. Соңғы жолы шалғышылардың тал көлеңкесінде ащы суды сіміріп жатқанының үстінен түседі. Жөндем трактордың біреуіне отырады да, Есекең шөп шабуға кіріседі. Күндік жоспарын төрт есе артығымен орындап, өзіне де, өзгелерге де дамылдық таптырмай, үдере алға тартқан оның бұл қиястығының алдын алуға ешкімнің дәті бармаған. Басшының байбаламға жоқ мінезіне сыралғы пішеншілер директордың соңынан томпаландап ере берген. Сонымен он күнде Есей бес жүз гектар алқаптың шабындығын құлатып, тендессіз озғындық көрсетеді.

Есейдің қабілет-қарымына шұбәланбайды. Оның өз дегенім болсынға бара бермейтін жұмсақтығына сене қоймайды. Ұзын арқан, кең тұсаумен кісінің діңкесін құрта-

тын әккілігі әр жерде шаң беретінінен бұл да хабардар. Ақыр соңында екеуі қол алысқан.

Сенім көрсеткендіктен бе, әлде салғаннан қиынға салып, қырын сындырып алайын деген амалы ма, Данашқа жүктеген жұмыстың жуық арада шет-шегі көріне қоймады. Күнделікті күйбеңнің өзі-ақ ойға алғанды орындатуға мұршасын келтірмей, қиыстатып әкете берген. Оған қоса Зекен тәрізді бұра тарттар көлденеңдейді. Шаруашылық кожасы бір жаққа кетсе болды, Зекеннің зіркілі үдейді. Қара буралатқан нықыртпасының бір ұшығы бас агрономға тиіп жатады.

- Әй, данышпан, отырған орныңнан су шыға ма, кеңсеге тұрақтамайтының қалай? - дейді ол қисынсыз жерде ілік іздеп.

- Агрономның қызмет орны егінжай емес пе? - дейді Данаш өп-өтірік ақталып.

- Шымылдығың желбіреп тұр ма, үйіндегі бақшалықты төңіректейтінің қалай? - деп сызданады директордың орынбасары.

- Тәжірибелік танапқа көңіл бөлгенде тұрған не бар, - деп Данаш тағы жалтарады.

- Жарайды, оныға келістік, - деп Зекен сығыраң көзін жұма түседі. - Осы сен директорды кім деп ойлайсың?

- Бірегей.

- Мен ше?

- Сіз енді... жездеке, итаршысыз бар болғаны.

- Көрсетемін саған итаршыны! - деп ол жуан жұдырығымен үстелді түйгіштейді. - Мені Зірілбай атандырып жүрген сен ғой?

- Бүлкібай атыңыз тағы бар емес пе?

- Көсеубай деп кекететін көрінесің. - Бұрқан-тарқаны шыққан Зекен бөлмеден ата жөнеледі. Оны тулатқанына Данаштың қыбы қанады. Біржағынан күлкісі келеді. Көсеубай екені өтірік пе? Есей бұған от көсетіп, өзі жақсы атты көрінеді. Соған мәз ол.

Қызметке кіріскен екінші жыл да қарбаласты өткен. Алған бетінен қайтпайтын бас агрономды еруліге қарулы деп Зіріл-Зекен бір мойын атандырған. Бір мойыныңыз айналасы екі-үш жылда Арқарлыны қағып-сілкіп жөнге келтірді. Иесін тапқан кер бетегелі жонас-қырқа, шабындықты өзектер қарға аунаған түлкідей құлпырды. Бей-берекет жыр-

тылып шаңдағы шыққан танаптар оңін қайта тапты.

Үшінші жыл Данашқа ауыр тиді. Жалған жанашырлар көбейді бұған. Алдымен аудандағылар сарындады.

- Сенің қолайың астықты шаруашылық. Оны қомсын-саң бізге кел, ауыл шаруашылық басқармасына.

- Бастаған істі орта жолда қалдырғым келмейді. Рахмет сенімдеріңе.

Енді бұған облыстағы әріптестері қамқорсыған.

- Білдей ғылым кандидатысың, тәжірибе станциясына кел, осында ауыс.

- Болмайды! - деп шорт кеседі де, Данаш қожасының қабағын бағады. Онысы - дәу де болса, тұртпек сенен басталып жүр-ау дегендегісі. Бірақ Есей түк білмегенсіп суық жымияды.

- Бесжылдықтың соңғы жылында мәреден шыға алсақ жақсы-ау, бірақ соған жете алмай орта жолда қалып...

- Неге өйдейсіз? - деп Данаш оған қарсы сұрақ қояды.

- Егіс көлемін пардың есебінен арттырып, өзімізше бармақ басты, көз қысты қылсақ қайтеді.

- Болмайды ғой, Есеке.

- Ә-ә, сөйдеймісің, ойланып көрсең қайтеді.

Үйге келсе анасы жаудырады уайымды.

- Далаға түнейтінің не, Данаш-ау?

- Қосқа қонбасаң жұмыс біте ме, шешей.

- Әне, сылтауының түрін! - деп ол кемсендейді! - Елдің сендей азаматы қатын алып, бала сүйдіріп...

- Жарайды шешей, қарастырып көрейін, - деп Данаш жолға жинала бастады.

- Далаға қаштың ба тағы? - деп шешесі наразылығын жасырмады.

- Көктемгі егістің қарсаңында агроном үйде жата алмайды. Бір жұмасыз оралмаймын.

- Жылы киін онда, - деп анасы пақыр әлгіндегі өкпеналасын қамқорлыққа жеңдіре салды.

Үндемес әкесіне де аяқ астынан тіл бітсін.

- Балам.

- Не көке?

- Бастығыңмен кереғар келмесең етті.

- Ол кім еді?!

- Иесін сыйласаң итіне сүйек сал деген. Басшысын да,

қосшысын да бірдей қор. Әйтпесе таңың атып, күнің шықпайды.

- Меңзегеніңіз кім сонда?

- Жезден, Зекен ше. Ол сенің өзімсінгенінді көтермейді. Кісі атқан үстірлектің күшігі емес пе?

- Бұралқы атандырса да бұға беремін бе?

- Тек жүрсең, тоқ жүресің. Жоғарғыны желге беріп, төменгіні селге беріп, жаман күнді жатып тындасаң етті.

- Көке, мен өйте алмаймын. Жер назасына ұшырап көрінгеннің айдауында жүргенше, көрге кірсем етті!

- Тек, жаман сөз айтпа! Сүрінсең демейтін кімің бар? Менің түрім мынау, шешеннің түрі анау. Қайт райдан, қарағым, тым бірбеткейсің...

- Бірбеткей болмасқа лажы қайсы. Бұға берсең, сұға береді. Жуасты жүндеуге жеткізе ме, әділетшіл қоғамның әпербақандары. Мінез шығарсаң, тағы пәлеге қалғаның. Жүріс-тұрысыңнан оғаштық тапса, оны да сөкет көреді.

Данаштың көлігі екі аяқты, ырғақты арба. Көктемгі лайсаңда атпен аралайды егістікті. Жүрісі жайлы сүлік торы қайықша сырғи жөнелген. Атқа сәнді отыратын ол айнала-сына сергек көз тастайды. Бірінші бөлімшенің диханшылары егістікті баптауға кірісіп те кетіпті. Жыртылып тырмаланған танап жонынан бу атады.

- Тездетіндер. Ертең-бүрсүгіндері жауындатады күн тағы,

- деді де ол үшінші бөлімшенің егістігіне бет алды. Топырақтың ажарынан жақсы нышан танып, биыл тағы мол өнімге негіз қаланса жақсы-ау деген үмітпен көңілін кеңге салған Данаш шалқып, ойға берілді. Мәскеудегі студенттік жылдарын есіне алды. Одан суретші қыз Нәйраны көз алдына әкелді. Ақыр соңында күйбеңі көп шаруаға ойысты. Сол-ақ екен тәтті қиялы іріп жүре берді. Үстемсіген асқақ сезімге құрық беретіні бар. Өз дегенін орындатпай қоймайтын қайсарлығы әзірше мұны ұтысқа шығарып жүр. Табандатқан үш жыл бойында тың жерге соқа түренін тигізбей қасарысып, астық түсімін агрономиялық шараларды жоғарғы деңгейде жүргізу арқылы дәйекті тәжірибемен дәлелдеп шығуға жанын салады. Дақыл берекесін, егістік көлемін үстемелей қосымша жер жырғттыру арқылы молайтуға дағдыланған шаруашылық қожасының қисынсыз талабы - күдігін түртпектеп, көңілін үркіте береді. Алдағы

жылдардың қамы үшін ішін сары майдай сақтаған парға дән сеп дегені егіншілік мәдениетін көрінеу бұрмалағандық, барып тұрған көз бояушылық емес пе?! Өйтері бар, агрономиялық талапқа сәйкес жұмыс атқарамын деп несіне әуреленеді?!

Үшінші бөлімшенің егістік алқабы жым-жырт. Кешегі қалың жауынды сылтауратқан диханшылар дала қосында қарта соғып жатыр екен. Үй күшіктеу агроном бөлімше орталығына тартып кетіпті. Бригадир қостан табылды. Үнемі кеуделеп жүретін шаншу сөзді Шегебай құрдасы:

- Добалдай басыңмен ит мініп, ирек қамшылағанды қашан тастайсың, ей?! - деп теке көздене ежірейді бұған.

- Менің ат мінгенім саған жүк болғаны ма? - деп Данаш оған суық қарады. - Ішіп алыпсың ғой таң атпай. Жұмыс қайда?

- Ішсем өз арағым. Сенің қалтаңнан шыққан жоқ, - деп бригадир төбелестен қисайған ақаулы мұрнын шүйіре ежірейді. - Қатынға қарамайтын, арақ ішпейтін, дүниеден бос қалған сен емеспін мен!

- Жә, қылжақтың керегі не, жиналындар! - деді Данаш ашуын тежеп дағдыланған көтерімдігіне бағып. - Жер дегдіп қалды, ештеңе етпес.

- Ештеңе етпейді ме?! - деп Шегебай тағы мұны ілмеледі. - Бір жылғы туған төлміз. Жаным ашиды саған. Ұрғашыда, қыздарда кеткен есенді жерден қайтармақпысың?!

- Бұнына қалай түсінеміз?! - деп Данаш оның сөзін бөлді.

- Түсінгенде былай ғой. Малтаңды езгілеп біткен іске қайта-қайта килігіп, ит жынымды түсіресің!

- Егістікті баптамасақ дән өнбейді. Қара дүрсін жырту-дың заманы өткен. Атамекенге аялы алақан керек, бауырым!

- Әнені?! Жалғыз сен бе Арқарлыға жанашыр?

- Біле-білсек дала біздің анамыз. Балалық шағымыз осы Арқарлыда өткен жоқ па. Туған жердің төсін есепсіз айғыздағаннан не шығады?

- Маған керегі сол, - деп Шегебай масаң жүзін бапталған алқапқа бұрды. - Соқаны неғұрлым терең батырсам, соғұрлым уысым ақшаға толады. Биыл Арқарлыда болсам, келер жылы Қызылтаста жүремін. Қай директордың қабағы ашыңқы, қолы шашыңқы келсе, мен сол шаруашылықтан

табыламын. Саған-ақ бердім Арқарлыны! Сорлап қап жүрме, құрдас. Сен тәрізді ақ жүрек әпенділер біздің қолымыз емес. Есемізді жібермейміз саған. Есағаң аман болса...

- Әй, қисық мұрын-ай, тіліңнің ащысы-ай! - деді Данаш, ішкі қыжылын зорға тежеп.

- Құйтырқы сөздің аңғарына түсінсең, миың орнында екен. Миың аузыңа түспей тұрғанда, жөнінді тапсаң қайтеді, ә?

- Қай жаққа?

- Аспан асты кең ғой. Маған бәрі бір, көрші совхозға аунай саламын. Қанша дегенмен сенің атағың бар. Ғалым-сымақсың.

Данаш тосылды. Қисық мұрынның ойыны ма, шыны ма түсініп болмайды.

Бригадир Шегебай дала қосындағыларды аяғынан тік тұрғызды. Бұйыра зекіріп, өзеуреген ол қол астындағыларды бір шыбықпен үйіріп алдына салып айдады да кетті.

Қоста үшеу қалды. Аспазшы мен тракторшы, бас агроном. Болдырған аттай сілейіп “ДТ”-ы тұр. Иесі бір тұрып, бір жығылып аспазшыға қиыстайды. Данаш су жаңа трактордың қаңтарылып қалғанына іші ашыды. Сүлік торыны тұсап жіберді де, соңында тіркемесі бар тракторға от беріп, егістікке төтеледі. Ауылдағы қысқа мерзімді курстан өтіп алған ол комбайнның құлағында ойнап, кез келген тракторды есекше қақпалайды. Тотяиндай күйдіргі тілді Шегебайға, өле мас тракторшыға ызалы ол жұлқынып алға ұмтылып ілгері озды. Әлгілерден қара үзіп жеке кеткен соң, бір сарынды бұлкекпен жыртылған алқапты қопсытуға кірісті.

Бір жағынан қыастық бар, әрі жаңа техниканың алдымды адымына елігіп, уақыттың қалай өткенін есепке алмады. Күн ұясына қонғанда барып тізгін тартты. Бірақ сәл кешіккен еді. Майы түгесілген трактор төбеге ұрғандай, кілт тоқтаған.

Данаш жерге түсті. Кешкі ызғардан бойы тітіркенген ол жаңбыр исін сезінді. Қостан алыс кеткенін шамалап үлгергенше жел тұрып төңірек ұйқы-түйқы боп кетті. Түнде далада калудың ретін таппады да, кідірмей ілгері озды.

Орта жолдан аса бергенде қара жауын өктеді. Төгіле жауған жаңбырдан Данаштың үсті-басы малмандай болды. Бойын суыққа алдырып, қатты жаураған ол қызуы көтеріліп, түнімен дөңбекшіді.

Ертеңінде ол жедел жәрдем машинасымен ауруханаға жетті. Ауданның шамасы келмей, іле облысқа жіберді.

Данаш кетісімен Арқарлыда қарбалас басталды. Егіс науқанымен қабаттаса келген жер дауы бұларды қатты дүрліктірді. Қонысқа талас бір биыл емес, әр жыл сайын бас көтеретін еді. Қасқабұлақ жайлауы негізінен көрші кеңшардың еншісінде. Сол ұлтанды өңірді Арқарлының мықтылары өкім зорлықпен иеленіп жүрген-ді. Есейдің зілінен қаймыққан көрші ауыл жеме-жемге келгенде тая соғып, табансыздық танытатын. Сол момын көршілерге аяқ астынан жел бітіп, өкімзорларда кеткен есесін қайтаруды ерте көктемнен ойластырған да, даулы бұлаққа сиыр табынын қондыра қойған.

Есей шамырқанды. Көрші шаруашылықтың директорына шүйлікті. Кеңшар тізгінін өткен жылы ұстаған жас қожайын әріптесін ашық майданға шақырып, келсең келге басты. Одан ығысатын Арқарлының алпауыты ма, оңтайлы тәсілге басты.

- Ало, ало, бұл мен ғой...

- Тындап тұрмын, - деп нығыздалды арғы жақтағы дауыс.

- Бас агроном ауырып қап...

- Әлгі қикарың ба? - деп іліп әкетті облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының бастығы. - Қосымша жер жыртуға қарсы шығатын сол емес пе?

- Сол тапсырманы қаузап жатырмыз, - деді Есей үнін жұмсақсытып.

- Кеш емес пе? - деді облыстың мықтысы.

- Өткен күзде жартылағанбыз, - деп жалтарды директор.

- Ендеше оны несіне қоңыраулатасың? Әлде күштерің жетпей ме? Маман жібертейік.

- Бізде жетеді агроном дегендер.

- Бопты. Бесжылдықтың соңғы жылында қимылдап қал дегенге құлақ аспаған өздерің. Ештен де кеш жақсы. Бірақ байқағайсың агротехникалық шараларға сай келмей жүрмесін.

- Жерді баптауға сауат бар ғой бізде де, ол жағына қам жеменіз. Аудандағылардың күңкілін бассаңыз болғаны.

- Мақұл! Тігісін жатқызу біздің қолда.

- Сау болыңыз, амандықпен жолығысайық - деп телефон құлақшасын ұясына қойды да, директор кеңшардың атқа мінерлерін өзіне шақырды. Құпия бас қосу екі мәселені талқылады: бірі қоныс дауы, екіншісі егістік көлемін кеңейту.

Есей байлауын түпке сақтап, мамандарды сөйлетті. Зекен ежелгі жүйріктігіне бағып, қоныстан өлсек айрылмаймыз деп қопсыды. Бас инженер техника сақадай сай дегенді сенімді мәлімдеді. Бірақ кіші агрономдар сәл солқылдақсынды. Асығыс-үсігіс жыртылып бапталмаған танап егіншілік мәдениетіне сай келмейді. Құлаққа енетін қисын. Сонда қайтпекші?! Шегірткеден қорыққан егін екпестің керіне бағып, Данаш тәрізділердің ізімен жүре беру керек пе?!

Қожайын қатты кетпеді, майдалап жеткізді ойын. Облыстың дүмдісімен келіскенін, аудандағышар біздің қолда дегенді астарлады. Өзінің жоғары білімді агроном мамандығын алғанын, одан кандидаттық атаққа қол созып, ауыл шаруашылығы ғылымына жаңалық енгізудің қамында жүргенін жасырмады. Облыста қанат жайған жемазық диірменін жасауға ұсыныс енгізген өнертапқыштардың біреуі, солардың бірегейі өзі болғанын көлденең тартты.

- Өздеріңе белгілі, - деп өрбітті ол ойын. - Өткен күзде қосымша жеті мың гектар тыңды жыртуға нұсқау алғанбыз. Сол тапсырма дер кезінде орындалмады.

- Кім кінәлі оған?! - деді Зекен.

- Кінәліні іздесең мен, - деді директор ызбарланып. - Мамандардан аса алмаймын. Майысқақ, табансызбын.

Бөлімше агрономдары көзімен жер шұқыды. Ферма басқарушылары қыпылықтады. Бас инженер манағыдан бетер қопсыды. Зекен жуантық мойнын күжірейтіп қолына түкірінді. Ондағысы - қожасының назарын өзіне аударудың амалы еді.

- Зекесі, сенде диплом нешеу өзі? - деді Есей орынбасарын ашық қабақпен барлап.

- Үш-төртеу бар, - деді ол сенімді үнмен. - Саны бар сапасы жоқ, қықым-сиқым. Техникум, өшелейшенің қауқарсыз куәліктері, әшейін.

- Агрономдық білімім де бар десеңші.

- Әлбетте.

- Бүгіннен бастап бас агрономның міндеті саған жүктеледі, - деді директор аса бір іш тартқан сеніммен.

- Қалайша?! Тәжірибем тапшы ғой, - деді Зекен қопа-лақтап.

Есей оны сыншыл назармен түйреді. Зекен қолма-қол жуасыды. Байлауын нықтады да, орынбасарын оңаша алып қалды. Екеуара әңгімелері тез бітті.

Сонымен егіс көлемін арттыру жорығы екі совхоздың шекарасында қарқын алды. Қасқабұлақтың жонас-қырқа-сында ойнақ салған тракторлар даулы қоныстың қыртысын бір таңға жеткізбей қопарды да тастады. Даугерге тендік беретін Зекен бе, зіркілі үдегенде көрші ауылдың мондыбас-тары ықтап кетті. Ықтамасқа шаралары жоқ, айтулы Есей Досаевқа қарсы тұратындай қауқар қайдан болсын оларда. Мүтін бір облыстың бетке ұстаған шаруашылық қожасымен тіресу өздеріне абырой әпермесін біліп, шүйгінді мекенді тастай қашты.

Жерге талас сәтімен тынып, оған қоса ылғал жабуды дер кезінде аяқтаған “Арқарлы” кеңшары облыс бойынша жеңімпаз атанды. Елеулі еңбек жеңісі саяжайда атап өтілді. Облыстың дүмдісі мен ауданның мықтыларына Зекен бас-таған атқа мінерлер аяқтарынан тік тұрып қызмет көрсетті. Үш жыл ақ тер, көк тер боп табанынан таусылған бас аг-рономды ешкім аузына алмады. Мақтау-қолпаш Есейге бұйырды.

Сотталғандар мекенінен мұра боп қалған тоқал баракты ескі мекеннен іргесін бөліп, Найзашоқының түстігін ала өзенді жиектей орын тепкен кеңшар орталығы жып-жи-нақы. Екі қабатты кеңсе, ауқымды мәдениет сарайы, жаңа үлгімен бой көтерген мектеп қос қабатты шағын үйлермен ыңғайласа, көше тәртібімен қанат жайған.

Данаш ескі орталықта тұрады. Бұрынғы ат қораға тіркес үйдің маңы тәжірибелік дақыл егуге ыңғайлы болғандық-тан, бір жағы аурушаң шешесінен қорынып, үйреншікті мекенді қолайлы көрген. Өзіне бекітілген жеңіл мәшинеге де көп отырмайды. Әкесі жасаған қос дөңгелекті ырғақты арбаға мінеді көбінесе. Иесінің қырпына өккіленіп алған сүлік торы орталықты жанай өтетін қасқа жолмен қиыстай

тартты. Түлкідей жарау, жүрдек ат сары желіске салғанда, сағатына отыз-қырық шақырымды алады. Торы қойған жерінен табылатын елеңі аз, жуас ат. Тым отшаң да емес, оқтаудай жарау қалпынан айнымайды. Өзі жоқта ешкім мінбесе де, торы ішін салып аса семіре қоймапты. Еті қызынып алған соң басын шұлғи тастап, машықты желіске басты. Арбаның шайқақ жүрісіне ыңғай бере айналасына жіті көз тастаған Данашты танапқа жеткенше әр қилы ой қажап, қиялы сан-саққа жүгірді. Көктемгі егісті орталап қалғанда аяқ астынан қызуы көтеріліп ауруханаға түскен. Кеудесіне суық тигізіп алғанын білмепті. Жұмысқа бар ынтасын салатын өлермендігі кейде мұны жіпсіз матап тастайтыны бар. Кандидаттық атақ алу үшін жанталасып жүргенде сары ауруға шалдығып, шарасыз науқасқа тап болып еді. Осы жолғысы бәрінен де басым түсті. Мол өнімге негіз қаланатын жауапты кезеңде жалп ете қалғаны жақсылыққа бастамайды. Нағыз текетіреске бармаса да, Арқарлының алпауытымен арасы бас агрономдықты атқарған үш жылда ашылмаса, кірікпеген. Бір әбүйірі, із-жолы құтты болып, егіннің берекесі артты.

Жартылай астықты шаруашылықтың даңқы облыстан асып республикаға жеткен. Құрғақшылық жайлаған өткен жылда да бұлар сыр алдырмай, мол өнім жиды. Бұрын Есей туралы дабыра-дақпырттың отына май құятын жұрт енді Арқарлының бас агрономын аңыз ететінді шығарған. Соның бір парасы мынаған саяды: “Мәскеудің ғұламалары миына әбден құйып тастаған ба, шіркіннің білімдарлығы-ай! Топырақтың құрамындағы қоректік затты зертханасыз-ақ көзбен айырады. Ауа райын күн ілгері болжайтын есепшілігіне не шәгің бар? Бәрінен де бұрын кісілігі қандай. Тұлға-тұрпатындағы кесектік көз тұсайды-ау! Азулы Есейдің өзін тырп еткізбейтін көрінеді. Данаш ұсынған жаңалық ауданнан асып облысқа жетті”. Осыған қоса, тым тұйықтығы, үйленбей жүргендігі өсек-аянға нысана. Жора-жолдас қатарластарына да жұмбақ боп көрінетін Данаштың жұмысқа ынтасы, өз айтқанынан қайтпайтын қайсарлығы, бір сөзділігі бағасын асырып тұрады. Енді осыған дуалы ауыз көрегендігі қосылғанда, Данашты данышпан демесеке лажды да жоқ сыншыл көздің. “Жігіттер ширатындар қимылды, ертең жаңбыр жауады”. Айтқаны дәл келіп, келесі күні

ақ жауын төпейді. Данаштың аузы, әсіресе, саяси жо-
рамалға епті.

- Қазіргі басшылықтан кейін үкімет басына кімдер келеді?
- Өңшең шалдар.
- Есағанның ерекшелігі неде?
- Жоғарыдағыларға көзсіз еліктей білуінде.

Еруліге қарулы Есағаң мұны сыртынан “данышпан” деп қыжыртады. Бұл сөз бүгінде мәтелге айналып, екінің бірінің аузында жүр. Біреуге біреу ұнамай қалса, “данышпан” деп шыға келеді. О, тоба?!

Данаш суық жымыды. Көңілінде қылаң берген жағым-сыз ой тұрт шайтанға басып, Есеймен сырттай ұстаса түседі. Ұзынқұлақтан естуінше, ғалымсымақ қиқар агрономның көзі тайысымен, Есей көп айтатын тыңға шабуылдың төте жо-лына бет бұрған да, өз дегенін жүзеге асырған. Енді соның анығына жету үшін ертелете жолға шыққан Данаштың қиялы қиянды кезіп, онсыз да ой жады санасын сансыз күдік жайлап, жүрегін сығымдай түседі. Ауруханада уақытын текке жібермей, көптен мазалаған ойларын қағазға түсіріп, беделді газетке жолдаған-ды. Егіншілік тізгінін ұстаған ма-мандарды, шаруашылық басшыларын сынға алып біраз қаз-балаған. Сынға іліккендердің алды телефон шалып, бұған күні бұрын күпініп жатыр. “Мадақ пен марапаттан мүйізіміз шықса жарар-ау. Балаша уралағанды қашан қоямыз?” Кім еді осылай дейтін? Иә, бұның ғылыми жетекшісі болған ұстазы Виктор Трофимовичтің сөзінің мәтелі еді-ау. Ірі есепкер, әрі топырақтану саласының білгірі екінші курста студентгерге дәріс оқыған. Жасы алпыстан асса да бойын еркін билеп үнемі көңілді жүретін қунақы кісі шәкірттерімен әзілдескенді ұнатады. Әсіресе ол Данашқа айрықша пейіл беріп, “жерлес” деп іш тартады. Орал өңірінің тумасы болыс ада дәм-тұзы ауып, соғыстан кейін алты жыл шарасыз тұтқын тіршілік шырмауында Қазақстанның түпкір-түкпіріндегі сотталғандар мекенін адақтап шығып-ты. Ұлы көсемнің сүйікті ғұламасымен ұстасып қалыпты. Бұл былай деген, ол өз білгенім жөн деп қасарысқан. Бәсе-ке-тартыстың соңы ашық айқасқа ұласып, екі бірдей ғылым саласының білгірі нақақтан айдалып кете барған. “Солай, - дейтін ол Данашпен оңаша әңгімелескенде, - Қазақстан-ның жағырапиясы, топырағының құрылымы маған қолға

ұстатқандай айқын. Мен қазақ даласынан көп нәрсені үйрендім. Негізінде табиғаттан тоқылған білімде іргетас болады. Адамнан алған білім дүмбілез”. Осылай дегенде оның қуақы күлкі тепсінген өңі сұстанып, шүңгіл көзіне мұң үйірілер еді. “Ұлымды арақ жалмады. Іше-іше жанып кетті тіке. Қызым ақылсыз емес, бірақ оның да жолы ауырлау боп жүр. Әкеңмен тағдырлас екенмін, маған өкіл бала бол. Астанадағы бір сарынды тірлік қажытты, бауырым. Қиян түкпірге, туған жеріме кетер едім, бірақ ондағы жағдай онша емес. Тұла бойында сау-тамтығы қалмаған жер ананың назасы жүргізер ме?! Маған қалған бір ғана жол - шет елге кету”. Ішімдікке үйірлігі жоқ, ғұламаның қолы босай қалғанда ермегі домино. Ойынға берілгенде бір түрлі сергіп, қунақы қалыпқа түсетін де, ағыл-тегіл ақтарылатын-ай кеп! Алғашқыда Данаш қарт ғұламаның бет албаты лағып сөйлегенін ерсі көріп, оған аса құлақ қоймады. Адамзаттың данышпаны ұлы көсемнің іліміне шөк келтіріп, Кеңестер Одағының экономикасы мен насихатынан кінәрат табуы қисынға келер ме? Социализмді түпкілікті нығайтып, коммунизмге бет бұрған ұлы елдің Ленин сызған сара жолмен қарыштай алға басқанын неге көрмейді? Мүтін дүниені айбынымен ықтырып, айдарынан жел ескен әділетшіл қоғамның көш бастаушысы коммунистік партияға кір келтіріп, социализмге жала жапқаны қалай?! Бұл шалдан қызығы, аулақ жүрген. Түрмеге отырғандардың оңғаны жоқ. Өз әкесінен-ақ белгілі ғой. Шетінен қикар. Өп-өтірік мылқаусып кісімен сөйлесуден қашады. Қаны бұзылған. Мына ғұламаның да басы сау емес. Академиктік атақтан бас тартыптыдеп естіген. Сірә, батыстың долларына қызығып, Отанына опасыздық жасағысы кеп жүр ме?! Данаштың қырпын қабағынан танып қойған ғалым: “Қорықпа. Сенің келешегіне титтей де қырсығым тимейді. Жолымнан емес, ілімімнен үйрен”, - деп секеміне сезік тудыратын басы артық пікірден тыйылып, тек агрономия ғылымына байланысты әңгімені өрістетеді. Бірақ соның өзінде де, ішкі қыжылын тежей алмай: - Жер иесіз қалды. Коммунистер өзді-өзін қызықтап кетті. Бәрінен де қазақ даласына обал, - деп торығатын. Одан әрі ол жоғары ғылыми атақтан бас тартуының себебін баяндап, еш жерде жарияланбаған еңбектерін Данаштың алдына жайып салады. “Шетінен ал да қауза,

зияны жоқ” - деген. Қолжазбаға әуестікпен шұқшиған Дана-наш бара-бара құныға бас қойып, қызықты оралымдарды дәптеріне қотарып, ойлы тіркестерді жаттауға тырысты. “Қазақ даласы және тыңға шабуыл” деген зерттеуіне қызық-қандығы соншалық - түгел көшіріп алды. Әр бетінде тари-хтың ащы шындығы атойлаған ғылыми толғаудың жазы-лу мәнері де өзгеше. Виктор Трофимович бұл еңбегін соттал-ғандар мекенінде жүргенде бастап, азаттыққа шыққан соң архив деректерімен толықтырыпты. Ғұлама еңбегінде жер тәліміне жүгіне отырып, дала мен адамның ара-қатынасын қоғамдық кезендердің алмасуымен сәйкестендіре қарасты-рады да, экономикалық есептеуге жүгініп, сұмдық құпия-ның бетін ашады. Бей-берекет жыртылып шаңы аспанға шыққан миллиондаған гектар егістік айналасы он жылдың ішінде жүз жылға жетерлік құнарын түгескен. Қазақ жері бұдан он бес жыл бұрын бойжеткен қыздай толықсып, нұры сыртына тепсе, бүгінде жатыры кепкен кәрі кемпірдің кейпінде. Мысалы жетерлік, дәлелі кисынды-ақ. Қайдан алған сансыз айғақты?! Енді мына шындыққа назар салы-ңыз. Қазақстанда ондаған қала бой көтеріп, жүздеген кеніш ашылған. Қайтарымы қанша? Жүздің он-ақ бөлігі. Қалғаны қайда? Ақ қаптал экономист оны да індетеді. Жай індетіп қана қоймай, ұлы мемлекеттің кіріс-шығысына барлау жа-сап, барша байлықты жалмап жатқан құрдымға тірейді ат басын. Құрдым бір емес, бірнешеу. Тапсыз қоғамда қанау-шы да, каналушы да жоқ. Жарайды келістік, сонда байлық кімдердің өңешінен өтіп жатыр? Ғұлама бұған да жауап табады. Енді бір рәуатта қазақ халқының қазан төңкерісіне дейін күн көрісін екшей келе, Кеңестер Одағы қазақтарға не сыйлады деген сұраққа жауап іздейді. Сыйлағанынан қинағаны басым. Аз халық топалаң тиген қойдай қырыл-ған. Бұған тағы атом бомбасын жаратын сынақ илеуін, әске-ри қоршауларды қосыңыз. Жығылғанға жұдырық, тың көте-ру жорығына қатысқандар байтақ қазақ даласына ойнақ са-лып аң, құс, балығын тағылықпен аулап, білгенін істеген, есепсіз жыртылған танаптар қаралы жесірдей бетінің қызы-лынан айрылып, сұрқай тартқан.

Данашты күдік буады. Осының бәріне кінәлі кімдер сонда?! Кеңестер елін шұғылалы болашаққа, коммунизмге бастаған Лениндік партияға оның айбынды ұжымы Саяси Бюроға кір жағу мынасы. Ғалымның басқа еңбектерінде де

осы сарын басым. Онда пікірін тереңдете түседі. Ұлы Қазан төңкерісінің жеңіске жетуіне кездейсоқ жағдай себепші болған дегеніне қалайша иланады? Бұнысы - тарихқа жасалынған қиянат. “Коммунистік құрылыста келешек жоқ. Социализм мүмкіндігін сарқуға жақын, тоқырап тозғындаудың аз-ақ алдында тұр”. Данаш жылан ізіндей шұбалған сөйлемдерді тіксініп, зорға оқиды. Миын шағып, жүрегін мұздатқан сұп-суық зәрлі сөздерге шыдай алмай қолжазбаның дода-додасын шығармаққа оқталады да, шыдамын сабырға жендіріп, жер төліміне байланысты еңбектерін ақтарғыштайды. Бірақ одан да жөні түзу жарамды ой таппай қиналады. “Кеңестер Одағы атом ойнағының ордасына айналып, жойқын соғыс қаруын үстемелей шығарып, дүниені от жалынына орауға жанын салып жатыр. Әскери егес саясатын ушықтырған қызыл көз коммунистер әлемді дүние жүзілік үшінші соғысқа киелітірудің аз-ақ алдында. Ел әскери диктатура сығымында. Саясат та, идеология да, экономика да әскерилендірілген. Коммунистік үстемдік социализмді қасаң қалыпқа түсіріп, тұралатуға жақын. Шектеулі социализм шеңберінде ұйлығысқан кеңес халқы бұлдыр болашағынан үмітсіз. Ішімдіктің алдамшы мастығына елтіген құдайсыздар ұлы көсеміне шаң жуытпайды. Сөйте тұра, шөлмекке табынады. Санасын арақ жайлаған елде не береке?! Озғындаудың орнына тозғындап кетудің аз-ақ алдында тұр”.

Неткен қатал сөз?! Рахымсыз дұшпан да бұлайша кесіп айтпайды. Топырақ тану саласында дүние жүзілік мәні бар жаңалық ашқан, әрі әйгілі экономист сонымен қоса химияның жетік білгірі, қоғам танушы сұңғыла ғалымға лайық па бұнысы? Кеңестер Одағы дәл қазіргі таңда әлемде тендесі жоқ беделге ие. Социализмнің көш бастаушысына айналған ұлы елдің жетістігін жоққа шығарып, мансұқтауға қандай хақысы бар?!

Виктор Трофимович Мәскеудің шет жағында екі бөлмелі пәтерде жалғыз тұрады. Жексенбіде Данаш көбінесе сонда болады. Ұстазымен екеуара әңгімесі пікір таласқа ұласып, қызыл кеңірдек боп сілкісетін-ай кеп! Ұстаз бен шәкіртке ара ағайын ғұламаның қызы Татьяна. Ұялы көгілдір көзінен нұр шашыраған сымбатты әйел. Жұмсақ сөзді, тәкаппарлығы жоқ ол әкесіне адал екен, тіпті кей жағдайда екеуінің пікірі бір жерден шығып, Данашты оқшаулап тастайды. Бұл

да беріспейді. Татьяна Викторовна өзіндік пікірін ортаға салғанда, әкесінен де асырып жібереді.

- Ғапу етіңіз, Татьяна Викторовна, әкеңіздің ықпалында кетіп, өз ойыңызды көмескілеп алдыңыз. Бұ кісі көп біледі. Көп білетін адам, меніңше заман қалыбына сыймайды. Өзі өмір сүрген дәуіріне сын көзбен қарайды. Әкеңіздің еңбектерін оқи-оқи осыған көзім жетті.

- Сонда қалай, Данаш мырза?! Қоғамды тек ғалымдар ғана сынап, өзгеміз құрғақ ұранға баса беруіміз керек пе? Сырт көз қырағы. Біз қанша жасырғанымызбен, батыстағылардың байбаламында негіз бар. Коммунистік қоғам бүркеулі. Біздің идеология капитализмді әшкерелеуден жалықпайды. Өз мінімізді елемейміз. Бара-бара бізді күн көзінен де көлегейлеп тастауы кәдік. Тым өзімшіл, тым шамшыл, тым дара қоғамбыз. Түбінде бұл саясат жақсылыққа апармайды. Бір қараға соқтырады.

- Бәрі Кеңес адамдары үшін. Буржуазиялық насихат космополитизмді дәріптеп, адамдарға еркіндік берілсін деп даурығады. Ондағысы ішке кіріп, іріткі салудың амалы..

- Біз онсыз да іштей іріп жатырмыз, - деп Татьяна Викторовна бетбақтырмайды. Батыс насихатшылары жыныстық еркіндікті дәріптегені үшін кінәлі боп есептеледі. Өзіміздегі сорақылықты неге көрмейміз?

- Нендей сорақылық ол?

- Жезөкшелік.

- Әйел басыңызбен айтуға аузыңыз қалай барады?!

- Мен осы тақырыпта докторлық еңбек жазғамын. Қырағы идеологтар қорғатпады. Совет адамдары ондай ластыққа бармайтын көрінеді.

Татьяна Викторовна кырыққа өлі жетпеген. Кескін-кейпінен кекселік нышаны байқалып, кісіні салқын назарымен жасқай ма қалай. Орыс әйелдеріне тән тартымдылық тұлға-тұрпатынан байқалса да, ұялы көкшіл көзінде айықпас мұң бар тәрізді. Бояу өтіп кеткеннен бе, әлде ауыра ма, реңі тым солғындау. Саналы жесірлерде кездесетін жүдеулік аңғарылады бет ажарынан. Өмірдің қызық-шыжығына әбден көндігіп, қатайып, бекіп алған сыңайда. Бұл да ептеп жобалаған екен. Татьянаның өмірге өкпесі бар боп шықты. Докторлығын қорғай алмаған. Бірақ алған бетінен қайтпай, соны ізденістерге ден қойған. Көрпе астының құпи-

ясын таратып өрбіткенде әлі одан хабары шамалы Данаштың козі бақырайып кетеді. Жеңіл жүріске салынудың салдарын элеуметтік жағдаймен байланыстырып таратқанда, Данашты шарасыз сезім баурайды. Әйелдің еркекпен құқы бірдей деген желеумен төмен етектілерді қоғам өміріне кеңінен араластыру көп жағдайда кері әсерін тигізетін көрінеді. Бейнетті еркектермен тең бөлісу - әйелдердің денсаулығына әсер етіп, төсек қатынасындағы тепе-тендікті бұзады екен. Оның айтуына қарағанда, жезөкшелік Кеңестер Одағында алдыңғы орындардың бірінде. Былайша бәрі тап-тамаша. Көз тасада небір сұмдықтар өрбиді. Нәпсісін арақпен қоздырып, өліп-өшкендер шын төсек ләззатына кенелуден мақрұм қалады, содан барып тоят бәсендеп, құмарлық қожырайды.

Данаш оның пікірін толық қабылдай қоймады. Татьянаң мұны бір басына жетерлік. Басынан өткізгені адамнанғысыз. Аңыз ба, тағдыр тәлкегі ме, әйтпесе өзіне өзі жасаған қиястық па, тіпті түсініп болмайды. Күйеуі жүйке ауруының білгірі болса керек. Ғылыми атақты дер кезінде қорғаған. Зерттеу жұмысына бас қатырып жатпай, әйел мен арақтың соңына түсіп берген. “Ол мені шексіз сүюші еді, - дейді Татьяна Викторовна, - Сол үшін күйеуімнің қателіктерін кешіре беретінмін. Басынан қатал болмағаныма өкінемін. Келешегің бар азаматсың, саған сабақ болсын деп айтамын”.

Қалалықтардың тірлігі бұлардың да басында. Демалысты табиғат аясында өткізу үшін жеңіл мәшиненен жолға шыққан. Өзен жағасында қона жатып, балық аулап, күнге қыздырынған. Кенет күйеуін “шабыт” қысады. Кәнігі нәпсіқор, ашқарақ “өліп барамын” деп үздікпей ме. “Бізден де басқа адамдар бар маңайда, шыдасаңшы”, - десе тындамапты. Құмарлық желігі қысқан ол өліп-өшіп жатқанда, сойдауылдай-сойдауылдай төрт жігіт төніп кеп: “Іске сәт!” - дейді ғой. “Кәне, кезегімізді бер”. “Қайдағы кезек?! Қатын менікі” “Сенікі болса үй жетпеді ме, ол өтірігінді қалтаңа салып қой”, - деп ішіп алған төртеу айғырсыған мұның күйеуін ағашқа таңып тастап, әйелге білгенін істеген. Тілеп алған аурудың дауасы табылсын ба. Отбасынан береке кетіпті. Қорлық пен намыстан жаншылған жүрегі күрт суынып Татьяна еркек атаулыдан өлердей жерініп, түңілген. Күйеуі

ішуді үдетіп, көрінген көңілдесінің үйіне түнеумен жүргенде, кісі қолынан ажал табады.

“Біздің жағдай осы, - дейді Татьяна Викторовна, - Тағдыр деген жасымда өзіммен өзімді алыстырып қойды. Докторлық еңбегім аяқсыз қалса, жар қызығынан ертерек қол үзсем, ар жағы айтпаса да түсінікті. Жалғыз үмітім - Толигім ғана”.

Данаш одан жалтарып, өз ойын қуалап кетеді. Әйелдің шолпаны-ау, шіркін. Оған ептеп көңілі ауатындай ма? “Менің өкіл балам” деп қасынан қалдырмайтын Виктор Трофимовичпен достығы бұрынғыдан да нығайып, беки түскен. “Сені жер тәлімін жетік білетін ғұлама ғып шығарамын” деп Данашқа жеке дәріс береді. Татьяна әкесінен де өткен. Данаш аз күн хабарласпаса, іздеп келеді. Қалтасына ақша салып: “Қарныңды ашырма, тоқ жүрсең миыңа дәріс қонады, анау-мынау ауруға беріспейсің”, - деп шын ниетімен қамқорсиды. Данаштың ішінде оған деген ықылас бардай. Сол жасырын ықылас бұны оқыс сезімге итермелеп, көңіл түкпіріндегі құпия аңсарын түртпектеп оятқандай болады. Жақыннан да бетер жан тартқан тілектес әйелдің қарызын немен өтесем екен деп ойлайды. Киімнің де түр-түрін әкеп кигізіп, алмаса еркіне қоймайды. Сірә, әкесінің нұсқауы шығар. Бірде Данаш ғұламаның алдына су жаңа кәстөм киіп барады. Виктор Трофимович қуақы күлімсіреп: “Қыздардың көзіне түскің келеді-ау. Бірақ әдемі киім адамды ойландырмайды, - дегені бар. Соған қарағанда Татьянаның өзі бұған ыңғай беретін. Қошқар мұрынды, ер бейнелі Данаш ұрғашының көзіне түскіш. Бозбалашылық желік бұғанда, би алаңына шыққысы бар. Бірақ оған денсаулығынан қорынады. Шешесінен ауысқан қояншығы ауық-ауық мазалап қояды. Жастықтың ду-думанын қызықтайтын, махаббат жолында басын саудаға салып, сұлуға өліп-өшетін дер кезінде, сезімін, шарасыз арман-аңсарын лажсыз тұқыртқаны жанына батады. Саушылығы туралы Татьяна Викторовнаға айтып көрсе қайтеді. Оқымысты дәрігер көмектесер бәлкім. Осы оймен есік түймесін басқанда, іштен кейуана шықты да, қолы-басы дірілдеп:

- Кім керек саған? - деді.

- Үй иесі.

- Ол сұрақта, - деді кемпір мұңая күрсініп. - Үш әріптің қарамағында.

- Не үшін?!
- Әкесіне бола. Шетелге қашып кеткен дей ме?!

Данашқа бұл хабар жайсыз тиді. Бірақ қолынан не келеді. “Менің өліп қалуым кәдік, жүрегім ауырады ғой” деп сарындайтын. Сөйтсе, сырт жұртқа кетуге дайындалып жүрген екен-ау. Дер кезінде қимылдады. Әйтпегенде қарт профессорды әурелейтін еді қырағылар. Онда кеткен кектерін қызынан қайтаратын шығар. Қап, Татьяна Викторовнаға ауыр соғатын болды-ау?!

Данаш профессордың қызымен бір жылдан соң жүздесті. Қайсар әйел бұрынғыдан да тұйық. Етженді толықша денесі сылыңғыр тартқан. Көңіл күйінде аздаған байыздау бар тәрізді. Өзіне тағылған кінә бірқыдыру. “Перзентханада босанған әйелдердің сексен процентінің денсаулығы жоқ” деп әйгілеген. Одан Совет әйелдеріне кір жағып, жезөкше деп жала жапқан. Онымен де қоймай, шетінен ішімдікке үйір деген дәлелдеме келтірген қияли еңбектерінде. Нәпсісін тежей алмайтын жеңіл етектер тағы да Кеңестер елінің шөп желкелері. Ең тұрақсыз неке Кеңестер Одағында етек алған.

- Сіз дәлелді дәйектемеге жүгініп өрбіттіңіз. Шындықты бүркемелеген еңбекте құн бола ма? - деген Данаш сөз арасында.

- Дұрыс айтасың. Мен жүздің бірін ғана айттым. Өзге сорақылықтарды қайда тықпалаймыз? Меніңше, қорқытып, үркітумен қалыптасқан тәрбиенің түбі шикі. Егер Кеңестер Одағының адамдарын бір жыл түгілі анық үш күн еркіне жіберіп көріңізші. Қайдан шығарын құдайым білсін?! Демек, бұдан шығатын қорытынды - бізге жоғарғы адамгершілік сана күштеп таңылған. Жүрекке сіңбей, ет пен терінің арасында қалады. Түп негізгі шикі жасанды насихат маған өзіне өзі ор қазып жатқандай көрінеді де тұрады.

- Олай деменіңізші, - деп Данаш тартыншақтайды.

- Көресің әлі. Біз тым жайбарақатпыз. Бұл қалпында бір қараға ұрынамыз.

Одан әрі ол әкесінің жағдайын әңгімелеген. Таяуда одан хат алыпты. Қарт профессор ол жақта қоғамдық ғылымға ден қойған. Қазақстандық студентке көз қырыңды сал деп

тапсырыпты бұған, Данаш талантты азамат дегенді хатында қадап айтқан.

Талант - еңбекке байлаулы. Еңбекпен шындалмаған қабілет иесіз ат тәрізді. Баптап жаратпаса, жүйріктің бағы ашыла ма? Данаш ұстазынан алған білімді өз жүрегінен өткізіп, көп ізденген. Шортандыдағы ғылыми-зерттеу орталығында жиі-жиі болып, астықты аудауларды аралап шықты. Ғылыми ізденіске емін-еркін құлаш сермеу - кандидаттық жұмысының иін қандыруға жол ашқан.

Егінжайға іліге бере ат басын ірікті де, көз жетер жерге күн сала қарады. Келер жылдың егісіне деп сақтаған қара қыртыстың үштен екісіне бидай себілген. Жаңбырлы жаздың рахманына кенелген егін жайқалып тұр. Жолға жақын жиектерге тиіспепті. Онысы көз алдау, Данаш биылғыдай жауынды жазда пардың кәдеге асқанына өкінбеді. Дегенмен, көңілінде қобалжу бар еді. Астықтың түсімін соқа түрені тимеген тынды қопара жыртумен үстемелеп жаман үйренген шаруашылық басшылары бірімен бірі жарысқа түсіп: “Біз биыл бәлен гектар егістікті ұлғайтып дән септік, тау етегі мен төбешіктерді бағындырып, мол өнімге негіз қаладық”, - деп жиналыс сайын күпілдесіп жатқаны. Өзі жұмыс істеген үш жылда Данаш жыртылған алқапты баптаумен шектеліп, табиғи шабындық пен жал өрісіне арналған өлкеге соқаны жолатпады. Бұл үшін талай-талай қызыл кеңірдекке барысып, ауданның, әрісі облыстың жетекші мамандарымен келісе алмай, қиғаш кетіскен сәттері көп болып еді. Есағаңмен де жүз шайысқан. Сондағы Данаштың оларды тұқыртатын дәлелі мынау: “Егін өнімін төмендетпесек, жыртылмаған алқапта әкеміздің құныбарма?!”

Жер тәліміне жетіктігімен, оған қоса озық тәжірибеге оң иығын беріп үнемі соныға жол салатын алымдылығы облысқа мәлім Данаштың жақтастары аз. Нағыз қолдаушысы - Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, әйгілі кеңшар директоры Есей Досаев. Әзірше оның бас агрономға тағатын кінәсі жоқтың қасы. Қайта Есағаң мұның із-жолы құтты болғанын, бесжылдықтың соңғы үш жылында шаруашылық астықтан кірісті үстемелей түскенін мақтанышпен айтады. “Біздің кеңшар облыстың егіншілік жөніндегі тәжірибе станциясына айналып барады” деп әр кез еске алатыны бар.

Сырт көзге солай көрінгенімен директордың қабағы кейінгі кездері Данашқа жиі-жиі түйілетінді шығарған. Әр сөзін тісінің арасынан сыздықтата шығарып, бұған зіл тастағаны көп сырды аңдатады. Ауыл шаруашылығы институтына сырттай оқуға түскелі егіншілік мәдениетіне байланысты екеу ара әңгімелері үйлеспей, Есағаң өз пікірін тықпалауды үдете түскен. Осы биылғы көктемде егіске кірісерде: “Бесжылдықтың соңғы жылында егінге бар күшті салуымыз керек. Парды азайтып соның есебінен қосымша жер жырттырып, егістік көлемін арттырайық”, - деп бұны үгіттеп көрген. “Жоба-жоспары қаралып облыста бекіген шараны бұзудың қисыны келмейді”, - деп бас агроном директорды жүре тыңдаған-ды.

Данаштың көзі тайысымен Есей Досаев көптен ойында жүрген біраз шаруаның бетін қайтарған екен. Бас-аяғы он күнде бес мың гектардан аса тыңды апа-сапа жырттырған. Парға қалдырған алқапқа бидай септірген. Жырттылған жер кілең бетегелі жон. Көдесінен қашқан қоян көрінбейтін жонас-қырқалар көк егінмен көмкеріліп, қазірде әдемі көрінісімен көңілге тоқтық ұялатады. Данаш есепсіз жырттылған алқапты көргенде бір түрлі боп кетті. Ызадан да бетер қысастық жүрегін шымшылап жайын кетірді. “О, сори қайнаған қайран далам-ай! Иесіз күнің не болмақ?! Жанашырыңның түрі Есей ме?” Хан сорпасы шыққан сүлік торыға көзі түсіп еді, капелімде жүрегінде аяушылық ояныды. Көптен мінілмеген атты барлықтырып, малға обал жасағанына іші ашыды. Арбаның шикылына құлақ тосқанда одан әрмен қолайсызданды. Майланбаған күпшек желініп, қаңсыған дөңгелектің шабақтары босап, түсіп қалудың аз-ақ алдында. Ашумен қатты жүргенін енді біліп, сабасына түсуге сылтау іздегенсіді.

Басы ойдан босар емес, өзімшіл директоромен ұстасу бұған қатер. Түк білмегенсіп жүре берсе қайтеді? Бірақ оған үлкен шыдам керек. Қызығы - бұл кеңшардан кету. Жарайды басын амандасын, сонда әке-шешесі қайда қалады? Солар үшін ғой, ауылдан ұзай алмай жүргені. Ғылыми атағы бар агрономға қайда да орын табылады. Жол ашық бұған. Бәрінен де жерге төккен мандай терін айтсаңшы. Егіннен тұрақты өнім алудың ғылыми дәйектемесін жасап, оны тәжірибемен ұштастырудағы жаңалығы облысқа мәлім.

Жай қарапайым шара, егістікке қар тоқтатуды да басқаша әдіспен жүргізудегі жаңашылдығы, жайылымды жақсартудағы ұсыныстары, өсімдіктер мен жан-жануарларды есепке алып, Арқарлы өңірінде қызыл кітап аштыруы, одан қалды бұлақтардың көзін тауып, техниканың бей-берекет ала шапқынына тосқауыл болғаны зая кеткені ме?! Осы бастамалардың қозғаушысы Арқарлының бас агрономы болғанда, оны жүзеге асырып қадағалайтын Есейдің өзі еді ғой. “Данаш айтты ма, тас қылу керек” дейтін жақтаушысы Есейдің бұның үш жылғы ізденіске толы еңбегін үш айдың ішінде апа-сапа жоққа шығарғаны қалай?!

Арқарлы өңірінің желі қатты. Әсіресе, жазғы қара дауыл топырақ тозаңын аспанға шығарып, жер нөрін рәсуа қылады. Құнарынан айрылған танаптар күл беттеніп реңін жоғалта бастаған-ды.

Егістікті үстемелеуді осы қарқынмен үдете берсе, Арқарлы өңірі тулаққа айналып, көтерем малдың халіне жетеді. Алғаш жұмысқа кірісердің алдында егістікті жаяу шарлаған болашақ бас агроном директорға осыны мәлімдеген-ді. “Біріншіден, қосымша жер жыртуды тоқтатамыз, екіншіден, егістікті өңдеудің дәстүрлі әдіс-тәсілінен бас тартып, жаңа техникалық құралдарды батыл енгіземіз”. Данаш жер өңдеу мен егін шығымдылығын арттырудың таяу жылдардағы жоба-жоспарын агрономиялық кеңестің талқысына салған. Мамандардың назарына ұсынып, мақұлдатып алған соң, іске шұғыл кірісіп еді. Бір қуанарлығы, осы шаралардың басы- қасында Есейдің өзі жүрді. Жаңа құрал - қыршуыш жеткізілді. Бұл құралдың жетістігі топырақты тереңірек қопсытады. Іле танапқа жаңа тұқым сепкіштер шығарылды. Топырақты қайырмай сыдыра жырту, мейлінше аз өңдеуге тырысу диханшылардың дағдысына айналды. Ауыспалы егіс жүйесі мүгіндей жаңартылып, әр түрлі дақылды кезектестіре егу жүзеге асты. Бір танапқа бидай, екіншісіне жүгері, үшінші танапқа екпе шөп, келесі бөлік ашық қалдырылып, егін алқабының жиек-жиегіне ағаш отырғызылды. Аудара жыр- татын соқа тісі бұл атырапқа тимейтіндей аласталды. Дәнді белдеулеп егу жүйесі егістікті желден, судан қорғады. Осы әдіс-тәсілдердің бәрі бірден өз жемісін бере қойған жоқ. Түпкі нәтижеге жету әлі ертерек-тін. Кем дегенде бес жыл тіпті, одан да артық мерзім керек. Жерді баптаудың

тәжірибелік тәсілінен шұғыл бас тартуға директордың жүрегі қалай дауалады екен? Күні кеше еді ғой, осы жұмыстардың басы-қасында жүргені. Әлде жоғарыдан бұйрық келді ме?

Күмәнді ойдан Данаштың басы қатты. Бір сәт ұстазын есіне алып, Виктор Трофимовичтің пікіріне жүгінеді. “Кеңестер елінде жердің иесі жоқ, тек қожайыны ғана бар. Директорлар. Олардың көкейін тесетін - мол өнім. Астық бітік шығып, жоспарды орындаса тәуір басшы. Кінә да жоқ оларға. Өнім сәл төмендеді ме, директорды ығыстыра бастайды. Сосын уақытша жалған қожайын өз дегенін болдырады. Оларға жерден мансап қымбат. Біздің елде агроном әншейін жүрген итаршы. Ең қысқа ғұмыр сүретіндер - бас мамандар. Оның ішінде агрономдар. Бетінен дозағы шығып, күл беттенген танаптармен күн сайын бетпе-бет келу оларға оңай емес. Көбісі жер назасына шыдамай ішіп кетеді. Жанына тыныштық іздегендер басқа жұмысқа ауысып алады. Ғылыми ізденіске ден қоятындар өздерін балаша алдаусыратып, соқыр үмітпен ғұмыр кешеді”...

Нағыз қаны сорғалаған шындық бұл. Кетпесе болмас бір жағына. Қиястықпен егінжайға көз жіберіп еді, алдамшы үміт көлденендеді көңілінде. “Өй, несіне таусыласың сонша? Теңіздей толқып жатқан егін мынау. Болашағын ойлаған кім бар дейсің. Келер ұрпақ түзеп алар бүгінгінің кемшілігін. Енесін ұрғаның бар ма, біткен іске иелен де, көзді жұмып тарта бер. Бесжылдықтың қорытындысында омырауға бір орден тақсаң нең кетеді. Жерім, елім деп еміренгенде ел алдына шығамысың? Бәрібір жақсы ат жоқ саған. Тақа болмай бара жатса, Арқарлыны таста да, зерттеу орталығында ғылыми еңбегінді жалғастыр”.

Данаш сәл сергіді. “Бітік егінге тас лақтырып нем бар, ақырын күтейін”. Термостан шай құйып ішті де, тауға бұрды ат басын. Көк мұнар сағым теңізінде жүзген алып кемелерге ұқсайды, егіз үш биік. Төңірегі мидай жазық таудың бітімі қанша қызықтасаң жалықтырмайды. Солынан қарасаң өркешімен көк тіреген нарға ұқсайды. Оңынан шықсаң, жойдасыз ірі тасбақа тұрады көз алдында. Әр қилы нобайдағы жақпар алыстан қарағанда арқарға ұқсайды. Екі-үштен топталып, тау күзетіп жүрген шолғыншы құлжалар сықылды. Әлгі көрініс енді бір қарағанында басқа бейнеге еніп, аю тастар едірейеді. Данашқа Бабатаудың тәкаппар-

лығы ұнайды. Кім көрінгенге жағасын бастырмай маңғаз кейіпте асқақтаған жарықтық, Арқарлыны кімнің көзі қиғандай! Тіршілікте әр адамның өзінің қастер тұтып табынатын биігі, арқа сүйер айбары болуға керек. Ондай тірек-таяныштан мақрұм адамда қандай қасиет бар. Несіне салынады сары уайымға, тау орнында, өзен арнасында. Ибалы келіндей желегі желбіреген егінжай анау. Көңіліне оралған оқыс теңеу бұның ойын басқа жаққа аударды. Данаш жоқта шешесі қатты жүдеген екен. Аппақ сұлу жүзінің қаны қашып, бетіне мезгілсіз әжім түскен. Байғұстың сырқат мендеген жүйкесі әбден жұқарған ба, жылай береді. “Қолыма келін түсірсеңші” екі сөзінің бірі. Бұрын да мылқауға жақын еді әкесі. Кәрілік иектегелі тіптен үнсіз. Намазға ұйығанда ғана бірдене деп күбірлейді. “Құтырған ит, мас бөрі, жаман жолдастан сақта”. Жаман жолдастан сақтасын дегені дұрыс. Құтырған ит не? Мас бөрісі қалай?! Шешесінің қолқасы орынды. Келінді боп, қолын жылы суға малғысы келеді. Оған қай бойжеткенді жетектеп апара қояды? Жетекке жүре қоятын қыз бар ма? Шешен ауру көрінеді деп, сырт берсе қайтпекші? Исағұлдың суретші балдызы болмаса... Исағұл - кеңшардың әйдік бақташысы. Он жыл отырып шыққан. Ләгір тарап, кеңшар орнағанда еліне кетпей, Арқарлыда қалып қойған. Өзі де бір өнді адам, әрі тандайынан шаңы шыққан жыршы. Осы төңірекке белгілі азамат ферма меңгерушісі Құлкеннің Зейра деген сұлу қызын алып қашқан. Осы оқиға Исекеңнің өз айтуында түрленіп, құлпырып кетеді. Басына азаттық алған соң, Исекең колхозда жылқы баққан. Жылқы фермасының меңгерушісі Құлкен майлы қасықтай жұғымды қырғыз жігітін алып кел, барып келге жұсап қолында ұстайды. Өрі кереметтей жыршы домбыра мен қомыздың құлағында ойнайтын жеңгем сүйер жігіт ауыл-аймақтың сүйіктісіне айналып, той-томалақтың сәнін кіргізеді. Жігітті ел мақтаған, қыз жақтағанның керімен Исекең жығылсаң нардан жығыл деп меңгерушінің Зейрасына құрық салады ғой. Екі ғашық зым-зия жоғалып ел іші егер-дегер болады. Қуғыншылар аяқ жетер жерді сүзіп шыққан соң, мойны алыс Қырғызстанға сұрау салады. Тырс еткен хабар болсайшы?! Қос ғашық ауылдан көп ұзамаған. Адам аяғы баспайтын құз - қиялы қиын шатта арқар етін қорек етіп жата берген. Жарықтық, Арқарлы талайдың жа-

нына сая болған киелі тау ғой. Тіршілік түйткілі көңіл жүдеткен сәттерде Данаш Бабатауға тартып кететін. Сонда садағасы кетейін, қасиетті құзар мұны салқын самалымен желпіп жылы ұшырар еді. “Ей, балам неге көңілісізсің? Басыңжас, көрер қызығың алда емес пе? Тікте бойынды, көтер еңсенді! Тау ұлына төменшіктеген жараспайды”. Осы бір сарын құлағынан кетпейді. Жігерін жанып, қайсарлыққа шақырма? Сонда мұның қолынан не келеді? Дүниені жалмаған болат тіс, темір көмей обыр ғасыр індетіне қояр тосқауылы қайсы? Жаратқан ие шыдамды-ау тәрізі. Құдайсыған тыраштардың оңдырғаны шамалы. Таққа талас түпке жетпесе не қылсын?! Мансапқорлардың қол жаулығына айналған топырақ тозаң боп кетудің аз-ақ алдында. Тауға тіл біте қалса, осыны айтар еді. Соны үнсіз мәлімдеп асқақ кейпінен танбайды-ау, сабаз!

Данаш ат басын Бабатауға туралады. Тауға жақындаған сайын мұны бір жатырқау сезімі иектеп көңілін айныта берді. Осы жаңа мұнымен үнсіз тілдескен Арқарлы түрін суыққа салып, кекірт адамдай кекжие қалғандай. “Әй, бала, қайт кейін! Кім көрінгенге шалғынымды жапыртатын тексіз құзар емеспін. Қанша дегенмен тау атым бар. Жақсы мен жайсандарға ғана ашамын қойынымды. Кәусарымнан су сындап, шалғыныма солар аунайды. Тегіне кісілік бітпеген сен тәрізді можантопай деңгейлесе алмайды”. Бұл - Данаштың өз көңілінен туындаған кереағар ой-тын. Сырт көзге елеусіз саяжайға Данаш бір-ақ рет бас сұққан. Алғаш қызметке тұрған қарсаңда. Үлкен - Арқарлының бауыздау алқымындағы саяжайға екінің бірі бас сұға бермейді. Күзетшісі сергек те сақ. Данаштың онда не жұмысы бар, тау қолтығында аздап көлеңкелеп қайтса болды. Қарсы алдынан жеңіл машина шыға келді. Екпіндеп кеп тоқтаған директордың орынбасары Зекен: - Ау, данышпан, келгенсің бе? - деді бітік көзін жыртита күлмендеп. - Қайда тарттың?

- Тауға.

- Одан не аласың? Егінің тұр, міне жайқалып. Сенсіз де күн көретін түріміз бар. Қос дипломды директордың қимылы ересен. Саған енді пысқырып та қарамас.

- Диплом қорғады ма?

- Қорғамақ түгілі кандидаттық менөмді тапсырып та үлгерді. Сен түбінде бұл совхоздан кететін шығарсың. Екі қошқардың басы симайды бір қазанға.

- Айта түс.

- Естіп алып жазбақың ғой гөзетке. - Зекен мұны тағы бір түйреді. - Байқа бала, Есекең есесін жібермейді саған. Зекен Данашқа жезде болғандықтан еркінсіп сөйлейді. Мұны қажағансып біраз жайдан хабардар етіп тастауында гәп бар-тын. Арқарлының ұңғыл-шұғылы мен ел арасының өсек-аяғын Зекеннен жетік білетін ешкім жоқ. “Арқарлы” кеңшарын өз қолымен, орнатысқан оның бір басына телінген бес-алты аты бар. Шаруашылық алғаш ұйымдасқанда есепшілікті иемденіп, көмейінен біраз нәрсені өткізіп жіберген соң, жұрт жемқор Зекен атандырған. Үнемі асығып-үсігіп жүретін оны бүлкіл Зекен деп те айтады. Есей осында келгелі мұның тасы өрлеп тұр. Арқарлының алпауыты Есейдің оң қолы. Дігерлеген мазасыздығымен мәлім оны жұрт Зіркіл-Зекен атандырып жіберген. Тәсілқой әккі директор кейбір бұра тарт іш жақпастарды Зекеннің зіркілімен жұмсартып алады. Бүйенше бұлтиған бақа бас, шойын кеуде, шомбал қараның жау жеттісінен Арқарлыда ықпайтын жан жоқ. Данашқа жездесінің құбылғыш аяр мінезі ұнамайды. Мықтының алдында аңқау да аңғал болғансып монтанси қалады. Қожасына жағынғанда жаны қалмайды-ау, сабазыңның. Кеңшарға келіп-кетіп жататын тәуірлерді тосып алып, құрметтеп шығарып салу Зекеннің мойнында. Тау ішіндегі саяжайға бастап баратын құпия жолдың ой-шұқырын да білетін жалғыз сол. Аңшылығы өз алдына бір әңгіме. Көздегені мүлт кетпейтін мергендігіне қоса жершілдігі қандай! Жалықпайтын жандайшап жортақы сабазың дамылдық көрмейді. Нағыз өлермен. Қай уақытта ұйықтайды, демалады? Данаш соған таң.

- Жезде, тойст, Зіркілбай! Бастығың қайда? Оны мен дуэлге шақырамын. Егістікті бүлдіріп дегеніне жетіпті. Қолтығына дым бүркіп, дем беруші сенсің.

- Байқа бала! Мен білмейтін қай тығындың бар? Жазығым шікәтті ғой деп жаба-сіргелегенім бе?

- Жетістірерсің?!

- Жетіскенінді көрерміз әлі! Бұлдағаның кандидаттығың ба? Қызға қырсыздығыңды менен көремісің? О, несі екеней, бұралқының?! - Зекен моторға от берді де, кәбинадан басын шығарып, - Әй, данышпан тау жаққа барма! Дөкейлер жүр. Боска арандап қаласың, - деді де жөнөп берді.

Данаш аңырды. Жездесінің қокан-лоқысы жүрегін май ішкендей айнытып жайын кетірді. Біреудің жарасының аузын тырнамаса жүре алмайтын ол сыңар езулігінен жаңылсын ба. Ит мінезге не шара?! Осылар да балаға әке, ініге ағамын дейді-ау, шімірікпей. Жүрген жерін ластап, жынын бүріккен бақырауық түйеден несі кем. Түйені ыңыршақ қып бұзатын иесі. Зекендерді итше үргізіп, айтақтайтын кім сонда?! Заманы ма, әлде ішіне кіріп ұялаған эззіл шайтанның азғырындысына аза ма?!.

Ол да басы жұмыр пенде. Жан сақтау үшін тапқан тәсілі шығар бәлкім? Біреуді ықтырып, біреулерді бұқтырып содан бедел таппақшы. Әй, бүйткен беделдің!..

Данаш шындап ойланды. Жаңағыны бұған айдап салатын Есей емей кім? Дөкейлер жүр дейді. Дөкейден ығатын бұл ма! Жұртты балаға, өздерін данаға балаумен жүргенде заманды тоздырып, адамдарды аздырып алмаса не қылсын?! Аңырып тұрды-тұрды да, ат басын кері бұрды. Қарасаздағы сиыр фермасына төтелей салды. Исекеңмен кәукілдесіп, шеркұмардан шыққанша асығады. Көңіл түкпірінен бас көтерген аңсары еліктей елендейді. Қиястықпен қыңыр ой жетегінде кетсе де, жүрегін шабақша түрткілеген сезімі Нәйраға ауып кете береді. Осындай жаны жабырқаған сәтінде қызы құрғыр көз алдынан көлбендеп: “Мені ұмытып барасың-ау, Дәкесі” дегендей болады. Бірақ дәті берік қиқар Данаш: “Махаббат - мастық, оның бар сиқыры сол ғана”, - деуден танбайды. Өз сыры өзіне мәлім. Соңғы бір талмадан соң, білікті дәрігерге көрініп, ашық сөйлескен. Сонда ол мені осы соқпадан не құтқарады дегенді айтқан. “Жұптасу” деген профессор қос саусағын шошайтып. “Өзімді бақытсыз етумен қоймай, жазықсыз бейкүнә жанды қосақтауға дәтім бармайды. Шешемнен маған ауысқан дерт баламның баласына кетпесіне кепілдік бере аласыз ба?” - деген. Сан ойланып, сан толғанса да тығырықтан шығар жолдың ретін таппай-ақ қойды. Ғашықтықтың сиқырына сенбесе де, қос жүректің тыпыршып бұлқына тулауын оз басы жоққа шығармайды. Ұнатқан бір шүйке басты жар етсін-ақ, қояншығы ұстағанда, әлгі сүйіктісінің жүрегінен не қалады? Оны да науқасқа ұшыратып тынса қайтеді?! Ұрғашыдан бойын аулақтап жүретін мұны құрбы-құрдастары “бірәдар” деп оспақтаса, Зекен сияқтылар “бұралқы” атандырған. Әзірше

шешесінен ауысқан талмасынан көргіш көздер хабарсыз. Мәскеуде оқып жүргенде, соқпа дерттің алдын алу мүмкін болмады. Білікті профессордың өзі басын шайқап, қояншықтан сақтанудың жолын айтумен ғана тынды. Тұрақты түрде дәрі қабылдап, жүйкеге түсер салмақты азайтып, бұған тек жеңіл жұмыспен айналысу керек екен. Бір артықшылығы - дене қуаты мол, басқа еш жері ауырмайды. Содан ғана үмітті. Әрі құдай атқан кеселдің сыр берер сәтін алдын ала сезуге әккіленіп алған. Соқпасы ұстардың алдында құлағы шулап, арқа-басы құрыстай бастайды да, тарс бүркеніп жата қалады. Ебенің екпініндей суылдап кеп соққан құйын тәрізді дүлей күш басып-жаншып, тұншықтыра илектеп, естен тандырады. Арқарлыда қызмет атқарған үш жылда талмасы сирексіді. Құлан таза жазылып кетуден де үмітсіз емес. Алданышы - еңбек, тынымсыздық. Жастықтың құмар-қызығы мұны еліктіре қоймайды. Дәрімен жуасыған сезімі ырық бермей кететін сәттері де бар. Қашанғы тежеле бермекші?! Табиғат сыйлаған қуатты дер уақытында түгеспей, ғұмырын текке өткізіп алып, ертеңгі күні бармақ тістеп жүрмесе жарады. Істеген ісің, атқарған қызметің, елім, жерім деп төккен мандай терің уақыт шайындысымен бірге кетіп, ізі қалмайды. Алған атақ та, басқа қонған бақ та мәңгілік емес. Ұрпақ жалғастығы ғана үзілмей, дәуір дөңгелегіне ілесіп ғасырларға ұласады. Олай болса, тіршіліктің мәні - бас құраған, жар құшып, бала сүйген. Бұдан өзге тырбаныс әншейін күн көрістің ермегі ғана. Пәлсапашылар осылай дейді емес пе. Рас-ау. Мал төлден, адам баладан өседі. Ұрпақ өрбімесе, өмірде не сән? Көктемде қаулаған жас өскін табиғат шырайын ендіріп, дала төсін жасыл реңге бөлесе, ана құрсағын жарып шыққан сәби жарық дүниені іңгөлаған үнге толтырып тіршілік базарын думанға айналдырмай ма!

Осындай ойға берілген сәтінде Данаш өзімен өзі айтыса бастайды. Өмірге дені сау, санасы саңлақ ұрпақ керек емес пе? Өзі тәрізді қояншық кімнің шікәрасы?! Ғұмырының денін айдауда өткізіп, бала сүймекке асыққан әкесі не ұтты? Аурушаң жас әйелге үйленіп жетіскені осы ма?! Одан туған баланың сикы мынау. Бұдан туған бала да жарты ми, жарымес болмасына кім кепіл? Онсыз да адам санасы қасанданып күлтемірге айналып бара жатқанда, бала сүйгісі келген ата-ана алдымен ойланып көрсін. Ұрпағы

азған елде нендей береке болады? Біреулердің пікірін жол-ма-жол қайталағандай көрінді де, ойын кілт ірікті. Виктор Трофимович екен-ау мұны айтқан. Не деп еді? Ғұламаның сарыны да осыған жуықтайды. “Орыс халқын коммунистік идеология адастырып әкетіп барады. Атадан балаға ауысқан тектілік қасиеттердің арқауы үзіліп, теңгермешілік саясат тегінде кісілік жоқ тоғышарларды, топастарды көтермелеп өмір саханасына шығаруға жол ашады. Сондайлардың дені қызмет орындығында. Жоғарғы билік те солардың қолында. Кеңестер Одағының халқын арақпен жарылқап, коммунизмге сенімді түрде бастап бара жатқан да солар. Ұрандауға жалықпайтынын қайтерсің өздерінің. Дүние жүзіне әйгілеп орыс халқын ішкіш атандырып тынды коммунистер”. “Біз ше, қазақтар?” - дейді Данаş ұстазына қарсы сауал қойып. “Қазақтар коммунистік құрылысқа шексіз берілген. Қазақ болу қиын, қазақ болсаң, орыс болу тіптен оңай”, - демеді ме өзбек ағайындарың. Іштеріңе кіріп сырыпаттарыңды ертерек біліп алғанбыз. Бәріне себепкер - ұлан байтақ қазақ даласы. Билікке дәнкітіріп, шен-шекпенге бейімдеп едік, елпектеп соңымыздан ере бердіңдер. “Сонда біз мансапқормыз ба шетімізден? - дейді Данаş қызарақтап. - Араққорлықты да қазақтарға ұйғарған сыңайдасыз”. “Ақиқат - ай тәрізді, жұрт көзінен тасалау мүмкін емес, - деп профессор әріден қозғайды, - Ұлан байтақ өлкені қазақ баһадүрлері сыртқы басқыншылардан сойылмен-ақ қорғап қалған. Бір өзі жүз кісілік батырлардың нәсілі бүгінде неге ұсақтап кеткен?! Соған ой жіберші? “Оның сыры былай, - деп бұл өзінше білгішсіді, - Бұрындары әке мен шеше балаларын бесікте жатқанда бір-бірімен атастырып қойған. Бай-бағлан, батыр ұрпақтары тұқымымыз азады, сүйегіміз ұсақтап кетеді деп текті атадан қыз алған”. “Бұны жақсы аңғарғансың, қазақтар қыздарын шындығында малға сатпаған. Қалыңмал ғұрпы қайта ұлттың табиғи сұрыпталуына жол ашқан. Бұ да керек. Менің айтпағым басқа. Сырт көз сыншы. Бүтін бір халықтың ұсақтауының сыры тереңде. Заман ауыртпалығы иығына түскен ұлт сөлсіз азады. Менің топшылауымша Кеңес үкіметі қазақтарды көбірек қолданған. “Мүмкін емес! - Данаş ақ жүрексіді, - Оқытып жеткізгені ме жазығы. Күн сәулелі Қазақстанның көп ұлтты халқы коммунизмнің зәулім сарайын салып бітуге жакын

қалса, сіз қайдағы жокты айтасыз?”. Профессор кекесінің сақпағын тұтата түседі: “Жөні түзу баспанаға ене алмай жүріп, сарайшылын?! Менің қолымнан келері сары уайым. Есінде жүрсін, ұрпағы азған елден береке қашады”...

Данаш әр ойды бір қуалаумен жайлауға іліккенде күн екіндіге құлап, ыстықтың беті қайта бастаған-ды. Бес қанат боз үй алыстан мен мұңдалап тұр. Сан рет төріне шығып дастарқанынан дәм татқан, жабыққан көңілін Исекеңнің төкпе жырымен сергіткен құтты шаңырақ көзіне жылы ұшырап, жүрегін жылытып барады. Кербез де керім Зәйраның қолынан дәм татудың өзі бір ғанибет. Сіңілісі Нәйра қандай! Ол Алматыда ағасының қолында тұрады. Көркем сурет училищесінде оқиды. Жазғы демалысында ауылға келіп, сурет салумен айналысушы еді.

Келбеті жағынан әпкесіне ұқсағанымен, сырбаз, баяу Зәйраға мінезі үйлеспейді. Нәйра лап етпе әсершіл. Кісінің іші-бауырына кіріп тұрады. Оның табиғаты суретшіліктен гөрі ақындыққа келіңкірейді. Соған қарамастан нысаңаға алған тақырыбын жете игеріп, қыл қаламмен бейнелеуде олжасыз емес. Әсіресе, ол адам кейпін ашуға бейім. Бұрнағы жылы: “Сіз суретке сұранып-ақ тұрсыз”, - деп ұсыныс жасаған. Данаш бой тартып: “Қаламыңның ұшынан да жүрегіңнің тұсында жүргенім қайырлы”, - деп қыз ықыласын қалжыңға жыққан. Суретші қыздың жан түкпірінде не жатқаны бұған мәлімсіз. Өз көңілінде оған деген қимастық молынан бар. Оған ынтығып құмарту өзіне салса, барып тұрған қиянат. Жазықсыз жас аруды құмарлықтың құрбандығына шалып, алтайыға шүйліккен бүркітше ұйпалақтап тастауға жүрегі қалай дауаласын. Гүлдей нәзік, табиғаттай пәк сұлудың ілһемін тауып, ғұмыр бойында еркелетуге жағдайы келе ме?! Бұған қолайлысы жуас, мондыбас ұрғашы. Әйтпесе ешкімге де ұрынбай жай жүрсін. Бірақ Зірікіл-Зекен тәрізділер таңын атырып, күнін шығарар ма. Бағана “қызға икемсіздігіңді менен көремісің?” демеді ме. Өсекке танып бұралқы деп шыға келетіннің бірі сол. Біреуді ілмелемесе жүре алмайтын қыршаңқыға не дауа?! Жездесіне ерегіскенде бар ма, апа-сапа үйленіп алса қайтеді. Шешесін сырқат меңдеп барады. Әкесінің де саушылығы шамалы. Өзіне де жылы алақан керек-ау. Осы ой Данашты ауылға жақындаған сайын түртпектеп, ширықтыра түскен. Үй сыр-

тынан: “Кім бар-ау?” - деп дыбыс берді. “Сәлемші болсаң жоғары шық”, - деп таныс дауыс іліп әкетті. Қонақ төрге озды. Зәйра бала емізіп отыр екен. Омырауын көлегейлеп бір қырындаған қалпы: “Аман-есен келдің бе, саушылығың қалай?” - деп сұрады камқор ниетпен. Әкең уайымдап жүр еді. Ана жолы үйде қона жатып біздің кісімен біраз кәукілдескен”. “Жақсымын, өкпеге суық тиген ғой. Өздеріңіз діні амансыздар ма?” Исекең қуатты ма?”

- Қомызын арқалап диуана жезден жүр мал соңында. Даланың бозторғайы да бір, ол да бір. Жалықпайды заржақ қырғыз.

- Сондағы жырлайтыны не?

- Мен де баяғы. Тұтқында жүре-жүре көні кеуіп қапты байғұстың. Қатынын мақтап қай еркек ұшпаққа шыққан. Қой, елден ұят десем, ехеленіп кетеді. Айтпақшы, Нәйра келген. Есекеңнің пәртіретін салам дей ме. Асай-мұсайын өңгеріп тау арасына кетіп еді.

- Кіммен?

- Деректірмен де.

- Екеуден екеу ме?

- Бүлкілбай ағамыз қалушы ма еді ондайдан. Зіркіл-Зекенді айтам. Біздің қыз жүрек жұтқан. Алабажаққа тым әуестеніп барады. Суреттен басқа білері жоқ.

Данаш бауырсақты сары майға жаныштап, қымызбен жылжытқан соң тысқа шықты. Сүлік торыны доғарды да, өрістегі Исағұлға тартты. Мал соңында жүрсе де көмейінен түйдек-түйдек жыр төгіп, құба жонды шаттыққа бөлейді. Жан сергітер әуезді үні қандай! Қырғыз бен қазақ әуенін араластыра термелегенде сұлу сазға еріксіз елтисің. Мұны салғаннан таныған ол қомызын үстін-үстін шерткілеп, төгілдіре жөнелді:

Биіктен құлар ағыным,
Сөйлесе құлар тағылым,
Туғаннан бетер, жарығым!
Үш ай тоқсан бойында,
Емханада жатқанда,
Артыңнан іздеп бара алмай,
Достықтан адал жаңылдым.
Айыпқа жырды ұсындым,
Алдыңнан құс қып ұшырдым
Жырдан шашу шашайын,

Қаңғанша біраз құшырың.

Сырқатынды аластар,

Болсыншы ем - ұшығым...

Қос құшақ айқасып, аздап зауыктасқан соң, әңгіме басталды.

- Е, солай де Данаш шырақ! Өкіметің он жыл ит бактырып еді, енді мал соңына салып қойды. Ерте көктемде әкеп қондырған. Үш айдан асты, бір құдықтан тапжылмағалы. Өрістің оты шайылды, ұзатып жаяйын десең егіннен қорынасың. Екі сапқоздың шекарасында қыспақта қалдық. “Семірт те, семірт!” - деп дігерлейді бас маманымыз. Шаруашылығымыз үздік, атағымыз Мәскеуге мәлім деп қоқиланады. Шөпке тоймаса да ырдан кенде болмасын деп ертеңдікеш комызды шерткілеймін де жүремін. Енді қайтейін, сотталған атым бар, сәл қылдан тайдым ба, еркек итше едірендей бастайды бастықсымақтар. Оның үстіне өзі... жас та, кәрі де араққа салынып, есіріп барады. Аузы күйген үріп ішеді дегендей, жол шығын боп кетермін деп ырды алданыш қыламын.

- Дұрыс-ақ, Исеке! Мені сізге табындырған осы өнеріңіз. Сеніскен досыңыз да болмашыға сатып кетуі кәдік. Өнер алдамайды ешуақытта, сонысымен қымбат.

- Пай-пай, шоң Данашым-ай! Тереңге тартасың-ау! Оқығанға дауа жоқ. Әлгі балдыз, сіздің ғашығыңыз да пәлсапалап сөйлеуге жеткізбейді.

- Ғашығыңыз не, қарындасым емес пе? - деді Данаш қуыстана қызарақтап, - Астаналық ару мен тәрізді ауылдың қара жаяу агрономын теңсіне ме?

- Әй қайдам, соның саған бұратын тәрізді. Келгелі өзінді сұрағыштап құлағымызды жеп қойды таза.

- Жарайды, Исеке, жігітке қыз зәру ме, қалың малдан қыспасаң болды, - деп Данаш сөз ауанын басқа жаққа бұрды.

- Мен жоқта қандай өзгерістер болды? Соны айтыңыз.

- Кеңседен білмедің бе? - деп Исекең бұған сыншыл көбен тесірейді. - Әлде біреулерге наразымысың?

- Егінді шола шыққанмын. Сізге сәлем берейін деп...

- Қабағыңнан танып тұрмын жайынды. Сен кетісімен Арқарлының алпауыты емін-еркін кірісті. Техниканы қап-татып жіберіп, құдай сақтасын, құба белге шейін жырты дейсің!

- Биылғы жаз жаңбырлы, егін бітік екен. Есекең ұтылған жоқ, есебін тауып екі асады, - деп бас агроном зілсіз жуып-шайды.

- Өйтіп асағаны құрысын! Сен барда Арқарлы даласы ептеп тыныстап еді, түбіне жетті шоң деректірің. - Исекең егінжайды иегімен нұсқады. - Жайлауға біз де тұяк іліктірдік, көк желкемізден тракторлар да азанын бастады. Ескі жыным ұстап, атты бұтқа бір салып: “Қоқи, қоқи! Жау шапты!” - деп ұмтылмасым бар ма! Қарсы алдымнан Есекемнің шыға келгені. Мен байғұстың алды бар, арты жоғын біліп алған сабазың. Мыңқ демейді-ау! “Ой, Исекем, чоң қырғызым, қазақ халқының бірінші нөмірлі күйеу баласы”, - деп арқамнан қағып-қағып жібергенде, алдына түсіп елпелектей бергенімді өзім де сезбей қалдым. “Жоғарыдан келген нұсқау, бесжылдықтың соңғы жылын кіріспен аяқтау үшін табыстың тай қазанына қосымша сыбаға үстемелейінше болмайды, Исекесі. Бүгінде Арқарлының атағы Одаққа мәлім”. “Мал қайда жайылады?” десем, ірі денесіне бек жарасқан суық жымыиыспен: “Екі-үш жылдан соң өрісіңізді өзіңізге қайтарып береміз. Екпе шөпті күрт-күрт күйсеп, табыныңыз бордақыда тұрады әлі”, - дейді түк шімірікпестен. Енді оған не деп дау айтарсың. Зымыяндыққа жеткізбейді чоң деректіріміз. Дегенмен көтерімді өзі, үстінен түйе жүрсе де, мыңқ етпейді. Ө, шіркін, ішін ашып көрсе ғой. Ақ қасқа, көк қасқалардың талайы көлденеңінен жатқан шығар-ау.

- Бұл сөзіңізге қалай түсіндік?! - деп Данащ саусақтарын тарбайтты.

- Өзгені итше үргізіп қоятындар ит мінезін сырт көзден жасыруға шебер. Ондайларды “ішінде ит өліп жатады” деп тұспалдайды көп аузы.

- Директордың айтақшысы кім сонда?

- Жездең, Зіркіл-Зекен ше? Көлбақа су жұтудан жалыға ма. Зекең де сол: жылан алқым, бақа бас. Әкесі марқұм бұндай емес еді. Ішіп алғанда жылайтын еңкілдеп. Мойнымда жазықсыз адамдардың қаны бар деп. Тіл алғыш, айтқанды екі етпейтін аузы ауыр айдауылдарды ләгірдің бастықтары тентектерге айдап сап, солардың қолымен кісі өлтіртеді. Өің талай естіген қос ғашыққа мылтық кезеген де Зекеннің әкесі. Кейін ләгір тарап, сапқоз орнағанда,

өлерінен екі жұма бұрын.”Жырыңа мені қоса көрме”, - деп жалынды. Содан былай аузыма алған емеспін. “Зәйра сұлу” қисасын ермек етемін.

- Тағы бір тыңдайыншы, - деп қиылды Дана.

- Қайталағаннан жырдың әсері кемиді, саған одан да сонысын ырлап берейін.

“Облыс жарлық шығарды,
Аудан, сапқоз құп алды,
Атқа қонып әкімдер,
Бастады дейсің ланды!
Жауша тиіп жылқыға,
Айғырды келіп бір алды,
Қоймай-қоймай шын алды,
Жесір қалып бар бие,
Шұркырап жоқтау шығарды”, -

деп тоқтады да, Исекең оқиғаның мән-жайын айтып шықты. Үйір-үйір жылқы егінге түсіп, шаруашылықтарға орасан зиян келтірген. Шегірткедей қаптаған жеке меншіктегі қыл құйрықтың санын азайтып, ит-құс, ұры-қарыға жем қылудың, тозғындатудың амалын қарастырып көрген де үйір қожасына ауыз салған.

- Міне бауырым, сен жоқта біз жиырма сегізінші жылғы ұлы кәмпескенің қайталанған жаңғырығын бастан кешірдік. Үш биенің соңындағы Қара жорғаны Зекен бастаған белсенділер үш жүз сомға бағалап, қолыма бір жапырақ қағаз ұстатты да, мәшинеге артып алып, тайып тұрды. Арқарлыдан жеке меншіктегі отыз шақтысын, аудан бойынша жүз елу айғырды ет комбинатының өңешіне қытырды.

- Апыр-ау, сонда қалай өзі?! Мұнымыз әділетке жатпайды, қиянат деп, ең құрығанда бір адамның шықпағаны ма дауыс көтеріп?

- Қайдағы?! Мансап үшін құлдық ұрған жағымпаздар іші бокты, сырты түкті мал түгілі арысқа салар азаматыңды айдатып жіберсе мыңқ дер ме?! Кезінде сондайлардың құрмалдығына шалынып, ел-жұрттан безіп жүргеннің бірі мен ғой.

- Сөзге жұбатпай, билердің жоқтауын айтыңыз енді.

- Әй, қайтесің! Ішке сыймағансын далбастаймын, әншейін. Қаражорға жануар түсімнен шықпайды. Мәшинеге артып жатқанда кісінеп еді дейсің! Сондағы жан айқайын сұрама

жануардың! Ендігісін үйге барғансын тындайсың. Ымырт үйірілмей қайтпаймын. Кешкі салқынмен жаймасаң, салмақ қоспайды мүйізің түскірлер. Қалғанын біздің сұлудан, Зәйра апаннан естірсің. Оған шейін ғашығың да кеп қалар. Көздегенің қыз да сен сығырдың:

Отыр міне қос бажа,
Ашық ауыз бос бажа.
Құралайдың лағын,

Жібермейік басқаға, - деп қомызын шерткен бойда тұсаулы атына қарай жүрді.

- Өк, ей, мың болғырлар! Дәмесінің зорын, көк егінге әукесін созып...

Арқарлының қабағы бүгін бұған ашық көрінді. Азанда нөсерлеткен жаңбырдан соң, піл сауыр құзардың арқа-басы шаң-тозаңнан тазарып күн кірпігіне шағылыса, күміс реңдене құбылады. Ыстық көтерілгенімен тау іші дымды. Тыныс ашқан сап ауада қоңыр леп бар, лекіте ескектеп, Данааштың тұла бойына жайлы тиеді. Деректірге деген қиястық, қызға деген қимастық мұны бүгін де оқшау жүріске итермелеп Бабатауға асықтырады. Данашсыз да шаруашылық қараң қалмапты. Егінін баптап, шөбін шаптырып, малын бақтырып жатыр. Қайта оң бастамаға көпе-көрнеу кедергі келтіріп, аяққа оралғы болған тәрізді. Совхоз мал азығын дайындау жоспарын әлден-ақ орындап тастапты. Агрономиялық кеңесте талқыланып, ауыл шаруашылық басқармасында мақұлданып, директордың бұйрығымен бекіген жайылымды жақсарту бағдарламасында шөп жетілмей шабындыққа шалғы салуға болмайтындығы айқын көрсетілген. Өсімдікті тұқым шашып үлгертпей баудай түсіру, табиғи шабындықтың сиреп, өскін түрлерінің кеміп, жойылып кетуіне әкеп соқтырады. Данашқа салса, жерді пайдаланудың байырғы дәстүрін ұстанып, көктемгі көктеу, жазғы жайлау, күзгі күзеудің тәртібін қатаң сақтауды қолға алар еді. Жоғарыдан тапсырыс солай деп қойды елу миллионға, егінді миллиард пұтқа жеткізуге жанталасқан даурықпалар аяғының астындағы асыруашысы жермен неге санаспайды? Қаншалықты көнпіс көтерімді дегенімен дала шіркін де ауырламай ма артық жүкті. Былтырдан бері облыс көлемінде жем азық диірмені деген пайда болды. Темір жақ, шойын көмей жалмауыз тісіне іліккенді талғамай қылғып жұта

береді. Қараған, жыңғыл, шілік, қамыс, баялыш та өңешінен өтіп кетеді. Қаттылығы сексеуілдей тобылғыны да турап тастайды. Сол аран ауыз, болат тіс Арқарлыға да орнаған. Жалмауыздың ұңғысы оңайлықпен толсын ба, мал азығын дайындаушылар қараған-тобылғыны жаусатып салыпты. Өзі жоқта өріс алған бассыздыққа жаны күйініп, торыққан Дана-наш кімге соқтығарын білмейді. Соқтыққан күнде не келеді қолынан? Бас агроном құр айтарға. Директор қолдамаса, оның да өрісі тар.

Шаруашылық қожасы жат десе жатады, тұр десе тұрады маман атаулы. Олай етпейді екенсің, табанынды жалтырат. Директор - құдірет, бар билік соның қолында. Себебі, оларды аудан тындайды, облыс қолдайды. Бір басына біраз атақ-абырой жинақтаған Есей тәрізді мықтымен тап бір өле алмай жүрген біреу болмаса, кім ұстасады? Аудандық партия комитетінің бюро мүшесі, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, тулы шаруашылық кәмәндіріне соқтығып көр?!

Есейден расында Дана-наш басынан сескенетін. Қаңғытып жіберуден тайынар ма. Ғылыми атағы бар, бір басы сияр-ау кең дүниеге. Өке-шешесін шырғалайды, әттең! Бетінен тозағы шыққан ата қоныста не қасиет қалды?! Есей тәрізділер білгенін істеп жатқан жоқ па! Жалғыз бұның жас баланың шырылындай жан айқайын кім тындайды?

Ойын желді аяқтың тырылы бөлді. Қос дөңгелекке қон-жиған қорықшы Смет ұшыртып келеді. Дана-наштан үш-төрт жас кіші ол бас агрономды өзіне бастық санап, сыйлап жүреді. Былайғы жұрт оны бөжекей көреді. Сондайлық әкетіп бара жатқан бас бұзарлығы жоқ. Кезеген аяқты Бабатауға қия бастырмайды. Сірә, сонысы ұнамаса керек ауылдастарына. Аң аулап сейіл құрғысы келген сырт жүргіншіге қорықшы жігіттің қырағылығы тіптен әйгілі. Мылтықты төбесінен асыра атып зәресін алады. Еріккен қыдырма қоянша зытып береді. Директордың жынды балдызы деп те мұқатады оны жұт. Қорықшының азан шақырып қойған есімі - Смет. Тауға өрмелегіш шымырлығына бола құрдастары Тарзан атандырған. Алып тасбақаша тұтасқан Бабатаудың жып-жылмағай жалтыр сауырына тау еркесі арқар да зорға іліктіреді тұяқтарын. Асқақ құзарды бағындырып, шыңға өрмелеуге әбден машықтанып алған қорықшы екінің біріне сырын ашпайды. Жұрт көзінен тасада, тау ішінде жүргендіктен бе,

кейпінен былайғы көзді жасқайтын сұсты шымырлық аңғарылады. Иықты, бойшаң, серпінді тұлғасына орайласа үйлескен пішіні де кесек. Жанары жіті, әрі өткір. Қимылы шалт. Данаштың байқауынша ол да жұмбақ жан. Үріп ауызға салғандай сүйкімді келіншегі бар. Сонысына қарамастан ол кісі киік. Сырт көзден жалтарып тасада жүргенді ұнатады. Ұзын құлақтан естуінше, ол намаз оқитын көрінеді. Өзімен пікірі үйлеспесе де сәлемі түзу қорықшы жігітке Данаш сырттай тілекші. Ат үркер деп жасқанды ма, Смет желді аяғын алысырақ тоқтатып бұған қарсы жүрді. Төс түйістіре жете амандасып саушылығын сұрап жатты. Сүлік торыны сулығынан ұстап жол жиегіндегі жалғыз талға бұрды да, атты доғарып көлеңкеге қаңтарды. Темір көлігін арбаға итіндіре қойып, бүйірлі тоқ қоржынды ақтармалай бастады. Құрым киізбен қапталған ішті құтыдан қымыз құйып Данашқа ұсынды. Піскен ет пен ақ тоқашты алдына жайып, бұған үнсіз қызмет көрсетіп жатыр. Екеуінде үн жоқ әлі. Данашта таңырқау басым. Мұның осы жаққа келетінін біліп, алдын ала қарсы алуды жоспарлап қойған ба? Әлде аяқ астынан тапқан амалы ма?

Данаш қитықты. Кінәмшіл кіділікке басудың қисынын және таппай, қорықшының аңысын аңдады. “Есейдің үйретіп қойғаны шығар. Бабатаудың арқарын місе тұтпай, енді мені андиын деді ме бұлар”.

- Алыңыз, - деді қорықшы, - әдейі сізге сақтап едім, құлжаның сүбелігі. Боса да бөгденің тісінде кетеді, мал жиганның жазығы жоқ.

Данаш арқар етін жеп көрген емес. Жылымшы исі танауын тітірентіп, жүрегін айнытты да: - Жиып ал мынауыңды! - деп зекірді өп-өтірік мүләйімсіген қорықшыға шаншыла тесірейіп, - Саған сыбаға әзірле деп кашан айттым?!

Данаштың шала бүлінуі қисынды. Жалғыз бұл ғана емес, Қосайдың қырық жетімегінің бір атасынан тарайтын Құлжабай ұрпағы аузына арқа етін алмайды. Аңыз атасы - шындық. Бала көрмей баянсыз тірліктен безінген Тоқай батыр күндердің күнінде бабасы Қосай әулиенің басына түнейді. Ұйқылы-ояу жатса, сақалы тізесіне төгілген, қос мүйізі айға жетердей айбарлы құлжа батырды тұяғымен тарпып: “Бір ұл, бір қыз берсем азсынбаймысың?” - дейді адамша сөйлеп. Батыр боз қасқалап ауылына шабады. Қос

бәйбішесінің үстіне және алады бір жас аруды. Сұлулығы ересен бопты Айбаланың. Дидарынан шашыраған нұр қараңғы үйді жарық қып тұрса керек. Көркіне ақылы сай Айбала артық-кемі жоқ бір ұл, үш қыз табады. Тоқай зарығып көрген жаман немесінің атын Құлжабай, қыздарына кілең Таңсұлу, Айсұлу, Күнсұлу есімін тіркейді. Тегіне тартып Құлжабай әулетінің қыздары көрікті боп туып, ақылды боп ер жетеді екен. “Құлжабай руының асылы қыздарында” деген сөз содан қалған.

Смет қипақтады. Түпкі ойын сездіріп қойғанына қуыстанып, бас агрономның ыңғайына үнсіз илігіп, тағы бір мырзалыққа басты. Су құйған местен солаң еткізіп тірі балық алып шықты. Женді білектей қос сазанды қолы-қолына жұқпай аршып шықты да, тездете от жағып, қол бақырмен шығғырып Данаштың алдына қойды.

- Бұл қай судың балығы? - деді бас агроном тәбетін ашқан дәмге құныға бас қойып.

- Өзіміздің бөгеттің.

- Өзіміздің деймісің?! Құй қымызыңнан... Деректірді көрмедің бе? Жоғалтып жүргенім. - Данаш салқын назарын қорықшыға тіктеді. Ол да бұған тайсалмай тура қарады.

- Сөзіңе болайын! Оныңды маған бактырып қойып па ең?!

- Зекен екеуің директордың жан қорғаны емессіндер ме?

- Ондай қызметтегі адам дөкейінің қасынан екі елі қалмайды. Сүметіліп соңында жүреді. Мен бар болғаны тау күзетемін. Директорға үздігетін ұрғашы емеспін, ит те болса еркек атым бар.

- Қайдам? - деді Данаш басын шайқап, - Осы отырысында мін бар. Есей жолдастың диссертация қорғағалы Алматыға аттанғанын неге жасырасың? Нән құлжаны кұұатып, қанжығасын бөктертіп жібергенің қайда. Жандайшап Зекен ту биені бәршектеп астанаға бастығынан бір күн бұрын аттанғанын кім білмейді. Тағы қандай құпияларыңды ақтарайын?

- Жетер, - деді Смет қызарақтап, - Ертеңге қалсын.

- Ертеңге қалдырмаймын! - деді Данаш сұрлана шамырқанып, - Қойманды ақтарып, қоянды құстырамын! Тығындынды індетпей және тынбаймын.

- Тым қатты кетпеңіз ағасы, мен бар болғаны күзетшімін.

- Тепсе темір үзетін дер шағында қора күзеткенің жараспайды саған. Бүйткен итаршы тірлік неме керек?!

Смет тосылды. Сенің де жетіскенің шамалы дегісі келді де, өзі пір тұтатын оны бір жолға кешірді. Айтып отырғаны қаны сорғалаған шындық. Қаншама қаржасып арбасқанымен біреудің біреу ішіне кіріп шыға ала ма? Сезік аңдағыш сұғанақтыққа жоқ Данаштың қолынан ондай көріпкелдік келмейді. Дегенмен долбары дұрыс. Өріске таласқан айғайшыл малшыдай жер қорып, директордың жыңды балдызы атанғаны қайбір жетіскендік?! Институтта дене тәрбиесі мамандығы бойынша оқып жүргенде, шарап желігінің қырсығынан біреудің жағын сындырып, сотталып кете жаздап, жездесінің ара түсуімен жеңіл жазамен өтеген кесімін. Істі болып оқудан шыққан соң, еріксіз Есейдің қарамағына ілікті. Еруліге қарулы, су түбіне кеткелі тұрған жерінен беделін салып құтқарып қалған. Есейдің жақсылығына бақсылық жасауға ұяты жіберсін бе. Алдына мал салып, басына үй көтеріп, бар жағдайды жасаған. Әзірше жездесімен кереғар кетіскен жері жоқ. Айтқанын қалт жібермей орындап елпектеумен жүр. Бірақ сырт адамдарға ұнамайды тіл алғыштығы. Жан тыныштықтан қашқанда тегін нанды кім жегізеді бұған. Жоғары біліміне сене ме? Бұнсыз да боқ күрегендер жетерлік. Олардың қатарын толықтырғанда топ алдына шыға ма. Жылтырақ темір кімге жетеді, атақ та өлшеулі. Одан да сый-сияпат дәметпейтін осы жұмысы қайырлы. Азар болса тау күзеткен кезбе дер.

- Солай де, Смет мырза? - Данаш қорықшыға тағы да сүйкенді, - Аңшылыққа икемделіп қапсың. Қақпаныңа әзірше түсе қоймасын. Үш жақтап жүрмесендер.

- Оларың кім?

- Жездесі мен балдызы, сосын Зіркіл-Зекен.

- Бір жезде сізде де бар, Дәкесі. Жақыныңызды жатқа санағаныңыз қалай?

- Бердім сендерге сол бақа басты. Дәміне рахмет, жол көрсетіп жіберші.

- Қайда тарттыңыз?

- Тау іші, астанадан келген қызға жолықсам деп...

Смет ұтылғанын сезе қойды. Ендігі өтірігі өрге баспасын біліп, анығын айтып құтылды. Нәйра кең ауқымды туынды жазу үстінде көрінеді. Ол жаққа ешкімді аттатпа, суретшінің

жұмысына кедергі жасайды, деп директор бұған қатты тапсырыпты. Қорықшы Есаған айтты деп сәл бұрмалады, Сметке бұйырушы Зекен болатын.



Қызыл кірпішпен өрілген саяжай сыртынан қарағанда тым жұпыны. Екі пәтерлі үйдің аумағындай шағын ғимаратты көрмеген адам күндіздің өзінде таба алмайды. Төңірегін мырза терек, балғын қайың, қою бұтақты тал, қарағай көмкерген демалыс орнына бастап келетін таспа жол бір шақырымнан үзіледі. Атпен немесе жаяулап келмесе, мәшине жүре алмайды. Көк желкеден үңіле төнген бүркіт тұмсық құзардың ұшар басынан шаңырақ мүйізі аспан тіреген құлжа ентелейді. Данаш олай қарап, бұлай қарап кәдімгі тірі арқарға ұқсатты да қойды. Әлгі бейнеде қозғалыс бар. Біресе көлденендеп, біресе биіктен төменге үңілген тәрізденіп, енді бір мезетте ту сыртын беріп тұрғандай боп көзден тасаланады. Содан біразға шейін көрінбейді, кенет әлгі арқа қайта шыға келеді ереуілдеп. Биіктен секіредей шатқалға үңіле төнгені ата құлжаның өр кейпіне ұқсап-ақ тұр. Таулы өңірдің қалт етпейтін сақшысы сергек те сесті. Үйірін қауіп-қатерден қорғап әбден кәнігіленіп алғандай.

Данаш саяжайдың терістігіндегі бөгетті жіті шолды. Атты доғарып демалыс үйінен жарты шақырымдай қалтарыстағы қорықшы тұрағына бет алды. Ит үрді. Тысқа жүгіре шыққан келіншек бұған таңырқаған пішінде қарады да, қайта кіріп кетті. Сөйткенше екінші есіктен бір бас қылтиды. Іле ол да жоқ болды.

“Кісі көрмегендей бұлары несі?!” - деп ойлады Данаш. Қай тұтқаны ұстарын білмей, дағдарып тұрғанда, пердесі жартылай жабулы терезеден біреу сығалады. Жыға танымаса да шырамытқандай боп, әлгі бейнені бағып еді, қайтып көрінбеді. Бұл ойланды. Қорықшының төріне баса-көктегені дұрыс болмады. Жөн сұрамай және кете алмады. Іздегенін індетпеске лажы жоқ. Тау сағалаған алтайыдай көз жаздырған Нәйраны көңілінен шығара алмай әлек. Бәлкім, дидарласа тыншыр. Жүздеспегелі бір жылдан асты. Нәйраны сағынған тәрізді. Сағыныштан гөрі оны басқаның сұғынан қызғанған сыңайда. Жүрек тыпыршытқан дегбірсіздікте сон-

дай сыр бар. Бұған дейін басынан кешірмеген тентек сезімге түрткі салып, түрт шайтанға басқан қомағай ынтызарлық өзіңе тиесілі сыбағадан құр қалып қойма деген ойға жетелей береді.

Қорықшының келіншегінен жөн сұраған. Смет үйреншікті жұмысында. Суретші қыз асай-мұсайын арқа-лап тауда жүрген көрінеді. Келіншек нұсқаған жаққа бет алған Данаш бөгетті сүзіп шықты. Көлемі жарты шақырымды ораған көлшік айнакөзденіп мөлдіреп жатыр. Екі қапталы құлама жақпар. Таудың қысаң қолтығына орын тепкен бөгесін жер бетіне жойылып кеткен Алматының Есік көлін еске түсіреді. Қолдан отырғызылған, әлде өзі өскен бе, әредік тал ұшырасады су жиегінде. Ұзындығы үш жүз метрден асып жығылатын тоспа үйіндісіне қос қатарлап жарыстыра терек пен шырша егіп тастаған. Қаз, үйрек баршылық екен. Балық жетерлік боса-болмаса. Ала бұға мен сазан, әредік табандар тұңғыықта емін-еркін шарлап жүр. Айналасы он жылдың ішінде балдырлы, құнарлы көлшікке айналып, кемеліне келген жасанды бөгет мұны қызықтырмайды. Сандаған гектар алқаптың аңқасын кептіріп, екпінімен өгіз ағызатын Тентек өзенінің түбіне жетіп тынған жоқ па. Данаш биікке көз тігіп еді, әлгі тау күзеткен құлжа көрінбеді. Іздеген адамынан дерек жоқ. Құзға тырмысуға оқталып бір тұрды да, жүрегі дауаламады. Олай-бұлай ойқтап, тастан тасқа ырғыды. Еңтігін басқан соң, тауды жаңғырықтыра айқайға басты. “Ау-Нәйра-Нә-йра! Қайдасын?”.

Іле ол көрініс берді. Аңғарға қарама-қарсы жартасты таңдаған да, алаңсыз кіріскен машықты жұмысына. Қатарынан екі жеті еңбектеніп, табиғат сұлулығын сомдаған. Шыннан қарауылдаған ата құлжа Бабатаудың асқақ кейпімен үйлесе жымдасып ұлылық пен сұлулықтың бүтіндігін, ажырамас жарасымын айдай әлемге әйгілеп тұрғандай. Суретшінің жүйрік қиялы: “Ей, адамдар, мында зер салындаршы! Осы біз кіміз?” дегенді андатқандай. Жас суретшінің әлжуаз қаламынан туындаған шығарма өзіндік дара өрнегімен Данашқа қатты әсер етті. Таулы өңірдің мөлдіреген әсемдігіне арналған ірілі-ұсақты суреттері көз тартарлық. Жасандылықтан ада, бір сыдырғы сәтті жазылған дүниелер. Тек бір шығармасы ұнамады бұған. Есей - Есағанның. Талапкер

бұл бейнені сомдауға бар қабілет-қарымын көрсетіп, бояуды шебер жұмсаған. Нәтижесінде кәдімгі Есей Досаев деген атақты кеңшар директорының жалған кескіні сойдақ тастай едірейіп шыға келген. Жансыз. Қатып қалған жасанды кейіп. Арқасын тауға беріп көк теңіздей толқыған егінжайға мұрнын шүйіре астамси қарап тұрғандай. Ұлы жаратылыстың асқақ тұғыры тауға танауын көтеретін ол кім? Егін оның мандай теріне өнді ме? Бабатаудың қойны-қонышын тінткілегеннен басқа не бітіріпті?! Данаш пікірін сыртқа шығармай, құр бас шайқады да қойды. Мүмкіндігін сарқа, беріле кірісіп аяқтаған туындыларына бұдан байғазы дәмектен талапкердің меселін түсірмейін деп тартынған. Айналасы бір аптада қыруар сурет салып шыққаны расында елеуге тұрады. Бар еңбегі мінсіз боп шығуы мүмкін емес. Бірегей дүние оңайлықпен жазыла ма. Осы тұжырымын білдірмекке оқталып еді, Нәйра тағы бір кескіндемені алдына тосты. Жас ару қайынға сүйеніп ойлы жүзін алысқа жіберіп тұр. Көк желкесінен нобайы қасқырға келетін едірек тас төнеді. Суреттегі жазықсыз жанның, күнәсіз сұлудың қапысын табуға баспалайтын тәрізді. Қыз сүйенген ақ қайыңның түбінде балта жатыр. Ағаштың бұтағы тәрізденген жылан бейнесі ақ балтырға сұқтанады.

Данаш туындыға еліге тесілді. Нағыз суреткерлік алым, сұңғыла қиял, зерек зерде - бәрі-бәрі бір нысанаға бағытталып, айтып тауыса алмастай ұзақ сонар әңгімеге жетелейді. Жақсылық пен жамандық тайталасы, жем андыған ынды, сұлуға қадалған сұқ, анталаған араң ауыздардан қаймықпай дүние дидарына уылжыған пәктікпен тік қараған бойжеткен, ерте ме кеш пе өктемсіген біреудің қолындағы балтадан қырқылатын ақ балтырын күн кірпігіне тосып, тау желемігіне аймалатқан балғын қайың - бірі алла тағаланың абзал жаратылысы да, екіншісі сандаған өскіннің жиынтық бейнесі іспетті қасиетті ағаш. Табиғаттың екі бірдей декдарын тұтас бірлікте бейнелеуі - суретшінің зор табысы. Нәйраның бұл шығармасын көзбен тамашалау аздық етеді, көңілмен түйсініп ақылмен байыптаса ғана суреттің құпиясы ашыла түседі. Жігіт осы ойын қызға білдірумен қатар әдеміліктің сұсынан дүние-әлем ықтап, барша тіршілік қақ жарылып жол беріп тұруға тиісті. Сұлулыққа тәңірдей табынудың арқасында адамзат өркен жайып, осындай рухани өріске шықты дегенді айтты. Қыз жауабы әзір екен. Жара-

тылыс алға озып, адам ақыл-ойы ілгерілегелі әсемдікті қолдан жасауға деген әуестік етек алды. Сұлулық - тәңір сыбағасы, жаратылыс тартуы. Оның табиғи қалпын бұзып, әлеміштеу әрін кетіріп тұлдырлайды. Темірге жан бітіріп, адамзат өзін асырап сақтаушысы жердің жағасына жармасып көзсіздікке құрық беріп жатқанда, тәйірі нәзіктік сөз бе?! Жанталас тірліктің жалына жармасқан есерсоқтар қорғансыз нәзік жаратылыстың бейкүнә өркені қыз бен қайынды аясын ба! Нәйра бұл еңбегі арқылы адамдарды мейірімге шақырмақшы екен.

Данаш тосылды. Қыз бұның түпкі ойын жер түбінен сезіп қойғандай. Беті ашылмаған бозбаладай қуыстанып, Нәйраға туралап қарай алсыншы! Ол керісінше бұған түк іркіліссіз жұмсақ шыраймен іш тарта жәудіреді. Келгенің қандай жақсы, жалғызсырап отырғанда, дегенді өзімсінген ажарынан қапысыз аңдатқан Нәйра іркілмей актарыла сөйледі.

- Мына дүниелерді жазып шыққанша өліп қалмас па екенмін деп қауіптендім.

- Жалғыз-жарым кісіге тау іші қорқынышты, содан шығар.

- Жоқ, одан емес. Мен тым беріліп кеттім сурет салуға. Соның салдары. Әйтпесе елегізетін қисыным жоқ. Әне, Смет жүр сыртымнан қарауылдап. Біз мұнда екеуміз. Мына кескіндемедегі керім ше, - деп Нәйра өзі салған бейнені көз қиығымен нұсқады.

- Қыз ба? - деп қалды Данаш.

- Таныстырамын әлі, - деп жымиды ол - Кулинария техникумын бітіріпті, шешесі осында тұрады. Қолынан талай дәм татқан шығарсың.

- Ол кім еді, жас адам ба?

- Тоқтасқан сары қарын бәйбіше. Ұлты ұйғыр ғой деймін. Істеген тағамы енді ғажап! Ішкен сәтінде бойыңа сіңіп жатады. Қызы шешесінен өткен қылап. Бес біткеннің бәдендісі. Әдемі-ақ.

- Өзін ше?

- Менің әдемілігім оған қарағанда жай бір көрмеге ғана. Ол дегенің үгітіліп тұр әншейін. Аяймын өзін. Бір суық қолға жем болады ғой деп. Құрбыларымды есіркегенде өз хәлім нешік десеңші?!

Нәйра көп өзгермепті. Өңінен жүдеулік байқалғанымен, жанары байсалды. Кісіні суретшіге тән сыншыл назармен барлайды. Қылымсы сезімін тұқыртып тастайтын қайсар әдетінен танбағандай. Кейде пікірін бүркемелеп “сізге” басып сынықсушы еді, тым еркінсіп барады. Бұл амалы өзімсінгендік емес, мінезіндегі естиарлық болуға тиісті.

Ол да мұның жігерлі кейпінен жақсы нышан байқағандай еді. Жұмыс басты боп жүргендіктен бе, Данаş бұған бір түрлі тұйықтау көрінетін. Жүріс-тұрысында сылбырлық басым-тын. Қазір байқаса - бұрынғы Данаşты сесті де сергек жігіт алмастырғандай. Сөйлеген сөзі, риясыз күлкісі, ең ақыры жүріс-тұрысына шейін бұрынғыдан басқаша мәнерде. Биік жар қабақтың астындағы мұңға бейім ойшыл көзі отты. Бұған жалт етіп қараған сәтінде тұла бойын дір еткізіп, өзгеше жұмбақ толқынға бөлейді. Нәйра жігітке салғаннан берілмеді. Қатарынан бес күн жұбы жазылмаған екі жас бір-біріне бірте-бірте жақындап, қауышар сәтгі тездете түсті. Қыз талай-талай асау сезімді жүрегінен өткеріп, жастықтың бұла бұлқынысына дес бермей жүрген-ді. Көзбен емес, жүрекпен іздегені осы мына тұнжыр көз, бұйра шашты, қыран қабақ, ер бітімді жігіт болғаны ғой. Қыр соңынан қалмай ту сыртынан баспалаған әлгі бір астаналық ашкөзге қарағанда агроном жігіт иман таразы емес пе. Кейінгі бір жылда Нәйра соңына қуғын түскен алтайыдай ала көңіл боп жүр. Көлеңкесіндей ербиген біреу мұны сыртынан бағады. Әлгінің суық назарынан қалай жалтарса да құтылмайды. Өзіне жүктелген бейнені нанымсыз шығарған қабілетсіз сахнагердей жүріс-тұрысы сөлекет еркектің бұған ғашық болғандағы кейпінен қарадай жиіркеніп біткен Нәйра оны көз алдына әкелсе көңілін қорқыныш иектейді. Сол сақалдының сұғынан құтқаратын Данаş қана бұны. Астамсыған неменің жынын қағып алмай ма. Бұған айтпай-ақ қойсын, естір бірде. Қыздың жәбірленген көңілі Данаşтың аялы алақанының май сылауын түйсінген сайын жадыраңқы тартып, шығармашылықтан, әрі анталаған құмар көздерден шайлығып, шаршаған жүйкесі босаңсыған ол жігіттің алпамса құшағынан сая тапты. Пісуі жетіп әбден кемеліне келген махаббат екеуін елеусіз табыстырып, бір бүтін денеге айналдырып жібергендей еді. Алғашқы екі күн бейбіт мамыражай өтті. Сағынысып табысқан қос жүректе кінәрат жоқ.

Бұлар сай табынындағы киіз үйден ұзамады. Нәйра аяқтаған еңбегін қырнап мінеу үстінде. Данаш суретшінің бояуын дайындасып қолғабыс беріп жүрген. Кенет сап еткен ұстамасы сақтануға үлгертпей, тарпа бас салды да, жігітті қыздың алдына шалқалата жықты.

Аңғарды қуалай ескектеген желемік ішін тартты. Аскақшың жігітке аяушылық білдіріп, күңірене дөңбекшіді. Тау басынан қарауылдаған ата құлжа бір сұмдықтың болғанын сезгендей, пысқырына тарпынды. Күнәсіз ару жанұшыра шыңғырып, безіп бара жатты.

Адамның басы - алланың добы. Айналасы бір айдың ішінде Данаштың жапырағын тонатқан теректей сидиып құр сопа басы қалды. Алдымен шешесі өлді, көп кешікпей оның соңынан әкесі аттанды қайтпас сапарға. Қайғысына ортақтасып жыласып-сықтасқан ағайын-туыс қазалы шаңырақтың азасын мұнымен бірлесе көтергенімен, Данаштың керт басына тиесілі тауқыметті жеңілдете алмаған. Құрғақ ақылдымсыған қамқоршылар қайта жұқарған жүйкесін түртпектеп жүрек жарасын ушықтырып жіберді. Ана жолғы тау арасындағы оқиға желді күнгі өрттей өршіп, дабыра-дақпырттың ала құйыны бірталай жерге жеткен. Неше саққа жүгірген алыпқашты өсек желкуық байталдай шығандап лағып, кәне ұстатсыншы! “Арқарлының бас агрономы жын-данып кетіпті”, - деп бір ұйтқытса, суретші қызға қол салыпты деп және қосарлады. Соған қабаттастыра тағы бір сұмдықты көңірсіткен. Әке-шешесінің өліміне себепкер мұның өзі көрінеді. Жалғандықта да жартыкеш шындық бар. Шешесін меңдеген ұстамалы науқас жайғаса, әкесін көпе-көрнеу қайғы әкетті. Суретші қызды жәбірлепті деген жаламен тергеушінің құрығына іліккен Данаш милицияның қараңғы бөлмесінде екі-үш күн отырып шыққан. Артынан келген әкесін көргенде, жүрегі шаншып кетті. Бұрын қиястықпен үндемеуші еді, нағыз мылқау енді атаныпты ол. Кере қарыс мандайын айғыздаған әжім қатпары кәрі жылқының жаңбырлығынша тереңдеп кеткен. Уақыт табына беріспеген сұлу мұртының шалғылығы жығылып қалған. Көзі шарасынан шыға шатынап, меңіреулене бағжияды.

Сараң жасқа шыланған кәрі жанардан ауық-ауық суық тамшы үзіледі. Мекірене емексіп кемсендегені - дертті жанның шарасыздығын байқатқандай. “Бі-бі-біздің тұқымға түр-түрмені жа-жазған ба?” -дегенді зорға айтты. Данаş ертең шығарады деп жұбатып еді, әкесі: “Бі-біттің ғой?! - деп бұған қолын сермеді. Онысы - жүрегіңе дақ түсіріп алдың-ау дегені еді. Әкесімен соңғы сөйлесуі осымен тынған. Сол жолы ол ауылға қайтқалы автобуска отырып жатқанда құлайды да, ауруханаға түседі. Үш жұма тілсіз жатып, дүниеден өтті. Жиырма бес жыл жолдас болған қосағына топырақ сала алмады. Тілеуі бір екен екі мұңлықтың. Ақылдасып алғандай-ақ бірінің артынан бірі апа-сапа жөнелген. Пендеге әйтеуір бір өлім. Артының қайырын берсе, бәрі салауат. Бірақ түтін түтетер жалғыз шаңырақ иесінің жағдайды жумақта түзелер емес-тін.

Талмасы жиілеп әңкі-тәңкісі шыққан Данаş дағарадай үйде сорайып сопа басы ғана қалды. Тағдырына наразы тас қабақтау жігіт жора-жолдастан шола. Туыс деген айтарға. Жүрегі үйлескен ынтығын тағдыр додасы қапылыста құшағынан жұлып әкетіп, маңдайын тасқа соқтырып тынды. Жаны нәзік жас ару оқыстан кеп соққан дүлей күштің екпініне шыдамай гүлше жапырылып қалса керек. Ұзын құлақтан естуінше Алматыда ауруханада жатыр дейді. Жүрегі қозғалып, жүйкесіне зақым келіпті. Бір жағынан Нәйраның жайы қинап, Данаş толассыз соққы астындағы боксшыдай есеңгіреп, мәңгіріп қалды. Терең орға құлағандай сезінеді өзін. Қайғының қамауынан сытылып шығуға әрекеттеніп еді, құдайға қараған қол ұшын берерлік дос таппады. Ауылдың мықтыларынан тырс еткен хабар жоқ. Орнына сырттан біреу кепті. Мұнсыз да тіршілік үрдісі екпінінен жаңылмай, жел аяқтанып алғандай. “Арқарлы” кеңшары астықтан тау тұрғызып, Отан қоймасына бір миллион пұт дән құйыпты. Мал азығын дайындаудың жоспары асыра орындалған. Бұған қоса кеңшар директоры Есей Досаев ғылым кандидаты атағын алған. Тек осындай озғындаған жетістікке бұрынғы бас агрономның жеке басының тәртібі көлеңке түсіріп тұр. Атақты шаруашылықтың бас маманы бейкүнә бойжеткенді жар етуге күштеп көндіруге ұмтылғандай, қыз айықпас дертке шалдығып ауруханада жатыр.

Данаş әке-шешесінің басын қарайтқан соң кеңсеге барды.

Есей мұны кіржиңкі қабақпен көңілсіз қабылдады. Тағдыр тауқыметі еңсесін езіп тұқыртса да, жігіттің үнем созар қайраты қайсар кейпінен байқалып тұр. Ғұмырының денін айдауда өткізіп, шамшылдыққа бой үйретіп кекірлікті еншілеген әкесінің кей мінезі бұған да жұққан ба. Мойны ішіне кетіп құр сүлдері тұрса да, қырын сындырғысы жоқ. Қайта өзгені барлағыш, сыншыл әлпетіне сұс жиып, тұрысар жерінді айт дегенді үнсіз мәлімдеген кейіпте.

Арқарлының алпауыты қиықты. Беделі көтеріліп бағы аспандағалы кең қолтық мінезіне сызат түсіп, астам кеудеге ірілік біткен-ді. Қазіргі Есей бұрынғы Есей Досаевтан бөлек, басынан сөз асырмайтын болған. Айттым бітті, шаптым кестінің адамы. Өзіне қарсы келгенді есебін тауып тескен тау асырып жібереді.

- Сен бізден кеткенсің, - деді директор ызбарланып. - Өз өтінішің бойынша орныңнан босаттық. Солай ғой?

- Еңбек демалысымды ұзартуды сұрағамын. Жұмыстан шығамын деген сөз жоқ өтініште.

Есей кадр бөлімінің меңгерушісін шақырды. Қызша сызылған бұраң бөксе әйел тиісті қағазды директордың алдына қойды.

- Мынау өз қолың ба?

- Ие...

- Жазуың ше?

- Өзімдікі тәрізді, өтінішті дәл өстіп жазбаған едім.

- Енді қайтпексің? Бұйрық шығып қойды, орныңа басқа маман келген. Облыстық ауыл шаруашылық басқармасына мәлім, аудан мақұлдаған.

- Маған қатардағы агрономдық та жетеді, - деді Данаш қыжылын зорға тежеп.

Есей болмашы езу тартты. Бұнысы арыстанның есінегені тәрізді жалған көлгірсу еді. Бірге істеген үш жылда Есей мұнымен талай ырғасқан. Көбінесе Данаш үстем шығып, пікірі екінші орынға сырғып, тіпті кейде жокқа шығып қалатын. Дәйекті ұсынысы тұжырымды бұлталаққа көнбейтін тура сөзді бір бет жігіт шыншылдығымен өктегенде, тәсілқой Есей іші мұздаған, сырты сыздаған салқын райын шұғыл өзгертіп, бас изей салатын. Соған дәс ала ма, бас агроном кейінгі кездері мұның нұсқауын бірде орындап, бірде орындамайтын әдет шығарды. Жер тәліміне жетіктігіне қоса қара

қылды қақ жарған адалдығы, табиғатының тазалығы, алып та, шалып та жығатын алғырлығы Данаштың айбынын асыра түскен сайын, керісінше, Есейдің тынысын тарылтып абырой-атағына осы неме көлеңке түсіріп тұрғандай көретін. Дес бергенде, жерден тістесіп айрылмайтын оның көктемгі егіс қарсаңында ауруханадан бір-ақ шыққаны ұтылысының орнын толтыруға жетіп жатса да, жанкешті Данаш ауырдым демей орталық басылымдарға сүбелі мақала жолдап, мұның алдын тағы да орап кеткен. Жерді үстін-үстін жыртуға деген қомағайлықты әшкерелеген уытты сыны Есей тәрізді бүгінін ғана ойлайтын шаруашылық иелеріне бағытталыпты. Қош, бұл осымен кетсін. “Ауырады, басы бүтін емес” деуші еді Зекен жездесі. Жорамалы расқа шығып, бір-ақ күнде жайрап қалған жоқ па. Ендігі жүрісі мынау, мүйізінен айрылған құлжадай сандалып қалса да, қаңтарған атша кекжиуін қарашы өзінің. Есейдің бұған деген қыжылы сәт сайын өршіп, ызасын қоздырып, өзімшіл көкірегіне істікше қадалды. Осы тұрғанда бұл тағы бір пәлеге басып, асаудай тулап қолға түспей шығандап кетуі кәдік. Сырқаты салмақты. Жәй ауырса бір сәрі: талмасы ұстағанда жұрттың үрейін алып, маңайындағыларды бездіріп жібереді. Жазықсыз қызға жасағаны анау. Ендеше бас агрономдықтан босануы дәлелді. Мені жазықсыз жұмыстан шығарды деп жоғарыға шағына алмайды. Партияда жоқ. Өзінің мүшкіл халін біледі. Тұқым сұрыптау жөніндегі агрономдық жетеді бұған. Директор сәтте сан айныды. Осыдан біржолата неге құтылмайды? Есін жiгiн соң, дағдылы теориясымағын езбалдақтап білгішсиді тағы. Аш құлақтан тыныш құлақ, алдап-сулап ауданға сырғытып жіберсе қайтеді? Әйтпесе облысқа. Токтай қал, бұл сығыр ол жақта да тыныш жүрмейді. Арқарлының жай-жапсары алқанында. Кеңшардың кемшілігін жіпке тізіп төбеден ұрып жүрмесе?! Осының мұнда да жай жүрмей, қомақты ғылыми еңбек жазған. Есейдің күдігі орынды. Таяуда одақтық журналдың бірінде Данаштың көлемді зерттеуі жарияланды. Оның алдында ғана республикалық жастар газетінде “Экология және жер тәлімі” деген мақаласы қатарынан бес-алты нөмірге шықты. Су түбіне кете қоятын тесік қайық бұл емес. Бұған ендігі қолданатын амал біреу: Арқарлының аясынан шығармай, жауыр атша желқомдап көк иық қып жұмысқа жегіп қою керек.

- Жарайды, - деген Есей көп ырғасқа барғысы келмей, - Арызыңды әкел.

Данаш директордың қырпын сезсе де, ішін алдырмай үнсіз келісті. Қызмет - қолдың кірі. Адамды мансап асырамайды, еңбегі асырайды. Есей Досаевпен қаржыса беру пайдасыз. Ол мұны есебін тауып, ұтып кетті. Әруақтың артын күту деген бар. Қаралы шаңырақты қайғыға толтыра бермей, тірі адам тіршілігін жасайды. Арқарлы бұған түпкілікті қоныс болмайды. Соны біле тұрғанымен әке-шешесінің қоламтасын өшіру жақсылыққа апара ма? Ендеше осы шешімі жөн. Кейін бармағын тістеп өкінерін, жақсы ит өлімтігін көрсетпейді деген мәтелдің тегіндікпен айтылмағанын, кеш ұғарын қайдан болжасын. Бір жағынан үш жылдан аса ақ тер, көк тер боп Арқарлы даласын бойына жапсырған бір киер көйлегіндей әспеттеген, егістікке бар ынтасын салған ақ адал еңбегінің нәтижесін көрсем-ау деп емексіп еді. Жай қатардағы агроном боп істесем, бәлкім жер анаға бұрынғыдан бетер жақындап, оның мұң-зарына ортақтаса түсермін, ғылыми еңбек жазуыма түрткі болар деген түпкі есебі және бар-тын. Ойлаған ойын қыстаған тұрмыс жеңерін, тас қабақ тағдырдың ит талауға салып, тері созбаққа түсірерін бал ашып білсін бе. Жалғыз-ақ, бір шошығаны - директордың құмалақшы әйелінің сөзі. Сонда тізгін тартып бетін басқа жаққа бұрғанда, аждаһаның аран аузынан аман қалатын еді. Болжамсыз өмірдің қай бұлтағын аңдарсың?! Қылтың-сылтыңы көп беті жылтыр әйелдей мың құбылып ыңғайын байқатар ма саған.

Данаш мұқалудың орнына ширап салды. Жұмысқа алданып қалыпты машығын тапқан соң, талма ауруы сирексіп бұрынғы тыншу қалпына түсті. Сүйіспеншілік машақатын жүрегіне дарытпай, қаша ұрыс салғаны жанына тыныс. Басын соғып байбаламдағанда қолынан ұшырып алған құсы қайтып оралар ма? Қайтып келместей қып шошындырған жоқ па! Сырқатының барлығын ескерту керек еді. Жазықсыз қызға обал жасады. Жүрегін қозғап, дертті ғып тастағаны кешірілмейтін қателік.

Данаштың ендігі алданышы тек еңбек. Қолың қимылдаса, аузың қимылдайды. Құдай тағала екі қолды адамдарға жер бетінен ризық-несібесін теріп жесін деп берді. Несіне кергиді, күнін көріп жанын асырағаны үшін біреулерге міндетсіп бәлденгеннен не шығарады? Онсыз да жанбақы-

лар аз емес қоғамда. Кесімді ақысын адалдап алудың орнына сегіз сағаттық жұмыс күнінің жарымын бастығын жамандауға, бір сағатын шылым шегуге, тағы біраз минуттарды тиын құрастырып, арақ ішуге ысырап етеді. Сондайларға қарауылды күшейтпесе болмайды. Не көп, бастық көп. Енді қайтеді, үкіметке де жан керек. Өңшең әйеншек маскүнемді еркіне жіберсе, малды кім бағады, шөпті кім шауып, егінді кім баптайды? Ішкендері арақ, шетінен керенау. Жұмыс істе десең, қырық түрлі сылтау айтады. Қойшысынан бастап қолаңына дейін атаққұмарын қайтерсің! Бәрінің бастықтықтан дәмесі бар. Жұрттың бәрі атқа мініп кеткенде, көмірді кім қазады, тасты кім қопарады?! Бір есептен олардікі де жөн. Ғұмыр бойы тырбанып бейнетке белшесінен батқанда, тапқаны тамағынан артылмаса, жүйрік міне алмаса, көк қақпалы үйге кіре алмаса, тыраштанып жұртқа әкірендеп бастықсығанға не жетсін! Жүйрікке мінеді, жұмсақ орындыққа жайғасады. Қарамағындағы қыз-қырқынға қырындайды. Халық зейнеті қызыл аяқ, ақ күміске қол созады. Алқалы жиындарда төрге озады, омырауына орден, медальтағады. Әй, қайдам?! Қаптаған мансапқорлар жайлаған қоғамда әділет бар деп кім сенер?! Теңсіздікті әшкерелеп адамдарды бірдейлестіргендегі шыққан биігі осы болса, түбінде жетісіп кетері екі талай. Құдайсыған көсемдер жылтырақты қызықтап, омырауын алтын, күміспен әдіптеп, бір-бірін қолпаштап сейіл-серуенмен жүргенде, ұлы мұратқа бет түзеген коммунизм керуені жолда қалып, анталаған қара ниет қарақшылардың талауына түсіп тозғындап кетпесе жарады?!

Данаш кейінгі кездері осындай қисынсыз қиялға беріліп ұстазы Виктор Трофимовичті жиі еске алады. Өттең шетте жүр, ғұламаның қол астынан кетпес еді, ғылымға арнар еді бар ғұмырын. Қарт профессор дұрыс байыптаған. Кеңестер елінің ұлан байтақ жерін иесіздік жайлаған. Бүгін бар, ертең жоқ, бір-бірін құдайша жебеген билік иелері аз күндік абырой-атаққа бола жерді саудаға салған. Саудаға түскен жалғыз жер ғана ма? Адамдар, мүтін халықтар ше? Тілі, діні, салт-дәстүрі.... Қой, онда несі бар. Жерді түртпектей берсе жетер бұған. Бұл қалпында сол ермегінен де көз жазатын түрі бар-ау. Бір кеңшардың бас агрономдығын қимаған іш мерездер бара-бара мұны жерге қоныс таптырмай, айға қуып

жүрмесе?! Айға қайдан жетсін, көрге тығып тынар. Ұстазы айтпақшы, Кеңестер Одағында ең аз жасайтын мамандық иелері - агрономдар. Ішіп кететіндер де осылар. Қысымға жер-ананың назасына шыдамағандары бас амандап қызметін ауыстырып ала қояды. Ондай тәсілге қайдан барады, ғылыми атағы бар. Бастаған тәжірибесін бірер жыл жалғастырып, нәтижесінен қорытынды шығарған соң ойланар тағы. Ғылыми-зерттеу институтына қамалып қағаз кеміргенше, даланың даналығынан сабақ алып жүре тұрсын.

Осы тоқтамға мықтап табан тіреген Данаш егістікке қайта оралған. Көзінен шық, көкірегінен түк кете бастаған қам көңіл атамекен Данашқа үнсіз мұң шаққандай. “Үмітім сенде еді, қайда жүрсің қайсар ұлым?” “Е, ұлында не сын қалды, бастан алып тұр ғой. “Онда тым уайымға берілмей, жаныңды күт, жарқыным, келешегің алда, өсетін жассың”. “Өсірмейді анталаған ұры көздер”. “Сақтан, арандап қаларсың. Бұлар кімді аяған. Тозаңнан жаратылдым, азар болса тозаңға айналармын. Адамдар, сендерді аяймын. Кең дүниеге сиыса алмай, бір-бірінді көрге тығып, не көрінді, сендерге?!”.

Данаштың Бабатауға мұңын шағуы осымен шектелмейді. Шемен кеуде, шерлі тау қат-қат тереңде жатқан зар-наласын ызындаған желге тыңдатып, ұйқы-тұйқы дауылға ұластырады. Дала жарықтық толассыз сарнап кетеді. Тек сол азалы сарынды жүрекпен ұғып, түйсінер сана қайда?! Арақпен оразасын ашып, шылыммен көкірегін ыстаған, бір күндігін ғана ойлап келешегіне бас қатырмайтын, жоғарғы жақтан келген бұйрықты қалт жібермейтін жұлын-жүйкесін ғасыр індеті атом жайлаған құлтемір адамдар жұмыр жердің мұң-шеріне құлақ түріп не қылады?! Темірге жан бітіргенге мәз. Түптің түбінде көкесін сол тіл алғыш темірден таныр.

Данаш Арқарлы даласымен осылайша сырласады. Қос мұңлық бір-бірін іштей түсініп үнсіз ұғысқанда, тілмен айтып жеткізгісіз шерлі жыр өктейді. Өлеңнен де қара жаяу емес Данаш дәптеріне мына жолдарды түсіреді:

Ата мекен алтын бесік,
Төсі жара шұрық-тесік.
Сенсіз менің күнім нешік?!
Жерім қайда бара жатыр?

Айдаһардың арбауында,
Бір күн азық жалмауызға,
Мұрша бермес самғауыма,
Елім қайда бара жатыр?!

Данаштың сарындауы тегін емес. Расында қайда бара жатыр Кеңестер елінің адамдары? Нұрлы болашақ ендігі көрініс бермей ме. Танапта жүріп те Данаштың басы ойдан босамайды. Менмендігі жоқ, қулық-сұмдыққа ауызданбаған жаңадан келген бас агрономға осы сырдың бәрін айтады.

- Дәке, сіз тұрғанда менің тізгінге жармасуым қисынсыз. Орныңызды өзіңіз алдыңыз, - дейді ол.

- Саған ұстаз боламын, маған сол да жетеді, - дейді Данаш жас жігіттің ниетіне риза көңілмен.

- Істемеймін бұл жұмысты! Жердің жүрегіне қол салғанша...

- Белдеспей жатып, белбеу шешпес болар. Ата жұртқа жаның ашыса, арашаға ұмтыл. Қиындықпен тірес, - деп қайрайды оны. Бір күні Данашты партком хатшысы шақырды. Нығызсып жүретін ысқаяқ қара бар кінәні мұның басына үйіп-төкті. Мәскеуде оқығанда жікшіл ұйымға қатысқанын есіне салды. Одан шаруашылық басшысына қарсы шығып бұра тартқанын, Арқаралының намысын қорғаудың орнына газет, журналдарға дәйексіз мақала бергіштеп аудан басшылығының беделіне көлеңке түсіргенін біраз көйітті. Қызға қол салған әдепсіздігін бетіне басты. Бас агрономдықтан шығып қалуының себебін түбейледі. Партияда жоқ екенсің, беделді қызметпен дәмеленбе. Орнынды жас маманға босат. Бұра тартпай оған жұмыс істет.

-Ол бізге аудандық партия комитетінен жіберілді, - деді хатшы шамырқана сызданып - Институт бітірісімен, сонда алынған. Партиялық мектептен өткен тәжірибелі жас маман. Сен оны агрономдықтан түк хабарың жоқ деп көзге шұқитын көрінесің. Арыз беріп кетем деп жатыр.

- Кетсе жолы болсын, - деді Данаш қасақана қитығып, - Қызмет табылмаушы ма еді райкомның күлшелі баласына.

- Кекетпе! Сен ғой түртпектеп, мазасын алып... Ойың белгілі. Орнынды қайтып алмақсың. Бізге моральдық бейнесі таза маман керек. Партия нұсқаған жолдан табан аудармайтын.

- Мен ше? Тоқалдан туыппын ба?!

- Осы сөзіңнің өзінде шикілік бар. Тоқал сөзі көнерген. Сен ескіге, архаизмге әуессің. Бұл әдетті тастамадың ба, бір күні тотиясың. Озат тракторшыны “келімсек” деп кекетіпсің. Әлгі украин жігітін. Ол - коммунист, еңбек екпіндісі. Қазақстан - халықтар достығының лабораториясы екенін білемісің? Арқарлыда отыз тоғыз ұлттың өкілі тұрады. Біз бұл көрсеткішті әлі де өсіре түсеміз. Ал сен байырғы тыңгердің жағасынан алып сілкілейсің. Келімсек деп жер-жебіріне жетесің. Табанығады жалтырат деп зекисің.

- Ендігі калғаны ата-бабамыздың көрін қопарту еді. Оны да көрдік. - Данах хатшының қисықтау біткен сопақша басына жараспай тұрған торсық маңдайын нысаналап, оны атып жіберердей оқтана қарады. - Қосай батырдың бір бұтағынан тарайтынынды білемісің хатшы мырза?!

- Мырза деме, жолдас де. Қосайың кім?

- Сенің бабаң, менің нағашы жұртым. Екеуімізге де бөтен емес. Әулие. Аруақты батыр.

- Әне, тағы архаизмге басты?! Аруақ, құдай дегендер коммунистік идеологиямен сиыспайды. Сен өзі... ауырасың ғой деймін. Қай дәуірде өмір сүріп отырғаныңды білемісің?

- Өңі айналған социализмде.

-Әнені?! Біз кемелденген социализм кезеңінде тұрмыз. Коммунизмнің алғы шарттары жасалу үстінде, толысуда.

- Кері кеткен социализм демеймісің.

Хатшының ойқы-шойқы бет құбылысы күреңітіп кетті.

- Тарт тілінді! - Ол телефонға жармасты. - Ало-ало учасковой, той есть Михайл подойдй ко мне.

Данах істің насырға шабарын білді де, жай басып сыртқа жылыстады. Басы айналып көз алды қарауыта берген соң рация тұратын бөлмеге кірді де, Зекеннің әйелі әпкесіне есікті кілтте деп ымдап, еденге етпеттеп жата қалды. Суылдап ысылдаған дүлей күш еңсере ымқырулап, тынысы үзіліп бара жатты. Есін жиғанда басын сүйеп әпкесі отыр еді. Аялы жанарынан бұршақтаған жас тамшылары Данахтың бетін жуып барады.

- Бұлар сені құртады, құртады деймін! Кет бір жағыңа. Жаны ашитын Зекен бе саған? Соның өзі дұшпан алдымен.

Данах өзіне мысық табандап жақындап қалған қатерді сезсе де, құрестен тайсақтаған бос белбеу балуанша жеңісті

қолдан беруді ар санады. Зұлымдықтың кімнен өршігенін біледі. Бір жағынан кінәсізбін, монтаны момынмын деп ақта-ла алмайды. Кәрі моланы соқамен жылмағайлап тастаған тракторшыны сабағаны да рас. Куәші болғанда ісі соттан бір-ақ шығатын еді. Ал бас агрономға жұмыс істетпеді дегені жала. Ағасы обкомда бөлім меңгерушісі, сүйемесі мықты ол дала жұмысынан жалыққан да кетемге басқан.

Партком хатшысы қарап қалмаған. Партбюрода Данаш-тың тәртібін қадағалауды шаруашылық басшысына міндеттеді. Жас маманды қақпайлағаны атап көрсетілді. Жағасы жыртылған тракторшы біреулердің сөзіне азды ма, тіке ауданға шағынып, заң орындарының есігін тоздырды. Ісі сотқа түсетін түрі бар. Директордың да беті қатты. Бұрын-дары өзі біліп атқаратын жұмысты Данаш енді шаруашы-лық қожасының нұсқауымен орындайды. Бұра тартуға мұршасын келтірмей, соңына андушы қойдырған. Бас агро-номдықты уақытша атқарасың, дегенмен, Данашта билік жоқ. Күзгі егістікті баптау, түрлі агротехникалық шараларды жүргізу тікелей директордың бұйрығымен жүзеге асады. Бұл - әншейін ер қара есепті. Бірақ қарап қалмаған. Есейдің көзі тая бере, қисайғанды түзеп, бұдырды мінеп, тігісін жат-қызып жібереді. Обалы нешік, бірге істеген жігіттер, қара-пайым еңбек адамдары бұған іш тартып жүреді. Шексіз билік иесі Есейдің айтқанын екі етуге шамалары жоқ. Жай қатардағы диханшы түгілі ғалым маман Данашты ауыздық-тап, адымын жаздырмайды.

Күзгі шуақ дендеген жанға жайлы бір күн еді. Директор облысқа жиналысқа кеткен. Мал азығынан артылған сабан-ды парға жаймалатып, қызу жұмыстың басы-қасында жүрген Данаш тағы бір шырғалаңға киліксің. Ойламаған жерден сап еткен Есей машинадан түсер-түспестен бұған дүрсе қоя берген.

- Қалған сабанды өртендер дегенім қайда?!

- Жыртқан танапқа жамылғы дайын тыңайтқышты оттың өнешіне жіберуге болмайды, - деді Данаш одан ығыспай.

- Сенің-ақ осы қорлығың өтті-ау, көлденендегенді қашан тастайсың?! - деді Есей сұрғылт жүзі түтіге шаңытып, - Менімен тірескен ненді алған сенің?! Қияли қиқарлықтан не шығарасың?

- Өлуім керек пе, одан басқа нем қалды? - деді Данаш директордың алпамса тұлғасына қаймықпай тік қарап, - Ең

құрыса бір жылға мұрсат берші, ағатай! Сосын қарамды ба-
тырайын.

- Өйтсең килікпе! Жердің де, елдің де қожасы мен. Сен-
де бар атақ менде де бар. Сабан жамылғысы егінге масыл
жәндіктердің өсіп-өнуіне мүмкіндік жасайды. Ол жөнінде
облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының арнайы
бұйрығы бар. Бірде-бір сабан үйіндісі аңызда қалмасын де-
ген.

- Ағасы, келер ұрпаққа нені мұра етіп қалдырамыз осы
біз?

- Алдымен қатын алып, бала тудыр. Ұрпақ жайын сосын
ойла, - деді Есей нығарлап, - Ауруын жасырған өледі, қара-
қан басынды алып жүре алмайсың, жерге жоқшы болған
ненді алған?!

- Сонда жердің иесі кім өзі? Сіз бе, мен бе, партия ма,
халық па?

- Жерді біреу айға көшірейін деп жатқан жоқ. Игілігін
мүгін ел көреді. Так что, қияли әдетті таста, айналайын.
Ауырсаң емдел. Дәрігерге қаран. Көмектесейік.

- Ауыратын мен емес, сіз шығарсыз! Дертіңіздің сабағы
ата жұртты қара күйедей жайлап, Бабатаудың тасына да
жетті.

- Ім-ім, қойшыны құдай ұрарда шопанға таяғы тиер де-
ген. Арқарлының атағын айдай әлемге паш еткен кім екен?
“Правда” газетіне шыққан мақаланы оқыдың ба?

- Оқыдым, - деді Данаш. - Өтірік марапат, жалған ма-
дақ. Арқарлыны аспанға шығарған сіз көрінесіз. Өзгеміз өгіз
аяң митыңбаймыз.

- Тіліңді тартсаң қайтеді! - деді Есей салқын жанарынан
ызбар шашып, - Саңырауға сәлем берсең атаңның басы дейді,
жынды екенің осыдан-ақ белгілі.

- Ә, мен жындымын ба?

- Жынды екенінді мүгін ел біледі, үнінді өшір, қояншы-
ғым! Өшірмейді екенсің тиісті орныға жөнелтеміз!

- Тиісті орным қай жер?

- Жындыхана! Түсінікті ме?!

Данаш одан әрі не болғанын анық ажырата алмады. Тұла
бойын кернеген ашудан тынысы үзіліп бара жатқан соң,
омырау түймелерін ағытты. Санасында бір-ақ ой, ауруым
ұстап қалмаса деген. Қарсы алдындағы сұлба қапелімде әр

қилы бейнеге ауысып, көз алдынан кетпей қойды. Біресе құлжа сияқтанады, біресе құбыжықша төнеді. Есейдің жағасына қолы барып қайтып, барып қайтып, өзін зордың күшімен тежеді. Қайдан шыққаны белгісіз, Зіркіл-Зекеннің нобайы шалынды көзіне. Данашты қапелімде шағымшыл сезім билеген. Жездесін насырға шапқалы тұрған жанжалдан құтқарып қалатындай көріп, шиыршық атқан жүйкесі босаңсып сала берген. Қайтсін, жаны ашиды ғой. Жақын балдызына бүйрегі бұрмай қойсын ба. Оның ұрысып зекіргеніне де көнсін, жүр десе алдына түсіп алып томпаңдай берсін. Жұмсарған кескінде жездесіне бейімделіп еді, Зекеннің бітікше сұрғылт көзі ойнақшып жау қайдалап тұрғандай екен. Ұры жанары қожасының қырпын сәтте аңғарып үлгерсе керек. Мырза теректей серендеген екеудің арасына томарша қыстырылып, Данашты кеудеден итерді.

- Кімге қол көтермексің?! Өле алмай жүріп қарашы мұны! Данаштың ығысқанын жеңілдіге санап дос алған ол боқтық сөзді үдетіп жіберді. - Әй, қояншық! Есалаң, жынды ит!

Көзсіз ашу Данашты енді тапты. Әй, бір өліп, бір тіріліпті! Баяғы бокс үйірмесіне қатысқанда үйренген әдісін қолданып, жездесінің быттиған майлы бетін нысаналап жүдеметеле ұрып-ұрып өтті.

Ішін басып домаланған Зекенді тастай беріп, Данаш директорға төнді.

- Екеуіңді қоса қабаттап!..

- Ақымақсың бала! Мені алып жейтін кімсің сонша?! Бұралқы! Сүмелек!

Шықшыттың астын ала тиген соққыдан Данаш шалқалап барып зорға оналды. Жұмырық жұмсап үлгергенше болмады, ту сыртынан жармасқан екеу, шалқалата берді. Зекен сұм салмағымен жаныштаса, қызыл жағалы қолын бұрап әкетіп барады. “Қолыма кісен салмақшы ма?!” Осы ой санасында жүгіріп өтуі мұң екен Данаш жан ұшыра бұлқынып, үстіне қонған екеуді аударып түсірді. Сытылып шығуға үлгертпей, үшінші қол жармасты. Бірақ ол қарсыласуын тоқтатпады. Үшеуімен армансыз жағаласты. Бір әбүйірі - есінен танбады, шекелесудің бүге-шігесі санасында ап-айқын. Темір тұзаққа түскенде барып сылқ етті. Данашты Миша сүмелек қырға шалып етпетінен түсірді. Зекен мұның май құйрығынан тепті. Ата жауын жеңіп масайраған Есей қызыл

жағалыға аузын тығында деп ымдады. Не орыс емес, не қазақ емес дүбәра лейтенант: “Заткініс!” - деп ақырды бұзатарға.

Кенет жау жетті айқай шықты жақын тұстан. Ат үстінде далақтаған біреу бұларға жақындай беріп мылтық кезенді.

- Токтат, кәне бассыздықты, өңшең қаныпезер! Үрпийскен үшеу Данашты тастай беріп, машинаға ығысты. Сөйткенше мылтық даусы гүрс етті. Зекен бұға қалды да, Миша нәганына жармасты. Есекең түкке түсінбегендей сескеністі кейіпте:

- Исеке, бұл қай қоқайың?! - деді.

- Қоқайды көрсетемін саған! - деді ол қос ауыздың ұңғысын директордың өңменіне дәлдеп. - Жарты жанымен жалпақ жұртқа жанашыр боп, елім, жерім деп жар құлағы жастыққа тимейтін арысымды шарай көзге ит талауға салғанша, қылша мойным талша, жастығымды алып өлейін!

- Исеке, сабыр етіңіз, - деді Есей іші үркіп тұрса да, сыртын бермей сызданып, - Бүлінген түк те жоқ. Жігітіміздің ауруы ұстап қап. Осылай етуге мәжбүр болдық. Құдай аясын бұл пақырды!

- Пақыр бұл емес, сен! Атақ пен мансапқа бола жақыныңды жарға итергенше жарылып кетсең етті! Данашты саған қорлатып жер басып жүрмей-ақ қояйын. Әй, шала қазақ нәганынды шошандатпа! Ағыт қолын! Атаңның гөрі! Сен де бір жағынан ...Әлгі Зіркілбай қайда? Жанының тәттісің?! - Машинаға тасаланған Зекенге бір оқ шығарды да, Исағұл Данашқа құшағын жайды.

- Ой, ошал да текті қыраным, қанатыңнан қайырып, жұлынды ма қияғың! Торға түсіп бұлқынып жанталасқанда сыңарым, бой тасалап қалайша шайқасқа түспей тұрамын?!

- деп тақпақтап сұңқылдаған ол Данашты құшағынан босатпай әйелше көрісті.

Үшеудің жүні жығылайын деді ме, үн-түнсіз машинаға мінді де тайып тұрды. Исекең мал қарап шыққан. Жанжалдың үстінен түсемін деген үш ұйықтаса қаперінде жоқ. Жарға тасаланған ол дүрбімен бәрін анықтап көріп алып, шыдамай “жау қайдаға” басқан. Болған-біткені осы.

Исекеңнің еңірегінде етегі жасқа толды. “Жақсының көзі едің, қапы кеттің-ау!” - деді қападар көкірегін өксік қысып,

- Қияғы кетілген құс едім, мекенінен көз жазып қалған. Есім барда елімді таппасам болмас. Бірақ тағы тұтылдым ба деп қорқамын. Мейманасы тасыған Есей шоңға кім шыдай-

ды?! Екеуімізді қоса қабаттап құрдымға батырудан тайынбайды ол сығыр! Кешіктірмейді! Белгілі бұлардың сарыны. Бала-шағаның жүрегін ұшырып қайтеміз. Қосай әулиеге тауап етейік. Бол, атыңды жек, кеттік!

Төмпешік боп жатқан әулиенің бейітін соқа түрені тегістеп кеткен соң, Данаш пен Исагұл бас болып, іске кіріскен. Айналасы бір айдың ішінде төрт құлақ жұпыны бейіт бой көтерген-ді. Ендігі бітпегені құлпытас.

Данаштың құр сұлдері. Жүрек тулап, басы зеңіп әкетіп барады. “Не жаздым, әлде өзім бе кінәлі?!” деген сауал жұлын-жүйкесін ширықтыра, іші-бауырын мұздата түседі. Исекең аят оқып аруаққа бағыштаған соң, қамшысын қомыз етіп жыр төкті. Бұнысы еріккендік емес еді, іштегі жалынды сыртқа шығарудың амалы-тын. Шайлыққан жүректі қармаған сескеністі қашырып, көңілді орнықтырудың бір ғана амалы төкпе жыр. Аруақты жоқтаса қарамын молайтқан “қуғыншылар” райдан қайтып, ішкі есебін өзгертер деген үміті және бар.

“Қалмақ пен қазақ жауласқан.
Жарқ-жұрқ етіп алдаспан,
Талай да сардар шоң батыр,
Ата жаумен қаржасқан.
Момын елді мал баққан,
Барымталап жылқысын,
Қазақ-қырғыз даласын,
Ойрат, жоңғар шандатқан.
Әулие батыр Қосайым,
Байлағанда көздерін,
Талай дұшпан жер қапқан
Аруағы асқан Ер Қосай,
Бабатаудың бір тасын
Қаскөйлерге бастырмай,
Қалдырып кеткен біздерге!
Күрмелме, жырым күрмелме!
Құдай алар жан біреу,
Жарға бұғып күнде өлме!
Қасиетті далаңды,
Бастырып қойдың кімдерге?!
Атомның болды ойнағы,
Пәлигөнің жайлады,
Космосты жеңдік деп,
Коммунистер сайрады”...

Жыр сарынын күздің қоңыр желі іліп әкетіп, Бабатауға жеткізді. Жарықтық заңғар қабағын серпе, қыранша сілкінді. Көкірегі өксік ата құмыға күңіренді. “Ақырын алла оңғарсын! Екеуіңнің қолыңнан не келеді. Аруақ асықпайды. Жер назасына ұшырағандардың құдай зауалын береді әлі! Шындандар”.

Жыршының болжамы тура шықты. Қуғыншылардың қарамы мол, қарулары сайлы, көліктері ілкімді. Алдыңғы машинеден тышырайған майор, оған ілесе капитан, тағы бір лейтенант түсті. Араларында Миша сүмелек бар. Жедел жәрдем машинесінен ақ халатты еркек пен әйел бой көрсетті.

- Қаруларыңды тастап беріліңдер! - деді жуан қарын капитан. Бұл кезде Исекең жырды үдете төкпелеп, нағыз қызықты жерін қырғыз мақамымен үздіге үзілдіріп беріле толғап отырған. Жауыққан топтың жүрегіне жетіп, аяушылығын қозғай ма деген үміті кілт үзілді де, жан алғыштай жалаңдағандар екеуін жабық мәшинеге сүңгітіп жіберді.

Жыр тынды. Жырмен қоса қос арыс шарай көзге дауыл жыққан терекше сұлады. Әділетшіл қоғамның қырағылары өз дегенін орындатып тынды. Исағұл төрт жылға бас бостандығынан айрылып, үйреншікті мекенге қоныс аударды. Данаш жындыханаға тұрақтады.

* * *

Есей-Есаған әдетте кеңсеге ерте барады. Аптаның жеті күні қатаң тәртіпке бағынған. Дүйсенбі - аудан, облыс мықтыларымен тілдесетін күн, сейсенбіде арыз-шағыммен танысып, есеп-қисаптың барысын қадағалайды, сәрсенбіні қол жұмысына арнайды, не күні бойы шеберханада мотор жөндеседі, болмаса құрылыс алаңында тақтай сүргілесіп, кірпіш қаласады. Бейсенбі мен жұмада шабындықта, егінжайда, жайлаудағы малды ауылдарда, сауын фермасында болады. Сенбі, жексенбіде директордың қайда барып жүретінін ешкім тап басып айта алмайды. Екі күннің құпиясына Зекен ғана ортақ. Ауыл қожасының өлік-тіріктен қалмайтын көпшілігіне дау жоқ. Қазалы шаңыраққа бас сұғып, қаралы жандарға көңіл айтуды бұлжытпайды. Той-томалақта төбе көрсетіп қуанышқа ортақтасуға, шақырғанның меселін қайтармай қонаққа дәл уақытында баруға да бейіл. Алайда Есағанның төрге озғанынан, барған үйінен шығуы тез. Дәм-

нен ауыз тиіп тілегін білдірген соң, іле қайтып кетеді. Сұғынып ет жеп, қазы асағанын, сыңғытып арақ ішкенін ауылдастары көре алмай арманда. Ежелгі Мысыр патшалығының тірі құдайлары фергауындар тәрізді ішіп-жегенді әуезе қылмайтын қанағатшыл басшының сыпайылығына Арқарлы ауылының кәрі-жасы әбден қанық. Соған қоса Есендің қызылға көзін сатпайтын тазалығы баршаға аян. Айқай-сүренге басып дігерлеуден де, қабақпен ықтырып, сұсымен бұқтыруға бейім. Қорғасындай салмақты директордың келісті тұлғасына кең қолтық парасаты да сыйымды. Есей өзгелерге жұмыс істетуге икемді. Көмекшілеріне сенім артып, шаруашылықтың бас мамандарына салады салмақты. Бұра тартқа жаны құмар Данаş төрізділерді жөнге салып ықтырып алу қиын ба тәйірі! Мәселе басқада. “Арқарлы” кеңшары ауданның, қала берді облыстың іскер мамандар даярлайтын тәжірибе мектебі деген атқа ілігу де мерей. Өзі билік құрған жылдарда Арқарлыдан кемінде он-он бес маман жоғарылап кетті. Тек құрдымға батқаны - әлгі жарымес Данаş. Жай жүрмей өзінен көрсін. Осы таяуда қар кетіп жатқанда ойда жоқта сап ете қалған ол Арқарлыны тағы дүрліктірген. Жездесі Зекенге пышақ ала ұмтылып, мұның жолын тосқан. Қосай әулиенің бейітіне бекініп, маңына ешкімді жуытпай қойған соң, ауданнан шақырылған жедел топ қол-аяғын байлап жындыханаға әкетіп еді, енді шығармас.

Есей кеңсеге жаяу тартқан. Ол ауыл келбетіне тоқмейіл көңілмен жіті көз тастап келеді. Қала тәртібімен бой көтерген қос қабатты үйлер шеткі көшеге қатар түзеген. Осы заманғы үлгімен салынған еңселі кеңсе, мәдениет үйі кеңшар орталығының ажарын аша түседі. Ендігі жетпей тұрғаны шеберхана. Горный көшесін Суворов деп өзгертетін екен. Ағаштың егілуі әлі сараң. Мал кіргізбеу жағын қадағаламаса болмас. Сәуірдің ақ таңы кірбіңсіз, ауыл қожасының қабағында көлеңке жоқ. Өткен қыс бораннан көз аштырмаған. Көктемгі қар суына мелдектеген танаптар жонынан бу атады. Қосымша тағы бес мың гектарға соқа салу керек деп түйді ойын. Кеңсеге жақындап қалғанда, темір көлік ауласына мойын бұрған. Бас инженердің елпек жүрісін көріп іші жылыды. Араққа үйірсің деп қырына алып жүрген. Жылдамдата басып еңкелендеген мал маманының ту сыртынан суық сұғын қадап: “Өтірікші, суайт!” - деп күңкілдеді. Ұйқы-

шы мал дәрігерін көңілінен өткізіп: “Жас қой, ширар әлі”,
- деп ойлады. Салпы етек агрономды бір сыбап алды. Кеңсе алдында суытқан ат құсап селтиіп тұрған Зекенді көріп: “Әй, май қоржыным-ай, бәрінен де сен қайырлысың-ау осы!”
- деп түсін жылытып көз қиығымен есікті нұсқады. Алдына түсіп алып бүлкектей жөнелген Зекен директордың бөлмесіне кірді. Арқарлының Есейден кейінгі мықтысы атанып алдына жан шығармайтын дарабоз Зекен қожасына монтаны да мүләйім.

- Бүгін қай күн?

- Сейсенбі ғой, Есеке.

- Ім, сен осы көше аралаймысың?

- Қай жағына жетейін?

- Шаршасаң жастау біреуді орныңа...

- Жә-жә жәй, сөздің реті ғой! Қазір-ақ сүзіп шығамын, Есеке! Бірдеңе ризаланбай қалдыңыз ба?

- Лидия Ивановнаға ескерте салшы. Көше атауларын жөнге келтірсін.

- Құп, Есеке! Бір көшеге сіздің атыңызды берсек қайтеді.

- Мені өлтірейін деп пе ең? Атақты адамдар бар ғой, ұлы орыс халқының қолбасыларының бірін. Үмітіміз бар. Әлгі өзің білетін жайдың таяуда төбесі көрініп қалуға тиісті. Жаз шықты. Көбейеді әлі келімді-кетімді. Айтпақшы, ұмытып барады екем, меншік малдың мөлшерін шектемесек болмайды. Біріншіден, егінге түседі аяқты мал, екіншіден жанбақылар малға сүйеніп, жұмыс істегісі келмейді. Үшіншіден, орталықтың сәнін бұзып көшені ластайды. Так что, селолық кеңеске тұртпек сал. Артық бастың есебін осы бастан ала берсін. Түсінікті ме? Қонағың қайда?

- Тауда, саяжайда.

- Кім-көрінгенді басқа шығарып, жайдақсып кетпейміз бе, Зекесі?

- Аанадағы арқар етін сұрататын мықтының күйеу баласы көрінеді.

- Ә, онда дұрыс. Еселеп ішкізіп есін тандырындар бәлемді. Шөлі бір қансын.

- Өзі де қара жаяу көрінбейді. Әйел тауып бер деп қиғылықты салып...

- Жә, бұрыс сөзді қайтесің! Мүсіншіні оннан қалдырмай маған жеткіз. Атау кересін шығар ауызда беріндер. Есін жиғызып дұрыстап әкел мұнда.

Директор орынбасарына тағы біраз маңызды тапсырмалар беріп жөнелткен соң, телефонға қол созды. Алдымен ауданды барлады. Тіке біріншіге шыққан. Одан облыстың мықтысынан сыр тартты. Ақыр соңында астанадан бір-ақ шықты. Петр Акимовичпен тікелей сөйлесуге жүрегі дауаламады. Оның Қазақстан компартиясы орталық комитетінің хатшылығына сайланғанына көп болған жоқ. Бір облысты он жылдан аса басқарғаны үшін Еңбек Ері атағын алып, бұл облыстан қанжығасын майлап кеткен. Үлкен кісінің бұған көрсеткен көмегі орасан. Төбесінен құс ұшырмай облыстың сүйіктісі атандырды. Қайда мәжіліс төрде “Арқарлы” кеңшарының директоры отырады. Алқалы жиындарда аты міндетті түрде аталады. Ендігі жетпей тұрғаны Алтын жұлдыз. Есей тықыршыды. Біраз болды бұдан маза кеткелі. Марапаттамаға ұсынылған өмірбаяндық анықтамасы тура келмей, Алматыда жатып қалған жерінен түртпектің күшімен Мәскеуге жіберілген еді. Әлі содан тырс еткен хабар жоқ. Ғылым кандидаты атағының бекуіне біраз тосқауыл қойылды. Күлмәштің жорамалы да көңілін үркітіп байыз таптырмайды. Құмалақты олай салып, бұлай салып: “Саған атақ бұйырмайды, ылғи Зекеге ауады”, - дейді ол. Бұл жатып кеп дауласады онымен. “Ау, қайдағы жоқты айтқаның не?! Зекен алдымен медаль алсын. Күлмәш пікірінен танбай қасарысады.

Телефон безектеді. Облыстың мықтысы екен.

- Есей Досаевич, неге үндемей жатсың? - деді ар жаққа дауыс. - Жоспар, жоспар қайда?

- Еттен бе?

- Еттен де, сүттен де. Жауап өзіңнен. Кешіктірмей нәтижесін хабарла.

Есей шириқты. “Жоспар, жоспар деп қылқылдаумен-ақ құлақты жеп көк иық қып бітті-ау!” Бас зоотехникті біраз дөңгелетіп еді, жағдайы мәз көрінбеді. Бордақының жемі азайған. Салмақ қосудың орнына кеміп барады. Директордың іші қылп етті. Өткен жылғы орақта жоспарды асыра орындаудың әуеніне беріліп кетіп, қызды-қыздымен жемге деген арпаны мемлекет қоймасына тапсырып жіберген-ді. Беделдің керек жері осы тұс. Ауданмен хабарласып, қой төлдетіп жатқан шаруашылықтарға бөлінген бір вагон жемді Арқардыға бұрғыза салған. Орталықтағы сиыр фермасының

менгерушісін шақыртып, оған да тапсырма берді. “Жеке меншіктен сүт қабылдауды ұйымдастыр. Екі тоннадан шөп беріледі деп шартқа отырасың”. Сөйткенше қонақ та төрге озды. Бетінің секпілі бар қара бұжыр жүн сақал бас-аяғы бір тұтам томардай ғана жігіт екен. Түнімен ішкен адам тәрізді емес. Түк болмағандай нығыз отыр. Одан сыр тартып қысыр әңгімеге бұрып еді, томарша жігіт олай қарай баспады. Мүсіншіге тән байқағыштықпен бұдан көзін айырмай мелшиді де қалды.

- Сіздің тұлға-тұрпатыңыз адам қызығарлық. Келісті екенсіз, ағасы, - деді астыңғы ернін тістегіштей қышырланып, - Арқарлы тауының көшірмесі десе болғандай.

- Тауға теңегенің үшін рахмет, інім. Көне жұмысқа кірісейік, - деп директор оны қасына шақырды. - Жер ыңғайын, ауыл көрінісін байқаған шығарсың. Ендігі таңдау өзінде.

Ол иығын қомдап түсініксіздеу қимыл жасады.

- Біздің кеңшар тыңмен бірге түлеген шаруашылық. Отыз тоғыз ұлттың өкілі қойындаса еңбек етіп жатыр. Өткен бесжылдықтың тапсырмасын асыра орындап, бүкіл одақтық ауыспалы қызыл туды жеңіп алдық. Арқарлының халқының дені тыңгерлер.

- Түсінбеймін?! - Мүсінші тағы да иығын қисандатты. - Олардың бітіргені не сонда?!

- Құлазып бос жатқан қазақ даласына жан бітіріп, жүрегін соқтырды. Тусыраған тыңды игеріп, астық молшылығын жасады. Жаңадан салынған кеңсе алдына тыңгерлер мүсіні бой көтеріп, халықтар достығын паш етуге тиісті.

Мүсінші басын шайқады.

- Шамаң жетпей ме?

- Тың тақырыбы менің шығармашылығымға үйлеспейді. Олар бар болғаны қоныстанушылар, шындығына көшсек - келімсектер. Жерді бүлдірушілер.

- Жігітім, шегерсең қайтеді?! Партия саясатына қарсы шығатын кімсің сонша?! Өзің министрдің күйеу баласы көрінесің.

- Бұл арада министрдің қандай қатысы бар. Ол да бір келімсек шығар.

- Жә, түсінікті! - деді Есей тістеніп. - Бар, жолың болсын!

- Мені Қосай батырға байланысты аңыз қызықтырады, - деді мүсінші салқын назарын директордың өңменіне бағыттап. - Арқар және адам. Керек пе осы мүсін?

- Ондай үйлесімсіз өлі идеяға кім тұшынады? - Есей саусақтарын тарбайтты. - Бізге өмірдің жанды бейнесі қажет.

- Сіздің іздегеніңіз өмірдің жасанды қара дүрсін көшірмесі. Мен ондайға қолымды былғамаймын. - Томарша жігіт тұрды да есікке беттеді, шығар ауызда артына бұрылып, - Өлі де ойланыңыз. Арқар және Қосай әулие, - деді қос қолын шекесіне қойып, - Мүйізден қорықпаңыз, арқар сүзіп өлтірген әкеміздің моласы жоқ.

Ішке Зекен кірді.

- Әлгіні әкелдім, Есеке.

- Онынды көрсетпе маған! - деді директор түрін суытып, - Жөнелт! Құрт көзін! Қайдағы жоқ пәлені... Сотталған біреу болуға керек. Ақыл-есі дұрыс емес төрізді. Жаңа осында ит жыныма тиіп!..

Зекен аңырды.

- Есеке, сіз бі-біреуді шатастырып тұрсыз. Ме-менікі басқа.

- Әлгі сақалдың қайдан жүр сонда?!

- Кәсіподақ шығар бүлдірген. Мен бір талантты мүсіншімен келістім, бүгін-ертең кеп қалады деп жүрген.

- Құдай төбеңнен соққыр! Бүлдірген сол десеңші. - Есей сыртқа белгі берді. Бейтаныс жігіт ішке енді. Бұл да сақалға бай боп шықты. Бет аузын түк басқан еңгезердей біреу.

- Привет, товарищ директор! - деп, Есейге күректей етженді қолын сілке ұсынды.

- Ат-көлігіңіз аман ба? Жақсы жатып, жай тұрдыңыз ба?

- деп Есей оған жете амандасты.

- Мен қазақша білмейді, - деді мүсінші бетін тыржитып.

- У меня нету время. Ақша берсең, қатырамыз.

- Ақша болады, - деді директор орысшалап, - Тыңгерлер галереясын мүсіндейсің. Бір орыс, бір қазақ, бір украин, бір беларус. Төрт ұлт өкілінің тың жорығын сәтті аяқтағанын паш етсеңіз, еңбегіңіздің табысты боларына мен кепіл.

- Брабо! - деді сақалды кеудесіне қолын қойып. - Этот мой любимый тема. Прибавлю одна эпизот. Пуст целинний дасть рапорт генеральному секретару.

- Тіптен жақсы! - Есей орнынан тұрып кетті. - Міне, нағыз талант! Жүр, кеттік саяжайға, сонда барып оңаша әңгімелесейік.

Директордың үйі орталықтың шет жағында. Шатырлы жатағандау жайдың айналасы тал. Ағаштың неше түрі бой көтерген. Ұшар басы көк тіреген мырза терек пен қарағайдың қалтарысындағы ауыл басшысының тұрағы сырт көзге орманшының күркесіндей тым қораш. Сырттан келгендер көбінесе шатасып Зекеннің дарбазасын қаққыштап жатады. Теңгермешілікке көздері қанып, жұпыны күн көріске әбден дағдыланған былайғы жұртқа басшының қарапайым тұрмысы таңсық емес. Осы шаруашылықтың тізгінін ұстағалы - мінгені бір-ақ машине. Жүргізетін өзі болғандықтан ба, құла уазик зауыттан жаңа шыққандай жылтырайды да тұрады. Есағанның киім киісі бір жосын. Көйлектен бастап кәстөм, шалбарға шейін кілең бір түстісінен, тозса дәл сондай жаңасын іледі иығына. Алқалы жиындарда бой түзеп жатпайды. Осы қалыпты қарапайым дағды от басына да орнаған. Бұл үйден сірескен дүниені көре алмайсың. Сән ағаш ырымға жоқ. Есесіне ою-өрнекті, әшекейлі қазақы бұйым әр бөлмеге рет-ретімен қойылған, үйлесім жинақылығымен көз тартады. Ыдыс-аяқтың дені қолдан жасалынған. Көненің көзіндей ескілері де бар. Еденге төселген алаша, төрге жайылған сырмақ, текеметтен бастап тұтас қабырғаны алып тұрған өрнекті кілем, бұл үйде оң қолынан мөр тамған оймақтының істісі барлығын өйгілеп тұрғавдай. Пәтерден көрі мұражайға келіңкірейтін құтты шаңырақтың есігі әрқашанда ашық. Ақ бақай қара мысықтан басқа қонақтың аяғына оралғы жоқ. Директор есігінің алдына арпылдатып ит байлап көрген емес, әзірше. Үйелмен мүшелері төртеу. Гүлзи студент. Зарығып көрген Зарлық үш жаста.

Күлмәш бұрынғыдан сәл толысқан. Сұңғақ бойына жарасқан қос өрім тоқ бұрымы беліне түседі. Кеудесін тепкен қос анары аршын төс омырауына әсем үйлеседі. Тұла бойында ішкі дүниесіне кіріккен сыла сымбат, қылап тазалық, жинақылық бар. Сырт кейпі орнықты жанның қалпын танытқанымен, жүріс-тұрысынан сәл-пәл жітілік байқалғандай. Қара торы мен ақ құбаның арасындағы күміс реңге келіңкірейтін бет ажарында өмірден бар керегін тапқан әйелдің тоқмейілсіген қанағатшыл пейілін аңғару қиын емес. Көктем шуағына алақан жайып жапырақ төккен ақ қайындай

барынша шешек атқан оның қазіргі бұла кейпінен кінәрат табудың өзі қиянат. Дидарындағы нұрлы сәуле ұшқынынан байыптылыққа үндеген тұнық мөлдірлікті, риясыз адалдықты аңғару қиындыққа түспейді. Дегенмен көргіш көз оның жәудір жанары қара судың иіріміндей тұңғыықтанып бара жатқанын, аясы үнемі жасаурап тұратынын байқар еді. Әйел пақырдың қашанда еркектен бір уайымы артық. Келешекті болжағыш нышанды, салған құмалағы екі сөйлемейтін, көрген түсі дәл келетін, шырамыты күшті көріпкел Күлмәш өзінен де бұрын балаларын, одан қалды құдай қосқан қосағы Есейдің амандығын алладан жатып та, тұрып та тілейді. Бәрінен де отағасын көп уайымдайды. Осы бір ересен кесек пішінді азаматпен алғаш жүздескенде жүрегі түскірі нокта көрмеген құлындай бұлқына тулап, шәт-шәлекейін шығарғаны бар. Сезгір көкірегін өры күдік тұртпектеп “мынадай маңғаз жігіт пешенеңе басы бүтін бұйыруы мүмкін емес” дегенді үнсіз мәлімдеген алдамшы сезім арбауында: “сізге қосылып бақытты бола алмаймын” дегенді нықтап тұрып айтқаны күні кешегідей есінде. Бұйрықты махаббаттың торына түспес бұрын мәселенің басын ашып алмаққа жасаған бұл қадамын жас босағаны аттаған соң, нықтай түсіп еді. “Қашан оқуынды бітіріп келгенше некелі жарың емес, тілеуқорың есебінде шешене серіктесіп күн кешемін. Қайсымыз бұрын адалдықтан аттасақ, сонымызға алланың зауалы келсін!” - деп он жетідегі ару пышақпен кескендей етіп сертті ойын төтесінен бір-ақ қайырып еді. Жігіт мәрт қолын бірінші ұсынып, тастай қатты да қалды. Содан былай қарай қос жүрек бір-бірін сағынышты хатпен жұбатып, шыдам-төзімдерін саналы қайратпен шындаған. Аз күндік жүздесуде, жүрекпен ұғынысып көзбен айналасудан әріге бармай, ораза ұстап ауыз бекіткен діндар сопыдай сыр алдырмады. Қайта іштей бәсекелесіп қайсымыз бұрын сыр алдырар екенбіз деп бір-бірін қабақпен бақты. Есейдің емеқсіген қомағай назары өзіне сұғын қадаған сайын келіншек ештеңені сезбегендей сабырлы қалпынан танбайды. “Мені арбама, берген сертген бәрібір қайтпаймын” дер еді күйеуіне. Есей ішкі аңсарын зорға тежеп “әншейін сынағаным ғой” деп жалтаратын. Ол алыстаса-ақ Күлмәшті сағыныш қысады. Ынтықтырған жан жары жүрегінің басынан кетпей, түнде түсінен шықпай, күндіз көз алдында

көлеңкедей селтиіп жүріп алады. Түсінде екеуі бірге жүреді ылғи. Есейдің ептеп қаржыдан тапшылық көріп қарнының ашқаны, достарымен қырбайласқаны, емтиханда қиналғаны, қыл аяғы киноға барғанына шейін сол қалпында енеді түсіне. Түсіндегі көргенін хатқа жазса, кешікпей Есейден жауап келеді. Айтқаныңның бәрі айна-қатесіз шындық деп мойындайды. Құмалақ салудан боса-болмаса жалықпайды. Есейдің әр пәнді нешеге тапсырғаны, көңіл хошының көтеріңкілігі әйтпесе жүдегені құмалаққа бәз қалпында түседі. Серттескен жары қыз-қырқынға қырындай бастады ма, түсіне акку немесе көгершін енеді. Күдігі түртпектеп ұйқысын ашады да, сүйіктісіне алыстан сәлем жолдайды. “Батырекесі, қыздармен байқап қолтықтас”.

Көбінесе Күлмәшқа шешесі аян береді. Көріпкел шырамыт бұған анасынан жұққан. Нәзира марқұм айтулы балгер-тін. Салған құмалағы екі сөйлемейтін. Отыз жетінің лаңында ұсталып кетті. Айдауда ит қорлықпен көз жұмған анасының әруағы Күлмәшті он үш жасында тапқан. Бойы сұп-сұңғақ ақ жаулықты әдеміше әйел бас жағына келіп: “Сенің анаңмын. Мә, ал мына жіпті. Осымен құмалақ сал”, - деді өңіндегідей ап-анық. Көзін ашып алса, білегіне шуда жіп оралып қалыпты. Кіршіксіз сәби көңіл жіпті маған шешем ұстатты қолыма деп қабылдады да, әлгі шуда жіптен айрылмай, құмалақтың қыр-сырын үлкендерден үйренуге тырысты. Бакса, жіппен де құмалақ салуға болады екен. Бар аңсарын балгерліктің кұұиясы билеген жас қыз өз бойынан шырамыт іздей бастаған. Жетім жүрегін мұң қармап, анасы есіне түскенде, құлазыған көңілін құмалақпен алдаусыратып: “Апа-ау, мен десем, түсіме жиі енші!” - деп жалбарынады. Кейінде шешесінің рухы мұның үнемі қорғанышына айналды. Әсіресе құмалақ ашқан сәтінде, көк желкесінен төніп тұратын тәрізденеді. Біреулерден зәбір көріп көңілі жүдесе-ақ анасының рухын көмекке шақырады. Баяғы сол ақ жаулықты әйел тұмантықтан жалт етіп бір көрінеді де, соқыр түнекке жұтылып кете барады. Сол сәтте бұл селк етіп оянады да, әлгі адамның тым алыстан құмығып жеткен үніне құлағын тосады. “Құмалақты екі салма”. “Құмалақты екі салма” бірде анасы: “Балам намаз оқы”, - деді тап өңіндегідей. Содан былай жас қыз байқатпай діндарларды төңіректеді. Аздап құран сүрелерін жаттап

сауатын ашқан соң, жасырын намаз оқи бастады. Төселіп алған соң, күшейте түсті тақуалығын. Көргіш көздердің сұғынан жасқанып, көпшіліктің арасында өзін қолайсыз сезінуші еді. Сәждаға жығылғалы көңіл күйі бір қалыпқа түсіп, айналасына немқұрайды салқын назармен қарайтынды шығарды. Жақтырмаған адамына томпақша тұнжыр көзімен тесіле қарағанда, әлгінің өңменінен өткізіп жіберетін. Осы бір әдеті Күлмәштің оқ өткізбес темір қалқанына айналып, сумаң қолдан, арам ойлыдан сақтады. Бірақ ол бойындағы өзгеше сілені тірі жанға сездірмеді. Намаз оқып жатқанын көріп қалған өгей шешесі шашына қол салып дода-додасын шығарғаны бар. Долырған әйел райынан қайтпаған соң: “Төте-ай, ұрмашы! Қолың сынады”, - деген. Айтқаны дәл келіп, шешесі ертесінде мұздан тайып қолының шыбығын сындырып алды. Көк бет, жеңілтек әйел содан былай: “Әлгі біздің қардың аузы жаман, айтқаны дәл келеді”, - деп көрші-қолаңға жайып жіберді. Жас қыз бал ашып бере қойшы дегендерге безеріп, ілікпейтін. Тексыр шашпайтын жақын-жуыққа ғана шешіледі. Өгей шешенің ысқырық-ызбарынан құтылып, жақсы ененің қарамағына іліккен соң, Күлмәш бойындағы көріпкел нышанын ептеп ұштап дамытуға мүмкіндік алды. Таңғал енесінен қаймыққандар оған құмалақ сал деп жабыспайтын. Таңғалға қолқа салады. “Онда тұрған түк те жоқ, қарағым. Алдыға келген кісінің қажетін аша сал” дер еді есті ана. Бірақ ол Есейдің абыройына көлеңке түсіріп алармын деп тартынатын. Әкесі келген сайын: “Сені әркім-әркім сәуегей, салған құмалағы екі сөйлемейді” деп ауызға алады. Шешенің түбіне балгерлігі жеткен. Заман көтермейді, қайтесің соны, - деп ақылын айтатын. Расында анасы пақыр көріпкелдігі үшін нақақ кетіпті. Отыз жетінің ойранында қырағылар құмалақшы әйелді ауданға шақырып, халық жауларын табуға атсалыс деп бұйырады. Ол жан алғыштардың дегеніне көнбейді. Қинай бастаған соң құмалақты еріксіз ашады. Қызыл жағалылардың бастығына: “Нағыз жаудың бірі өзің екенсің”, үш айдан кейін ұсталасың”, - депті. Сол сөзі пәле боп жабысып құмалақшы әйел айдалып кете барған. Әлгі қоразсыған қызыл көз де кешікпей ұсталыпты. Шешесінің бір әдеті құмалақты екі салмайтын көрінеді. Теке тойлы бір әумесер Нәзіраны қылжақ қылып: “Құдай екенсің, қашан өлетінімді айта

қойшы”, - депті. Құмалақты тартып жіберген ол: “Осы жаздан қалмайсың, дайындығыңды жасай бер”, - десе керек. Айтқандай-ақ әлгі делқұлы сол жазда суға кетіпті.

Есей оқуын бітірген соң екеу ара келісімді қайта қараған. Күлмош құмалақшылықты тастайды. Оның есесіне отағасы аузына арақ пен шылым алмайды. Күйеуі сол алысқан қол, берген серттен өлі күнге жаңылмай келеді. Күлмөш ептеп келісім шартты бұзып қояды. Өліп кетуі бар басқа біреуге бал ашпайды. Күйеуінің, балаларының келешегін, ауыл-аймақтың амандығын болжамдайды еріксіз. Сезіп білгенін, жорамалын тісінің арасынан шығармай, көңіл қоймасына жасырып тастайды. Есейге шет жағалатып сездіреді, зәуде бір. Онда да күйеуінің түртпегімен. Ауылдастары мұның балгерлігін білгенімен оны кәсіп етпейтініне көзі жеткен соң, ол жөнінде әңгіме қозғамайды. Қыстың қаттылығын, жаздың жаңбырлы, немесе құрғақ болатынын Күлмәштің қабағынан, сөз аңғарынан байқайды ауылдастары. Жүкті әйелдердің ұл немесе қыз табатынын алдын ала болжау, хал үстіндегі сырқаттың о дүниеге бет бұрғанын әлгінің қай күні өлетініне шейін тап басу оған сөз емес. Әскердегі азаматтың амандығын, оқуға аттанған талапкердің жолының оңғарылуын күн ілгері болжау жай ағымдағы елеусіз жағдаяттар. Күлмәшті кейде еркінен тыс күш билеп, аузына біреу сөз салып жібергендей болады. Күйеуінің Еңбек Ері атағына ие болуына күмәні бар. Көрген түсі, салған құмалағы Зекенге ауады да тұрады. Күлмәш бұрындары тігінші боп істеген-ді. Арқарлыға келгелі үй шаруасында. Келімді-кетімдінің өзі-ақ көк иық қылады. Қолы қалт еткенде іске отырып, алаша, кілем тоқиды. Ар-арасында құран сүресін ежектеп, кітап оқиды. Гәзет, журналды қадағалап жаңалықты жібермейді. Бала тәрбиесіне байланысты оқулыққа шүқшияды. Есейдің аса оқымпаз болмаса да, кітап құмарлығы әсерін тигізеді. Бір бөлмені орап алатын рухани қазынаны ойда-қырдан жиып-теретін күйеуі мен Гүлзи, қызығын көретін бұл. Құс ұйқылы Күлмәш бір кітапты түннен қалдырмай оқып тастайды. Өз бойындағы көріп-келдік қасиеттің тылсым жұмбағына жауап іздеп діни аңыздарға бой ұрады. Әр көрген түсі, айналадағы құбылыстың өзіне әсері, соған қоса басқалардың бойындағы түрлі ерекше қасиет-шырамытты да ой елегінен өткізіп, жан-

жануардың жүріс-тұрысынан, құстардың үнінен сыр ұғуға тырысады. Ит пен мысық басқа хайуаннан көрі адамға тілекші - иелеріне қатты берілген. Күлмәш біреудің үйіне бас сұқты ма, салғаннан мысығына шүйіледі. Жеті қазынаның бірі аталған “кіші жолбарыстың” көзінде тұрады бір құпиясы. Иттің сезімталдығы мысықтан да ерек. Салпаңқұлақтардың мұңын кім ұқсын?! Иесінің қатерге ұрынатынын күн ілгері сезеді. Күлмәш сиырларға қарап та жорамал жасай береді. Бозала таңнан азандаған зеңгі бабаның меңіресі, байлаудағы аттың оқыранысы да жұмбаққа толы. Аулада күлге аунаған тауықтар да біраз жайдан хабар береді. Бәрінен адамдар жақын бұған. Солардың қайғысы мен мұңы, қуанышы мен шаттығы оқиғасы қою кітаптай еліктіре баурап, назарын тұсайды. Адамның күні адаммен. Жер бетінің ең ақылды да мазасыз тұрғыны алла тағаланың абзал жаратқан пенделері кесе киімге, ішсе тамаққа тоймай жұлықсып жатқаны. Күншілдік пен күндестік, көре алмаушылық та осылардан шығады. Бақ пен мансап үшін бір-бірін жарға итермелеп, одан қалды кек қуысып, майдандасып жатқаны. Махаббаттың таусылмас шаттығына бола бастарын тауға да, тасқа да ұратыны және бар. Қатар жүрген екі дос бір-бірін сыртынан сатады. Көршілер болмашыға бет жыртысып ұрыс-керіске басады. Бәрінен де Күлмәшті қинайтын ерлі-зайыптылардың бір-біріне опасыздағы. Өйтері бар, әу баста несіне жұптасқан?! Құдай берген сезімталдық бұған сор боп жабыспаса не қылсын? Етегі желді әйелді көрді ме сырт айналып кетеді. Өлгі қызыл беттің ажарында бөрі сайрап тұрады. Кешелі-бүгінді төсек бөліскен ашынасының кескін-кейпі қызылшыл ұрғашының ту сыртынан елестейді. Еркектердің біразы Күлмәштің сыншыл назарында. Өз төсегін жөндеп жылыта алмай жатып, өзгенің құшағына ынтыққан арсыздарға не дауа?! Былықшылығы бастан асқан тіршілік кейде бұған тым қорқынышты көрінеді. Жел өтіне шыдамай, сусыған құм көшкініндей бірте-бірте жақындап келе жатқан қатер осы шаңырақты да шайқалтып кететін тәрізді.

Күлмәш сыртқа шығып тың тындады. Есейге деген ыстық сезімі әзірше суына қойған жоқ. Күйеуі үйден шықты ма, қашан оралғанша дегбірі қалмайды. Сонау жылғы сағыныш азабынан әбден зәрезап болған ол әлі күнге жаңа түскен келіндей үй сыртына шығып қарауды бұлжытпайды. “Неге

кешікті?! - деп ойлады сезгір жүрегі тыпырши тулап. - Иә, құдай-ай, жақсылығына баға көр. Құмалақты жиі салса, сөйлемей қояды. Сол себепті Күлмәш әр жұмада бір-ақ рет жаяды орамалын. “Тәуекел”, - деп күбірледі ол. - Менікі емес, Иманмағызамдікі. Аруақтар жар бола гөр! Киелі нәрселерін салатын қастерлі сандыққа қолын бірден апармай, сипалақтап жүрді де қойды. Құмалақты алдына жаймай жатып сүйіншілеген дауыстар тұс-тұстан жамырап қоя берді. Есейдің екі езуі құлағында. Қоржыны тоқ. Бірақ соған қарамастан Зекен қосқабаттасады. Қабаттасқан қос бейнеден секем алғанымен, көптен күткен қуаныштың ақиқатқа айналғанын көріпкелдікпен түйсінді де, құмалақты құт дорбаға салып, далаға жүгіре шықты. Осы үйге туралай тартқан хат тасушы келіншек бір бума газетті дудырата бұлғап: - Сүйінші! Сүйінші! Есаға Еңбек Ері атағын алыпты! Сүйінші! Газетке шығыпты, газетке! - деп далбалақтап келе жатты.

Съезден съезге дейін. Замана межесі осы. Бұл аралықта мәреге жетпедің бе, бабы келіспеген жүйріктей айналымнан шығып қаласың. Осы аралықта табыстан тау тұрғызып, бесжылдық белеңінен көрінбедің бе, тағы да күн жоқ саған. Абырой-атағы аспандап, омырауына алтын жұлдыз таққан Есей тәрізді дарабоздардың жүгі бәрінен ауыр. Еңбек Ері басқарған шаруашылық қайткенде табыс биігінен көрініп, жылдан-жылға екпінін үдетіп, тынысын аша түсуге тиісті. Осы заманғы озық салтанатты бойына сіңірген сән ағашпен көмкерілген даладай кең бөлмеде жұмсақ орындыққа жайғасқан директор астаналық газет тілшісімен сөйлесіп отыр.

- Алтын жұлдыз таққаннан бергі он жылдағы алған асуыңызға барлау жасап көріңіз.

- Жүрегім айнады, - деді Есағаң басын шайқап. - Қайбір асу дейсің, інішек. Итшілеген тірлік те әншейін.

- Неден түңілдіңіз? Еңбегіңіз еленбей жүр ме?

Есей күрсінді. Мына жазғыштың осал тұсына сүйкенуін қарашы. Еңбек ері атағын қосарлап алатын кезіңіз жетті емес пе деп меңзейді.

- Ойынды түсіндім, інішек. Барға қанағат, жоққа салауат. Бұйымтайыңды айта отыр.

- Біздікті жазу да баяғы. Озат тәжірибені насихаттау мақсатында өзіңізбен ауызба-ауыз пікір алыспақшымын.

- Тағы жалған марапат шығар. Өтірік қолпаштаудан әбден көк қарын боп тойынып болдым, қарағым. Мені бір өлтіре жамандасаң қайтеді.

- Сіз басқаратын шаруашылық Одаққа мәлім. Қазақстан бойынша әйгілі кірісті кеңшарға кір жағып, мені өле алмай жүр деймісіз?!

Директор суық жымиды. Парасатты, паң кескініне сүйкімді сұс берген қылаусыз бұйра шашын балуан саусақтарымен тарамдай сипап өтті де, қоңырау түймесін басты. Табалдырықтан аттауға именген секпіл бет, жарау құрсақ әйелге партком хатшысын шақыр деп бұйырды. Іле кірген жас жігіт директордың қабағын бағып, сөзге бірден араласа қоймады.

- Хатшымыз осы жолдас. Қызметке кіріскеніне алты айдан аз-ақ асты. Бұрынғы хатшымыз ауданға ауысып, жоғарылаған. - Есей тілшіге назарын жықты. - Біздің жігіттер үнемі өсіп кетеді. Арқарлыдан көтерілген мамандар облыс көлемінде кілең тәуір қызметте.

Тілші жігіт “сіздерде өскендер мен қабат өшкендер де бар ғой” деп айтуға оқталды да, директордан қаймығып басын изей салды.

- Мына кісіге шаруашылықты көрсетіп, ауылды аралатасың. Саяжайда тынықтырып, арқар етін жегізесің. Ауылым деп келгенде, аунап-қунап дұрыстап тынықсын бір.

Есейдің жұмыс ырғағы бөз қалпында, аса өзгере қоймаған. Бүгін кеңседе болады күн ұзағына. Күзгі жиын-теріннің кезі. Біреулерге шөп, біреулерге жем, біреуге отын қажет. Түтін саны екі мыңнан асып жығылатын “Арқарлы” кеңшарының тұрғындары мұның аузына қарайды. Осының жарылқауына ділгер. Бұрындары мамандарға, орынбасарына ысыра салушы еді, кейінгі кездері бар мәселені өзі шешетін әдетке басты. Оң қолы саналатын Зекенге де көп тізгін бермей, назарынан тарыдай нәрсені қағас жібермейді. Кең қолтық мәрттігіне, үстіне түйе ойнақтаса да мыңқ демейтін көтерімділігіне сызат түсіп, жүйкесі сыр бере бастаған Есаған дауыс көтеріп, үстел тоқпақтайтынды шығарды. Есекең бүгінде мүлде басқа адам. Кісіге сенім артқыш мінезден ада. Кінәмшіл-ақ. Сәл қылдан тайдың ба, қыр соңынан

қалмайды. Көңіліне жақпағанды екі сөзге келтірмей жұмыстан шығарып жіберу сөз емес оған. Қоғам мүлкіне көз салған суық қолды қиып тусіретін өзі.

Зекен кірді. Бөз баяғы тоқ қарын домаланған қалпы оның. Жау қабақтың астындағы бітік көзі тіптен жұмылыңқы. Ішкі аңғарын қимыл-қозғалысымен, дауыс ырғағымен байқататын елпекшілдігі бұрынғысынша.

- Не бұйырасыз, Есеке?

- Үлкен кісі келгелі жатыр.

- Қайсысы?

- Нағыздың өзі. Болашақ республика басшысы.

- Анау ғой.

- Сол дөкей. Менімен жұлдызы қарсы еді басынан. Білмеймін мұнда не іздеп келетінін?!

- Демалатын шығар.

- Әрине. Арқар ауламақшы. Смет не дейді? Есебін алып па?

- Тоғыз қозықасымен он үш-ақ.

- Мүмкін емес?! Құжымы ше?

- Ырымға жоқ деп қарғанады. Ана жолы біреуін Мәскеуден келген дөкейдің қанжығасына байлағанбыз. Біреуінен көз жазып, жемтігін таппай қалдық.

- Мүмкін жүрген шығар бой тасалап. Сай-саланы арылтты ма екен?

- Қорықшы күдерін үзіп отыр. Басқа таулардан арқар аулаудан басқа амал қалмады. Зоопарктермен жең ұшынан жалғассақ қайтеді.

- Бұның тапқан ақыл. Мен хабарласайын алдын ала. Бүгіннен қалмай жөнел, - деді директор бірдеңенің шиесі жазылмағанда, бір нүктеден көзін айырмайтын әдетіне бағып.

- Облыстық аңшылар қоғамымен хабарласып көрейін. Мүмкін тікұшақ шығартармыз. Зекен кеткен соң, Есей бір түрлі жайсызданып: “Петр Акимовичтің зары өтті-ау. Осындайда демеп жіберуші еді, - деп қапаланды. - Мықтыға арқа сүйеп дәнiккен ол күрсiндi. Бұл күндері өзін құдайдай жебеген дөкей Қазақстаннан тыс жерде. Ресейдің бір облысында басшылықта. Аң құмарлығы қылдан тайдырып жіберді оны. Қырғауыл атып жүргенде мүлт кетіп қойшыға тиіп қаңғыған оқ, содан дәмі ауды ақыры. Ендігі Мәскеуде саяси бюроның құрамында жүретін еді. Нағыз маңғаздың

өзі ғой. Көрді ғой, сан жиналыста. Нендей қиын мәселені екі ауыз сөзбен тындыратын. Уәдеге берік мәрттігі қандай! Ұсақ-түйекке мән бермейтін дегдарлығын айтсаңшы бәрінен. Жылына міндетті түрде бір соғатын Арқарлыға. Биіктен төнген құлжаға екі оқ шығындамайды. Сосынғы ермегі қармақ салу. Балығы тайдай тулаған тоғанның қамсақты жағалауына отырып алып, ақ сазанды бауырын жарқырата құлаштай лақтырар еді. Балық аулағанда өзі жеке қалғанды қалайтын. Қармағына қомақты олжа оралғанда ептеп атап өтеді. Сыңғыта беру әдетінде жоқтын. Қармақ салудан жалыққанда, тырмысып тауға өрмелейді. Одан қалды құс атады. Кешінде саяжайда Есеймен шарсоқпа ойнайды. Селолық кеңестің төрайымы Лидия Ивановнамен сыр бөлісуге де уақыт табады. Анаған, мынаған сұқтанып “егінің сирек, шөбің тырбық оседі екен, өйтпесе аң неге аз, құстың басқа түрлері қайда?” деген орынсыз қазымырлыққа жоқ. Мемлекет тұтқасын ұстайтын қайраткер осындай-ақ болсын! Өседі ғой, жоғарылайды әлі. Нағыз табанды коммунист. Заманның озық ойлы басшысына тән қасиет бір басына тоқайласқан. Петр Акимовичтен өз басы шапағатты кеп көрді. Арқарлыға өң беріп, кеңшарды гүлдендіруге достық қолын созғанын қалайша ұмытады. Озық техника облыста бірінші кезекте Арқарлыға жөнелтіледі. Құрылыстың көрнектісі осы ауылда бой көтерген. Арқарлының атақ-даңқын аспандатуға күш салған сол кісі емей кім. Бір мықтының қолтығында жүрмесең, қызмет атқару оңай емес. Жебеушісі алысқа кеткелі Есей қоңылтақсып-ақ жүр. Ол барда аудан тұрмақ, облыстың мықтыларымен терезесі тең сөйлесетін. Петр Акимович аман жүргенде ғой ендігі қос алтын жұлдызды қосарлай тағатын еді. Сорының қалыңын қарашы.

Телефон безектеп қоя берген.

- Әлеу, тыңдап тұрмын.

- Бұл облыстық ауыл шаруашылығы басқармасынан ғой.

- Иә, не айтасың?

- Сіздерде сүдгер жырту неге баяу?

- Оны сол салаға жауапты мамандардан сұра! - деп байланысты ісілт үзді де, бас агрономды іздеді. Қырықтың ішіндегі сырты сынықтау алаң көз жігіт желкесін қасып:

- Сіз айтқан тапсырманың қисыны келіңкіремей тұр, - деді.

- Есімде жоқ, ол не тапсырма?
- Қосымша тың жырттыр дегенсіз.

Есей оған шаншыла қарады. Көршілес шаруашылықта бөлімше агрономы боп жүрген жерінен қоярда қоймай осында алдырып еді. Қақ-соқпен ісі жоқ тіл алғыштығына қызыққан-ды. Келмей жатып, бұл да бұра тартпақшы.

- Жырт десе несі бар? Шаруашылыққа жауап беретін сен бе, жоқ мен бе?

- Сіз ғой. Дегенмен өзі... жыртылатын тыңның да реті...

- Сөзді қой да, орында директордың бұйрығын! Облыс қысып жатыр. Сүдгер жыртуды тездетіндер!

Есей сәл жайсызданды. “Жуастан жуан шығар деп, қара әлгіні? О, құдауанда, бұ да бұра тартпақшы?!” Кенет ойына бұрынғы бас агроном түсе кетті. Өткен жылы Данашпен бұл ойда жоқта ұшырасып қалды. Облатком төрағасының қабылдау бөлмесінде бір жүдеу адам отырды. Киімі жұпыны. Алғашында оны бұл аңғармады. Байқаса, кәдімгі есі ауысқан жынды Данаш. Басы тап-тақыр. Жар қабақтың астындағы шүңіл көзі кісіге өлеусірей тесіледі. Бойында қырып алар ет жоқ. Қияпатты кескінінде сиық қалмаған. Қоңқиған құр мұрыны ғана. Иықты, бойшаң тұлғасы құныса шөгіп, көтерем түйені еске салғандай. Кім-кімді де өзіне тартып алатын сүйкімді шырай, келісті ер бейне аруақ сұлбасында. Құр сұлдері отыр.

- Ей, мұнда не ғып жүрсің?! - деді Есей ата жауын көргендей оқыс тіксініп.

- Саған құран шығартқалы...

- Мен өлді деп кім айтты саған?

- Әруақтар. Қосай батыр түсімде аян берген. Ол бір өлген адам деп...

Арада он минут өткенде Данаш жедел жәрдем мәшинесімен үйреншікті тұрағына кетіп бара жатты. Не кереметінің барын білмейді, Данаш түсіне жиі енеді. Қойнындағы қосағы анау: “Арқарлының ақыры Данашта қалады”, - деп сәуегейсіп... Сонда мұның осы топыраққа тамған ащы тері текке кетпек пе?! Мұнсыз не береке бар? Сәл көзі тайды ма, жұмыс ақсай бастайды. Еңбек етуге сінетсіген өңшең керенау алдап-суламасаң қолындағы айырын атып ұрады да, беті ауған жаққа кете барады. Жан сақтауға кергіген деген не сұмдық?! Әй, осы мінсіз қоғам социализмде де шикілік бар-ау.

Қаңылтырмен алдап, қызыл қағаз ұстатып арқадан қағып жұртқа тегін жұмыс істетуге дөндегенбіз. Кеудесін түгін қапқан, миын арақ улаған өңшең әлжуаз бара-бара сұлдерін сүйретуге жарамас. Дәріптеген коммунистік еңбектің сиқы осы. Қорқытып-үркітіп жұмыс істет дейді. Социализмнің құлдық қоғамнан несі артық сонда?

Кейде Есей осындай оғаштау ойға беріледі. Жаны күйінгенсін шыдамай кетеді. Бұл басқарған кеңшар үнемі табысты еселей беруге тиісті. Етке тапсырған бордақысына кірдің тасы жетпей састырсын. Бойлап өскен егіні аттылы кісінің үзеңгілігінен келсін. Қою өскен шөптен шалғы жүзі жапырылып жатсын. Сиыр атаулының емшегінен сүт атқылап тұрсын. Бір мал қысыр қалмай егіздетіп тапсын.

Ойын телефон зыңғыры бөліп жіберді. Облыстың мықтысы екен. Даусы салғаннан зілді шықты. Таяуда республикалық актив өтпекші көрінеді. Жалғыз бетке ұстар “Арқарлы” кеңшарының көрсеткіші төмендеп кеткен. Әсіресе, етке өткізген малдың салмағы.

- Сіз, жолдас Досаев жұмысты қойдыңыз! Әйгілі шаруашылықты ақсаттыңыз. Облыстың беделіне нұқсан келтірдіңіз! Кемшілікті бірер айда түземесең, мәселең бюрода қаралады.

Үйреншікті сарын. Сан естіген дігер. Арқарлы олар үшін жылдым сиыр. Емшегінен сүт сигектеп тұруға тиісті. Басқаларды қамшылаудың әдісі бұл. Арқарлыдан неге үлгі алмайсындар деп өзгелерге күн көрсетпеудің саясаты. Күн көрсетпеудің көкесін танытатын бұл шығар. Директордың қырына бірінші кезекте бас зоотехник ілікті. Қырықтың ішіндегі ілмиген ұзын тұраның бір қасиеті - болмайды демейді. Қырып алар еті жоқ ши қазанат Шорық шапқылаудан жалықпай, жұмысты ынтамен беріліп істейді. Дегенмен ептеген осалдығы да бар. Терісінің жұқалығы ма, бір күн ұрыссаң үш күн жұмысқа шықпай жатып алады. Бір жәшікті еңсеріп кеп тұрады төртінші күні. Ішінің жыланы бар ма, араққа жеңдірмей жүр әзірше. Мақтау сүйетін періп кетпе аусарды Есағаң ұзын арқан, кең тұсаумен ұстайды. Арқарлыға ауыз ашпайтындар кемде-кем. Мың жарым жылқы, төрт мыңнан асып жығылатын сиыр ұстайтын шаруашылықтың ыдысында кем дегенде жұғын қалады. Жұғыннан өзек жалғайтын кеңсегер “ашқарақтар” аудан мен

облыс та жетерлік. Еруліге қарулы. Олар да алғанын ақтайды. Арқарлыға шаң жуытпай қорғаштап, жақсысын асырады, жаманын жасырады. Бармақ басты, көз қыстымен тәуірлердің өңешінен өтіп кететін жал-жая, қазы-қарта, ақ май, қызыл ет бас зоотехниктің берекелі қолынан шығады. Ол есірмей, кім есірсін!

- Сәре қолында, бағлан жолында, саған неге шыр бітпейді?
- деді директор олпы-солпы киінетін Шорыққа сынай тесіліп.
- Үсті-басыңды түзеп дұрыстап киінсең қайтетін еді?!

- Сәнденетін қатын емеспін! - деді ол үнемі қызарыңқырап жүретін кішірек күзен көзін ойнақшытып.

- Студент кезімнен солаймын. Итке темір не керек деп, енді маған тыраштанған жараса ма? Өне бір жылы райкомның ысқаяқ нұсқаушысы галстук тағып жүрмейсің деп тиіскені бартын. Мені бір кеңсе күзеткен шенеунік деп біледі ғой деймін осы жұрт. Арқарлының құрық сүйреткен бас жылқышысы екенімді қайдан білсін.

Сөзшең Шорық тәжікеге жеткізбейді. Былайғыларға алаң-құлаң пәруайсыз көрінгенімен, ілме қалжыңға ұста ол. Тілі біздей, шаншып тастамасы бар. Жылқышымын деп сарындауы тегін емес. Малсақ зерек маман бір көрген тіске жұмсақ серені жадында ұстап қалады. Мырзасынған пайдакүнем бақташы мен жылқышы көзі жіті бас маманнан қаймығып “айырбасқа” бара бермейді. Малды түстеп танитын Шорықтың малсақтығы бұл маңайға белгілі.

- Сәніңнен бұрын мәнің кетіп барады, тым жүдеусің. Күздікке серені, соғымға табанды құлатсаң қолыңнан кім алады сенің?

- Жылқы еті ішіме тұрмайды, Есаға. Жүрегімді айнытады.
- Ол қуақылана жымиды. - Мен бар іш құрылысыммен интернационалистпін. Қорегім кәлбаса, сосынғы өзіңіз де білесіз ғой “ақ жорға”.

- Ой, саған дауа жоқ! - деді Есей көзі күлмей беті күлетін ызбарлы кейіпте. - Өсетін жігітсің. Арақ жігітті өрге сүйремейді, көрге сүйрейді.

Шорық сәтте ойлы кейіпке ауысып, мұңая күрсінді.

- Өмірден не көріп кетеміз осы біз?!

- Бір кеңшардың бас маманысың. Малды асықша атасың. Ішкенің артыңда, ішпегенің алдында. Енді не керек саған?

- Итаршы тірлікте қайбір мән бар, - деді ол әлгіден де бетер мұнданып. - Біздің күйбеңіміз күнделікті. Келешексіз,

болашақсыз өмір сүруге бола ма, Есаға? Үш балам бар соларға нені мұра қып қалдырмақшымын ертеңгі күні? Мен өмір бойы бас маман боп жүрмеймін ғой.

- Балаларыңды оқыт. Үйлендір.

- Диплом жай қағаз. Тамақтан өтетін, үстіге жапсыратын болса ғой.

- Сондағы ойың не?

- Ойым емес, қарсылығым. Баршаныңжан айқайы. Біздің құрылыс мейлінше сұрқия. Адамдарды астыдан қияды.

Есейдің түсі суып кетті.

- Не болды саған?! Таң атпай ішіп алғаннан саумысың? Әлде, шалық ұрды ма?

- Мейлі, не десеңіз де. Сандырақтың сарқытын кім ішер дейсіз. Қыр аспайтын қыжыл да менікі. Кәне, не бұйырасыз тақсырекесі!

Шорық - қожасының көкейін көш жерден ұғады.

Маңызды жұмысты иығына артарда өп-өтірік қамқорситыны бар. Директордың ішіндегі иттері қыңсылап, көкірегін түртпектей бастады. “Осыған несіне қызығасың. Ішкіштігін ’ сылтауратып орнынан тайдырып жіберсең қайтеді?”. Бұл - бір ойы. Екінші ойы былай қиыстайды: “Жүре берсін бір делқұлы. Қайта астына көпшікті қалындата қойып, мақтап-мақтап қиынға сал.”

- Айтпақшы, сені марапатқа ұсынғанбыз. Естіп пе едің?

- Есей оған қолын ұсынды. - Құттықтаймын! Қазақ ССР-нің еңбек сіңірген ауыл шаруашылығы қызметкері атағына ие болуыңмен! Кеше министрлікпен сөйлескен едім, кандидатураң тоқтаусыз өтіпті. Әзірше аузыңнан шығарма.

Шорық бұл жаңалықты жайбарақат қабылдады. Мысқылды жүзбен күле сөйледі.

- Бұрынғысы әшейін қолдан домбалдаған шомыт еді, ендігі мойынға ілетінім нағыз қамыттың өзі болғаны да.

- Қалай десең олай де, айды аспанға бір шығардың, бауырым!

Асаусыған Шорық ақыр-соңында жуасып, мәмілеге келді. Облыстың дүмдісінен кеп түскен бұйрықты қалт жібермей, орындауға бар күш-жігерін жұмсайтынына сендірді директорды.

Саяжайдан екеу шықты. Ықшам киінген бұлардың сырт кейпі сейілге шыққаннан да, қақпан құратын аңшыға келіңкірейді. Сметтің кигені арқар терісінен тігілген бітеу жарғақ. Қасындағы бойжеткеннің киімі қыздың серпінді сұлу тұлғасына ыңғайлы әрі жеңіл. Күз таңы кірбіңсіз атып еді, күн райы ашық қабақ танытып, шуақ төгеді. Тау қолтығында аздаған салқын леп бар екен. Түнде бүркіп өткен өткіншіге кекілдерін дымдаған сайдың қалың шөбі жонынан бу атады. Тау алқымындағы айна көз айдын тып-тынық. Құс базары тарқап, еркіндік алған балықтар толқынды ерсілі-қарсылы жондарымен сызып, ойын сап жүр. Тоғанды жанай өткен бұлар тауға ентеледі. Тәрізі, іштей бәсекелескен сыңайда. Жігіт өзіне сенімді. Қайыңның безіндей сылыңғыр келген иықты, бойшаң тұлғасынан шымырлық байқалады. Жүрісі жігі, қимылы шалт. Қыбыр еткенді шалып қалатын қырағы өткір көзі нағыз тұз адамына тән аңғарымпаздықты байқатқандай. Иығына асқан тоқ қоржынды мәу дейтін емес. Жол серігін көз қиығымен бағысынан - елеңшіл еркектің аусарлығынан гөрі қорғансыз нәзік жанды іштей мүсіркеген аяушылық сезіледі. “Тауға қарап танауын көтерген несін алған?! Биікке біраз тырмысып, аптығын басқансын жуасыр”.

Сметтің қызға сырт долбармен тон пішуі қисынды. Іргелес облыс орталығында, қалада тәтті тағам өндіретін пәбрикада істейтін Зухраның сыртқы кейпі өлең айтып, би билейтін әртіске келіңкірейді. Гүлдей үгітілген нәзіктік бар болмысынан атойлаған қыздың үнем созар қайраты толқынды қолаң шашының арасында жасырынып жатпаса, былайғы пошмынан байқала қоймайды. Сондайлық етшең де емес, аса жүдеу де емес, дене бітімінде бап көрген сыландық бардай. Уылжыған сұлу шырайы катуланғанда күрт тұтанып, жанары ұшқындап кетеді екен.

- Сен етекте қаласың, - деді Смет піл сауырлы ақар-шақар шыңға аспандай қарап. - Қара сызықтар түскен ізді байқап ал. Табаның содан аумау керек. Арқаннан айрылып қалма. Онда сәбізіңнің біткені. Шешімінді өзгертсең құбақұп. Арқарлы ойнайтын тау емес. Ойлан.

- Ойланатын түгі де жоқ, - деді қыз қорықшыға салқын назармен тесіліп. - Алдымен мен шығайын, сосын сен.

- Құныңа қалар жайым жоқ, - деп қорықшы кекесінмен мырс етті. - Байтал шауып, бәйге алмас деген. Ұрғашының тым төске өрлегенін жаратпаймын. Әйелдің орны биікте емес, төменде.

Смет бұл сөзді қасақана айтты. Намысына тисем, бәлкім райынан қайтар дегені.

- Бәстесейік, ағасы, - деді ол қуақылана күлімсіреп, егер тастан табаным тайды ма, құным сұраусыз, қағаз жазып қалдырайын.

Қорықшы ойланды. Осының обалына қалып жүрмейін деген күдік көңілін май ішкендей айнытып, жүрегіне қорқыныш үйірді. Екі сөзінің бірі қорқауға жем болғанша, жартастан құлап өлейіннен келуші еді.

- Бүгін күн тымық. Нағыз балықтың қармақ қабатын кезі. Балық аулайық одан да, - деді Смет етектегі тоғанды иегімен нұсқап. - Жаңбырдың іркіндісі құрғасын, көрмейсің бе, эне, жалтырап жатқанын. Табанымыз тайып кетсе қиындау. - Қыздың тәрізін байқаған қорықшы оны қолтықтай берді. Зүһра қолын тартып алды да, еңіске жалт қарап сұқ саусағын шошайтты.

- Өлә, қасқырды қара!

Алданған Смет ұмсынғанша болмады, жалама тайғақ шыңды бетке алған серігі биікке бір қалыпты машықпен тырмыса, өрмелеп бара жатты. Аңырған қорықшы қалша қатып тұрды да қалды. Үрейлі сезімнен айыға бере аңғарғаны сол - қу қыз тауға шығуға әбден төселіп, әдістеніп алған екен. Сметті мың айлалы түлкідей мазақ қылып қулығын ішіне сақтапты. Оралымды сақ қимылмен жарыс жолындағы спортшыдай кәнігі шыңгерге тән өжет өлермендікпен мәреге жақындай түскен оның жанкештілігіне әрі ызасы қозып, әрі сүйсініп, не қилы сезімді сәттің арасында бастан кешкен Смет те тартып берді. Бұл кеп жеткенде қыз құзардың төменге түксие төнген бүркіт тұмсығына атша мініп алып, жайбарақат отырған.

- Жүрегімді ұшырдың-ау, қу қыз! - деді демігін баса бере. Зүһра жымиды. Шебер дойбышыдай жігітті ойсырата ұтқанына іштей мағұрланып, қулығын түпке сақтады да: - Ендігі жолбастау сізге тиесілі. Артық-ауыс аусарлығымды кешірерсіз, ағасы, - деді жасандылау қылымсып.

Қорықшы басын шайқады. Онысы - қыздан ұтылғандығын мойындағаны, әрі оған ризашылығын

байқатқаны. Бабатаудың ұшар басынан басталатын неше түрлі көрініске куә тек өзі ғана екені көңіліне мақтаныш ұялатып, Смет нығыздала түсті.

- Өзірше бұл таудың құпиясын менен басқа ешкім білмейді.

- Шегерсең қайтеді, ағасы?!

- Ә, тағы не сұмдықты шығардың?!

Қыз сықылықтап күліп ала жөнелді. Жаратылысы қылаусыз бойжеткеннің күлкісі бұлақ ағысындай сыңғырлай шығады. Шыңға екі-үш мәрте көтерілгенін қыз жігіттен жасырған. Алғашқы жолы әупіріммен зорға шыққанын да бүкті. Аңғарға төменнен үңіле төнген құзарға орнатылған жасанды арқар бейнесі Зүһраға таңсық емес. Ішіне шөп тығындалған бітеу терінің сырт көзге кәдімгі тірі құлжадан еш өзгешелігі жоқтай. Желдің ыңғайымен бір орында шырқ айналып тұрады. Білмегендер жасанды тұлыпты шын арқар деп малданады. Бас Арқарлының ұшар басы ойқылдау астауша боп келеді екен. Шанжаулай өскен қарағай, шырша, терек емін-еркін бой созады. Ағаш арасы шөптесінді. Төрт-бес шақырымға созылған астауша терең сайлы аңғарға ұласып тау ерекелері арқарлардың тіршілік етуіне табиғат ана әдейілеп жағдай жасағандай. Аңғардың қолтық-қойнауы сыңсыған шөп, шалғыны кіндіктен келеді. Қос қапталының қара оты мейлінше қою, әрі бітік. Арқарлардың ғана аяғы жетіп, жайыла алатын құтты өрістің өскіні сан алуан. Арқар жусаннан бастап өсімдіктің сирек кездесетін неше түрі кезігеді. Қорықшы мұның бәрін серігіне баяндап шықты. Емдік шөптердің де түр-түрін атады.

- Бас Арқарлы тау еркелерінің қысқы тұрағы, - деп түсіндірді қорықшы. - Орта Арқарлы қауіп-қатерден бас сауғалайтын қиын шатқал. Ал Кіші Арқарлы текті хайуандардың емін-еркін жайылатын жазғы өрісі.

- Бұл тауда бүркіт неге жоқ? - деді Зүһра көк жүзін жіті көзбен шолып.

- Еріккен айдауылдар атып тауысқан ғой. Бір жолы марқа қозыны бүріп әкетіпті. Соған бола аулап, көзін жойған.

- Арқардың мөлшері қанша?

- Онға жетер-жетпес.

- Аз ғой.

Қорықшы күмілжіді. Зерек қызға құпияны ашудан тартынып, әңгіме бағытын басқа жаққа бұрды.

- Ерте, ерте заманда Қосай деген әулие өткен. Қалың жұтта тау еркелерін аман алып қалған дейді.

- Сіз ше? Не бітіріп жүрсіз?

- Маған әулиелік қайдан келсін. Қарапайым қорықшымын бар болғаны. Бірдеңе бітіретіндей қолда билік жоқ дегендей.

Қыз Сметке оқты көзімен тесіреді:

- Бес жүз тұяқтың түбіне жеткен кім екен?!

- Оны қайдан білесің? Бал ашамысың?

- Ашамын, - деді қыз оны әжуалай табалап. - Одан да зорғысын айтып бере аламын.

Смет тосылды. Қойын кітапшасын жоғалтып алған-ды. Қай жылы қанша арқар шығын болды. Құлжасы нешеу, ешкісі қанша. Қодығаның нешеуі оққа ұшты. Мүйіздерімен аспан тіреген үйір қожалары кімдердің оғынан майып болды. Соның бәрі қағазға түскен еді.

- Не үшін, кім үшін сөйттіңіздер? - деді қыз қорықшыны кінәлаған салқын райда. - Малдың егі жетпеді ме?

Смет түк айта алмады. Булығып әрі намыстанып қызарқтаған ол серігінен бөлініп, қиыс тартты. “Есекең де қызық?! Кім-көрінгенді үйір қылып... Түбінде осы қыздан көрер қоқайды. Жансыздан аумайды”.

Дүрбіні көзіне апарып біраз тұсты шамалап еді, назарына түк ілікпеді. Қуғыннан әбден запы болған байғұсты екі аяқтылардан жалтарып бағады. Әу баста табиғат шебер биіктікті күзетуге бейімдеп, құзар басынан атойлаған сұлу мүсінімен көз сұқтандырған қайран тау тектілері бүгінде елеусіз қалтарысты сағалауға мәжбүр. Әккі қорықшы қос қолымен аузын көлегейлеп барынша азандап еді, жықпылды тасалаған үйір қарсы бетке ұра кеп жөнелді. Ата құлжа алдында, соңынан қодыға кетіп барады. Қарамы онға жетер-жетпес тау еркелерін дүрбімен түгелдеген Смет қатты ыңғайсызданған. Арқарлардың осыншалықты азаюына кінәлі басқалар болғанымен, өзінің де қосқан “үлесі” барын іштей мойындайды. Сол “күнәсінің” орнын толтыру үшін қалғандарын аман сақтағаннан басқа қайран жоқ. Әсіресе, үйір қожасы мен қодығаны. Ана жолы ата құлжаны жеңіл жарақаттанып, таптырмай кетті дегізіп бір ажалдан қаққан еді. “Екі қолға бір жұмыс, бәрін қойып шахтаға кетсем кайтеді. Қайда барсаң да күрейтінің боқтық қой әйтеуір”.

Смет құлазыды: “қорықшы емес, қорқаумын нағыз”. Бес жүз бер жақтағысы. Шығын одан да қомақты. Жүзден төмендетпейтін еді, қапы қалды. Үнемі қуаланды болып таудан мазасы кеткен жануарлар Кіші Арқарлыға ойысып етекке түскен еді өткен күзде. Қаладан арнайы сайланып шыққан жырындылар қоршауға түсіріп, аптаматпен жайпап салған. Смет келіп жеткенде, ұйымдасқан қарулы топ істерін істеп тайып тұрған-ды. Әр жерде кесілген бас пен сирақтарды көріп жер соқты да қалды. Шығасыға кінәлі өздері. Есейге шет жағасын сездірген. Арқарлының алпауыты өзіне тарпа бас салды. Кет, кеттің астына алды. “Айран ішкен құтылады, шелек жалаған тұтылады. Бәріне кінәлі құныкер мен болып шыққаным ба? Ештеңенің исі мұрынына бармайтын мына қылымсы да мені жазғырады”.

Қыз бері жүрді. Смет одан жылыстады. Ескі жыным ұстап жүрер деп сақтанып, әрі серігіне өзінше қыр көрсеткендегісі еді. Кескін-кейпі мен қимыл-қозғалысынан бұла жастықтың шиыршық атқан асау сезімі андағайлаған, сұлулық пен нәзіктікті, оған қоса өрлікті басы бүтін еншілеген сойқан қыздың тым еркінсіп мұны жан құрлы көрмегені жынына тиді. Смет оған қасақана соқтықты.

- Ақырзаман боларда су тартылат, қарап тұрған жігітке қыз артылат. Соның кері ме, мені неге басындың сонша?! - деп Смет өп-өтірік қитықты.

- Күш сынасып көрсек деп едім, - деді бойжеткен мейірлі жанары қуақы ұшқын атып.

- Қай жағынан?

- Солақайға оң-терісі бәрі бір. Қалауыңыз білсін.

Смет ұмсынғанда қыз қолын қағып үлгерді.

- Тым оралымсыз екенсіз, табаныңызды тас жеп тастаған ба? - деп Зүһра сықылықтай жөнелді. - Білекке жармасқан қол тайқымас болар.

- Өзің ғой кел-келге басып. Тауға шыққан адам табиғатты тамашалар еді. Сен келіп, қайдағы жоқты?..

- Мен осымен үшінші рет, - деп ол қорықшының назарын қарсыдағы ұсақ таспен өрген жазуға аударды. “Зүһрадан белгі”.

Смет басын шайқады. Ол қызды көз қиығымен бақты. Қаны қаныңқы, сұрғылт жүзі демде албырап көзі шоқша жайнаған Зүһраның дәл қазіргі кейпі түнгі өрттің алауындай

жан шыдатпастай көрінді жігітке. Жүректе маздаған жігер оты тал бойында бір міні жоқ сұлу жанды одан әрмен құлпыртып, айбынын асыра асқақтатып барады. Жігітті жылы деп желпігендей еді. Қапелімде мұның да ішінде құйын ойнады. Арбасқан көздер шарпысты. Қыз тайқымады. Ақ-қарасы айқын ұялы жанарын жігіттің өңменінен өткізіп:

- Сізді жаңа таныдым, - деді сәл езу тарта.
- Бұрын ше?
- Етегіне намаз оқыған ақ періште ме десем...
- Шаждаға жығылатыным рас.
- Қойыңызшы?!
- Смет кенет өз көлеңкесіне оқшырайды.
- Үркек атша неге одырайдыңыз? - деп Зүһра жігітті

сыншыл көбен бақты.

- Сағатқа қарамайтын әдетім. Көлеңкең өз бойыңнан екі есе ұзарғанда, бесін уақыты болады. Намаз оқимын, - деп ол іркінді жаңбыр суымен дәрет алуға ыңғайланды.

Қыз теріс бұрылды. Тұла бойы күш пен қайратқа толы оқтаулы мылтықтай уытты жігіттің бір тауда бір киік өзімен өзі оңашаланып тоқ жарау жүйріктей үнемі бабында жүретіні, тірліктің ұсақ-түйегіне аса мән бермей, қызылға қызықпайтын тоқмейілдігі, айқай-сүренге киліге қоймайтын ұстамдылығы қызықтырушы еді Зүһраны. Желігі жоқ жігіттің көкейінде бүркеулі сыр жатқанын жүйрік көңілмен топшылайтын да, тегінде кісілік бар азамат-ау деп іш тартып, оны жетім жүрегіне демеу көретін. Осында, тау арасына келген сайын қорықшыға деген ықыласы артып, оның сұлу торы аттай тазалығына қызығушы еді. Кейде жалқы көңіл ашық пікірлесетін дос іздейді. Қу құлқынға тәуелді, сатулы достық кім-кімді де ығыр қылып жалықтырып жібермей ме. Зүһраның жөні бір басқа: бір ағашта бір алма. Саяқ тірлік жалықтырған жан. Өзімен өзі алысып, іштегі жалынын өшірем деумен әлек.

Бұлар көп қиналмай етекке түсті. Мінажатшыл әдетімен Смет күбірді көбейтіп келеді. “Иә, алла өзің оңғар, өзің жеткер!”

- Сәке, нешедесіз?
- Отыздың үшеуіндемін.
- Өлә, менен үш-ақ үлкенсіз.
- Замандаспыз. Бірге қартаямыз әлі. Жас мөлшері егде тарта теңеседі ғой.

- Менің қартайғым келмейді, - деді Зүһра жағымсыз астан жиіркенгендей тітіркеніспен. - Бәрі бір маған, өле саламын. Шешем құсап.

- Өмірден соншалықты неге түңілесің?

- Сіз ше? Құлын жасыңызда құдайға жалбарынып.

- Дін - апиын деп үйретті әтейістер.

Итшілеп өмір сүргенше, апиын ішіп өле салайын дедім де шәздаға бас қойдым. Әдейі ашығып ораза ұстадым. Бірақ нансаң, түгім кететін емес. Қайта күшейіп алдым. Темекіні аузыма алмаймын. Арақпен ада-күде қоштастым.

- Дін у емес, дәру болғаны ма сонда?

- Исләм діні жаныңды да, тәніңді де сауықтыратын нағыз сары тосап екен.

- Коммунистік идеал ше? Олар дінді жоққа шығарады ғой.

- Ол жағына бас қатырғым келмейді. Менің табынарым - жаратқан алла. Бір күш бар ғой, әйтеуір.

Екеуі әңгімемен тоғанға да жетті. Есей шыққан алдарынан. Смет аңырды. Қалыпты қызмет ырғағынан жаңылмайтын директор бүгін жұмыс кестесі бойынша жөндеу шеберханасында мотор құрастырушыларға көмектесуге тиісті-тін. Есағанның қабағы пәс көрінді қорықшыға. Ол мұны оңаша алып шығып түсіндірді, келгендегі бұйымтайын. Смет кожасынан нұсқау алған соң, жылыстап кетті. Есей мен Зүһра қармаққа жармасты. Екеуі екі жерде қалытқыны бағып үнсіз отыр. Қыз жайбарақат. Арқарлыға бауыр баскалы қашан, кемі он жылдан асқан шығар-ау. Үйірсек жүрегі Есейден үрікпейді. Қайта оны ағасындай қамқор көріп, іш тартады. Екеуден-екеу сейілдейтіні жалғыз бұл емес, талай-талай сейілдеген ауыл қожасымен. Саяжайда Есағанмен шарсоқпа ойнаудың өзі бір ғанибет. Артық күлкі, артық сөз, оралымсыз, одағайлау қимылға жоқ сырбаз жан қашанда сабырлы да маңғаз қалпынан бір танбайды. Шанда бір сәл тартып жымығаны болмаса, секемшіл жүрекке күдік салатын арам ойдан ада, туыстық сезімге бергісіз жылы пейіл, жанашыр ықылас байқалғандай бұған деген. Қазір де сол әдетімен сырт беріп үнсіз отыр. Көкейі ұзын ұрғашыдан ықтайтындай көзге қораш, сезімі олқы ебтейсіздеу еркек болса екен, емеуірінімен-ақ емексітіп тыпыршыған асау жүректі ерітіп жібермей ме. Кейде Зүһраға тосын ой келеді.

Есағаң қылдан тайып бұған қол созса қайтпекші?! Өйтуі мүмкін ғой. Шыдам мен төзімнің қорытпасындай асыл текті дегдардың мүлт кетіп аусарлыққа бой алдыруы қисынға келе ме. Кісінің ішін танығыш, байқампаз Зухраның пайымдауынша, Есағаң айрықша таза сезімнің адамы. Бұған ықылас көрсетуінде, анау айтқан бақай есеп жоқ. Жалпақ жұртқа жанашыр жақсы адамның бейкүнә қорғансыз ұрғашыға жан тартқан ағалық адал ниеті ғана бар. Зухра онымен жүздескен сайын осындай пікірге келіп, үркексіген секемшіл күдігін бекітіп алады да, анау-мынау ұсақ күмәнді жүрегіне дарытпай қуалап тастайды.

Тоғанның ашқарақ балықтары қармақты құныға қауып, сала құлаш сазан балықтар бірінен соң бірі жиекте шоршып жатты. Олжаға, әсіресе, Зухра кенелді. Байқайды, Есағаңның қимылы сараңдау. Балық аулағаннан да, ойға шомған қалып танытып, үнсіз қалады.

- Қайтайық, - деді ол екеуара олжаларын жас шыбыққа желбезегінен тізіп жатып, - менен сен епті екенсің. Кілең сазан ілігіпті қармағыңа.

- Сіз есесіне алабұға ұстадыңыз, - деді Зухра ағасының қабағындағы салқындықты жіті аңғарған жайма-шуақ көңілмен.

- Алабұға әліне қарамай ашқарақ тентек келеді, - деп директор сөз ауанын басқа жаққа бұрды. - Бүгінгі менің сайысым кілең тентектермен өтті.

Зухра танданысын жасырмады.

- Сізбен де біреу қарсыласа ма?!

- Ей, шырағым-ай, адамнан иттік арыла ма? Балақтан алған байбаламдарға не дауа! Жұмыс істегісі келмейді. Сінетсиді түге. Қит етсе, арызын ала жүгіреді. Кетемін деп қорқытады. Не көп, өндіріс көп.

- Кетсе жолы болсын. Несіне тарыласыз.

- Шөпті кім шабады, сиырды кім сауады? - деді Есағаң қызға сынай қарап. - Өзің барар ма ең сол жұмысқа?

- Не бересіз? - Зухра директорға сұраулы жүзбен тесілді.

- Келісім шарт жасасу үшін алдымен түсіністік керек.

- Үй аласың.

- Өтірік!

- Жалақың алдыңғы деңгейде.

- Ол да жалғандау.

- Бірер жыл істегенсін марапаттамаға ұсынамыз. Халық қалаулысы - депутат боп сайланасың. Одан әрі жол ашық. Тек жұмыс істеуді біл алаңсыз.

- Бұған бала да алданбас! - Зухраның даусы қаттырақ шықты. - Біздің қоғам жұмысты адамдарға тегін істетуге әдістенген. Коммунистік еңбектің кісіні қызықтырмайтыны содан. Ішіп-жеме, тәуір киінбе, мәшине мінбе, тек жұмыстан қолыңды алма. Есі-дертің еңбек болсын. Социалистік жарыстың үйретері осы. Бұндай құрғақ насихатпен коммунизм орната алмаймыз, Есаға! Қоғамды тұралатып көтерем түйенің халіне жеткізіп алуымыз кәдік. Өзі соған бара жатыр.

- Неге олай дейсің? - Есей қызға жақтырмай суық қарады.
- Бұның бәрін қайдан білесің, шетелге барып па ең?

- Мені жанды қуыршақ деп білемісіз?!

- Біліміңе қарата айтқаным ғой. Мұндай кереғар ойды екінің бірі айта бермейді. Жә, деген ғұламалар болмаса.

- Біздегі білімнің аясы тар. Мен өз бетіммен ізденіп, ой-өрісімді кеңейтемін. Білгіңіз келсе айтайын. Екі жарым мың жұмыскері бар пәбрикада үш жыл кәсіподаққа жетекшілік еттім. Сол қызметпен айналыса жүріп, біраз жайға қанықтым. Социалистік жарысты күшейтемін деп оқымаған кітабым қалмады. Қызды-қыздымен шетелдегі кәсіподақ қозғалысын зерттедім. Біздерге бөжекей көрінетін кәпиталистік еңбек бөлінісінің қағидаларымен, іс-тәжірибелерімен ғана үзіп-жұлып таныстым. Туристік сапармен шетелдерге де шықтым. Нәтижесінде мынаған көзім жетті: біздегі социалистік жарыс шарттарына ешкім де елікпейді екен. Демек, күні өткен қасаң әдіс әбден ескірген. Бар кілтипан социалистік еңбек бөлісінде. Еңбек етпеген ішіп-жемейді. Дұрыс делік! Сөйте тұра жұмыс істейтін бір адамға пәпке қолтықтаған он адам әкірендейді. Елімізді жалқаулар, жерден сынық шөп көтермейтін әйеншектер, өзгенің көлеңкесімен тыныстайтын масылдар, ішкіштер жайлаған.

- Тым үстірт кетесің келешегің бар жас адамсың. Бұл ұшқары пікірінді менен басқа ешкім естімесін.

- Ағатай, атылып кетсем де айтқаным айтқан! Біздегі социализм мен тәрізді байға өтпейтін кәрі қыздың кейпінде. Ажары тозып, базары тарқауға жақын. Нағыз шешек атып гүлдейтін дер шағын өткізіп алған. Қайта құру тым кеш басталды.

- Шындықты көрмеу қиянат, Зүһра! Социалистік құрылыстың артықшылығын дүние жүзі мойындаған. Жұмыссыздық етек алған, қайыршылық жайлаған батысты төбеміздің шұқыры көрсін! Біздің елден анық дорба асынған жүз қайыршы тапсаң, сөзімді қойдым.

- Біздер шетімізден сыпайы қайыршылармыз, - деді Зүһра қалт тоқтап. - Қайыр тілеуге де ептілік керек. Машыктанып дағдыланған сұрамшақтың қалтасы құрғамайды. Басымызға күн туып, жокшылық қысты ма, біздің елдің “сыпайы ақ жүректері” аштан катады. Өмір сүруге икемсіз әйеншек сорлымыз шетімізден.

- Қыз балаға қазымырлық жараспайды, - деді Есаған жалынғандай болып. - Жалғыз шешенді асырай алатын шығарсың. Ел аман, жұрт тынышта бұ не сары уайым?! Қаладан жаныңды сақтай алмасаң, ауылға кел.

“Жетістірерсіндер?! - деді Зүһра ішінен. - Салпы етек боп сиыр сауып жүрсем ғой сол!” Есаған пікір таластыруға ыңғай байқатпады. Соны аңғарған Зүһра өз ойын қуалап кетті. “Шетінен коммунистік идеалға берілген ақ жүрек! Бүгінін ғана біледі, ертеңін естен неге шығарады? Аса іздемпаз кітап құмар білімдарлығы бұны неге сыншылдыққа бейімдеп бара жатқандай. Қайта құрудың әсері ме, өзі өмір сүріп жатқан қоғамды сынап-мінеуге бейіл. Өміріне де, тағдырына да наразы кіді жүрек кінәмшіл келе ме, мұның талғамына татырлық түк жоқ тәрізді байтақ Кеңестер елінде. Есағанды көңіліне тоқ санаушы еді, одан сәтте қайтып қалды. Өзінен мықтыға құлдық ұрған бағыныштылық Есейге жараспаса керек еді.

- Шарсоқпаға қалайсыз, - деді ол Есағанды бейбіт әңгімеге тартып.

- Ауылға қонақ келмекші, жоғары жақтан, - деп ол күмілжи жауап қатты.

- Таусылмайтын бұ не көп қонақ? - деді Зүһра нені болса бетке айтатын әдетіне бағып. - Саяжайды еңбек адамдары дем алатын орынға айналдыру керек қой.

Есей тосылды. Мұндай күңкілді жаңа естіп жүрген жоқ. Басында өзі пір тұтатын мықтының мақұлдауымен қорықшының қара қосына лайықтап тұрғызған. Кейін тәуірлердің ақылымен жаңартылды. Облыс, аудан көлеміндегі дөкейлердің мұнда ат басын тіркемегені кемде-кем. Ел аралай

шыққан республика шонжарлары Арқарлыға соқпай өтпейді. “Арқарлыға бардың ба, арқар етін жедің бе” деген сөз бүгінде екiнiң бiрiнiң аузында. Петр Акимовичтiң сәлем хатымен Мәскеуден, Сiбiрден келетiндер бар. Солардың көңiлiн тауып ойынан шығу - жалықпайтын қонағуарлықты қажет етедi. Көбiсi сыздана келедi әлгiлердiң. Шексiз билiктiң буына бөккен алпауыттар ғой. Кемiнде облысты басқаратын, әйтпесе министрлiктегi маркасқалар. Омырауына қос-қостан жұлдыз таққан, елiне еңбегi сiңген мемлекет қайраткерлерi. Партия шонжарлары. Дұрыстап қарсы алып, асты-үстiне түспедiң бе, сый-құрметiң зая кетедi. Сүйемесi алыстағалы Есей Досаевқа қыр көрсететiндер көбейiп барады. Солардың бiреуi - Бек Лекеров. Облыста үштiң бiрi боп тұрғанда, Есей оның алдында бiрде-бiр болған емес. Бiрiншi хатшы Петр Акимовичпен тiл табыса алмай, көршi облысқа ауысып кеткен-дi. Ол жақта үштiң бiрi дәрежесiнде жүрген: кейiн Мәскеудiң мықтысына ұнап, қайта құруды жақтағаны үшiн облыстық атқару комитетiнiң төрағалығына тұяқ iлiктiрген-дi. Лекеров республикаға жоғарылайды деген сыбыс шыққалы бiраз болды. Ендi сол мықты аяқ астынан Арқарлыға келмекшi. Алматыға ауысардың алдында таза ауа жұтып, арқар етiн жеп әлденiп алмақшы-ау. Есейдiң қобалжуы осыдан. Облыс, аудан басшыларына хабарлап оларды дүрлiктiрудiң және қажетi жоқ. Лекеровтың бұл сапары қызмет бабына жатпайтын көрiнедi. Не де болса оңаша күтiп көрсiн. Бәлкiм, тiл табысып қалар.

Есаған: - Саяжайға қанша қалды? - дедi тауға көз жiбергенсiп.

- Әлi бiр демалыстай бар, - деп Зүһра нем кеттiлеу тiл қатты.

- Кейiн тағы кеп демаларсың, - деп ол қызға қиғаш көз тастады. - Мықтының көзiне түспей-ақ қой.

- Түссе несi бар?! - Зүһра түрiн суытып алды. - Адам ретiнде бәрiмiз бiрдеймiз, тең дәрежелiмiз.

- Өзiң бiл, қарағым. Менiкi ағалық қамқорлық саған, - дедi де Есей оған қолын ұсынды. - Ертеңге шейiн күн жақсы болғай.

Зуһра шешесіне шолжың. Әншейінгі кірпияз тәкаппарлық жайына қалады. Құлдыраңдаған құлын шағынан қалыптасқан еркеліктен отызында да көз жазбай, анасы пақырды сіргелі тайдай түрткілеп жатқаны.

- Апа десе!
- Әу көгершінім, не бұйырасың!
- Тамақ қайда?
- Іштің ғой жаңа.
- Басқасын әкел.
- Мақұл, ботақаным.
- Ботаң не?!
- Енді не дейін?
- Тайлағым де.
- Ақ тайлағым сол. Көк тайлағым сол!
- Жо, шегер! Ақ тайлақтан басқасы артық.
- Қойдым, көкетайым!

- Сен кемпірде шекара жоқ. Аяқ астынан көкешімді қайдан шығардың? - Зуһра анасына шуақты жанарын ежірейтті. - Қолыңды бес қайтара сабындап жу да, шашымды тара.

Октаудай тоқ бұрым Халиданың алдына құлады. Кішкене кезінде бестемшелеп өріп беретін. Ұлдар тартқылай береді деген соң, қос бұрымға түсірген. Соның өзінде Зуһра ұзын шаштан біраз қорлық көрді. Шолтиған әсіреге жаппай әуестік көйлекті тізеден, шашты желкеден асырмай, қыз баланы бір өңкей сұрықсыз кейіпке түсіріп, ұрғашының сүйкімді шырайын кетіріп-ақ тұрады. Жасандылыққа жаны өш Халида көзінің ағы мен қарасындай Зуһрасының шашын тарап, күтуден еш жалықпайды. Соған қалыптасқан “ботасы” дырдай басымен әлі күнге шашын күтуді шешесіне міндеттейді. Оның қамыр илеп, лағыман созуға бейім саусақтары мұның қобыраған қолаң шашына жуысқан сәтте-ақ Зуһраның тұла бойына жұп-жұмсақ қытық жүгіреді. Оның аялы алақанының жылуына елтіп, маужыраған ол әлгі қытықтың рахатына балқып ұйықтап кететін.

- О, жарығым сол! Күнім сол! Айым сол!

- Сөзді қой да іске кіріс, - деді Зуһра шешесінің тізесіне жантая басын сүйеп. - Бір тал шашыма нұқсан келтірсең, тіке сотқа берем.

- Құлдыңың болайын! Сен үшін сотталып кетсем арманым жоқ.

Зуһра шешесін сұқ саусағымен нұқыды.

- Жап аузынды! Аз ба еді кәрлақтағы теперішің?!

Халида күрсінді. Нағыз гүлдейтін балғын шағын тағдыр мазағына беріп, ақ балтырын озбыр қолдағы балтаға тосқаны күні кешегідей есінде. Көмейінен ән, көкейінен нұр төгіліп жалындаған отымен жалпақ жұртқа сәулесін шашатын Нұртас сегіз қырлы, бір сырлы жігіттің жампозы-тын. Режиссер әрі әртіс, ақындығына қоса әншілігі, суырылған шешендігі қандай еді. Отыз жетінің отамасында теректей тұлғалы азамат қанды қол қаракшылардың қысымына шыдамай, мезгілсіз опырылды. Тергеушіге “жау десең жаумын” депті. Айтарын айтып, армансыз арылып, ішін бір босатқан көрінеді. Қасарысқан бір бет өжеттігінен түк шықпаған соң ызамен морт сынған. Артында қалған жан жары Халиданың жауапқа ілініп күйеуі үшін ұзақ жыл азап арқалайтынын білсе, шұғыл кетпес еді. Ажал қаншалықты рахымсыз тас жүрек болғанымен, оның да әділетке жуық жағы бар. Адам пақырды бұ дүниенің мехнатынан құтқарып, мәңгі тыныштық бесігіне бөлейді. Тірілер марқұмның қалдырып кеткен бағы мен сорын еншілейді. Халиданың маңдайына күйеуінің соры жазылған. Тергеушінің сықпыты келіссін бе, кірпі шаш, мөлін көз быттиған сары:

- Сіздің-ақ айтқаныңыз болсын. Сонда менің басқа ұлттан екенімнің күйеуіме қандай қатысы бар?!

- Қатысы?! Қарашы түк білмегенсіп! - Тергеуші үстелді жұмырығымен түйгіштеп-түйгіштеп жіберді. - Се-сенің әкен Шыңжаң өлкесінің алпауыты. Шынжыр балақ, шұбар төстің қаншығысың!

- Нағашың десеңіз шындыққа жуықтайды. - Халида қасарыса қарсыласты. - Адамды итке теңегеннің өзі ит.

- Мен бе ит?!

- Иттің барып тұрғаны қанды ауыз қорқаусың! Кісі қанын сорған аждаһасың шеттеріңнен! Қайда Нұртас? Тауып бер, күйеуімді!

- Халық жауларының барар жері о дүние. Күйеуіңді көрден табасың, білдің бе? Байың екеуің Қытайға қашуға әрекет жасағансыңдар.

Халида нағашы жұтына барып қайту үшін тиісті

орындарға өтініш бергенін жасырмады. Нұртасты қасарыса қорғағаннан нәтиже шықпайтынын сезсе де судан таза, сүттен ақ деп күйеуіне түк жуытпады. Тергеуші ақ қаптал сұмның өзі екен. Күйеуінің мұның көзіне шоп салғанын суыртпақтап жеткізді. Оқымаған әйелді өзіне тең санамай, қарамағындағы актерлермен әуейіленіп некелі жары мұны тастамақшы болғанын Нұртастың өз аузынан естідім деп те көпірді. Жалған жалаға шыдамай жалп еткен оның ішінде кеткен шындығын бұдан білмекші, Нұртастың халық жауы екенін Халиданың куәлендіруімен дәлелдемекші екен. Бірақ олардың түлкі бұлаңынан түк шықпаған. Халида өлсем жаным Нұртастан артық емес деп күйеуінің атына кір жұқтырмады. Күтімсіздіктің салдарынан екі жасар ұлынан айрылып, жан жолдасынан және көз жазып, әбден ашынған бейбақ шарасыздан өз кінәсін мойындап шықты. “Егер жауды іздесендер нақ өзімін. Нұртасты қосақтамаңдар маған. Ол партияға шын берілген адал коммунист. Күйеуіммен ажырасып нағашы жұртыма кетпекші боп дайындық жасағаным рас”.

Қырағыларға керегінің өзі осы. Жиырма бестегі уыздай жас келіншек он жылды арқалап лагерьге аттанған. Алғашқы бес жылын Ақмоланың іргесіндегі дозақ ордасында өткізді. Кейін орын ауыстырып, Арқарлыға тап болған-ды.

- Саусағынды батырма, қытығым келеді, - Зуһра шешесін бала күнгі еркелі әдетімен мазалап, сөйлемес еркіне қоймады. - Сен кемпір, Арқарлыдан шырғалап неге шықпай жүрсің, ә? Кәрлақтағы күндерінді аңсаймысың, әлде?

- Өткеннің жаманы болмайды, көгершінім. Өмірімнің арқауын тарқатып шығу қолымнан келмейді. Он жерден өкініп, опық жегенімен, екі ғұмыр бұйырмайды пендеге.

- Қарай көр өзін?! - Зуһра шешесінің емшегін танауымен нұқыды. - Өзің пилосып боп кетерсің бұ бетіңмен.

- Шыққыр көз нені көрмеген! - Халида кемсеңдеді. - Адам дозаққа да үйренеді дейді.

- Ендеше сол “дозағыңнан” сыр шерт.

- Тірі адам дозақты қайдан біледі, менікі әншейін долбар.

- О дүниенің басын ауыртпа, бұ дүниенің кебін шерт.

- Отырмыз ғой.

- Отырсың, - деді Зуһра қырланып. - Сен кемпір, қиқақтамай тұрасына көш. Неше байға тидің?

Халида өкшесіне шөгір кіргендей ыршып түсті.

- Астапыралла! Күнәға батырмашы, жарығым!
- Сыбырлағанды құдай естімей ме. Одан да анығын айтып арыл біржолата. Сонда жеңілденесің.
- Некелі жарым біреу.
- Менің әкем кім сонда?
- Айтпақшы екеу екен ғой. Сенің әкең, сосын әлгі...
- Бәлкім үшеу, одан да көп?!

Шешесі қарғанды:

- Олда біллә, екеу!
- Бір байыңды Сталин құртыпты. Екіншісіне, менің әкеме ненің оғы тиген?
- Оның түбіне арақ жетті.
- Арақ?! Менің әкем маскүнем, демек мен маскүнемнің сарқытымын. Ауыңнан қағынған бір пәлесің ғой.
- Маңдайымның сорынан көремін, - деп кемсеңдеді Халида.
- Құдай саған ғұмыр берсін!
- Өзің ше?
- Сенің алдыңда өлсем арманым жоқ.
- Алдымен мен бе, сен бе өлетін, ол құдайдың ісі. Қызықты ертегі айт одан да, дұрысы сол. Өзірше өлмей жүре тұрайық.
- Ертегіге иланатын баламысың? Жасың отызда. Отау иесі болатын...
- Тоқтат! Отыздағы балаға, мына маған лайықтап ертегіге бергісіз хикая шертесің өз өміріңнен.
- Сөзге жоқ екенімді білесің, не дейін?
- Онда былай ет. Қойған сауалыма жалтармай тура жауап беріп отыр.
- Мақұл, ботақаным!
- Жауабыңа жылау араласпасын. Салқын қанды, сабырлы болуға тырыс. Ал кеттік. Бірінші сұрақ. Әкеммен таныстығың қалай басталған?
- Көрлақта, айдауылда.
- Айдауылыңа түсінбедім ғой?
- Нодзиратіл дегеннің қазақшасы.
- Әрі қарай.
- Есімі Иген еді. Бірде қай туғансың десем, Нұртастың елін айтады. Қайыным боп шыққан соң жан тарта бастадым. Ол қолынан келген жәрдемін аяған жоқ менен. Содан екі

жарты бір бүтін болып... Сөйтіп жүргенде бала көтердім. Босанып ұл таптым. Тапқаным құрысын! Отырсам опақ, тұрсам сопақтың кебін киіп, кәрлақтың итіне шейін маған қарап үретінді шығарды. Қол-аяғымды бауырыма алар-алмастан жұмысқа салды діңкелетіп. Күтімсіз сәбидің қайбір күйі келсін. Олжабегім екі жасында жер томпайтты. Сиыр саууға кеткенімізде иіс тиіп, он бала бір-ақ жусады. Ботасынан көз жазған аруанадай онымыз отырып алып зарлағанда, жербарақ теңселді. Жыладың не, жыламадың не, сені есіркеп мүсіркейтін ешкім жоқ?

- Байың қайда жүрді? Қол ұшын бермеді ме?

- Менімен жақындасқанын біліп қалып, жазалады. Иген екі жылға кесік алып, айдалып кетті де, мен етегі желді нәпсіқор әйелдердің тізіміне ілігіп, көз түрткі күн кештім.

- Өзің де сол керек! Шыдамсыздың шырыны шыбынға жем.

- Ағысқа қарсы жүзуге кімнің шамасы жеткен?! Табиғат заңы қатал, илектеп-илектеп дегеніне көндіріп алады. Іші қуыс пенде құлқынның құлы. Тамақ ішпесең, аштан қатасың, нәпсі желігін баспасаң, қу ағаштай қурап шыға келесің.

Зүһра қисынды сөзге тоқтады. Шешесін сөйлете берсе, байғұстың кәрі жүрегін ауыртып аларын біліп, өзіне жайлы соқпасын сезді де, өп-өтірік қорылға басты.

Халида үнсіз жылады. Суы қайтып жасыған жанарынан мөлт-мөлт тамған кермек жас қызының қолаң шашына шық боп іркілді.

Зүһра осы жаңа түс көргенін айтты шешесіне. “Сенің Игенің ұсқынсыз біреу екен. Ұзындығы мен көлденеңі бірдей күж қара”.

- Менің маңдайыма біткен еркектер шетінен келісті болатын, - деп жұбатты ол Зүһраны.

Зүһра еріксіз мұңайды. Кеудесін күрсініс кернеп барады. Бәрі жүректе сақтаулы. Шындықтың көкесін ашып айтар еді, бірақ шешесі пақырды аяйды. Талай рет оқталған, бірақ жеме-жемге келгенде тайқып кетеді. Бұдан он алты жыл бұрын көзі жеткен өзі турасындағы ақиқатқа. Шындық деп өзеурегендер шетінен ақымақ. Нағыз шындық - мұның ұғымында - құбыжық. Сол құбыжықпен бұл тұлымы шошайған жасында бетпе-бет келіп, кіршіксіз сәби жүрегіне дақ салып алған-ды. Мектепке бара жатқанда, бөтен біреу

Зуһраны жиі тоқтататынды шығарды. Майысқан әп-әдемі әйел:

- Қызым-ай, атың кім? - деген алғаш жолығысқанда.

- Зуһра, - деп, бұл бейтанысқа тіксіне қараған.

- Зәмзәгүл еді есімің, өзгертіп жіберіпті-ау, - деді ол жыламсырап.

- Оны қайдан білесіз?

- Сенің туған шешең мен ғой, Зәмзәш.

Жетім жүрегі әлдекімді іздейтін тәрізді-тін. Елегізген жалғызсырау сезімі жас қызды жиі-жиі мазалап, көңілін еріксіз сағынышқа бұрып жібереді. “Інім немесе сіңлім болса, әкемнің туғандары, әйтпесе нағашыларым келсе ғой. Ішіп кеткен әкем қайда жүр? Керісінше екінші шеше табылып тұр бұған. Керек емес, өз анасына ешкім жетпейді. Әлгі әйел мұның соңынан қалсыншы! Апасына білдіртпей жылап-жылап алады да, одан жайлап сыр тартады.

- Апа десе, түсіме бір жаман әйел кіреді ылғи. Сенің шешең мен деп жармасады.

- Қақ өзегімді жарып шыққансың, сандалмасын, түге!

Апасының сондағы қатулы жүзі әлі көз алдында. Бауыр еті баласына сұғын қадаған қасақы әйелмен сырттай ұстасып, шамырқанған оның өр кейпі балапанын суық қолдан қорғаған ұя басар қыранның қырағылығына бергісіз. Сезімтал қыз Халида шешесін содан былай мазаламады. Шындықты әлгі өзін “туған шешеңмін” деген әйелден естіген. Оған иланбасқа шарасы қалмаған. Ол бейбақ көз жасын көл қылып еңірегінде, мұның сай-сүйегін сырқыратады. Бәрі тағдырдан. Ауылдан қалаға оқуға келген сұлу қыздың жолы болып, институтқа түседі. Күндердің күнінде “Қазақ фильм” жер-жерге сауын айтып, өңшең бота көз аруды астанаға жияды. Зілия елу қыздың ішінен үздік шығып, киноға түсуге жолдама алады. Өзіне тапсырылған бейнені сәтті шығарып, кинода үздік ойнаған ол аңдамай от басып, астананы тастай қашады. Қарағандыға келіп өзіне таныс жалғыз басты Халиданы паналайды. Соның қолында босанады. Қызыл шақа нәрестені пәтерші әйел асырап алады. Зілия бұдан басқа бала сүймеген. Тым сұлулығы сор боп жабысқан да, қазасы оқыстан келген. Қызғаншақ күйеуінің түртпегіне шыдамай, өзіне қол жұмсаған. Туған шешесінің өліміне себепкер опасыз ғашықтар екеніне әбден көзі жетіп,

шешесінің бар сырын өз аузынан естіп алған ол күні бүгінге шейін зығырданы қайнайды. Өзін дүниеге әкелуге себепкер белгісіз әкесін ойлағанда өштігі тіптен асқынады оған деген. Жігіттерге жауығында осындай түбірлі себеп бар-тын. Бала күнінен жүрегіне байланған кек нәзік қызды ширатып тез есейтті. Шынығып, шымырланудан бастаған ит көз тағдырға деген қарсылығын. Зуһра айналыспайтын спорт түрлері жоқ. Күрес, гимнастика үйреншікті ермегі. Каратэның құпиясын шебер меңгерген.

- Көкібас, - деді Халида қызының қолаң шашын аялай сипап, - қызметің орынша ма?

- Кәсіподақты тастадым.

- Неге? Жалықтың ба?

- Істетпеді.

- Бірденені бүлдіргенсің-ау, сірә?!

- Бүлдірмегенмен соған таядым. Сенен жұққан бірдеңем бар. Біздің құрылыс сүті қайтқан қысыр сиырдай қожырап барады, апа.

- Қой, ойбай! Сау басыңа сақина тілеп не қыласың? Кігібісі айналдырып жүрер.

- Одан құр емеспін, апа. Іліктім қара тізімге.

- Ә, не дейді?!

Шешесін шошытпайын деді де, оны арқадан қақты:

- Аңқаусың, сен кемпір. Мені қайтеді кігібі. Бай тауып берем демесе. - Жалқы тірлік жалықтыра ма, кейде одағайлау сөйлеп қалатыны бар. “Ағысқа қарсы жүзуге болмайды”, - деп сарындауына қарағанда апасы мұның салт жүрісіне риза емес. Әзірше өзіне өкпесі жоқ, не бір өткелектен сүрінбей келеді. Бір басы қайда да сияды. Қызметті қойшы. Пәбрикада жетекші маман. Нұсқауды орындап тек жүрсе, жоғарылайтын еді. Өсетін жолға емес, өшетін жолға қиыстап, коммунистік моральға жат қозғалысқа түрткі салған. Лениншіл жастарды желіктіріп, махаббат ойнағын ұйымдастырған. Желіктірген емес, еліктіргені рас-тын. Алдымен ол пәбрикада жүз елу қыздың ұйымын құрды. “Бойжеткендер отауы” аталған ұйымға мүше әр қыз жарна төлейді. Түскен ақша бірінші кезекте қыздардың дұрыстап киініп, бой түзеуіне жұмсалады. Тұрмыс құрып отау шығуына көмекке бөлінеді. Зуһра олардың сырт сымбатын түзеу мақсатында спорт үйірмелерін құрып іске кешенді түрде үлкен мақсатпен кіріскен-ді.

Жаппай жүгіру - бұлжымайтын тәртіп. Түрлі жаттығуларды меңгеріп шынығудан өткен құрбыларына Зүһра қазақы ұлттық киім тіктірген. Шашты қос бұрымдап өруге, бояуды азайтып қыздарды табиғи ажарын сақтауға бейімдеді. Олардың өздігімен оқып білім деңгейін көтеруге, өнермен айналысуына жол ашылды. Көрінген жігіттің қолтығында кетіп, мазаққа ұшырамау үшін әр бойжеткен каратэмен айналысып, өзін бұзақылардан қорғай алатын дәрежеге жетуге тиісті. Танысу бұрышында қыздар мен жігіттерді бір-біріне үйірлестіру өз жемісін бере бастағанда, қырағылар бұлардың әлек-шәлігін шығарды. Ұйым жетекшісі Зүһра Нұртас қызы коммунистік насихатқа жат қылықпен айналысып, жастарды теріс жолға итермелегені үшін сөгіс алып, қызметінен қуылды. Қызыл жағалылар бопсалап көріп еді, Зүһра өз дегенім дұрыс деп илікпей қойды. Соған өшікті ме, партия ұйымының хатшысы соңына солақай тілшілерді салып: “Секспен айналысқан шөп желке” деген айдар тағып, газетке шығарды. Шешесінен оны жасырған. Оншақты жылдан бері апасы Арқарлыда. Қысқа қарай екі-үш ай қалаға қызының қолына келеді де, жаз шыға үйреншікті мекенге тартады. Тағамның не бір түрлерін жасап, бармағынан бал таматын аспазшылығына тәнті Есей Халиданы айрықша құрметтейді. Шешесінің беделіне сидыра ма, директордың бұған ниеті түзу. Демалыс сайын қалаға машина жібертіп, Зүһраның үзбей келуіне қатты көңілін бөледі. Бағанағы сөзінде қылаудай жалғандық жоқ. Келетін дөкейлердің назарынан қашыртқаны нағыз жанашырлық.

- Кемпір! - деді Зүһра ойын бөлмекке, - Есей қандай адам осы?

- Айналайын ғой, ол қарағым!

- Оны мен жек көрем, - деді Зүһра қасақана.

- Бірдеңе деді ме?

- Түк айтпайды. Үнсіздігінен қорқамын сол кісінің.

- Мысы бар, содан шығар.

- Білмеймін, әйтеуір осы адам маған бір қастандық жасайтындай көрінеді де тұрады.

- Тек, ондайды айтпа! - деп Халида қызын сөйлетпей тастады.

Тікұшақ алаңқайға қонды. Жерге түскен екеуді Есей мен Зекен қарсы алды. Аз-кем әңгімеден соң, қонақтар төрге жайғасты. Сәскелік ас екі сағатқа созылды. Тоқ басуға сыртқа шыққан олардың үндері жарқын. Қонақтар мен ауыл қожалары тіл табысқан сыңайда. Зіркіл-Зекен домаландап жүр. Ауыл ағасы жайуат. Дөкейге ыңғай беріп, Лекеровтың сауалына ықшам жауап қатады.

- Ендігі барыс қай жақ?

- Аңға. Арқар атамыз.

- Әдейілеп атсын деп тұсап қоясындар ма?

- Биікген көрініс береді. Әне, тұр! - Есей шың басындағы нобайға аударды қонақтың назарын.

Лекеров басын шайқады.

- Қарақшы тәрізді. Нағыз арқар емес.

Есей тосылды. Кісінің өтірігін шығарып аңдысуға жеткізбейтін Лекеров осымен екі рет тұқыртты мұны.

- Жөйді не үшін салғансындар? - деп ол тағы қиыстады.

- Келімді-кетімді кісілерге.

- Именно кімдерге?

- Мәселен сіз.

- Баяғыдан бері шақырсаң, қайда қалдың?

- Сізге таңсық па осы ара, мұның көкесіндей саяжайлар бар. Көрдіңіз ғой жәй әншейін аңшылық күресі ғана.

- Жалтарма. Сонымен кімге арналған деймін бұл мекен?

- Кім құдай, соған!

- Сенің табынарың нешеу еді?

- Толып жатыр, - деді Есей іштесерге келгенде беріспейтін әдетіне бағып.

- Білем сенің құдайыңды! - Лекеров сыздана сұрланды. - Анау ғой. Орысқа сатылып... біз кіміз-ей саған?!

- Сіз бен біз, әкесі өлгенді де естіртеді, ұлы орыстық коммунистік империяның құлақ кесті құлдарымыз. Кезінде мен жаман әліме қарамай бұлқынғамын. Бірақ түк шығара алмадым. Амалсыздан “аяз әлінді, құмырсқа ізінді біл” тәсіліне көштім. Біздің қолымыздан тек құлдық ұрып бас шұлғудан басқа түк келмейді.

- Соның бірі, демек бірегейі өзің емес пе? - деді Лекеров шылым тұтатып жатып. - Волковтың құйыршығысың. Өтірік ақталғансып жәдігөйсүйн мұның!

- Бас жаққа барыспайық, Беке. Келгелі қажаудасыз, мен де тіріжанмын. Қорқақты көп қуса, батыр болады.

- Жарайды, - деді ол кектене күрсініп. - Өуселенді байқадым. Волковтың тағы шықты жарық дүниеге. Бірақ байқа, жолдас Досаев! Қайта құрудың шокпары кімдердің қолында екенін ұмытпағайсың. Кәне, мылтығыңды әкел.

- Жақындайық, алыстан мүлт кетерсіз.

- Петр Акимович құрлы сығалармыз. Сенің ол досың аң орнына адам атып...

Есей үндемеді. Кезінде бұған Волковтың тізесі қатты батса керек. Соны әлі ұмытпайды-ау, шамасы. Жасанды нобай көрінбей қалды. Бұл - сәттілік нышаны. Сөйткенше мүйізімен көк тіреген ата құлжа шыға келді. Құздың құс тұмсық құлама ернеуіне ентелеп әдемі-ақ ереуілдеді. Аң атуға сый қонақ кәнігі екен. Сығалай көздеп тартып жіберді. Соңында қуғын, алды құлама құз, оқ тиіп жанталасқан тау еркесі мойнын ішіне ала шаңырақ мүйізін қомдаған бойда құламаға құлдилап бара жатты. Түйсікшіл жануар шатқалды нысаналай ырғыған. Түйілген жұмырықша аршалы беткейге мүйізімен шаншыла түсті де, екпінімен домалаңдап барып қалың жыңғылға кептелді. Табиғат ана жазықсыз төлін бір қатерден аман алып қалды. Қанжығасын майлап жаман үйренгендер тегін олжадан оңайлықпен көз жазбақшы емес. Қызылшыл топ дүрлігісті. Жатып іздеп, тұрып іздеп, кәне тапсыншы! Ілікшіл қонақ тымырая сызданды. Қарауылға іліккен ешкіге оқ шығындамаймын деп қасарысты. Қорықшы жалғыз қодығаны қимаған. Ешкіні өзі атып жайратты да, Смет олжасын арқалап етекке түсті. Аршаға ысталған пысытқы көңілсіз желінді. Андысқан екеудің тәрізі жаман. Есей қырсығып дөкейге елпектей қоймады. Кетсе екен деп тілеген қиқар қонақты. Талайдың талағын айырған әккі Лекеров балыққа алданып саяжайда қонып қалды. Жоқты сылтауратып ауыл қожасы тайып тұрды. Қонақты күту Зіркіл-Зекеннің міндетіне тиді.

Қоңыр күздің шағырмағы жазға бергісіз. Көлеңкесі ұзара бастаған құзарды желпіген жанға жайлы желемік қонақтың тынысын ашып, көңіл қошына жайлы тиді. Ауада салқын сызды қуалаған жылы леп бар. Тоғанның тоқ жарау қомағай балығы қалытқыны әлсін-әлсін шым батырып, Бекенді олжаға қарық қылды. Қонақтың ширықты жүйкесі жазылып

өз-өзіне келе бастады. Әлгі намаздыгердің көлеңкесіндей серендеген неме қитығына тиіп көкіректе қордаланған қыжылын түрткілеген. Мынасы имантаразы ма қалай? Кеспекше домаландап елпек қаққаны ұнады. Кісінің қыбын табуға қылап екен. Әлде жорта көлгірси ме? “Арқарлының алпауыты солай ғой” дегенді сөз арасында айтып қалды, сірә, араларында қыжыл бар болуға керек. Арақты суша сіміреді. “Сіздің саушылығыңыз үшін” дейді де, қылқ еткізеді. Ебдейсіз дөңбекше домаланған жуан бітіміне қарамастан екі аяқтының жорғасы ма деп қалды. Бар шаруаны өзі тындырып жүр. Иінінен дем алған самауырды көтеріп келді де, демде шай жасады. Сауылдаған мөрлі шөлмектер дастарқан шетіне тізілді.

- Бір алыңыз, - деп қиылды Зіркіл-Зекен. - Ол өзі сондай адам.

- Жақсы, сен үшін, - деді де қонақ армян шарабынан ауыз тиді.

- Балық аулауға епті екенсіз, - деп Зіркіл-Зекен көгалда шоршыған ақ бауыр сазандарға жұтына қарады. - Мен деген балық сорпасын демдеудің айтулы маманымын, Беке. Былбыраған уыз дәм демде алдыңызға келеді.

- Бопты. - Дөкей басын керенау изеді. - Шеттеріңнен бойдақысыңдар? Әлде сарт боп кеткенсіңдер ме? Қатындарың қайда?

- Жүк артар бір-бір мінгіштен құр емеспіз, Беке. Тым көрікті керме иықтарын тіл-көзден сақтасын деп оңашалап ұстаймыз.

- Мәскеу алпауыттарына да көрсететін құрметтерің осылайша ма?

- Ол кім еді? - деп жорта білмегенсіді Зекен.

- Қасқырбаевтар.

- Петр Акимович пе? Ол кісіге ықылас бәріңізден өзгеше.

Лидия Ивановнасы болатын.

- Әйелі ме?

- Осындағы селолық кеңестің төрайымы. Омырауы әтір сасыған ту келіншек.

- Көрікті шығар?

- Несін айтасыз! Менің жарым болсыншы дейтіннің өзі.

- Қайда ол қазір?

- Жоғарылаған. Облыста. Обкомның нұсқаушысы. Ә, айтпақшы, бөлім басқарады.

Лекеров үнсіз қалды. Ақ сүр жүзі қуқыл тартып, жүдеп сала берген. Жар қабақтың астындағы әдемі тұнжыр көзімен алысты шолып ойға батты. Сонау жылғы қайырсыз сапар есіне түскенде күні бүгін жерге кірердей қорланып бетінен оты шығады. Сондағы сүрінісі мүтін ғұмырына жетерлік сабақ болды. Бәз бірде айна-қатесіз түсіне кіреді. “Жүйрік сүрінсе жүрісі түзелер, жабы итінсе жалы күзелердің керімен әйтеуір түбі қайыр, әзірше жүр санатта. Бір емес, екі жоғарғы оқу орнын бітірген, Мәскеудің партия мектебін тәмамдаған. Ауыл шаруашылығы ғылымының докторы атағын иеленген. Бұған қоса өнерден мол хабардар тәп-тәуір әнші, өлең жазатын қабілеті және бар. Соғыстың соңын ала қылшылдаған жас жігіт өзі тіленіп майданға аттанған. Жауынгерлік сапарын Берлинде аяқтап, “Даңқ” орденінің үш бірдей дәрежесін олжалап қайтқан ер жүрек Бек Лекеров қызмет бабында тез көтерілді. Шиыршық ата алға ұмтылған ол бас аяғы он жылда аудан мен облысты адақтап шығып, республикада үштің бірі боп топ жарды. Қайсар бір бет мінезінен бе, әлде Мәскеудегілерге ұнамады ма, мансап биігінен тоңқалаң асқанын ет қызумен байқамай қалған. Мұртты көсемнің озбырлығын айдай әлемге өшкерелеп, коммунизмді жиырма жылда орнатуға бел буған Кеңестер Одағының жаңа басшылығы тың көтеру жорығын бастап, қазақ даласына лап қойғанда, бас шұлғып дүрмекке қосылушылар қатарында бұл да бар-тын. Республиканың жоғарғы кеңес төрағасы Бек Лекеров Мәскеудегілер бәз бірде мені де тыңдар деген есек дәмемен өз пікірінен қайтпай, қасарысқан кездері болған. Құлдық ұрып құрақ ұша бермей, бір ауық сілкінбесең бұл бетінде тынудан тайынбайды. Өктемдікке әбден машықтанған партия шонжарлары Қазақстанның қуыршақ басшылығын өз дегеніне көндіріп, әбден жуасытып алғанына зығырданы қайнайды жігерлі жас Лекеровтың. Әділетсіз шешімге көзді жұмып қол қоя салуға қасарыса қарсы шыққан. Оның бұл қитарлығы Кеңестер Одағының бірегей басшысына ұнамады. Алайда Лекеров жалғыз емес-тін. Оны қолдаушылар бар. Шешімді, іскер, жұртты өзіне қаратып алатын ағып тұрған шешен қайсар Лекеровпен республика басшылығы да санасатын. Тың игерудегі солақайлыққа өз пікірін ашық білдіргені үшін қара халық оны сыртынан жан тартып қолдайтын. Халық - әділет

таязысы. Әділетшіл жұрт республика тізгінін түбінде Лекеров ұстайды деген жорамалын әр жерде айта бастаған. Сол қарсанда ол шеткі облыстардың біріне қызмет бабындағы сапарға аттанды. Кезінде сол өңірде үлкенді-кішілі қызмет аткарып, ел мен жерге бауыр басқанын көңіліне тоқ санаған Лекеров еркінсі еркелей келіп еді құтты мекенге. Құрағына шалынып, күміс шығына малынып айдынында құлаштап әй бір сергісе ғой. Не қыпты, ұйымдастыратын шығар жігіттер. Кіндік қаны тамған ата қонысқа не жетсін. Ұйымдастырғанда қандай! Құрақша жапырылып құлдық ұрғандар жандайшаптана жаны қалмай жүгірсін-ай! Республика басшылығынан үміткер, болашақ біріншіге көрсетілген құрметке шек жоқ. “Әй, мыналарың артық қой” деуге үлгертпей, мадақ-марапатқа қарық қылып, біресе анда, біресе мында ала жөнеледі. Табиғат аясындағы желпініс жанын семіртіп, көңіл құсын тым биікке көтеріп жіберді. Көтерілген көңілде көз бола ма. Алып-ұшып лепіртіп әр қияның басына бір шығарады. Шараппен араз. Шампаннан ептеп ауыз тиетін. Арақтан гөрі шатағы аздау. Соған малданды ма, әйтпесе шалқыма сезімнің әсері ме, кәдімгідей масайған. Қонақты күтушілер ала-құла. Жете таныс та, бейтаныс та бар. Жалған сыпайысып жағымпаз жарамсақтар да жүр араласып. Монтаны момақан бұққыш торғайдай әккісін де шамалауға болады. Ондайлар анда-санда бір көрініп сыртта жүреді. Сөз аулаған түрік құлақтар жабықтан сығаласа, беті бүлк етпейтін зымиян қонақты тосын ақпарға қарық қылып, оқыстан күлкіге көмеді.

- Беке, біздің облыста киногерлер жүр, - деп қалды әлгі зымиян сөз арасында.

- Ә, білем, білем! Олар қай жақта? - деп ол облыстың мықтысына сауал берген.

- Жақында, осы таудың арғы беткейінде, - деп күлімсіреді ол. - Жүздесіп жағдайларын білеміз бе?

- Енді қалай? Өнер адамдары бала мінезді келеді. Сәл нәрседен түлейді, сәл нәрседен жүдеп қалады. Кәне, баста, кеттік.

Лекеров басынан-ақ тәуекелшіл. Басқан-тұрғанын есепке құрып, көлеңкесінен қорқатын мысық табан әккі емес. Есіліп сөйлеп, еркінсіп жүретін ер көңілді қашаннан. Сірә, бұл әдеті сүйегіне сіңісті мінез байлығымен ұштасқан мәрттігінен

туындаса керек. Әзіл-қалжыңға басқанда көмейінен күлкі төгіліп бірге жүргендерді қарық қылады. Қадалған жерінен қан алмай қоймайтын қаттылығы және бар. Қабақ баққыш кірпияздыққа да жеткізбейді. Жоқтан өзгеге мін таққыш кіділігі жетерлік. Жалған сыпайылыққа жаны құмар әсіре мәдениетті қызметкерлерді жақтырмайды. Бұған негізінен мінезді азаматтар ұнайтын. Бір қалыптан шыққандай өңкей жылымшы сөзді, жылтыр беттерге жаны өш. Ондайлар жан ауыртып жұмыс істемей, жұртқа жақсы атты көрінуге әуес. “Міне нағыз партия қызметкері” деп осыны айт дегенге малданып, өзін ақылы кемел білімдар көреді. Қошеметші топтың дені соған жақын-тын. Іштей арбасқан екеудің бір-біріне жауығы сырт көзге байқалмағанымен, облыстың бірегейі сыр алдырмас әккілігіне бағып жорта көлгірсиді.

Киногерлер Бек Лекерұлын құшақ жая қарсы алды. Өнерге жақын сергек басшының шиыршық атқан серпінді қимылы, ер бейнелі сұлу бітімі жүректі қытықтарлық өткір әзілі кім-кімді де тәнті етіп табындырары анық. Сезімі шалқар әртістер Бек Лекерұлына лап етіп құлап түскен.

- Жүріңіздер, деген облыс басшысы, - Бекең күнде келе бермейді. Үлкен кісімен табақтас болып ерулік жеп қайтыңдар.

Ит мұрыны өтпестей қалың ағаш арасына тігілген қос киіз үйге шақырылғандар еркін сыйды. Атағы бар елеулі өнер жүйріктері астаналық мейманды қоршалады.

- Жолдастар, - деп бастады тост көтерген Бек Лекерұлы.

- Кеңестер Одағының халқы жарқын болашаққа нық сеніммен қарыштап барады. Партияның ісі үшін еңбеккерлерге озық талантымен қызмет көрсетіп жүрген киногерлерге зор табыс тілеймін. Мен сіздердің атыңыздан біздер мен сіздерді меймандостық көрсетіп, құшақ жая қарсы алған облыс басшыларына рахметімді айтамын. Осы мына құт-береке дарыған, ұлы Ленин идеясымен нұрланған өлкеде еңбек жолымды бастадым. Бұл облыс менің ата жұртым. Кешегі соғыстан кейінгі ауыр кезеңде халық шаруашылығын қалпына келтіруге бір кісідей жұмылып, ауырлықты бірлесе көтеріскен коммунистер - ел мақтанышы. Солардың көш бастаушысы тың көтеру жорығының ыстық-суығын менімен бірлесе бөліскен Мәкең, Мәден Басарұлы үшін көтерем осы тосты. Мәкең жып-жылмағай сұрғылт бетіне жылы күлкі үйіріп, ризашылығын білдіре бас изеді.

Келесі кезекте энге жол тиген. Гүлдей нәзік, жібектей үлбіреген ренді бойжеткен халық әндерін сызылтты. Көз біткенді сұқтандыра телміртіп, жүректерді асаудай тыпыршытқан жас ару ілуде бір кездесетін сирек жаратылыс екенін барша кейпімен үнсіз мәлімдеп, желікті көңілді еліктіре түсердей. Көк суға үйірлігі жоқ Бекең шампаннан екі-үш алып еді, көңілдене бастады. Жеңіл шарап қой, бүлдіре қоймас деп алдаусыратты өзін. Бір есі кіргенде байқаса, әлгі әнші қыз екеуі оңаша қалған екен. Ат қосшысы төрде естүссіз сұлап жатыр. Бойжеткен бауырына кіріп барады. Оның да тұла бойын шарап уыты буып тастаған тәрізді. Бір сұмдықтың болғанын масаң санасы түйсінгенімен, шұғыл серпілуге әл-дәрмені жоқ, ырықсыз дүлей күштің жетегінде самсаған мол шараптан құйып алып жұта түсті. “Әй, не болды бізге?! Тұр, тұр, кетейік!” - деп жұлқылады көмекшісін. Әбден угәрлаған ол түкті сезбеді. Ыңырана аунақшып қайта басты қорылға...

Бек Лекеров туған аулынан ғұмырына жетерлік үлкен сыбаға алып қайтқан. Алдынан өре түрегелген республика мықтылары бұлтартпайтын дәлелмен шырмап, жабық мәжілісте қарады мәселесін. Ақталып көріп еді, магнит таспасына жазылып қалған өз сөзі айғақ болды да, аузына құм құйылды. Ішті-тысты ұйымдасқан қасақы топ қастандықты қапы жібермепті. “Сені біз тәрбиелейміз, - деген бірінші хатшы,- жабулы қазан жабуымен қалсын. Артта қалған бір облысқа үштің бірі боп барасың.” Барайын, - деген ол ұяттан өртенген кесек кейпіне уыт жиып. - Тек артымды шулатпандар. Шулата алмас еді. Бекеңнің жанашырлары қарап қалмаған. Қарсы топтың бет пердесін ашып, зұлымдықтарын әйгілейтін куәгерлерді ұйымдастырып қойған. Әсіресе, киногерлер ширығулы-тын. Арақты үстемелей құйып, оларды да мазақ қылғаны намыстарына тиіп, Лекеровты қорғап, жан дауыстарымен айқай салған. Егер олар бейтарап қалғанда мұның ісі сотқа түсіп кететін еді бір жолата су түбіне. Сол жолғы сүріністі ғұмырына жетерлік сабақ - етінен өтіп сүйегіне жеткен. Көкірегіне шер болып байланып жетесінде мәңгілік дақ қалған-ды. Табиғатында жоқ тас бауырлық жүрегіне мықтап ұялап, жан баласына сенбейтін қатыгездікке ұласып еді. Шексіз билікке иек артқан партия алпауыттары Лекеров тәрізді турашыларды

қайткенде де іш тартады. Бірақ бұрынғыдай басқа шығармай үнемі төмендете берген. Республика басшылығынан үміттенбейді. Облыстың тізгінін де ұстатпаған. Қаншама жұлқынып беріле қызмет атқарса да, орынбасарлықтың айналасында шырғалайды. Кейінгі жылдары ғана облаткомның төрағалығына тұяқ іліктірді. Онда да етінің тірілігімен. Мәскеудегі бас қосуда Бекен қайта құруды қолдап, көсіле сөйлеген-ді. Соның шарапаты ма, бір кездері өзі қызмет атқарған облысқа жоғарылатпақшы. “Жасым келіп қалды ғой” деп тартыншықтаған-ды. “Өзің жақтаған қайта құруға атсалыс” деп бас хатшы сенім көрсеткен соң, еріксіз иліккен. Осы облысқа ауысатыны өзіне ғана мәлім әзірше. “Арқарлыға бардың ба, арқар етін жедің бе” деген әуезе сөзді көптен еститін. Екі жапсар, бір сылтаумен таныс берейін деген мақсатпен осында ат басын тіреген-ді. Петр Акимовичтің досы Арқарлының алтын жұлдызды директорына қыр көрсетуінде мәніс бар. Волковты бұл көптен біледі. Үйіндісі қомақты көрінгенімен тым тар өрісті, өзімшіл екені белгілі. Кез келген жағдайда өзін жоғары қойып, ұлт өкілдерін тұқыртуға жаны құмар. Қазақстанда он жылдан аса басшылықта болғанда бітіргені шамалы. Жалған сыпайылыққа жаны құмар ол алқалы бас қосуларда тіптен кергітін. Басқаларды сүзістіріп қойып жалған маңғазсуға жеткізбейді. Соңғы шешімге табан тірегенде қаһарлы. Мәскеудің тыңшысынан кім асады. Оның пікірі тұрмақ емеуріні жерде қалмайды. Аңшылықта жүріп кісі атқан Волков Қазақстанды тастай қашқанымен, империя алпауыттарына сүйкімсіз көрінбеді. Одақтың “май бидайы” Қазақстанның жүрек лүпілін тамыршыдай тап басатындығы, сірә, оған үлкен артықшылық әперсе керек. Мұның жоғарылайтынын білсе кедергі жасаудан тайынбайды. Кезінде онымен талай-талай ұстасқан. Қазақ мектептерін жабуға жасаған қадамы үшін кеңседе бірме-бір отырып, боқтасуға дейін барған. “Сен барып тұрған ұлтшылсың, қой терісін жамылған қасқырсың” деп Волковтың үстелді қойғыштағаны бар.

Шай көңілсіз ішілді. Ойға беріліп, қиялы қиянды шарлаған Бек Лекеров кенет шұғыл сергіді:

- Мынаны неге тықпалайсың? Ішімдікке тосқауыл сендерге жетпеген бе?

- Тау арасында кім көреді. Расы керек, осының өзін жасырып ішкен сіңімді ме деймін.

- Директорың ше?
- Ол басынан араз арақпен.
- Жігітшілікке қалай?
- Ойланып жүрген тәрізді. Көріпкел қатынынан жасқанады. Әйтпесе...

- Әйелі сондайлық ширақ па?
- Түс жорығыш. Салған құмалағы екі сөйлемейді.
- Өзін осында алдырайық та.
- Қайтесіз. Зәрем ұшады сол қатыннан. Осы биылғы жыл Қазақстанға қауіпті, бір қатер бар дейтін көрінеді.

- Жағы қарыссын! - Бек Лекерұлы тіксінді. - Сары уайымшыл пәле десейші.

- Сол әйелден күйеуінің өзі құтыла алмай жүр ме деймін.
- Дұрыс. Бастығың шын шаруақор ма?
- Жалған көрсеткішке семірген көз бояушы Досаев. Сүйемем мықты болса, мен де жүрер едім алшандап.
- Асырып жазуға, өтірік мәліметке құмар ғой, шамасы?
- Білдірмейді, бірақ қолы таза емес.
- Түсінікті, - деді қонақ Зіркіл-Зекеннің екі жүзділігін жақтамаса да оны өтірік қолпаштағансып. - Мықтысына сенетін шығар.

- Әрине ғой, Беке. Сізді жан демеуін көрдіңіз бе.
- Қойт-қойтқа жеткізбейді екенсің, ә? - Бек Лекерұлы сығыраң көз, шой караға сұстана тесірейді. - Досқа опа қылмайтынның нақ өзісің-ау, тәрізі.

Зіркіл-Зекен кипақтады. Сығыраң көзі одан әрмен жұмылып, жайы кете бастаған соң, бірді жөнелтіп жіберді де, арқар етін қарбыта асап-асап жіберді. “Жұтқан жұтамайды. Ішкен, жеген бұйырған. Маған десең, бірің өліп, бірің қал”.

Қонақ түнемелге саяжайға келді. Көмекшісі сыртта. Зекен бүлкілінен жаңылмады. Ішіне түскен бір жарты көңіл қошын көтеріп-ақ тастаған.

- Шарсоқпаға қалайсың, - деді тікелей байланыс арқылы от басының амандығын біліп, көңілі жайланған Бекең.

- Жыртық көзбен нені сығалағандаймын, - деп ыржиды ол. - Қатын мен шөлмекті мүлт жібермесем болды.

- Ішкеннен мүйіз шыға ма?
- Ішуді үйреткен өздеріңіз.
- Қойсаңшы! - Қонақ оған көзін ежірейтті. - Жүрің, кан таратайық. Бір түртерің бар шығар.

Зекен мүләйімсіп желкесін қасыды:

- Осында шарсоқпаға жан бітіретін біреу бар. Ұзын шашты, әттең.

- Шақыр соны, - деді Бек Лекерұлы. - Шашы ойнамайды, қолы ойнайды. Соны айту үшін де жағымпазданасын ба?! Сенен сақтану керек екен.

* * *

Директордың мекен-жайында өзгеріс шамалы. Аласа қоршау күн жеп тастағаннан ба, тым өңсіз. Жазғы отыратын шағын үй, оған тіркес кішіректеу монша. Есік алды бәзбаяғысынша. Сыртқары салынған мал қора сәл кеңейтілген.

Жылқы оқыранды қора жақтан. Сыртқа шыққан Күлмәш бие саумақшы-тын. Кенже құлындаған торы бие қыс бойы қолда тұрады. Арақ-шарапқа үйірлігі жоқ ерлі-зайыптылардың ермегі бір биенің сауамалы. Кенет иті үрді. Күлмәш елеңдеп жол жаққа көз тікті. Ақтөс қыңсылады. Үнінде беймазалық бар. Біреу-міреу жайсыз хабар жеткізе ме деп секемденген ол андаусызда шелегін түсіріп алды қолынан. Бұны да жаман ырымға санап, манағыдан бетер жайсызданды. Зарлықты шақырды дауыстап. Он үштегі ойын баласы көзінен тасаланса, бұдан дегбір кетеді. Осы жақында сұмдық түс көрген. Зарлық ауыл шетінде ойнап жүр екен дейді. Қанаты керегеше керілген алып құс баланы іліп алып бұлтпен араласып көрінбей кетті. Өз даусынан ояна келсе, Зарлық теледидарға телміріп жалғыз өзі кино көріп отыр.

- Балам-ау, жатсаңшы! Сабаққа барасың ғой, - деген көрген түсінің әсерінен айықпаған үрейлі шеше.

- Ұйқым келмейді, - деген ол.

- Неге? Бір жерің ауыра ма?

- Жаман түс көрем ылғи.

Содан бері Күлмәшта зәре жоқ. Зарлық көрер көзді сұқтандырардай әдемі-ақ. Құрбы-құрдастарынан шоқтығы биік тұрады. Сабаққа ынталы. Ұғымтал шәкірт мұғалімдернен оқытса, соны ғана орындап, оқулықтағы біліммен шектелетін тіл алғыш бала емес. Ұстаздарымен жиі-жиі дауласып пікір таластыруға әуес. Оқымайтын кітабы жоқ. Шешесінің діндарлығы әсер ете ме, құдайсыздармен шайқасып қояды.

Айналадағы құбылысқа өзіндік көзқарасымен үңіліп, Зарлықтың оқыс шешімге келетін сәттерінен Күлмәш

сескенеді. “Тәте десе, - дейді ол қара құрық аспанға көз жіберіп, - Жұлдыздарды қарашы. Біреуін іліп әперейін бе”. “Қайдағы?! Жаратылыс сенің ойыншығың емес, - деп шешесі оныңбетін қайтаруғатырысады. - Космос корабілін жаса-тып ұшыратын академик тәрізді. Жер бетіндегі тіршілік соның даналығының нәтижесі. Біз бар болғаны тәжірибе жемісіміз. Құдайға сенетін адамдар қалмаған күні жаратқан қаһарына мінеді де, жерді жоқ қылады”. “Мұны қайдан білесің? Біреу айтты ма, әлде кітаптан оқыдың ба?” - дейді анасы одан сыр тартып. “Түсіме кірген кісі солай деген”.

Зарлық басқалар түгілі қақ өзегін жарып шыққан шешесіне де жұмбақ. Құрбыларымен ойнағаны бір жосын.

- Зарлық-ай, Зарлық!

- Әу, тәте!

- Келе қойшы, бие сауайық.

Актос қыңсылауды үдетті. Тұмсығын көкке созып жағымсыз үн шығарды. Иттің ұлығанынан сүйкімсіз не бар. Жаманаттың хабаршысындай әсер қалдырады. Қорқынышты ғой. Гүлзидің аяғының ауырлығы есіне түсті. Жүрегі қапелімде тыпыршып қоя берді. Тұмсасына қиналып босанып, баланы іштен жарып алып еді. Аман-есен қол-аяғын баурына алса екен байғұс. Әзірше Гүлзи туралы түс көрген емес. Құмалақ салуға жүрексінеді. Көңілінде бір қауіп бар. Екеумен шектелем деген ойында жоқ, бала көтеруге ынта-лы-тын. Қатарынан екі рет түсік тастады да, баладан тоқтап қалды. Ешкімнен де көрмейді. Кінәлі өзі, адамның не нәрсе қасиеті болса, сол соры да екен. Бірақ әу баста дағдыға айналған, ақыл-ойын жадылаған құмалақшы көріпкелдігінен қол үзіп, тастап кету нәзік жүректі әйел затына оңайға түссін бе? Сезгір көкірек бәрі бір мұны тыныш қоймайды. Ауған соғысы басталған кезде осы ауылдан екі азамат аттанды әскерге. Әлгілердің ата-анасы мен Күлмәш үшін үрейге толы қорқынышты күндер басталған. Бауыр еті баласын сағынған әке-шешенің уайымын олармен бірге бөліскен Күлмәш жаны дызығып қос үрей боп жүргені. Ет жүрегі бір жаманатты сезінгендей дамыл-дамыл шошып оянып, түн баласында кірпік ілмейтінді шығарды. Ұйықтаса болды жайсыз түс көреді. Әр ауылға қасірет арқалап кеп жатқан қара табыт қосарынан көз алдында тұрып алады. Құмалақ сөйлеуді қойған. Әскердегі екеудің құйысканы бос, алды

тұйық. Қос бүйірден қадалған дұшпанның қандауырынан қан тамып тұрғандай болады. Қос боздақтың шешелері бұған бал аштыруға келгенде құбыжықтан бетер қорқынышты сұлба Күлмәштің көз алдына кеп тұра қалады. Адам бейнесіндегі табыт сорлы ананың иығынан сығалап, бұған түксіе қарағандай болады. Сол-ақ екен Күлмәш көз жасына ерік беріп, ағыл-тегіл жылайды-ай кеп. Ақырында түсік тастап тынды. Қаралы хабар арасына апта салып жүдемелете жеткен. Қыршындардың қазасына қайғырған Күлмәш ауруханада жиды есін. Жеті айлық балаға қиналып босанды да, қайтіп құрсақ көтермей кетті. Қолы құр емес, осыларға құдай ғұмыр берсін деп тілейді. Ана көңілі елеңшіл. Қақ өзегін жарып шыққан жалғыз ұл ат жалын тартып мінгенше көретін күні осы. Қойнындағы қосағы және уайым бұған. Жұмысы алға басыңқырмай, қара қабақтау боп жүр. Егіннен алынатын өнім жылдан жылға төмендеп барады. Жер тозды ма, әлде ауа райынан ба, шөп сұйқыл. Біресе сүт жоспары орындалмай, біресе етке өткізген малдары жеңіл тартып, қапы соқтырады. Шаруаға араласпайтын Күлмәш үйде отырып шамалайды бәрін. Озат шаруашылық үнемі алда болуға тиісті. Бұлардың көші сәл бөгелді ме, онда мүтін республикаға шіркеу. Атағы жерді жарған “Арқарлы” кеңшары тек биіктерден көріне береді. Неге десен, бұл атақты шаруашылықты Еңбек Ері Есей Досаев басқарады. Ол қалайда кеңшарды алға шығаруға тиісті. Арқарлы еңбеккерлері табыстан тау тұрғызады. Табыстың тай қазаны ортаюға тиісті емес. Тасып, төгіліп жатады. “Арқарлы” кеңшарының малы жонынан жарылсын, егіні жайқалып, жыл сайынғы дайындаған жем-шөбі ауданның малына жетіп жатсын. Сиырлардың емшегінен сүт сигектеп тұрсын. Осының бәріне жауапты алтын жұлдызды директор. Болмасты болдырмаса өз обалы өзіне. Осымен қабаттаса, Арқарлыға өкілдер үйір. Бір мықты келеді деп шапқылауда. Жай келіп, жай кетсе бір сәрі. Ойынан шықпай қалса мұндағыларды бидайша қуыратынын қайтерсің. “Әйелің балгер көрінеді, құмалақ аштырып бер”, - деп бұйырады. “Көріпкел қатыны бәрін болжап біледі. Барып тұрған ескішіл. Намаз оқиды, өзі де діндар”, - деп Есейдің үстінен арыз жазылған. Жіңішкелеп келіп Күлмәштан сыр тартатын “жансыздар” қаншама.

Отағасы ертерек оралды. Күлмәш қуанып қалды. Ол мәшинесін аулаға кіргізді де, асықпай жуынды. Қымыз ішіп шөлін басқан соң, жұмыс бөлмесіне барып телефонға қол созды.

- Ало, ало, мен ғой, Иван Иванович, тойст Иван Алексеевич!

- Сіз жолдас, Досаев ішіп алғанбысыз? Қай Иван Ивановичтің басын ауыртып тұрсыз?!

- Кешіріңіз, жолдас хатшы. Ме-мен байқамай...

- Сен ылғи байқамайсың. Қонақты қалай күтіп жатырсың?

- Ол кісі бабын таптырушы ма еді. Атақты Лекеров емес пе?

- Екеуміздің ендігі табынарымыз сол. Тау арасында жатып аласың да, жаңалықты естімейсің. Жұмыс істеуді қойғансың ғой деймін? Орныңнан бір табылмайсың.

Есей шіміркенді. Астына көпшікті қалыңдата қойып, жоспарды үстемелей орындаттырып алады да, ұзын арқан кең тұсауға салып, діңкені құртады. Тек жоспар үшін керексің бұларға.

- Иван Алексеевич, ол не жаңалық?

- Хім, жаңалық па?! Жүрегің жарылып кетпесін. Мықтал, Есей Досайш.

- Түсінікті, Лекеров республикаға жоғарылайды ғой?

- Бізге келеді. Бізге!

- Облысқа ма?!

- Нақ солай. Қайта құруды сенен бастамақшы.

- Шетімізден қуады десеңші?!

- Сіздің Петр Акимовичіңіз бар. Біз ғой сорлайтын. Естіген шығарсыз. Досыңыз бас штапқа келген. Айтпақшы, ет жоспарын асыра орындауыңызмен құттықтаймын! Осы қарқыныңнан танбасаң, екінші алтын жұлдыз қашық емес саған. Қимылда жолдас, темірді қызған кезінде соғып қал. Тым шалқақтамаңыз, хабарласып тұрсаңшы.

“Бәрі қорқытады мені”, - деді ұзын құлақты ұясына қойып жатып, - Жетістіргені шамалы. Жетім жұлдызбен алдаусыратып. Өздері қос-қостан тағады. Көңілі олқы түсіп құлазыған ол тиісерге қара таппады. Қонақпен бірге болуы керек еді, қасақана қырыстанып шыдатты ма Лекеров. Қасына Зарлық келді. Әкесінен гөрі бет бейнесі шешесіне ұқсайтын

оның тұнжыр жанарынан естиярлықтың нышаны байқалады. Мұрнын тыжырынып:

- Арқар етін жегесің бе? - деді.

- Жесе несі бар, балам. Шөппен қоректенетін жануар, еті дәру.

- Киелі аңның обалына қалсаң, ғұмырың қысқарады.

- Оны кім айтты саған?

- Түсіме кірген. Арқар ата әулие солай деді.

- Шешеннің сандырағы да, - Есей түсін суытты оған. - Пионерсің. Соңыра комсомолға өтесің, керегі не қияли өтіріктің.

- Комсомолға шылым тартып, арақ ішу үшін өтем бе?

- Олай деме, балам. Комсомол - партияның қол қанаты. Болашақ коммунизм құрылысшылары сендерсіңдер.

- Коммунизмді олар қалай орнатады, әке?! Шетінен ішкіш. Бір кірпіш көтеруге шамасы жоқ.

- Партия ішімдікке тыйым салған жоқ па, балам-ау.

- Бәрі бір ұрлап ішеді. Біздің директор сөйтеді. Көршісінің баласы айтты. Дәретханаға бара жатқанда етпетінен құлапты. Удай мас дейді. Құдай жоқ деп қақсағанда сондай.

- Құдайды кім көріпті?!

- Мен көрдім, - деді Зарлық әкесіне тұнжыр көзімен сүзіле қарап. - Үлкен ақсақалды кісі. Есей баласына зекірді:

- Қойсаңшы-ей?! Қиқарлықты қашан тастайсың, сен осы?!

- Мен емес қиқар, сендерсіңдер! Өскенде көрсетемін әлі! Дінсіздерді шықпыртамын шетінен!

Шапалақ бетіне сарт етті де, Зарлық тұрған жерінде жалп ете қалды.

- Оның не?! - деді Күлмәш есіктен бас сұғып. - Бала емес пе!

- Бала емес, пәле! - деді Есей әйелін оқты көзімен атып.

- Өзің адасқаныңмен қоймай ішіңнен шыққан сәбидің санасын улап. Жалғызды күрт енді! Бұл қалпында жұтарсың сен бәрімізді?!

- Қорықпа! - деді Күлмәш қатулы кескінде. - Біз кетсек те сен қаласың түп қазықта. Омырауына алтын жұлдыз таққандарға пәле жуымайды.

Есей атып тұрды орнынан:

- Қысқарт тілінді! Кесірің аз тиіп жүрген жоқ, сен қатын-

ның! Қымс етсе, әйелің бақсы - құшынаш деп, бетіме салық қылып жүргізбейді, түге! Бауырың анау - намаз оқып, жұртқа мазақ болып! Сен, міне, жалғыз ұлды теріс жолға итермелеп!..

- Өзі солай басынан.

- Ақталма! Тәрбиеден, сенің үгітіңнен! Бір жақсы сөз шықпайды аузыңнан! Биыл үлкен қатер жылы деп көңірісіткен тағы сен көрінесің.

- Айтқаным айтқан! - деді Күлмәш күйеуіне тайсалмай тік қарап. - Әруақ, құдайды ұмытқандар тәубесіне келсін, пәле-жәледен қашық жүрсін деймін. Алла маған сездірсе, шарам қайсы. Ел-жұрттың амандығын сендерден көбірек ойлайтын мен шығармын.

- Көбірек ойлағаның сол ма?! - Есей сөз ауанын өзіне бұрды, - Басқан-тұрғанымды андып... Салған құмалағың маған келгенде, сөйлемейтіні қалай?!

- Оған кінәлі өздерің. - Күлмәш тұнжыр жанарын күйеуінің өңменіне қадады. - Құдайдан қорықпағаннан қорық дейді халық. Кеңестер Одағынан неге тітіренеді басқа елдер? Осы пиғылдарың үшін. Есей оның сөзін бөліп жіберді: - Саясат сенің ненді алған! От басынды жарылқап ал. Көріпкел, алланың сүйген құлы болсаң, бізді неге жарылқамайсың? Кәне, құдай тағаланың рахманын жаудыршы Арқарлыға?!

- Істеген істерінде адалдық жоқ, рахманы қайдан жаусын алланың. Көрер көзге Данаш пен Исағұлдың обалына қалдындар. Ендігі құрбандығың Шорық па?

- Шорықта не жұмысың бар-ей?! Ойнасың ба еді?

- Ойнасты саған-ақ бердім. Күндіз-түні ухілеп... Мен сезбейтіндей, үйге түнеуді қойдың мүлдем.

Есей тосылды. Кейінгі кездері мұны бір кісі киік сезім билеп, басқалар тұрмақ от басынан аулақтайтын әдет шығарып алды. Өз үйі, өлең төсегі бір түрлі жат көрініп, өткеннің сағынышына берілген сәтте жаны оңашалықты қалайды да, саяжайға бұрады ат басын. Онда дем алып жарытпайды. Қыры кете бастаған шаруаның сетінеген иінін қайтсем қиоластырамын деумен-ақ ой соқты боп жүргені. Сонда мұны шөл қысар еді. Шөлмен арпалысқан адамның азабын басқа бермесін. Сусамыр дертіне дауа жоқ. Бірақ Есейді

кинайтын тән шөліркеуі емес, жан шөліркеуі-тін. Біраздан бері сыр берсе де мансап буына, жар төсегінің жылуына, балаларына алданып ерік-жігерін билеп барады.

- Әлеу, Зекенбісің? Үлкен кісі дем алып жатыр ма?

- Шарсоқпаға кірісті, - деді ар жақтағы дауыс.

- Кіммен?! Біреу бар ма жанында?

- Зухра ше.

- Кім оны шақырған?!

- Өзі келді, Есеке. Бекеңмен жүздесем деп...

Аңырып дағдарған Есейдің қолынан телефон құлақшасы түсіп кетті.



Жылдам келді Зухра бәлдендірмей. Мейманның басқан тұрғанын биіктен бақылап дүрбімен анықтап көріп алған ол қымсынбай, еркінсі аттады табалдырықтан. Қыз басын изеп амандасу ишарасын жасады да, бірден таяқшаға ұмтылды. Бор түйіршігін алып артына жасырып, қос жұмырығын Бекеңнің алдына тосты. Қонақ мүлт кетті.

- Әлден жаңылдыңыз, түбінде жеңіс менде.

- Ер кезегі үшке дейін, - деді ол Зухрадан көз айырмай.

- Жеңілгеніміз ашық әңгіме тиегін ағытамыз.

- Менің де бәсім сол. Шындықтан жалтармай ақ сөйлеуге.

- Құп, баста! - деді қонақ кәнігі ойыншы екенін шалт қимылынан байқатып. - Иә, сәт, Қосай батырдың әруағы колдай көр!

Зухра оған жалт қарады. Зымияндықпен әдейі айтып тұр ма деп, Бекеңнің қабағын баққан, ажарынан сондайлық жалған ниет байқалмады. Мылтықша атылатын ақ берен қимылынан жаңылмаған Зухра үйездеген жылқыдай шар шоғырын дәл тұмсықтан түйіп кеп қалғанда, шұрқырай жөңкілген саяқ шарлар бей-берекет шапқылай жөнелді де, лақпа қашағандай терең жардан орғи секірді. Шар шоғыры әлден селкеуленіп, қарсыласының қабағына бұлт үйірілді. Зухра шиыршық ата шүйіліп көздегенін мүлт жібермей, қанжығасын майлап жатты. Ең соңғы қос шар бірінің соңынан бірі жұтылды. Екінші ойын да Зухраның пайдасына шешілді. Үшінші кезекте Бекең сәл басымдық танытты.

Зуһра ойлаған. Кісімшіл, тәкаппар болар деп. Олай емес тәрізді. Керісінше, оны Зуһраның мысы басқандай. Кескінді ер бейнесіне сұс ұялатқан уытты жанарынан жылы нұр шашырап, бұған бір түрлі іш тарта қарайды.

- Шарсоқпаға ақ берен екенсің, - деді ол демалатын бөлмедегі жұмсақ орындыққа жайғасқан соң. - Ешкімнен ұтылып көрмеп едім.

- Өкетіп бара жатқан түгіңіз жоқ, - деді Зуһра кекесінмен - Басқалар сізден өтірік жеңіледі. Соған дәндегенсіз.

- Ғажап емес, - деді Бек Лекерұлы тіксінгенін бейбіт сөзбен бүркемелеп. - Бәске не аласың?

- Сізді сүріндіргенім үшін ат шапан айып менен, - деп қыз тосын уәжге жықты қонақты.

- Онда теңбе-теңбіз. Әуелгі уәде бойынша ашық әңгімелесейік.

- Сауал сізден.

- Сен баста алдымен.

Зуһра сәтте мұнайды. Қапелімде көзіне жас келді. Ол өзін зордың күшімен тежеді.

- Жоқ іздеген бір мұңлықпын, аға, - деп ол құйтырқысыз шынға көшті. Қолыңыз ұзын, көмектесерсіз бәлкім. Мен... әкемді іздеймін, ағатай!

Үлкен кісі жайбарақат жауап қатты:

- Онда тұрған не бар. Бәріміз де жетімбіз. Біздің қоғамға әкесіздер керек негізінен. Ата-анам отыз екінің аштығында көмусіз қалыпты. Өз басым балалар үйінде ер жетіп, еңсе көтердім. Кеңес өкіметінің арқасында осы халге жеттік. Еруліге қарулы өңшең көк жетім жеген нанын ақтады. Коммунистік партияның әкелік қамқорлығына үш еселеп үлес қосып, коммунизмге бірте-бірте жақындап келеміз.

- Сіз нұрлы болашаққа сенемісіз, ағатай?

- Сенбегенде ше? Бар ғұмырымызды сарп етіп коммунистік идеалға берілгенде, орта жолда қалу өлім емес пе?

- Жарқын келешекке сенбейтіндер кім деп білесіз?

- Коммунизмге ме? Әкесі барлар ғой. Біз тәрізді олар аштықты, соғысты, жаппай жазалауды көрмеген. Дайын асқа - тік қасықтар. Қайта құрылып жатырмыз, ерке жастар ойланар.

- Мен тәрізді жетімдер ше?

- Немене, бірдеңеден тарылып, шеккі көрдің бе?
- Мен қырсықты ақшаға сатып алатын адаммын.
- Қызмет керек пе?
- Әке керек маған, әке!
- Түсініксіз?! - Қонақ танданыспен иығын қомдады. - Сенің тағдырыңа менің қандай қатысым бар?!
- Қатысыңыз болғанда қандай! Себепсіз салдар жоқ, - Зуһра қапелімде қанын ішіне тартып ала қойды. - Жастарды жалқау өмірге икемсіз деп жазғырғанда сондайсыңдар! Бізді әкесіз жетім, мейірімсіз ғып тәрбиелейтін өздерің!
- Қатты кетпе, шырағым. Басы жұмыр пендеміз, бәлкім қателескен де шығармыз.
- Мені танысыз ба? - Үлкен кісі басын шайқады.
- Біреуге ұқсатпаймысыз?
- Есіме түспей тұрғаны?!
 “Момын елді бір шыбықпен айдағанда сондайсыңдар. Шындықтың жүзіне тура қарауға жасқанасыңдар. Сөйте тұра ақ жүрек коммунисті, табанды лениншілдерміз дегенде жер ойыла жаздайды.” Өті жарылсын мейлі, осылай десе қайтер еді. Зуһраның қырпынан сезіктенді ме, қонақтың өңі қуқыл тартып, жүдеңси қалды. Сұсты менмендік дәл қазіргі кескінінен байқалмайды. Тәубесіне келген адамның монтаны піші аңғарылады ыңғайынан.
- Сіз менімен сөйлесуге алдын ала дайындалғансыз-ау, сірә? - деді ол өзімсінген ажарда.
- Әлбетте солай! - Зуһра жаңағыдан бетер ширықты. - Келетініңізді біліп, жоспар құрамын. Сізге қастандық жасау үшін.
- Жаман сөз айтпа, - Ол мұның сыңайынан сескенсе де, өп-өтірік жайып шуды. - Қыз балаға дөрекілік жараспайды.
- Хім-ім, белгілі сарын! Ұрғашыны обал-сауабына қарамай, шөпше жапырғанда қайда сол ақылдарың?!
- Қонақ мұнымен сөз таластыруға дайын екенін аңғартып:
- Ойыңды нақтыла. Жаппай жазғырма, - деді.
- Онда бұлтармаңыз.
- Кәне, айта ғой.
- Мен кімге тартыппын?
- Шешеңе.
- Оны қайдан білдіңіз?!

- Білгенсін айтамын. Бет біткеннің бәдендісі еді марқұм.

- Сұлулығына қызығып қармаққа іліктіргенсіз ғой, шамасы.

- Соған күні бүгін көзім жетпейді, шырағым, - деді ол ауыр күрсініп. - Өң мен түстің аралығындағы бір хал. Шеңнен кезінде егжей-тегжейін анықтап білген шығарсың.

- Әкемді тауып бер деп дігерлегенімде сізді нұсқаған.

- Жәрайды, солай-ақ болсын делік. Баяғыдан бері қайда жүрсің сонда?!

- Ақымақты тапқан?! - Зүһра қолының қырымен креслоның таянышын түйіп қалды. - Мені дүниеге келтіруге себепкер мейрімсізге өз аяғыммен барып: “Сенің қызыңмын” деп мөлтендеуім керек қой?!

- Өйтсең неге жабысасың маған?

- Белгілі бір мөлшерде сіздің кінәңіз бар менің талайсыз тағдырыма. Ер екеніңізді білейін, әкемнің кім екенін айтыңызшы?

Бек Лекерұлы масаты кілем төселген еденді нығарлай әрі-бері жүргіштеді. Осыдан отыз жыл бұрынғы басынан өткен шырғалаң көз алдынан біртіндеп өте бастады. Қаз қалпында емес, үзік-үзік бұлдыр елес. Әртіс қызды құшақтағанын, ұзын қолаң шашын мойнына орағанын, еміс-еміс түйсінеді. Масаң санасында қалғаны осы-ақ. Одан арғысы корген түстей шым-шытырық. Шарсоқпа ойнауға келген онымен жүздескен сәтте баяғы Зілія есімді ару есіне сап еткен. Тағдырына сына боп қағылып, жүрегінде қара дақ боп қалған бейкүнә жанды ұмыта алмайды. Оған ыстық ынтызарлық табыстырса арман не, онда соның жолына бар ғұмырын арнар еді. Тар жерде ұшырасып, қапы соққаны күні бүгінге шейін қинайды жанын. Енді міне содан туған қыз ойда жоқта алдынан шығып, мұны тағы да тығырыққа тіреді. Япырау, ғұмыр-тіршіліктің осыншалықты бұралаң-бұлтарысты болатыны қалай?! Кедергі-бөгетсіз түп-түзу тартылса, онда өмірдің бағасы арзандап, мән-мағынасы кеміп, тұзсыз тағамдай жүрек айнытып сұйқыл тартуы кәдік-ау. Бәлкім жалған дүние, адам пақырды ауық-ауық қыспаққа алып, тығырыққа тірегенімен құнды шығар. Әй ит, өмірай, қысқа күнде қырық құбылып діңкені құртасың-ау! Тау арасында бірер күн емін-еркін тыныстап бой жазып, ой сергітем бе деп еді. Құдай оны да қош көрмеді. Алдағы

басталар қым-қуыт додаға әл жиып, қунап барса қандай жақсы. Үлкен жердегілер мұны осы облысқа тегін жіберді деймісің. Бәйгеден әлі де үміткер дарабоз тарланды додаға салып біраз қинай түспекші ғой. Жай қара жарыс емес, қайта құрудың дүбірлі аламан бәйгесінен шеттеу бұл үшін жеңісті қолдан берумен бірдей. Тығырықты бұзып-жарып тек алға тартқаннан басқа амал жоқ. Бек Лекерұлы қос жұдырығын бір-біріне түйістірді. Тәуекелшіл бірбеткей әдетіне басып: “Сенің әкең мен” деуге оқталды. Қыздың салқын назарынан көкейін ұғып, бой тартты. Шешесіндей емес, мұның мінезінде ірілік бар тәрізді. “Осы жазған менің қанымнан емес пе?!” Бірақ бұл ойынан тез айныды. Зуһра - айна-қатесіз шешесі. Зілия марқұмның тұп-тура көзі десе болады. Бір қолдан шыққан қос жүзіктей.

- Күлші, кәне, - деді ол қызға әдейі ерсілеу тіл қатып.
- Күлмек менен, күлдірмек сізден.
- Шындап күлсең, әкеңнің кім екенін айтып беремін.
- Әртиссымақ ана сұмырайды әке ғып бермексіз ғой маған! - деді Зуһра күрт тұтанып.

- Білсең несін сұрайсың менен? Атақты актердің қызы болғаныңа қуанбаймысың қайта.

Зуһра қос алақанымен бетін басқан бойда балаша жылап қоя берді. Тас жүрек тағдырмен ұстаса-ұстаса қара ағаштай қатып алған ол бірден үгітілген. Екі иығы селк-селк етіп егілгенде, қонақ та шыдамады. Қосыла жыласты екеуі. Бек Лекерұлына көмескілеу екіұшты жағдай оқыстан өрбіген әңгімеде айқындалып қалған-ды. Зуһра өз тағдырына байланысы бар адамдарды әбден зерттеп, біліп алған екен. Марқұм шешесінің бұдан жасырған “тығындысын” да дөп басқан. Белгілі бір мөлшерде өзінің дүниеге келуіне Бекенің де себепкер болғандығын, Зілия байғұс торға шырмалған құстай шырылдап араша іздегенде, Бекенің бұта құрлы пана болуға жарамағанын әбден анықтаған. Әйтпесе бір келген мұнда несі бар. Бек Лекерұлы сол жолы өзі сүрінгенімен қоймай Зілияны түзу жолдан тайдырып, қайтсем қапысын тапсам екен деп емексіген қорқаудың құшағына жазықсыз сұлуды итере салған. Қайырсыз сапардың шырғалаңынан әке-жөкемен зорға бас амандап, астанадан қуылып бара жатқанда Зілияға жіңішкелеп барып жолығып одан кешірім сұраған. Беті ашыла қоймаған ұяң қыз аздап сыр ұшығын шығарып: - Шампанға арақ қосып сізді мас қылды. Маған

да ішкізді, - деген жыламсырап.

- Сосын қалай болды? - деген бұл.
- Ән салдырды маған.
- Әбестікпен жәбірлеген жоқпын ба?
- Анау әлгі... режиссер.
- Мақпыров па?
- Сол оңбаған...

Екеу ара жүздесу осымен тынып Бекен қоштасарда: - Тұрмыстан таршылық, біреуден қысым көрсең хабарласарсың, - деген. Зілія қайтіп қарасын көрсетпеді бұған. Бекен де оның тағдырына бас қатырмай, жас адам өз өрісін табар деген үмітте сырттай тілекші боп жүрген.

- Жылағаннан не шығады, - деді Бек Лекерұлы жазықсыз жас адамды қатты аяған елжірек көңілмен. - Жалғызсырасаң менің балаларыммен таныс. Үш қыз, бір ұлым бар. Бәрі де үйлі-баранды. Оқымысты шетінен. Өзің не, салтпысың?

Кенет есік ашылды.

- Рұқсат па? - деді қаз дауысты біреу.
- Келің, келің, - деді Бек Лекерұлы сәл ыңғайсызданып.
- Иесі момын үйдің қонағы билер деп, қайда жүрсің?

* * *

Іле Арқарлыға тексерушілер ағылған. Домалақ арыздың салдарынан. Шағымшылардың айтуынша шаруашылықта былық көп. Өтірік ақпар, қосып жазушылық етек алған. Онымен қоса директордың көмейі кең, ішіп-жеп қойған. Кеңшардың қызыл аяқ, ақ күмісін көрінген көк аттылының қоржынына тықпалайды. Белгілі сарын. Сан тексерісті бастарынан өткеріп, жалтарай-бұлтарайды жете меңгергендерге “жаудың” алдын алу сөз бе. Мұндайға Зіркіл-Зекен омырау соқ. Доданы бұзып-жарып бой бермейтін тақымкештей шиыршық атады.

- Зеке, - деген Есей сырын алдырмайтын жайма-шуақ қалыпта, - Саған сендік, тығырықтан шығар жолға меңзейтін өзің.

Жұмық көзі одан сайын бітеуленіп беті күлетін әдетімен:

- Төреңізге құлдық, Есеке! Міндік қайыққа, түстікЖайыққа,
- деген қолына түкірініп.

- Сенің жағдайың қалай? - деген бас есепшіге зіл тастап.
- Қыз-келіншектердің күлкісін қызықтаумен жүрмісің, әлде?

Саннан сарай тұрғызып, шот қағуда алдына жан салмайтын ол монтаны пішінде бастығын құптап, бас изеді. Онысы - менен қам жеменіз, бәріне дайынмын дегені. Артық сөз, оспадарлыққа жоқ бас есепшінің өз ақылы өзіне жетерлік. Жеңем сүйер жігіттің бір ғана міні - жігітшілікке үйірлігі. Кеңседегі қыз-қырқынға қырғидай тиеді. Ұя бұзар аусарлығын ауыздықтау директорға оңай. Бірақ ол тәрізді айтқанынан шықпайтын тіл алғыш табыла ма”.

- Жарайды, - деп директор мал мамандары мен ферма меңгерушілеріне бұрды жүзін. - Қалайсындар?

- Бәрі орнында болады, - деп іліп әкетті бас зоотехник.
- Тек сыртты бағыңыз.

Есей сыртты бағыңыздың астарында көп нәрсе жатқанын сезсе де, басқалардың қолымен от көсеуге жеткізбейтін қылаптыққа басып, қарамағындағыларға жонын дүрдитті де қойды. Қожасының қабағын баққандар иықтарына түсер батпанды іштей түйсінген ажарда бейбіт тарасқан.

Тексерушілер есеп-қисаптан мін шығара алмады. Малдан бастап шегеге шейін санап шығып, түк кемшілік таппай жөндеріне кетті. Мұндағылар айласын асырғанға мәз. Бірақ олардың жалған қуанышына Есаға ортақтаса алмады. Өзіне қараған сенімді адамдарын тексерушілерге қосып қойған. Солардың мәлімдеуінше мал саны кеңшарда жойдасыз кем.

- Сөйле, - деген директор бас зоотехникті оңаша алып қалып. - Арақтан басқа білерің жоқ. Өзің құрығаныңмен қоймай мені де ала кетпекпісің?

- Бәрі орнында, Есаға, - деді Шорық жайма-шуақтанып.
- Кәмәсия түк бітірмей босқа арам тер боп...

Есей оны балуан саусағымен нұқыды: - Ақымақты тапқансың?! Ол келгендер әншейін шолғыншылар. Көкеңді танытатындар қаптайды әлі. Жау сыртта емес іште.

- Сіз тұрғанда Арқарлыға жау батпайды. Бәрібір жіп ұшығын ұстатпаймыз. Олар тас санаса, біз құм санайтындармыз.

- Санатар саған?! Одан да сен кем малдың есебін бер.
- Елу өгізше.
- Қосыңқыра тағы.

- Жүзге тара.
 - Бұл бер жақтағысы.
 - Өзіңіз емес пе, етке өткізген малдың салмағын азайтпа деп. Сосын ептеп...
 - Ептегенде қылмысқа барып бытыстыр деген кім саған?!
 - Есіңізде ме? Оңашалап тапсырғансыз маған. Салмақты азайтпаудың аиалын. Екі өгізшені бір малдың есебіне жатқызуды.
 - Қалай-қалай?! Нақ солай дедім бе?!
 - Сізсіз, директордың рұқсатынсыз, керек десеніз әжет-ханаға бас сұға алмаймыз. Өзіңізден нұсқау алғансын ғой, әйтпесе...
 - Құлқын сәріден ішіп алағансың ба, көк соққан?!
 - Ішпегенде?!- Боса да жақсы ат жоқ. Қылмыстап сотта-туға шеберсіңдер-
 - Жоқ малдың орнын кім толтырады?
 - Кім қылмысқа итермелесе, сол толтырады. Жоспар, жоспар деп біріңнің аузыңа бірің түкіргендей тақылдай-сыңдар кеп, түге!
 - Жап аузыңды, сүмелек!
 - Жабылатын ауыз түбінде сіздікі шығар, Досаев жол-дас! - Шорық қалтасынан бәкісін алып кеңірдегіне тақа-ды. - Түрмеде шірігенше бауыздалып өлейін.
 - Қой! Ақымактанба, - деді Есей зәресі кетіп. - Келесі санаққа шейін бірдеңе қылармыз. Жобасын айтсаңшы, қан-ша еді?
 - Маған десең жарылып кет! Бәлен жылғы қоя. Табандат-қан алты жүз!-деді де Шорық бәкісін шырқата лақтырып жіберіп, тұра жөнелді. Ұзай беріп артына бұрылып: - Демалысқа кеттім, демалысқа! Бұйрығыңды шығара бер, - деді.

Есей сілейіп тұрды да қалды. “Алты жүзбен шектелсе жақсы. Мыңға шауып жүрмесе?!” Дал болды, ойы сан-саққа жүгірді. Мәскеуге тартып кетсе қайтеді. Бәрібір Лекеров бұл бетінде жанын қоймайды. Осы соңына түскені түскен. Қара да тұр, тағы шығартады жедел топты. Мұнда біреу бар нұсқайтын. Кім екен? Зекен соққан емес пе? Ол неден зәру. Кеңшардың бар билігі соның қолында. Ауданның мықтыларынан сыртартып еді, түкті сезбегенсіді. “Қазір бар-лық жерде жаппай тексеріс, қайта құрудың заңы солай” деп

жұбатты көңілін. Сонымен Есей Досайұлы жетпейтін малдың орнын толтыруға мүтін Арқарлыны жұмылдырды. Бірінші кезекте жем-шөпке тапшы көрші ауылдарға жөнелтті керуенді. Көк балаусаға бұзау, торпақ айырбасталады. Саудасы жүріп дәнеккендер ауданнан тыс жерлерге ат басын тіреді. Оған көтерме бағамен жұрттан еттік мал және алынды. Үй басы салық салынды. Бақташыдан бастап директорға шейін бір-бір қарасын етке өткіздік деген сылтаумен ортаға салды. Сөйткенше мұздай қаруланған тас түйін тексерушілер жетті. Бұл жолғы жүрістері суыт, қимылдары шалт еді. Шетінен ала жіп аттамайтын ақ періште. Кедей қолды асханадан жүрек жалғап, қыстақтарды аралағанда азықтарын жол қапшықтарына сала жүрген. Өздері ала-құла әр ұлттың өкілінен. Кәмасияны бастап келген мықтының мәмілеге келетін түрі жоқ. Арқарлының алқымындағы саяжайға төбеңнен алтын құямын десе бас сұқпас. Аң етін жесе аузына ұшық шығатын көрінеді. Естектен соққан ызғардай бет қаратпаған олар санаған малды таңбалап, түстүгіне шейін қағазға түсірді. Сиыр атаулының мүйізіне шығғырып нөмір басқаны біраз күнді алса да, санақшылар асықпады. Бірақ қанша қағып сіліксе де, жаңбырға ұсталған текеметтей тазарған есеп-қисаптан “шаң” шығара алмаған. Мал түгел, оны айтасың, артығымен. Бір-бірінен сүйінші сұрап жүгіріскен үлкен-кіші кіші-гірім той жасаған. Той Шорықсыз өтті. Жәшік-жәшік арақты жастанып алып ішкен бас зоотехник дәл санақ аяқталған күні дүние салды. Тірінің күңкілі таусылған ба, арақтан жанып өлді десті ауылдастары оны. Біз қайдан білейік, шындығы солай шығар. Жаны жаннатта болсын дегеннен басқа не шара бар.

Күз қабағы түйіліңкі. Оқтын-оқтын қар қылаулайды. Қарашаның ызғары аязға ұласты да, арқа өңіріне қыс ерте түсті. “Арқарлы” кеңшары қыстан қысылмайды. Қашаннан етек-жеңі жинақы шаруашылық қатарынан екі рет шүйліккен тексерістен шынығып, ширап алған-ды. Құриды деген директордың түгі кетпеді. Обкомның бюросына сүйреп еді, конакқа барғандай жайбарақат оралды. Сырт көзге солай көрінгенімен Есаған жұқарыңқырап қалған-ды.

Шыдам-төзімге суарылған бір тоға мінезіне сызат түсіп, жоқтан өзгеге күйгелектеніп ұсақсып бара жатқандай. Айқайға басқанда сабыр тізгінін қолынан шығарып алады. Жакында бір ішкіш тракторшыны жұмыс бөлмесінде қылқындырып өлтіре жаздаған. Арашаға Зіркіл-Зекен араласпағанда іс насырға шабатын еді. Түсінбейді. Осы жұрт қызық?! Тұяғы қимылдады ма сінетсіп шыға келеді. Тап бір директор үшін жұмыс істейтіндей. Қайта құрыламыз деп ұрандап жатқан ел, өткеннің былығын аршып. Тоқырап қалыппыз дейді, расында солай да шығар өзі. Қорқытып үркітумен жұртқа жұмыс істетіп не мұратқа жеткендейсің. Осы ой басына келгенде Есейді ұры күдік түртпектейді. Ақ жүректігінен тапқан пайдасы кәне?! Рас, алтын жұлдызға қолы жетті. Босқа алған жоқ, адал ақы, мандай терінің қармышы. Екінің бірі тапқан жылтырақты бұл неге иеленбейді? Қос жұлдызды қосарынан алғандар да жүр жер басып. Бұған келгенде мықтылардың қолындағы киелі асық екі күлмейтіні қалай? Заманның түрі мынау - бағытын ұстатпай тұрғаны. Атақ-даңқтың айдарынан жел ескені шамалы. Жылтыраққа балаша әуестеніп, жалған марапатқа семіргендердің әлегі жетерлік. Пәлесінен аулақ. Одан да өмірдің басқа қызығын қамтып, кеткен есесін қайтарсын. Жұмыс-жұмыс деп шапқылағанда кигізген шапаны ақырғы сөгіс пе? Сөгіс алып сөлмірейетіндей кеңшардың байлығын жалғыз өзі өңешіне тықпаласа бір сәрі. Екі құлынды бие, бір бұзаулы сиыры бар. Кәссідегі ақшасы бес мыңға жетер-жетпес. Ғұмырында тоя тамақ ішіп. құлаштап қарта соғып, әйтпесе қызылға қызығып тоятын қырымнан іздеп, бір ауық еркіндеп бой жазды ма? Тау арасында жіпсіз байланып, отардан көз жазбайтын малсақ шопандай Арқарлының адамы мен малы түгілі аңын да назарынан шығармапты. Сондағы асқан асуы қайсы? Ақырғы сөгіс пе?! Түпу, атасына нәлет!

Есей демалыс алған. Қатарынан екі жеті бойында саяжайдан тапжылмады. Уақытының денін кітап оқумен өткізді. Халида кемпірдің дәмді тағамы тілін үйірсе де, тәбетін аша қоймады. Шөл қинайды мұны. Өзге тұрмақ өзінен да жасырған құпия аңсары оңашада көңіл түкпірінде қылаң беріп жүрегін мытиды. “Сабыр-сабыр, елуден асқанда бұ ненің желігі?!”. Жәй ғана өткінші желік болса түбі

қайыр. Ерік-жігерін билеп, төзімін еңсеріп, шыдамын шытынатқан ырықсыз аңсар көкірегін кеулеп ішін үңгіп барады. Бірде сағыныштан сарғайтып мұңға батырса, кейде тәтті қиялға жетелеп, көңіл ынтығын қоздырады. Іздегені кім сонда?! Айтар еді, жүрексінеді бір түрлі. Ту сыртынан қадалған өткір назарға арбалғанда, қылмыс жасап қойғандай қуыстанып, әлгіндегі сезімінен сәтте айнып, өз үйі, өлең төсегіне ойысады. Алғаш жар құшып, бала сүйген, махаббат қызығына кенелген ләззатты қызулы жылдарай! Енді соның бәрі ұмыт. Уәде - құдай сөзі. Серттен тайғанды жігіт басына ар санаған. Шыдаған. Құмарлыққа да құрық керек. Ағашсыз мал да қайыру бермейді. Ал бұл үйленіп алып төсек қызығынан сырт жүрді. Ақ некелі қосағын бір ауық мауқын басып, аймаласа бір сәрі. Әсіресе, демалысқа келгенде қиын. Аусарлықпен қойнына қол салайын десе, Күлмәш мұның қырпынан сезіктеніп күні бұрын қорғанысқа көшеді де, енесінің қасына жантаяды. “Жетті енді, тығылыспақ ойнайтын бала емеспіз” деп қасақана қабақ түйсе: “Сертінде тұрмасаң, өмірлік жолдас болып жарытпайсың маған”, - дейді Күлмәш кәдімгідей мұнайып. Уәделі күнге де аман-есен жеткен. Өзі келіп құшағыма кірер, өліп-өшіп аймалар деген. Қайдағы?! Құрық көрмеген асаудай жалына қол тигізбей дызығып, кәне маңына жуытсыншы! Қарсыласуы әлемет, бірақ сықылықтап күле береді. Томпақша көздері шатынай жасаурап, беймәлім үрейлі қуанышпен қауышуға тайсалған ол бұған беріспей, көп алысқан. Деген уыз шағын қоңылтақ көрпе астында өткізіп ерке шора боп кеткен байғұсқа расында мұнымен бетпе-бет келу оңайлыққа түспесе керек. Солқ-солқ жылаған. Өлтірдің-ау деген. Кейін жұбайлық тірліктері арнасына түсіп, денелері бір-біріне үйренісе келе сырласқанда: “Сондағың не?” - деп Есей келіншегіне қасақана сауал берер еді. Күлмәш еш бүкпесіз: “Пәктігімді қимадым”, - деген мұңая күрсініп. Жаратылыс әу бастан-ақ ұрғашыны қырына алып, тірліктен алар үлесіне үстеме қосып, жүгін ауырлатып қойғандай ма? Қақ өзегін жарып бала тауып, еркектің илеуінде аяқ асты боп қалатын кім? Мазаққа да, азапқа да төзеді. Ерім деп бір елеңдесе, баласы үшін шырылдап және түседі отқа. Әйел пақырдың күнін итке берсін. Қомағай ындын, тіміскі ұры көзге арбалатын, қыбыр-жыбырдан

сезік аңдып, басқан-тұрғанын жіпке тізген қызғаншак қосағының қоқан-лоқысын, өңі түзу көйлек кигенін көре алмай әуейілердің санатына қоса салатын жыпық ауыздың жел сөзін торғайдай жүрегінен өткізіп, мүтін дүниенің уайымын арқалаған көзі жасты ұрғашыдан мүсәпір кім бар?

Кенет көңілінде басқа бір ой қылаң берді. Ау, Күлмәшқа не жорық?! Ішкені артында, ішпегені алдында. Басында панасы, бауырында баласы, ала жіп аттамайтын адал жары бар. Сөйте тұра іш тастағыш биедей қысырап баланы есеппен тауып, өзін де, мұны да қос үрей күй кештіріп қойды. Жаман айтпай жақсы жоқ, ат ұстар жалғыз ұл жазым болып... Құдай сақтасын! Гүлзидің өрісі бөлек. Бәрі ырым-жырымның кесірі. Құмалақшы, көріпкел әйел алып не ақысы бар еді. Анасы ғой мұны осыған теліген. Басқан-тұрғанын аңдып, адымын жаздырмайды. Ең құрыса құшағы қызулы болса екен. Суынған төсектен нендей ләззат табарсың?! Қылымсыға қырғидай тиіп, ақ тамақ аруларды қоян бүрген бүркітше ұйпалақтайтын нағыз дер шағын текке өткізіп... Ақ жүрек сыпалықтан тапқан пайдасы қайсы?! Зіркіл-Зекен құрлы болмағаны ма? Ол соққан ішіп алғанда: “Осы мандағы жел етектер менен қалмаған” деп бөседі. Бас есепші анау - торғай аңдыған мысықша оңтайына келгенді құтқармайды. Оны айтасың, әлгі аупарткомға ауысқан қисық бас парторг та қара жаяу емес. Жоғарыдағыларға еліктейді ғой. Ауданның мықтысы Иван Иванович, әй пәлесінен аулақ, Иван Алексеевич қарап жүрмейді. Аупарткомның іші толған өңшең ту қатын. Партия көсемдерінің өзі осыған барғанда қатардағы қарашанікі кешірімді ғой, тәйірі.

Кенет телефон безектеді. Екі-үш оқталып зорға көтерді ұзын құлақты.

- Әләу, бұ кім?

- Сізбен бірінші хатшы сөйлеспекші.

- Ал тыңдалық.

- Саламат па, Есей Досайш. Демалысты қалай өткізіп жатсың?

- Бірқалыпты. Ақырғы согісті шетінен кеміріп жеп.

- Ха-ха, сен деген мықты қазақсың. Терпи, Досаев, атаманом будешь.

- Ол қазақ пен бұл қазақтың арасы жер мен көктей, хатшы жолдас.

- Сізге олай деу жараспайды. Интернационалистік борышты ұмытпайық. Солай ма?

- Жарайды, - деді үнемі белден басып киіп-жаруға жеткізбейтін онымен құрғақ тәжікелестен жалтарып, - Шаруаңызды айтыңыз.

- Арқар етін өзің ғана тіске басып, бізге қайда?

- Келіңіз, сіздік табылар. Бұ жаққа жолыңыз қашан түседі?

- Келер аптаның жексенбісі. Қасымда ұятты кісілер болады. Айтпақшы, сүйінші! Шалымыз кеткелі жатыр.

- Орнына кімді қалдырмақшы?

- Мәскеуден келеді деген сөз бар.

- Жергілікті ұлттан ше?

- Онысын білмедім. Бізге ақылдасушы ма еді Мәскеудің шонжарлары.

Есей дағдарды. “Тағы бір сапырылыс басталды десеңші”. Ойын аяқ тықыры бөлді. Ашулы есіктен бері аттаған Зуһра:

- Шарсоқпаға қалайсыз, - деді жайбаракат салқын пішінде.

- Түскілік ішіп алайық, - деп ол ас бөлмеге мойын бұрды. - Жеңгей, қаужайтын бірдеңе әкеліңіз бізге.



Зуһра шарсоқпаны құлықсыздау ойнады. Оны жер бауырлаған кара тұмандай уайым басып, еңсесін көтертпей жүр. Тәуекелшіл, бірбеткей мінезінің суы қайтып қалғандай. Сірә, жалғыздық қажытқан. Құрғақ жұбанышпен өткізген жылдардың ащы запыраны шыдатар ма? Сірә, содан шығар, елес қуып шығандағаны. Ұрланған зат, жоғалған мал болса бір сәрі. Іздегені - тағдырына ортақ адам. Шарасыз сенделіске балалық махаббаты қыстағаннан ұрынса арман не? Жетім көкіректің өксігі шыдатпай жолға шыққанда бұрынғыдан да жұқарып жер боларын бал ашып білсін бе? Әлгі бір мықтымен ойда жоқта кездесіп, одан күдерін үзген соң, сыр ұшығына жету үшін бел буған. Үмітшіл жүрегінде аздаған лүпіл бар-тын. Сол емескі лүпіл мұны қолды-аяққа тұрғызбай, Алматының төрінен бір-ақ

шығарған. Діттеген адамын жұмыс орнынан тапты. Неге екенін қайдам, онымен ұшырасқан сәтінде Зуһраны осалдық жеңіп, қарсы алдындағы қыран қабақ, өткір көзді, сұсты еркектің мысы басып, именшектей берді. Өнер мұратына берілгеннен бе, әйтпесе әйелдерге құсы түскіш құмар көңілдің әккілігі ме, барынша тартымды көрінуге тырысып: “Келің. Отыр-ғың, айналайын!” - деп бұған қарсы жүрді. Білегінен ұстап, арқасынан қақты да, ымқырулай бейімдеп өзіне жақын отырғызды. Елуді еңсергенімен ер бітімін жоғалтпаған кексе актер келісімді шырайына жылылық үйіріп, жұмсақ жымыған. Жымыысы тым жасанды керінді бұған. Ендігі сәтте ол қоқилана маңғазсып: “Өлгі бізге өтініш бергенсіз бе? - деді құмар көзі күлмендеп. - Танысыңыз айтқан, талантты екеніңізді”.

- Мен басқа жұмыспен, жай өзімше жүрмін, - деді Зуһра.

- А, онда кешір, айналайын! - деп ол бұған көз қиығымен сынай қарады. - Қара жаяу көрінбейсің, өнерден дәмен бар шығар?

- Әрине. Шешем ертеkte киноға түскен.

- Кім еді?

- Шәкірова деген.

- Есімде жоқ. - Ол иығын қомдады. - Кәне, өзіңнен хабар бер.

- Сізбен жүздесіп... Қолтаңба алайын деп.

- О-о, бұл дұрыс нәрсе, - Мақпыров пандана кекжиді.

- Бәлкім, бізге жұмысқа орналасарсың.

Зуһра ойланғансып назарын төмендетті.

- Отбасылық жағдайың қалай еді?

- Жалғыз бастымын.

- О-о, онда біз дайын, - деді ол жасанды жымыып. - Жүрің, студияны аралатайын.

Тау етегіне қанат жайған киногерлер мекені Зуһраға қызықты көрінді. Өмірдің көрінісін жасанды бейнелейтін түрлі бояма сұлбаға балаша елігіп әуестене үңілді. “Осыншалық өркениетке қол жеткізсе де, адам санасы әлі күнге жайдақ. Ойыншыққа алданған бала тәріздіміз” деп ойлады ол. Ескі дәуірдің құрал-жабдықтарына көзі түскенде оны әлгіден бетер әуестік биледі. Біресе қолтықтап, біресе қолынан ұстағыштап бәйек болған Мақпыров өтірік күліп, бет албаты лағып сөйлей берген. Ол мұны бақыласа, Зуһра оны

сыншыл көзбен түйреп, басқан-тұрғанын қалт жібермейді. Адам бейнесін сахнада сомдап, киноға шығарып кәнігіленген сахнакердің болмысында табиғи мінез машығынан гөрі жаттандылық басым. Жүріс-тұрысы, кісіге ілтипаты, күлкісіне шейін тым ысқаяқ. Нағыз шамырқанған мәрттіктен жұрдай тәрізді. Сонда ол өнерге қалайша жан бітірмекші? Адам рухын асқақтатып, жігерін үстемелейтін өлмес туындылар осылардың қолынан шықпай ма? Шешесінің сәтсіз тағдырына себепкер кино өнеріне Зуһра қашаннан сын көзімен қарайды. Әртістерге түгел қара күйе жағудан аулақ. Бірақ өнердің қай саласы болмасын жалтырақ жаттанды туындылармен молығып, тәрбиелік мәнін жоғалтып бара жатқандай. Соғыс аяқталғалы қырық жылдан асты. Содан бері экранда әлі күнге шайқас. Жас ұрпақтың жауығатыны немістер. Бүгінде өркениетті елге айналып, дамудың өлемдік деңгейіне көтерілген ұлтты қаралай бергеннен не шығарады? Қазақ киносының да жетіскені шамалы. Отыз жылдан бері қауғағаны - тыңға шабуыл. Тарихты көрсетсе - атыс-шабыс. Бей-берекет шапқылаған аттылы жасақ. Сақалдары омырауына төгілген ақылгөй абыз. Одан қалды, қылымсыған қуыршақ бойжеткен. Бүгінгі өмірді көрсетсе, баяғы мінсіз парторк, бірінші хатшы. Аға буынның аузынан шығатыны: “Біз Кеңес өкіметін қолмен орнаттық, неміс фашистерін талқандадық, тың көтердік”. Қашанғы айта береді?! Бірауық болашақты болжап, жаңаша өмір сүрудің жолын іздестірмей ме? Ішімдіктен басқа білері жоқ қара тобырды атыс-шабыс алаңына шығарып, қырылыстырмақ па? Қайта құрудың тәрізі соған саяды. Анасынан қолына шөлмек ұстап туған кеңестер елінің сусамыр пиэнкештері арақтан өлсе айырылар ма?! Бұл ой Зуһраны көптен мазалайды. Мүмкін әкесі, әйтпесе, жай қалыс адам. Қалай болғанда, Мақпиров өнер қайраткері. Оның қазақ киносына сіңірген еңбегі орасан. Аңысын андап көрсін. Кісіні біржақты бағалау қиянат. Қателігін мойындап арылар, бәлкім, мұның алдында. Зуһра оған жақсы жағынан көрінуге тырысып, өп-өтірік сынықсыды. Әр нәрсеге таңқалып таңырқаған аңқау кейіпте ол не айтса, соған бас шұлғи берді.

- Ән саласың ба?

- Салғанда қандай!

-Көркем сөз оқуға қалайсың?

- Ақын өлендерін жатқа оқимын. Біразының.

- Спортқа икемің бар ма?

- Каратериспін.

- Қойшы?!

- Қой түгілі ешкі де жоқ.

- Онда киноға дайын екенсің, - деп Мақпыров қуана ыржиды, - Таяуда қолға алынбақшы фильмге сен тәрізді спортшы әйел керек.

- Қайтып алыңыз! - деді Зүһра оқыс-оқталып, - Қыз десеңіз аузыңызға ұшық шыға ма?

- Бәрібір! - деді ол қолын сермеп. - Бүгінгінің қызы кім, қатыны кім, айырып болмайды. Ертең сағат онда осы жерден табыл. Сарапшылардың алдынан өтесің.

Зүһра қитықты. Пистолетін ала шықпаған екен. Нағыз оңтайлы сәтті өткізіп алғанына өкініп, Мақпыровты оқты көзімен атты.

- Қонақ үйде дем аласың ғой, - деді ол Зүһраға ансаулы ажарда құмарта қарап. - Соңыра соғармын бөлмеңе.

Зүһра әлгіден бетер жұқарды. “Мүмкін емес, әкем болған күнде бұдан не үміт, не қайыр. Көзін шел басқан Қорсоқырдың өзі нағыз. Бармақшы. Сондағы ойы не? Тіке атып тастайын, өзімді де жоқ қылайын”.

Сыртқы қақпаға жете бергенде ұзын бойлы келбетті кексе әйел ұшырасты. Зүһра белгілі актерді бірден таныды.

- Сәламатсыз ба, Нәзипа апай. - Ол мұның бетінен сүйді.

- Қайдан жүрсің, қызым? Мені танысың ғой, сірә?

- Танығанда қандай! Сізді білмесек анамызды ұмытқанмыз.

- Сөзің неткен жақсы. - Нәзипа апай мұны қолтықтай берді. - Жүзің таныс, бір жерде көрген тәріздімін.

- Сізді тек сахнада, кинода. Жүздесуім бірінші рет.

- Ә, солай ма? - деп ол мұның бас-аяғын жіті көзбен шолды. - Есіме түспей тұрғаны, біреуге ұқсайсың.

- Зілияға ма?

- Қай Зілия?

- Бақытсыз Зілия ше? Студент. Баян сұлу рөлінде ойнамақшы боп...

- Иә, иә, жаңа түсті есіме. Соның қызымысың, әлде сіңілісі?!

- Туған қызымын, апай.

- Ой-бүй, қарағым-ай, асылдың қиқымы екенсің! Жалғыз бала қалды деп еді артында, сол сен бе? Аузынан түсіп қалғандайсың шешеннің. Әйелдің шолпаны еді марқұм. Көп тұрмады. Ей, опасыз өмір-ай! Өзің не ғып жүрсің мұнда?

- Киноға талаптанып.

- Әкенді тапқансың ба?

- Ол кім еді?

- Мақат Мақыров ше. Қазақ киносының жұлдызы сол қазір. Адақанның айыбы жоқ, қайтып үйірін тапқансын. Кезінде шешене Зілия марқұмға үздігіп... Мұның да жолы ауыр жігіт. Сүймеген жүрекке суық қолын жүгіртіп, арты быжықы-тыжықы боп кетті емес пе.

- Біледі екенсіз ғой бәрін.

- Білгенде қандай! Арасында жүрдік. Шешеннің табиғи талантын, сұлулығын көре алмағандар Мақатты оған айдап салып... Уақа емес, әкенді тапқаның дұрыс, қарағым.

- Апай, мен расымен-ақ Мақаттың қызымын ба?!

- Құдай біледі деп айтайын. Жымиысың, сөз саптасың үйлеседі әкене.

Зуһраны сәтте неше қилы сезім биледі. Үміті кесілгендей торығып, Нәзипамен жүре қоштасты да, қонақ үйге тіке тартты таксимен. Ертеңінде кино үйіне бір сағат бұрын барып, режиссердің келуін тосты. Мақыров бөлме-бөлмеге жағалай бас сұғып қыз-қырқындармен ыржалақтасып жүріп алды. Зуһраны үнсіз қолтықтаған ол жұмыс бөлмесіне екпіндей кіріп, ұзын құлақпен біреулерді шақырды да, кешегі машықпен Зуһраға ыңғай берді. “Қалай, жақсы тынықтың ба?” - деп арқасынан қағып, қыздың ұзын қолаң шашын тамашалап мойнына орады. - Табиғаттың өзі бұйралаған құтты менің шашым тәрізді екен, - деп лекіте күліп алды да, бейғам отырған Зуһраның бетінен шөп өткізді. - Ах, қандай сүйкімдісің, ә?! Боямасыз табиғи сұлулық осындай болса керек қой! Әлеміштеніп бүлдіреді ажарын көп ұрғашы. Зуһраның көзіндегі сұстан тартынды ма, Мақат Мақыров екі қолын шалбарының қалтасына шіреп, кең бөлмеде әрлі-берлі жүргіштеді. “Кешір айналайын, өнер адамының сезімі ұшқыр келеді. Дүниені ұстап тұрған тіреуіш қой сұлулық. Данышпандар солай дейді. Менің ұғымымда,

сұлулық - күдірет. Жаратылыстан кейінгі екінші нөмірлі тәңір аруы. Сіз өзгеше сомдалған жансыз. Мен солай бағаладым сені. Ақылды басқа қонбаған сұлулықтың соры бес батпан. Сізде бас та, шаш та бар. Меніңше сенен ұлы актер шығады. Сәл кешіректеу ойланғансың. Буының қатып кетпесе жарады.

Зуһра сәл жымиды. Көңілінде құпиялы үміт оянып, қиғаш ойына қарсылық білдіре: “Бәсе, менің әкем ақылсыз болмауға тиісті, қандай соны пікір айтады”, - дегісі келіп еді, оған қиқарлығы жібермеді: “Қасын қарындашпен сызғандай Ай қабақ, алтын кірпіктің нағыз өзі. Ох, мойнын айтсаңшы бәрінен де! Жүзген қудай иіліп. Көз дегенің тұңғиық. Тістерінде бір мін жоқ. Қалауы бұзылмаған құлын мүшесі қандай! Құтты жарауы келіскен жел қуық байтал дерсің. Бөксесі бұлт-бұлт ойнап...

- Бұ не?! Репетиция ма? - деді Зуһра шыдамын тауысқан сезімде.

- Иә репетиция. Өмірдің әр сәті репетиция, көгершінім.

- Жарайды, онда, - деді Зуһра орнынан шалт көтеріліп, - Жағымды бейнеде ме?

- Жағымсыз кейпіңізді көрсек.

- Кәне, иманыңды үйір! - деді Зуһра пистолетін сөмкесінен шапшаң суырып. - Атыласың!

Мақпиров аңырды. Заматта басына әр қилы ой келді.

- Мұ-мұм-мұндай репетицияның қажеті жоқ. Қолыңдағыны таста, шошандатпай! - деді ол сескенсе де сыр алдырмай қатуланып. - Ойыншық пистолеттен қорқатын бала деймісің мені.

- Көрінгеннің тағдырын қақпақыл ғып жүрген опасызға осы “ойыншық” жетеді! Атамын! Құның толық!

- Не үшін! Жазығым не?! - деді Мақпиров істің насырға шапқанына анық көзі жеткен кейіпте.

- Жазығың, шешем Зілияның түбіне жеткенің! Білемісің? Он екі де бір гүлі ашылмаған қорғансыз жас қызды мазаққа ұшыратып...

- Се-сен онда менің...

Сөйткенше есік ашылды, бөлмеге бір еркек, бір әйел кірді. Әйел кешегі Зуһра жолыққан Нәзипа апай, еркегі - белгілі кино актер.

- Бі-біз сіздерден бұ-бұрынырақ кірістік, - деді Мақпиров келген екеуге сырын алдырмаған боп.

Зуһра пистолетті Мақыпұровтың өңменіне бағыттаған бойы тістеніп тұрды-тұрды да, шыға жөнелді есіктен. Үрей кезегі енді Зуһраға ойысқан. Екінші қабаттан құлдилаған ол аялдамаға жеткенше жүгірді. Демігін басып өз-өзіне келгенде байқаса, қарында сөмкесі жоқ. Пистолетті мытыған саусақтары қарысып қалып, кәне, ажырасыншы ойыншық қарудан. Шарасыз шырғалаң шырмауында өз әлсіздігін сезініп, әрі қорланған ол, ал жыласын. Қалың нөсерден соң терек жапырақтарынан сорғыған тамшыдай ірі-ірі көз жасы омырауын жуып кетті. Аялдамада кісі көп екен, жыламақ түгілі жан тапсырсаң да елең қылатын бірі жоқ. Ығы-жығы қала тіршілігінен ығыр болып, сезімі қасанданып кеткен темір адамдарға біреудің бет албаты долырғаны таңсық па, тәйірі. Жыла, жыла байғұс! Жылап ал осындай қалтарыста. Ертең қолың тимей кетеді. Сен де қалалықсың. Жоғарғы санадағы мәдениетгі жарқын заманға нық бет бұрған Кеңестер Одағының айрықша тәрбиедегі текті азаматысың. Сендерге босаңсып бор кеміктену ұят. Маскара! Қысас сезімге есеңгіреген ол өз-өзімен айтыса бастағанын байқамады. Санасында бас көтерген қияс ойға ерік берген: “Әкеңнің түрі жаңағы, сұлулық-сұлулық деп өліп-өшкен. Шешенді жоқтап опасыз еркектен өш алғандағы сиқың осы ма? Оған несі кетті өлгінің? Ақылы кеміс біреу деді де қойды”.

Қол қапшығы кешке таман тиді қолына. Тілдей қағазға: “Қарағым, ақымақ болма. Мен сенің ойнайтын адамың емеспін, бір жолға кешірдім”, - деп жазыпты. Бұдан кейін жылау артық. Қызығы, асылып өлген. Құдай сақтасын, керегі не кәпір өлімінің. Сорлы қазақтың қырылғаны аз ба? Отыз екінің аштығында топалаң тиген қойдай жаусапты ғой. Үш миллион, бәлкім екі, есебін кім алыпты. Социализмнің садағасы, барсын. Жаны жаннатта шығар марқұмдардың. Отыз жетінің ойранында кілең марқасқаларын мылтық қаруылына алған. Тырс-тырс ата берген. Оқ шығаруды қиынсынып ит жеккенге айдатқан. Сосын фашистер шыққан дүниені жалмап жұтпаққа. Тағы да құрбандық. Жау жағадан алғанда жарға бұқпаған, бұл қазақ! Мәскеу үшін, Ленинград үшін, Сталинград үшін арпалысқан. Оның үшеуі қазақ. Жүздің оны қазақ. Ура! Алға! Қайтпай соғысқан. Арыстанның ашуы, жолбарыстың жүрегі бар қазақтарда. Нанбасаң тарихқа үңіл. Соғыстан кейінгі қиыншылыққа төтеп

бергендер кім екен? Тағы да қазекен. Өздерінде жан жоқ, партияға берілген, көсемдерге адалдығын айтсаңшы бәрінен. Әруақ, құдайды солардың жолына айтып, жан тәсілім етер-де: “Партия жасасын!” деп көз жұмады. Тыңға шабуылдың алдыңғы шебінде жүргендер осылар. Арақпен қойындасып ауыз жаласқанда алдарына жан сала ма?! Коммунизм орнату жолындағы өлермен өжеттігі неге тұрады. Сөйтіп жүріп ата-бабаларынан еншілеген дарқандыққа жеткізбейтінін қайтерсің. Жері де кең, пейілі де кең. Әй, бұйткен кендігі бар болсын-ай? Жан-жағына у шашыратқан атом ойнағы анау. Қайран қазақ даласын осыншалықты сұрықсыз күйге ұшыратқандар кім? Сұлулық-сұлулық деп өліп-өшкенде сондай. Жер мынау күл беттенген. Адамдардың сиқын қарашы. Екі иығына екі кісі мінгендей нар жігіттер қайда? Дидарынан нұр төгілген арулар мезгілсіз неге қара жамылады?!

Кенет ойы екіге жарылды. Өзіңе ненің салқыны тиген? Жұртқа ақыл айтқанда сондайсың. Бір ауық сынатын кезің жетті. Әкенді іздегендегі тапқан пайдаң қайсы? Халқыңның мұңын мұздап, жоғын жоқтағың келсе, күрескерлік жолға неге түспейсің? Әлі де кеш емес. Шық шайқасқа. Бағынды байлаған байың, етекпен тартқылаған балаң жоқ. Екінші Зухра сыншыл Зухраға қарсылық білдіргенсің.

- Жаңалыққа ұмтылмай жүрмін бе, жолымды кесіп тас-таса қайтпекпін?

- Ұрғашымын десеңші одан да, байтал шауып бәйге алмас деп халық тегін айтпаған.

- Төмен етектегі белсенділік артықтау.

- Мойындарсың, бәлем! Байға ти, бала тап. Ұрғашының міндеті сол. Ең құрығанда аз қазақтың санын төрт-бесеуге арттырасың. Араққор бір ішкішті тәрбиелеп жұрт қатарына қосасың. Одан артық жау түсіремісің? Жетер енді, доғар салт жүрісті. Әкеден күдер үздің боса-болмаса.

Сыншыл Зухра өктеп барады. Пікірі тұжырымды, дәлелі дәйекті-ақ. Талған жанары жұмылғаны сол - телефон безектеді. Ар жақтағы дауыс: - Төменге түсіңіз, милицияданбыз! - деп бұйырды.

Зухра сезе қойды. Ойыншық қаруды індетушілер екенін білді де, жылдамдата киініп сыртқа шықты.

Ауа тымырсық, күзгі күн құрыстап тұрған-ды...

... Есен екі де екі. Соңғы шайқаста кім басым түссе, ұтысқа сол ие. Бірін-бірі тықсыра жанталасқан шар легі қайда тығыларын білмей жөңкілеп, тар аяда дызыға жүйткіген арқарлар үйіріне ұқсайды. Бұл- Зуһраның елестетуі. Есағаң шарсоқпаға аса берілмейді. Ойы басқа жақта жүреді. Сөйте тұра құралайды көзден ататын мерген. Зуһра болса қиялдауға шебер, әр шарға ат қойып алады, атыстырады. Бұл жолы жеңісті Есағаң иеленді.

- Пистолетіңіз жаныңызда қалды, - деп суық жымыды Зуһра. - Аядым сізді, өйтпегенде... Дұшпаныңыз көп, қарусыз қиын болар деп...

- Өзіңдікі қайда?

- Иесіне тапсырдым. Он жыл ұстағаным да жетер. Кісі қанын мойныма жүктеп қайтемін.

- Өшің бар ма біреуде, неге олай дейсің?

- Өштеспесем жүрем бе өстіп. Дәл кезіккен, қолым бармады.

- Кім ол?!

- Әкем.

- Кісі әкесіне қол көтере ме? - Есағаң қызға жақтырмай қарады. - Ғайыптан әке-шешем тіріліпті деп естісем, жер шегіне кетсе де мүтін қара орманымды сатып жетер едім қалайда.

- Мен тәрізді арам қаннан жаратылсаңыз қайтпексіз?

- Бәрібір әкенің аты әке. Әкем айтулы мерген екен. Отыз екінің аштығында тау арасындағы ауылдарды арқар етімен асырапты. Түбіне шолақ белсенділер жетіпті әкемнің.

- Сіздің жетімдігіңізге заман кінәлі. Менің талайсыз тағдырыма себепкер жеке адам. Сол үшін жауығамын оған.

- Ол бер жағың. Сіз мейлінше өмір сүйгіш жансыз. Жалпылай алғанда адам атаулыға таза жүрек, құштар көңілмен қарайсың да, жекелеген пенделерге наразылығың басым түседі. Мұның атын - сыншылдық дейді.

- Асырып жібердіңіз, Есаға. Тумысында бір адамды ұнатып көрмеген мен тәрізді сезімі тас ағаш адамға бұл мақтауыңыз тым артық.

- Ол ерекшелігің өзіңе байқалмайды, жан-жағыңа жарық түсіріп сәуле таратасың.

Зуһра сықылықтады.

- Күлкінің өзі неге тұрады, - деді Есаған оған қиыла қарап.

- Осы жексұрын күлкіні әкемнен еншілеппін, - деді Зүһра тісін ызалана қайрап.

- Әдемі күлкі. Құтты тау бұлағының құмыққан сыңғыры тәрізді. Әкең де тегін адам болмаған-ау шамасы.

- Ол кісілікті болса мен өстіп жүремін бе?

- Өзінді осыншалықты қинауға неге құмарсың, Зүһраш? - деді Есей даусына діріл араластыра қиылып. - Ең құрыса басқаларды аясаң етті!

- Кімдерді мәселеңки?

- Шешенді. Мысалға мені.

- Халида кемпірді есіңе ал дегеніңіз сиымды. Сізге не жорық?!

- Бір түрлі іш тартам өзінді. Аз күн кермесем сағына-тынды, іздейтінді шығарып...

- Ежелеп қайтесіз. Қызығамын саған десеңізші бір сөзбен.

- Сені жақсы көргенім үшін жазықты емес шығармын.

- Бәлкім, мен де сізді жек көрмеспін, - деді Зүһра уыл-жыған жүзіне мұң үйіріп. - Арқарлы енді бізге қоныс болмас. Шешейді босатыңыз, көшеміз біржолата.

- Сондағы кінәң не бізге қоятын? - деді Есей неден қателестім деген танданыспен.

- Мен жүрген жерге шөп шықпайды, - деді Зүһра шұғыл серпіліп. - Халықта “қырық көшсең, қырсығың қалады” деген бар.

- Тағы нені шығардың? Құдай мені ұрғашы атаулымен арбастырып қойғаны ма?!

- Неге олай дейсіз?

- Жақсысына жете алмасам, жаманынан кете алмасам, одан артық жаза бар ма?

- Жаманыңыз кім, жеңгей ме? Қателеспеңіз. Нағыз періште деп Күлмәш жеңешемді айтса рәуа. Данагөй, әулие әйел. Мен ол кісімен сырттай үндесем, бір-ақ рет болдым алдында.

- Нені бықсытты сонда? - деді Есей тыжырынып, - Қияли бірденені көңірсітіп, басынды айналдырған шығар?

- Сірә, содан екен ғой сіздің ой жады боп жүргеніңіз? - Зүһра оған тайсалмай тік қарады. - Күлмәш тәтем өмірге сирек келетін айрықша абзал жан.

- Ертеңнен қара кешке дейін сары уайым сапырып, жаманшылықты төбеңнен төндіреді де тұрады. Сол ма көріпкелдігі?

- Аллатағала сақтансаң, сақтаймын деген. Қауіп-қатерді алдын ала болжағаны сіз бен бізге тілеулестігі.

- Оның топшылауынша, таяуда сұмдық болады, қан төгіледі. Саған да төндірген шығар не сұмдықты?

- Бар жақсылықты басыма үйіп-төгіп, келешегімді қолмен қойғандай саралап берді, - деді Зуһра қасақана. - Бір ұл, бір қызың болады, бірақ байға тимейсің деді.

- Ой, қатырыпты-ау! Күйеусіз баланы күлге аунап таппақысың?!

- Балалар үйінің сұр жетімдерін қимайсыз ба маған? - деді Зуһра ызасын сабырға жемдіріп. - Байсыз да күнелтуге болады. Ол жағына басыңызды ауыртпай-ақ қойыңыз. Сәл кешіктіңіз ағасы. Маған құрған торыңызға өзіңіз шырмалып қап жүрмеңіз.

Есей сасқалақтады. Қағас естідім бе деп қызға сұраулы жүзбен аңтарылды. Зуһраның уытты кейпінен мәмілеге келетін оң шырай байқалмады.

- Албасты да алғанын орнына салады деген бар. Мені қалаға бүгіннен қалдырмай жеткізіп салыңыз, - деді ол ширыға шамырқанып. - Шешейді келесі аптадан қалдырмаңыз. Ұрыспай айрылған ұялмай қосылады. Тіршілік болса әлі талай кездесерміз, Есаға. Жағдай осылай.

Есей аңырды. Сәтте ойы онға бөлінді. Жүрек түбінде жатқан асау аңсары қолма-қол жуасып, Зуһраның алдында өзін қораш сезінді.

- Есаға, естіп тұрмысыз, - деді ол, дағдарған оған жылы шырай танытқансып. - Ойға алған жоспарыңызды өзгертіңіз де, менен құтылыңыз қалайда. Бүгіннен қалдырмай. Әйтпесе жұмыс жаманға айналады. Сосынғы бір бұйымтайым - пистолетіңізді уақытша бере тұрыңыз маған. Кейін қайтарамын.

Есағанда үн жоқ. Тұнжырап отырды-отырды да:

- Сені Смет апарып салады қазір. Халида апайды он күннің мұғдарында тапсырамын қолыңа, - деді.

Осымен сөз бітті де, Зуһра іле жүріп кетті. Қызын шығарып саларда Халида ағыл-тегіл жылап: - Байқа Зуһраш, байқа! Ақылың бар еді ғой, бірденеге ұрынып жүрме! - деп жалынды.

Желтоқсан - желігіп алды, біресе дауылдатады, біресе борандатады, қара қабақтанып түлданып-ақ тұр. Қыстың кірісі осылай. Жақсылығына бақса жарады. Жел екеш желдің де сарынында үрейлі гуіл бардай. Ондаған қара құлақ қосыла ұлып, үрей шақырғандай болады. Жұрт қалың ұйқыда жатқанда, Күлмәш тысқа шығып тың тындайды. Сонда оның сезгір санасына әлдеқайдан дыбыс толқыны жетіп, ширекқан жүйкесінің әр нүктесін іске қосады да, миына құпиялы ақпар жете бастайды. Сол-ақ екен, ойлау қабілеті артып, сезім мүшелері жайшылықтағыдан күшейіп кетеді. Алдымен қара құрық аспанға көз жібереді. Жұлдыз атаулы мұны өзіне тартып, маған қара, маған қара деп жамырай тіл қатқандай болады. Сол сәтте сансыз аспан шырақтарының бірі бұған айрықша отты көрініп, өзіне еліктіре тартып назарын тұсап тастайды. “Саған тиесілі мына мен, дұрыстап көз тоқтат. Келешегінді болжап жер бетіндегі ірілі-ұсақты өзгерістерді түйсігіңе жеткіземін. Содан қорытынды шығарып, ой елегінен өткізіп, өзіңше жорамал жасайсың”. Ғажапты қара? Құлағына сыбырлайды. Кенет әлгі бадана жұлдыз біресе үлкейіп, біресе кішірейіп, сан құбылды. Артынша нарт қызыл сәуле шашып, кеңістікті жап-жарық қып жіберді. Ақ сүт сәулеге шомылған жер дүниені көгілдір алып шымылдық көлегейледі. Ақ шүберекке оранған адам бейнесіндегі жан иелері қолдарына сыпырғыш алып тіршілік дидарына жүкқан шаң-тозанды сыпырып тазалай бастады. Әлемді көзге көрінбейтін мың-сан елес кезіп жүреді деп еститін. Мыналар сол болмасын. Жын, шайтан, пері, құбыжық атандырып жүргені бекер болғаны ғой. Неткен пәк өздері. Жер бетін обып жалмап, ластап жатқан адамдардың күнәкарлық істерін жуып-шайып тазалап жүргені қандай жарастықты. Қапелімде ақ адамдарға қауіп төнді. Ақ киімділер құсша қалқып биіктей берген. Күлмәш селт етіп есін жиды. Санасындағы осындай ауытқушылық кейінгі кездері жиілей түскен. Өң мен түстің аралығындағы бір хал әр күн сайын қайталанып, елес дүниесіне еті үйреніп бейімделіп барады. Жын, шайтан дегендер мұны енді қорқытпайды. Көзге көрінбейтін адамдар нағыз періште. Олар деген тым әлсіз жаратылыс, бірақ рухы күшті. Жегі құрттай жебір жұмыр бастылардан өрбіген зұлымдықтың қырын сындырып, зор-

лық-зомбылық, ұрлық-қарлық, алдау-арбауға қарсы күрес ашып, өздерінше шеп құрады екен. Жер келбетіне жұққан күйені сүртіп кетіруге, адамдарды тура жолға салуға мүдделі. Сірә, космос адамдары осылар болар. Басқа планетадан кеп жүрген. Бейнелеп айтқанда ізгілік дүниесінен. Жұмырықтай жерді сүйек құртша үңгіп, сау тамтығын қалдырмай, дода-додасын шығарған, отпен ойнап бір-біріне шоқ лақтырған, қызылды-жасылды дүние, жылтырақ тас үшін жағаласып, ішсе ішкенге, кесе кигенге қанағат қылмай итше ырылдасқан тойымсыз пенделерге ара түсіп, космос тозаңына айналып, құрып кетуден сақтандырмақшы. Әй, оған илігіп тәубеге келетін түрлері жоқ-ау. Құдайын ұмытып темірге табынғандар өлсе қайтар ма алған беттерінен.

Күлмәш қыбырсыз қатып тың тыңдады. Шеткі үйдің қорасынан сиыр мөңіреді. Іле тауықтар қыт-қыттады. Кенет ит ұлыды, бірі бастап еді, екіншісі қоштап ұйқыдағы ауылды азалы үнге көміп тастады. Ұяластарының беймазалығы Ақтөсті еліктірді. Байлаудағы ит дәл құлағының түбінен сыңсып қоя бергенде, Күлмәш селк етіп шошып кетті. Ақтөстің ұлысы басқа салпаң құлақтарға қарағанда нәш. Күшігін алдырған қара құлақтан бетер үдеп барып, зорға тоқтады. “Жат, ей жат, Ақтөс!” Сыртқа ілесе шыққан мысық аяғына оратылып беймазалана мияулады. “Саған не жорық. Әлде сыңарынды іздеймісің?” Біраздан бері өз үйі өлең төсегінен безіп үйге түнеуді қойған. Есейдің оғаш жүрісіне қамығып көзіне жас алды. Ішуді бастағалы бұзылды. Сыртқа шыққан сайын құр қайтпайды, көңілдесінің ісін жұқтырып келеді бойына. Түк білмегенсіп сызданған сұсты ажарынан тоят тауып астамсыған менмендік атойлап, Күлмәштің жұқарған көңіліне қаткыл тиеді. Суық жүрісін жасырғансып, өп-өтірік жылы ұшыраса оған да шүкірлік. Сен сүйтсең, мен бүйтейін дегенді аңдатып айылын жияр емес. Бұрынғысынан бір түрлі шоктықтанып айбарлана түскендей өзі. Сабырлы салқын назары әдеттегісінен өткірленіп, ойнақылана қыдырыстап кісінің іші-тысына тінте қадалады. Бәрінен де оның құбылғыш қырпы қинайды мұны. Еркек пен әйелді махаббат табыстырады, адалдық ажырамастай етеді деп иланып құдайдай сенетін. Қайда сол киелі махаббат?! Тау жақтан мәшиненің жарығы көрінді. Жүрегі түйіртпектеліп жайы кетті де, үйге кіріп тездете

шай қойды. Араққа ауызданғалы Есейдің араны ашылып барады. Есіктен кіре: - Тамақ бар ма? - деп дауыстады. Үні зілді, көзі тұмантық. Күлмәш қос алақанымен мұрнын басып алды. Ішімдік уытынан бұрын әтір аралас жат иіс танауын жарып барады. Күйеуіне көз тоқтатқанда әлде бір әйел сұлбасы елес беріп өтті. Көзін жұма қойды да, қайта ашты. Енді әлгі күндесі Есейдің ту сыртынан сығалап, бұған балаша тілін шығарып, әжуалап тұрғандай көрінді.

- Біраз болды қасына жатпағалы, - деді Есей масаң жүзін жылытып. - Төсекті жайлап сал. Байсырап өлгелі жүрсің ғой.

Күлмәш оған жиіркене қарады. Қапелімде тұла бойын сүп-суық леп шарпып, жүрегі мұздап кетті.

- Сен қатын, ылғи жаман ырымға бастап... Ақырғы сөгіс алып... Мен кеше кім едім? Мына дөдең ауданды жүре тыңдайтын. Маған әлгі Иван Иваныш бұрынғы тракторшы келімсек қожандайды. Ол кім, мен кім? Айтшы-ей, көріпкел әулие құдайшылығынды?!

Күлмәшқа бәрі мәлім. Сметтен естіген. Саяжайда аудан-пың мықтысымен ұстасып қалғанын.

- Арқарлының атағын айдай әлемге шығарған кім? Мына дөдең! Жартылай қара топырақты өңірге бітік егін өсіріп Қазақстан бойынша рекорд жасаған кім? Мына дөдең! Еттік малдың салмағын аспандатып, Одақтың ауыспалы Қызыл Туын он рет жеңіп алған кеңшар директоры кім? Мына дөдең!

- Енді не қыл дейсің? - деді Күлмәш көңілін аулаған-сып. - Еңбек Еріне жол ашық қайда да, сары уайым сапыратын мен емес сен.

- Заманың бұзылса, оған не шара, - деді Есей сәл жуа-сып. - Петр Акимович елші боп кетіпті. Соған дәс алып Лекеров пен ауданның Иваны соңыма түсіп алды.

- Жақсы едің ғой біріншімен?

- Бәрін бүлдірген сенің ақ жүрек інің. Тауда арқар қалмады деп.

- Соған бола ма?

- Ішпейсіңдейді менімен қосылып. Тағысынтағы... Арызшылар көп дейді ауылында. Сосын шыдамай... оңашада сілкілеп алдым.

- Қол жұмсадың ба?!

- Жоқ. Керкілдесіп... Жалаң аяқ келімсектен қорқайын ба.
- Соған бола ішесің бе енді?
- Ішпегенде ше?! Өмірден түк көрмей өтейін бе? Сенің түрің мынау! Сеніскен дос Зекен анау! Арызды үстін-үстін төпеп... Төсек сал жатайық.

- Зарлық қайда қалды? - деді Күлмәш күйеуінің бір сөзіне де көңілі көншімеген пейілде. - Сабақтан қалатын болды-ау, сұранбай кетіп еді.

- Іздеген спорт жабдықтарын ауданнан таппады. Сосын Смет екеуі Алматыға кетті. Бір күн әрі, бір күн бері. Айта сал класс жетекшісіне.

Күлмәштің есі шықты. Көзі тас төбесіне шығып бағжиды да қадды: - Алда құдай-ай! Құрттың-ау?! Неге жібердің, ойбай!

- Өне бастады тағы! - деді де Есей тысқа жылыстады.

Дала азан-қазан. Ақтөс көкке тұмсығын созып “сыңсып” тұр екен.

Бұлар ештеңеден хабарсыз. Мақсаттары базарлап қайту еді. Смет аңшылыққа қажетгі құрал-жабдық іздесе, Зарлық спорт бұйымдарын қарастырды. Астана көшелерінде жастар шеруі бой көрсетіп, қалада әбігерлік белең алғанын Смет білсе де білмегенсіп серігінен жасырды. Тым сезгір жұмбақ мінезді. Зарлық түнде жайсыз ұйықтаған. Осы жүргенде ауық-ауық аспанға қарап, екі қолын төбесіне апарғыштай берген. Пойыз түнгі онда, оған дейін бірдеңе ғып уақыт өткізу керек. Бұлар аялдаған қонақ үйі дүрбелең шыққан тұсқа жақын. Айқай-сүрен құлаққа еміс-еміс жетіп, солай қарай ағылған адамдар легі толастамады.

- Мыналар қайда барады? - деп сұрайды Зарлық.

- Жиналысқа.

- Ол не жиналыс?

- Қазақстанның бастығын сайлайды.

- Иә, саған? Мен білмейтіндей, - деді оған мұрнын тыржытып. - Жүр, кеттік!

- Аяғым талды. Дем аламын, - деді Смет төсекке киімшен қисайған қалпы. - Кіндік түбім бұрап жатқаны. Ауырып қалмасам жарады.

- Қорқақсың! - деді Зарлық оған төніп барып. - Ертең

ауылға барғанда не дейміз? Тығылып қалдық дейміз бе? Ұят-ай!

Ол балконға шықты да: - Жастар алға! Ура! Ура! - деп ышқына айқайлады.

- Қойсаңшы-ей! - деп Смет зекіп еді, ол үдетіп жіберді.


- Мында біреу толғатып жатыр. Бала табады. Жедел жәрдем! Жедел жәрдем!

Екеуі қолма-қол келісімге отырды. Қарап жатқанша шет жағалатып тобырды сырт жағынан бақылайды. Зарлық аузына сақ болады. Оғаштыққа бармайды. Сметтің айтқанына көнеді. Олар ереуіл алаңына төтелей жаяу тартты. Екі жақ тіресіп тұр. Суық қару асынғандардың беті қатты. Оларға дөң айбат көрсеткен жастар құр қол. Көбісі таяқ жеп жаракат алған. Қыздарда нұсқын жоқ, шаштары дода-дода. Сметтің бір байқағаны - нағыз ашынды топ шағын. Мың әйтпесе екі мың. Олардың қатарын молықтырғандар дүрмекті әуестікпен қызықтаушылар. Белгілі ақын көтерілді мінберге. Астарлап сөйлеп ақыл айтты жастарға. Одан соң айтулы әншіге кезектиді. “Бауырларым, босқа арандап қаласындар! Көріп тұрсындар, мыналар сендерді аямайды. Жас жандарың жаншылып, сақтарың сынады босқа. Келешектеріңе кесірі тиеді. Тарандар, айналайындар!

Жастар ызалы үн тастады. “Қашанғы аяқ асты бола береміз, апай-ау?! Өз республикамызды өзіміз басқара алма-сақ, тіршілігіміз қайсы?”. Осы сарындас ызалы үндер әр тұстан көтеріліп, шеру алға лықсиды. Екі жақ кәдімгідей соқтығысты. Смет жиенін бері алып шықты. Қолынан тас қып ұстап, сүйрелей жөнелді. Тобырдан сытыла бергенде, жазалаушылар жастарға таудан төмен ағытылған суша лап берді. Қым-қуыт, ызық-қиқы шайқас. Біреуді біреу біліп болмайды. Салғаннан басым түсіп күш алған сойдауылдар бес қаруын оңды-солды сілтеп, оңтайына келгендерді шалғыша қырқып, жаусатып келеді. Қаһары жазалаушылармен қайтпай шайқасқандар тегеурінді сокқыдан жапырылып жер тезекше шашылып қалды. Ендігі нысана қашқандарға бағытталды. Сметтің құтылып кетуге мүмкіндігі бар еді, бірақ ол Зарлыққа қарайлады. Сөйткенше таншадай сұр ит арс етіп арқасына асылды. Жандәрменде иттің алқымына тиді қолы. Мытып-мытып жібергенде сұрдың тұмсығынан қан шапшыды. Тағы бір ит қос бұрымы арқасында шоршыған

қызды талап жатқан. Қолына түскен күрекпен Смет итті қаракүстан дәлдеп ұрды. Қапелімде өзі де соққының астында қалды. Бұған ұмтылған Зарлықты көзі шалып еді, оны еңгезердей солдат дойырман қақ мандайдан қақырата соғып өтті. Бала “аһ” деуге шамасы келмей сұлап түсті. Одан әрі не болғаны санасында қалмапты. Есін жиса жабық мәшиненің ішінде жатыр. Біріне-бірі сығылысып ыңырсыған тұтқындардан жөн сұрап болмайды. Олар да есірік. Зарлықты іздеп еді, жауап болмады. Ол бала сол арада қалған. Жедел жәрдем мәшинесі кеп тоқтаған қасына”, - деді біреу.

Смет үш күн қамауда жатты. Итпен шайқасқаны қырағыларға күдік тудырған. Тергеуді қатал жүргізді. Есей іздеп келмегенде, іс насырға шабатындай екен. Мұны қойшы, бітеу жарадан өлмес. Бәрінен қиыны - Зарлық. Соққыдан миы қозғалып, жүйкесіне зақым келген. Жерді-көкті жұлып шешесі келді. Ой, бауырымдап Гүлзи жетті. Сенделіп Есей жүр. Көз шарасы ұясынан қозғалып кеткен баласының есі кірерлі-шығарлы. Әкесіне тартқан сүйекті кескінді Зарлық айналма болған маркадай тыпырлай береді. Сметтің де құр сұлдері. Бәрінен оны өкініш қинады. Апасы мен жездесінің жалғызын жалмауыздың аран аузына өзі апарып салғандай көкірегі қақ айрыла уһілейді кеп. Желтоқсанның үсігі ұрып, жас өркенін мезгілсіз солдырып алған Есей мен Күлмәш Алматының көшесінде үш ай сенделді. Әуіріммен беті бері қарап, қатарға зорға қосылған Зарлық ауылға елірмен науқас жамап қайтып еді.



Данаш дүрбіні көзіне апарды да, төңіректі асықпай шолды. Иттер күрке тұрғызған жаққа шұбап барады екен. Тіміскі немелер азын-аулақ азығын арамдап кетпесе жарады. Қайда да ұры көздің сұғынан құтылмай қойды-ау. Қамаудан зэрзап болған Данаш Арқарлының адамы түгілі итінен қашады. Басқа жаққа кетер еді қаңғып. Кіндік қаны тамған мекен ыстық көрінеді де тұрады. Әкесі мен шешесінің қабір топырағына мандайын төсеп, Қосай әулиенің басына түнегені көңіліне демеу. Тірілерден көрмеген жақсылықты өлгендердің рухынан дәметкені қайбір жетіскендік. Солған тән, қиналған жанға аздап демесін. Оған қоса әу баста бас-

таған еңбегін аяқтауға құштар. Жындыхананың азапты тұтқынында жүріп те, Арқарлының шұрық-шұрық шікәтті кеудесінің сырылын мүтін жан дүниесімен түйсініп, көкірегін өксік қысады. Сонда ол Бабатаумен қиялында ұшырасып оған сырттай мұнын шағады. “Сенің құрмалдығың боп кеттім ғой. Неге үндемейсің, Арқарлы? Тау атын бар, бір ауық сілкінсеңші. Бұларға сый жүрмейді. Қорыққанын ғана сыйлайды. Көрсетсеңші кереметінді. Жындыханада сарылып өз қиялын өзі талшық еткен айлар мен жылдардың мехнаты қазір есіне түссе жүрегін сыздатады. Ауыратыны рас. Дәріні аузынан айырды ма жалп етіп құлай салады. Күтімнің жоқтығы, көңілдің пәстігі қабаттасып және жүдетеді. Дәрігерлерге қоятын кінәсі жоқ. Бостандыққа талай шығарды. Ат айналып қазығын табардың керімен үйреншікті тұрағына қайтып келетініне таң?! Мұнда ауруханаға түсуіне мың сан себеп табылады. Көшеде келе жатып құлаған. Жедел жәрдем қолды аяққа қаратпай ала жөнеледі. Енді бірде басшыға кіруге әрекет жасаған. Мықтының көмекшісімен сөзге келіп қалады да, тағы тығады апарып. Кейінгі он жылы ит қорлықпен өтіп келеді. Артынан іздеп келетін жанашыры да жоқ. Жора-жолдас жайшылықта, өзіңнен әл кетсе бірі қалмайды қасында. Амандасуға ерінеді көбісі. Бәрінен де Есейдің соңғы иттігі батты жанына. Мықтының қабылдауында отырғанда, мұны көреркөзге итерді жарға. “Кім көрінгенмен байланысып, кеңседен кеңсе қоймай жағалап, басшыларға маза бермейтін көрінесің”, - деп дәрігерлер мұны қия бастырмаған. Қатарынан бес жыл ұстады. Қашып кетеді деген сылтаумен сыртқа шығармай, таза ауа, жарық күннен далдалады. Сосын бұл далбастап уақыт өткізудің амалын қарастырды. Күндіз ұйықтайды да түнге қарай жарыққа отырып алып ойларын қағаз бетіне түсіреді. Қаузайтыны - баяғы сол жер қыртысы топырақ тану саласы. Мына қызықты қараңыз, әлі күнге топырақты танып білмейді екенбіз. Сондағы танып білгеніміз не? Топырақтан жаралып, топырақтан нәр алып, ақыр соңында жер бесікке бөленіп топыраққа айналатынымызды біле тұрып табан астындағы киелі қыртысты рәсуалаймыз. Жердің жон арқасын жалмауыздың тісімен ойдақ-сойдағын шығарып тілгілегеніміз, тауды үңгіп дала төсін арам топыраққа толтырып мың сан өскінін ұйпалап

дода-додасын шығарғанымыз құтты мекенді сыйлайтын естілікке жата ма? Мүтін адамзатты асыраушы Жерді коқыс жәшігіне айналдырып, ойымызға не келсе соны істегеніміз иіс алмас мәңгүрттігіміз емес пе?! Жаратқан иені жер бетінің құдайсыған көсемдеріне айырбастай салу жұмыр бастылар үшін сөз емес. Маркс, Ленин, Сталин - әрі қарай кете береді. Құтты мекен Жерді немен алмастырамыз? Ғарышқа иық қомдап жетіп, жығылатын бекетіміз - қатып семген ай. Біле білсек біздің бас иіп табынатын, құлдық ұратын иеміз атамекен емес пе? Құдайымыз да, жарылқаушымыз да сол. Біздерге басқа тұрақты алла тағала бұйыртпаған. Жұмыр жер де біреу, жаратқан ие де жалғыз. Данышпансыған көсемдер тақ құмарлар құдай бола алмайды. Өйткені олар он жерден тыраштанғанымен жоқтан барды жасауға қабілетсіз. Астамсыған ақала құдайсыздар жер бетіндегі барды ұқсата алмай мүтін бір елді сандаған нәсіл ұрпақты шошақтың шөлінде қалдырып кетуден тайынбайды. Тайынбайтыны - бәрі бірдей құдай болмақшы. Дана да, шала да тәңірсуге жеткізбейді. Тақа өздерін ешкім мойындамай бара жатса қаңылтырдан белгі тағып, қара халықты жылтырақ темірмен жасқайды. Екі мәрте Социалистік Еңбек Ері, Ленин орденінің төрт дүркін иегері. Пах-пах, ендігі жетпей тұрғаны - мен тірі құдаймын деу ғана!

Данаш қызды-қыздымен тым төпелеп кеткенін сезеді де, қаламына тыныс береді. Іштегі ызасын қағазға түсірген соң бойы жеңілейіп, өзін сергек сезінеді. “Ауыратын жарым есің қалай-қалай сілтейді. Нақұрыс мен емес, сендер. Сендер өмір сүріп жатқан коммунистік құрылыс. Ізгі қоғам аталатын социализмде кінәрат барын әлі-ақ мойындайсыңдар. Мен емес, қоғамдарың дертті. Дер кезінде дұрыстап емдесе, сырқатынан сауығып кетуі ғажап емес. Мен құсатып жынды атандырып, дәрі орнына у ішкізіп есеңгіретіп тастамасандар болғаны. Әй, бұл құдай қарғағандардан ол да шығады. Қайта құрыламыз деп күңкілдеп жүр. Мейлі, өз қанатын өзі жейді.” Данаш аса қызба емес-тін. Ақылы алдында, ашуы соңында. Қамау тіршілік жүйкесін жұқартып, шыдам-төзімін тауысып бітсе де, еңбегін жалғастыруға бар мүмкіндігін салды. Ол дәрігерлерге жақсы атты көрінуге тырысты. Міндетті түрде дәрі ішу керек мұндағылар. Төрт-бес түрінен. Күніге үш мезгіл. Данашқа соның біреуі-ақ қонады. Өзгесін

алады да бас жағына тыға береді. Бір күні ұсталды. “Берген дәрілерді неге ішпейсің?” Қоятын кінәлары осы. Мүтін дәрігер атаулы соңына шам алып түссін. Әсіресе, мейірбикелер. Бұған кітап оқып, қағаз шимайлауға болмайды. Жүйкесі жұқарған адамға ой еңбегі қауіпті. Сырқатын асқындырып жібереді. Енді ол ғылыми тұжырымдарын ойша өрбітіп, санасына шегелеп жаттап алды. Бір күні есебін тауып бостандыққа шыққан. Есін жиып өз-өзіне келген соң, Шортандыдағы бүкілодақтық астық шаруашылығының ғылыми-зерттеу институтына барып, ондағы егіншілік саласындағы іс-тәжірибемен танысты. Ғылым кандидаты екенін жасырып, қарапайым күзетші боп жер қорыды. Бірақ онда да тұрақтай алмады. Екінші топтағы мүгедек екендігі, жүйке сырқатымен ауыратындығы ашылып қалған. Данаş қатты бір ұстаған талмадан соң, облыс орталығындағы жындыханаға жол тартқан. Ондағылар өз мамандығына жетік қырағы екен. Ақыл-есі ауысқан жарым ес, жұмыс істеуге қабілетсіз деген анықтамамен оны өз облысындағы үйреншікті мекеніне апарып тықты. Он бес жылға созылған азапты тіршілік әлі жалғаса түсер ме еді. Бір күні мұны аурухананың бас дәрігері қабылдады. Жіңішкелеп алдына талай барғанда рахым жасамаған ол бұған жылы ұшырап ыңғай берген.

- Сен Мәскеуде оқыдың ба?

- Оқыдым.

- Татьяна Викторовнаны білемісің?

- Білгенде қандай. Ол кісі атақты дәрігер. Профессордың қызы. Әкесі дүние жүзіне белгілі ғалым.

- Естімегенбісің? Ол Парижде дүние салған. Өткен жылы.

- Қайдан естимін. - Данаş кемсеңдеді. - Не газет, не теледидарға жуытпайды.

- Ұстазың ба еді?

- Өмір жолымды белгілеп берген сол кісі.

- Белгілегендегі сиқың осы ма?

- Намысқа тимеңіз, жолдас дәрігер.

- Әне, тұра байланысады бұлар.

- Үндемейік пе? - Данаş шүңірейіп ұясына еніп кеткен көзіне жас алды. - Боса да дәрімен улап жатсындар. Неге өлтіре салмайсындар?!

- Бізді жамандап жоғары жакқа арыз жазыпсың, - деп ол

Данаштың қолына ашулы конвертті ұстатты. Бұдан былай хатты рұқсатымызбен жазатын бол.

Мәскеуге хат жіберіп еді, Татьяна Викторовнаның атына. Жауабы қысқа екен. “Таяуда Қазақстанға бармақшымын. Арнайы соғамын өзіңе. Мықты бол”. Ол уәдесінде тұрған. Мәскеуде өзі басқаратын ауруханаға жатқызып, Данашты бір жарым жыл емдеді. Жарты жыл бостандықта жүргенде ізденіп агрономия ғылымының өзі қол үзген жылдардағы озғын жаңалықтарымен танысқан. Татьяна Викторовна шет елге туристік сапарға аттанғанда, бұл ауылға тартқан. Атамекені - қайран Арқарлыны сағынған еді. Сағынғанмен құшақ жая қарсы алатын кім бар. Шайлыққан жүрек салып ұрып жетіп баруға дауаламаған. Құлан таза жазылдым дегенге сенер ме ауылдастары. Өзгелер иланса да Зіркіл-Зекен мен Арқарлының алпауыты Есей иланбас. Иттікке дауа жоқ. Жамандық уақыт талғамайды. Қашан көзің жұмылғанша қыр соңыңнан қалмайды. Данаш аяғын аңдап басқан. Екі жылғы жәрдем ақысына аудан орталығынан шағын баспана сатып алып, өз бетімен күнелтуге бел буған. Қашан жерге басы жеткенше ғылыми жұмысын тастамақшы емес. “Жер және адам” деген көлемді қиялнамасын Татьяна Викторовна алып қалған. Беделді бір журналға бастыртамын деп. Ендігі бітпей тұрғаны тың көтерудің зардаптары жөніндегі экологиялық жай-күйін зерттеп, топырақ құрылымын електен өткізу қажет. Құрғақ долбар дәйексіздікке ұрындырып, топырақ зерттеу саласындағы батыл болжамдарын жоққа шығаруы кәдік. Осы мақсатпен тау арасына келіп күрке тұрғызған. Сенгені - қорықшы Смет. Өне, жұр тау жебелеп. Ауруханада жатқанда артынан іздеп келіп төбе көрсеткен жалғыз сол.

Данаш дүрбіні көзінен алып сәл ойланды. Есейдің жүрісі анау. Сынық мүйіз құлжаны иттер қамап әлі тұр. Кеңшар орталығында дүрбелең бар тәрізді. Кеңсенің алды қара тобыр. Дүрбімен анық ажыратпаса да солай долбарлады. Бұған таң қалатын ештеңесі жоқ, не қылса да, желдетіп тұр заманың. Алып империяның шаңырағы ортасына түскелі бұрынғы Кеңестер Одағының халқынан маза кеткен. Екінің бірі патриот, екінің бірі белсенді. Тауға тырмысқан Сметке қол бұлғады. Ол түсінді де етекке түсті. Келе-ақ сайрады. Қайта құрыламыз деп жүргенде Кеңестер елінің алып кемесі

қайрандап бағытынан жаңылып тығырыққа тірелген. Кемедегілер бас амандап жан-жаққа бытыраған. Ұлы көшті бастаушы алып кемені тастай қашқан. Тозған елді топтанған азаткерлер бастап, жаңа заманға жол ашпақшы. Осы дүмпу Арқарлыға жеткен. Мал бағып, егін салғаннан басқа да жұмысы жоқ момын тобырды аяқ астынан желік буады. Қоятын талаптары совхоз болып шекеміз шылқығаны шамалы, жеке шаруа қожалықтарын құрамыз. Оған Арқарлының алпауыты Есей Досаев бастаған ескішілдер илікпейді. Кеңшардың жартылай асыл тұқымды мал өсіретін шаруашылық екенін көлденең тартып, сөз бұйдаға салумен жүр. Бұған тағы бір қырсық қосарласқан. Отыз тоғыз ұлттың өкілі тоқайласқан тыңгерлердің кіші отаны - “Арқарлы” кеңшарына тәуелсіздік жаңғырығы жетпеген. Бұрынғы тәртіптің қалауы бұзылмапты. Көше атаулары мен ескі ұрандар жаңармаған. Осындай етек бастылық түрлі қоғамдар мен қозғалыс өкілдерін ширықтырып көшеге шығуға мәжбүр еткен.

- Есей жолдас жоғары жаққа шағынбады ма? Тау кезіп жүргені қалай? - деді Данаş қасақана.

- Кешегі жиында ауылдастары Есейдің ит терісін басына қаптады. Кеңшарды отыз жылдан аса басқарғанда жіберген қателіктерін, жасаған озбырлықтарын бетіне басты.

- Жақтастары қайда қалған? Қорғамады ма?

- Зекен бастаған жаңашылдар жерді де, елді де тоздырғанын әшкерелеп, қаулы алды жалпы жиында.

- Өзің не, аразбысың? Болыспадың ба?

- Оған сол керек, - деді ол кеңшар орталығын дүрбімен шолып. - Кеңсенің алдындағы тыңгерлер ескерткішін құлатқалы жатыр.

- Далбаса, - деді Данаş торыққан кескінде, - Қойынға кіргізіп алғансын керегі не? Атамекеннің халі нешік, соны айтып берші.

- Көріп тұрсың ғой, жыртылмаған жер қалмағанын. Егін тұрмақ шөп те жөндеп шықпайды арқарлы өңіріне.

- Тауың аман ба?

- Тас кімге дәркер.

- Арқарлар ше?

- Арқар ма? Отызға жеткізе алмай сорым қайнап... Әр жерден басын құрап...

- Дені таза ма, соған келейікші.

- Қайдан?! Уланған шөп жеп, заһар ішкен байғұстардың баяғы бағландығы түсіне де кірмейді.

- Тендік алдық қой, бірте-бірте оңалар. Тұқымы азбаса болғаны.

- Ендігі уайым сол. - Смет сөз астарын қалындата түсті.

- Мәрәнеспен будандастыруға жанын салған, оған тау еркелері көндікпеді.

- Теріскейдің қамауынан шықты ғайыптан. Түсі ұқсас түстіктегілер қайтер екен осы?! Оларға қарсы тұрып айбар көрсетерлік шамасы бар ма ата құлжаның?

- Гәп сонда, - деді Смет қатуланып. - Нар тәуекел, санын отызға жеткізіп алайық алдымен.

- Сенің ермегің бар, мен қайтпекпін? - деді Данаş то-рыққан кескінде. - Қызғыштай қорғағаным атамекеннің бір уыс топырағы еді. Бетінен соры шығып күл беттеніп жатысы мынау.

- Барымен базар, жылымызды жұтқа санамайық, Дәке.

- Жақсы, оныа келістім. Енді мені қумайсыңдар ма?

- Қуылатын сіз емес, басқалар. Жүр, әне, сенделіп, не қатын, не бала, не атақ жоқ. Бәрінен жүрдай.

- Омырауындағы жылтырағы ше?

- Бар ғұмырын соған арнады ғой, сарайып сопа басы қалды. Зірікіл-Зекен құрлы болмады.

- Оның асығы түгел шығар?

- Үнем созар қу емес пе. Әміршіл заманның бүлкілбайы қайта құрудың қайраткері болды да шықты. Үй толы дүние, қора толған мал. Балалары шегінен көмерсанта. Кәсіпкер. Кезінде өле ішіп еді арақты. Діндар сопы қазір. Бәрінен бос қалған. Есей пақыр. Бір кездері Зірікіл-Зекен атанған сіздің жездеңіз, енді нағыз отаншыл. Елім, жерім дегенде жүрегі аяғының басына түсе жаздайды. Ескерткішті қыл бұраумен қылғындырып жатқан да сол.

Данаş дағдарды. Заманына қарай адамы. Ендігі көштің бастаушысы Зекендер болғаныма?! Қарақан басының қамынан артылмайтын қысқа бақай тыраштарға желік біткені жақсы емес-ау. Құрғақ ұранмен жұртты тұйыққа тіреп, қызыл қырғынға ұшыратып жүрмесе?! “Қойдан да жуас момын халқым-ай, бастаушыға қашан жарыр екенсің?! Ғайыптан қолыңа қонған бостандық құсын ұшырып алмасаң жарады-ау?”.

- Ірге қосып бірігетін кезіміз енді келді. Қосыңызды

біздің үйдің қасына тігіңіз, - деді Смет оның ойын бөліп.

- Менің қос тіккен немді алған?! - деді Данаш сәтте жұқарып, - Халқымның түтіні түзу шықса болғаны...

- Қазан аузы жоғары, үмітіңізді үзбеңіз, Дәке. Тәуелсіздік таңы атты. Тәуекел етіңіз. Ендігі жерде сары уайымға жол жоқ.

Данаш құптап басын изеді.

Тасқа арқасын беріп арқар жусанды жамбастай қисайған. Көзі ілініпті. Көрген түсінің быжықы-тыжықы әсерінен айыға алмай есеңгіреген ол айналасына үрке қарады. Күлмәш тұрғандай ма қарсы алдында. Біресе алыстайды, біресе жақындайды әлгі сұлба.

Есей түршікті. Көрген түс пе, болмаса елес пе?! “Иә, түс көріп жатырмын” деп жұбатты ол өзін.

- Күлмәш-ау, айтқаныңның бәрі келді. Заман бұзылды. Тексіздерге желік бітті. Желіккен демократтар коммунистік партияның түбіне жетіп тынды ақырында. Халықшылдар ықты-жарды тыңдайтын түрі жоқ. Есіл байлық кім көрінгеннің қолында кетті. Аға ұрпақтың қанымен орнаған социализмнен жалтарып, капитализмге бастады көшті.

- Дұрыс-ақ! Көштері көлікті болсын. Өзің не, аман жүрмісің?

- Әй, бүйткен амандығы бар болсын! Бітірді саудамды.

- Алтын жұлдызың омырауыңда, енді саған одан артық нендей абырой керек?

- Ме-ме-мені әруақ атты. Сенің киенң ұрды, Күлмәш!

- Қой, боркеміктенбе! Қара жан-жағыңа. Еркек басыңмен жаралы арқардай үңгірге тығылған деген не сұмдық?!

- Енді қайтпекпін?! Атағы одақтан асқан есіл Арқарлының шаңырағы ортасына түссе, отыз тоғыз ұлттың өкілі үй ішінен үй тігіп бөлек қос боп тарап жатса, не қайраным бар?!

- Үйлесінді алып, қосыңды тіксең етті ауыл шетіне.

- Алтын ордаға иелік еткен менің қара қосқа қамалғаным, естір құлақтан ұят емес пе?!

- Заманың солай икемдесе, амалың қайсы? Көнесің.

- Жоқ, көнбеймін! Азуы алты қарыс ұлы империяның, Кеңестер Одағының ада-күде ыдырауы мүмкін емес?! Мына бетінде қымбатшылықтың құрдымына батып, азып-тозып

кетпей ме мүтін ел. Көптің шығыны білінбейді. Аз халық сорлайды мұндайда.

- Сары уайымға салына берме. Аз халыққа жаның ашыса - тығырықтан шығар жолды іздес. Жұртпен бірге бол. Артыңа алаңдама. Одан да өлмес күндерінді ойла. Өз басыңды арашалап ал. Өмір сүруден жалықсаң қасыма кел. Бірге жатайық. Адамды азап пен меңдеткен өлім ғана құтқарады.

Өң мен түстің аралығында есеңгіреп өзі мен өзі сөйлескен Есей өлім туралы ойлаған сәтте есін шұғыл жиып, Күлмәш боп арбаған елеске сес көрсетті: “О, дүниенің қызығын саған бердім. Бір күн де болса жарық дүние қымбат маған. Зекен құрлы жоқпын ба? Бірдеңе қып күнелтермін”.

Арқар жусанның қышқылтым жұпарына елтіп, жүйкесі сәл жайлаңған ол тағы да запыран ойға берілді. Ендігі кісілік Зекендерде қалғаны ма?! Оны қойшы, қамшы кесті ақ қапталға бәйгеден келу қайда. Соның әне бір күшігі... Аты кім еді? Шақшадай басты шарадай қылған сұм заман-ай, болмашы миды жеп бітті-ау! Жаман иттің атын Бөрібасар қояды деп... Демесін, жоқ Демеу, иә-иә Демесін. Сол бөк мұрынға жөргем оралғансын, амалың қайсы?! Со неме бала кезінен әкесі тәрізді пайдакүнем еді-ау осы. Бір жолы оның ұрлығының үстінен түскені бар-тын. Тықырдан дыбыс аулаған саққұлақ, қыбыр еткенді құтқармайтын көргіш директор ауылда не болып жатқанын кеңседе отырып-ақ арқасымен сезінуші еді. Бейсеует біреулердің мезгілсіз жүрісін байқаса, қалайда ізіне түсіп, індетуге жаны құмар. Сондағысы кім үшін? Мемлекеттің қалтасына суық қолды сұқтырмаудың амалы емес пе. Сұраусыз әкеткен жалқы шегені түбейлеп орнына қайта қойдырмаса, ішкен асы бойына сіңбейтін қашанғы әдеті еді-ау. Төлеусіз босқа кеткен есіл еңбегі-ай! Дүниеқор үлкендер түгілі баланың басқан-тұрғанынан сезік аңдып, қыл аяғы сынық кірпішті де шашау шығармайтын. Бір жолы мұның қырағы көзіне қазіргі қалталы мырза Демесін іліккен. Оқу жасындағы ойын баласы ұзын тақтайды сүйреп барады екен.

- Әй, мынаны қайдан алдың?
- Мәшинеден түсіп қапты.
- Кімнің?
- Прораптың.
- Бар, құрылыс алаңына апарып таста!

- Тапқан тапқандікі. Алармаймын.
- Қара мұны! Мұғаліміңе айтып мектептен шығартпасам ба осыдан! - Демесін сонда да ығыспады:
- Әкем алып кел деген. Апармасам ұрсады.
- Кімнің баласысың?
- Зекеннің.

Директор бұрылып жүре берген. “Қасқырдың бөлтірігінен аумайды. Ұстаған жерінен қарысып айрылмауын қарашы”. Аузына құдай салған ба, бөлтірік Демесін бүгінде нағыз көкжал. Қалталы бизнесмен. Әкесі елден бұрын тіленіп ша-руа қожалығына шыққан, оның да асығы алшысынан түсіп тұр. Бір қыстауды місе тұтпай екі-үш қыстақты сатып алмақшы. Жұртты үгіттеп жеке-жеке кетіндер деп, ақырында сүттей ұйыған Арқарлыны бүлдірді. Қызметті қойшы, бәрінен де мұны жалғыздық қинайды. Зарлықты есіне алуы мұң екен, көкірегін өксік қысып көзінен жас тамшылары үзілді. Астанадағы желтоқсан оқиғасының салдарынан ба-сына соққы тиіп, айықпас науқасқа шалдыққан байғұс бала бір жылға жетер-жетпесте қыршынынан қиылды. Шошы-малды науқас Зарлықты ұйқыдан айырды. Сәл көзі іліксе булығып оянады да, шыңғырып далаға қашады. Көктемгі тасқында суға кетіп, сүйегі зорға табылған. Араға бір жыл салып Гүлзи жұмды көзін. Оны да жалғыз бауырының қай-ғысы әкетті. Дегенмен еркек аты бар, Есей егіздетіп келген қазаны шакқа көтерді. Күлмәшқа төтеп беру қиынға соқ-қан. Сары аурудай мендеген қайғы жегідей үнгіп, құр сүйегін қалдырды да, көрге итере салды. Санадан сарғайып қасірет уына тұншыққан ана өлерінен екі ай бұрын сөзден тыйылды. Тек үзілетін күні күйеуіне: “Мені Қосай әулиенің қасына қой”, - деп өсиет етті. Бірақ ол жарының соңғы тілегін аяқсыз қалдырып, марқұмды ауыл шетіндегі қоры-мға жерлеген. Қашаннан әккі Есейдің жоғарғы жақтағылар-дан сөз естіп қалармын деген сақтығы - Күлмәштің то-пырағын баска жерден бұйыртқан.

Қысас ыза қамшылағаннан ба, шыңға біраз тырмысып орта деңгейге жетіп жығылған. Арқар жусан тынысын ашып, көкірегіне қуат дарытқан сықылды. Бұлыңғыр аспан түске қарай қаймақ беттеніп, күзем шағырмағына жонын тосқан даланы бұлаңыта желпиді шолақ сағым. Бабатаудың апай төсіне шашыраған күміс шуақтан дәс алған құзар жылуар-

си қалыпты. Тек мұның қабағы жабыңқы, мұның қайғысы қалың. Тау екеш тау да ілгеріге үмітін оздырған данағой шалдай жіпселеңдегенде, мұның көңілінің тоңына жылу дарымайтыны қалай? Күздің болмашы шуағына жылынбай-ақ қойсын. Оңынан шығып ескектеген дәуірдің жылы желін, тәуелсіздік шуағын неге сезінбейді? Жарайды сезінсін-ақ, сонда қысқа күнде қырық құбылған тұрлаусыз заман бұған нендей жақсылық жасамақшы?! Атақ-абыройын, жер жастанған балаларын, зая кеткен адал еңбегінің төлемін үш еселеп қайтара ма?

Қайшыласқан кереғар ойына тойтарыс беруге жүрегі дауаламады. Тағы да төңіректі шолды. Кенет құлағына өршелене арсылдаған үн жетті. Елендеп дыбыс аулаған. “Бұ не гәп?! Итке шейін құтырып барады. Етектен алған шәуілдектерге не дауа? Ықты-жарды тындамайды. Шетінен өлермен”.

Есей кеңшар орталығына көз жіберді. Өректі тобырдың қарама ортаймапты. Сірә, бір шешімге келе алмай қызыл кеңірдек боп жатыр-ау. Не қыпты, даурықпаларға қарсы шығатындар табылар. Алаңсыз жұмысын істеп, табан ақы мандай термен үнемін айырып, барға қанағат еткен момын жұртты қызыл сөзбен еліктіріп, өткенге топырақ шаштырып қойғаны мынау. Жансыз мүсінге тепсінгені қайбір жақсылық, Кеше ғана емес пе еді, сол тас құдайларғ құлдық ұрып бас игендері, тыраштанып гүл қойып әлекке түскендері. Аяқ астынан бәрі бірдей азаткер, шетінен халықшыл. Табынғандары Ленин еді. Енді келіп, құдайға құлдық ұрады. Имандылықтан жұрдай, дінсіз шоқыншықтарға алла тағала оң көзімен қарай қойса жақсы-ау. Сірә, осы жанталас берекесіздікті адамдар пиғылынан таппаса не қылсын?!

Есей аздап сабасына түскенімен, қысастық жеңген көңілін қыжыл кернеп, шарасыз торықты. Сол ескерткіштер үйлесімін мүсіндеткені үшін бір мықтыдан алғыс, бір мықтыдан қарғыс алғанын біреу біліп, біреу білмес. Одақтық басылымдар мұны аспанға көтеріп, түбін түсіре мақтағанда, Қазақстан басшылығы үнсіз қалған-ды. Себебін Есей кейін білді. Тың көшін бастаған Қазақстанның шонжары ұмыт қалған. Ұлы көсем, одан кейінгі кіші көсем, одан соңғы қайраткер бір-біріне иық түйістіре қазақ даласына паң

кейіппен көз жібереді. Олардың арасында Қазақстанның бірегей мықтысы неге жоқ? Осы білместігі үшін Есей жазасын алған. Еңбек Ерінің екінші алтын жұлдызын ала алмай қалды. Оның есесіне Одақтық парламентке депутат боп сайланып, бес жыл дәуірледі. Енді сол тыңгерлер мүсінін акала азаткерлер құлатқалы жатыр.

Есей жайсызданды. Кеудесі қысып жайы кетті де, жүрек тұсын сипалады. Сәл тынысы кеңігенде барып, “Алтын жұлдызын” іздеді. Тауға тырмысқанда жолда түсіріп алды ма, әлде медаль таққан кәстөмін кием деп кимей үйде қалдырды ма, соны анық біле алмай дағдарды. Сонау аңғардың алқымында иттер әлде бір қараны қамалап тұр екен. Нендей аң екеніне көзі жетпеді. Зекеннің төрт көз қара төбетін үрісінен танып: - Үріп қал иең екеуің! - деп күңірене торықты.

* * *

Кеңсе бұрынғыдай айбынды көрінбейді. Иен далада иесіз қалған үйдей көзге оғаштау шалынады. Маңайын көмкерген ағаш сирексіп мезгілсіз қурап кеткен. Алдындағы сейіл алаң көшкен елдің жұртындай қу тақыр. Темір шарбақтардың бояуы оңып, бейіттің қоршауындай нұсқыны кеткен. Ескерткіштер шоғыры ғана сұсты. Көсемдердің тас мүсіні әлі де осы өңірге паңсына қарайтындай. Тым асқақ. Данышпанның болашақты меңзеген қолы, жүрекке ұялап қалған сүйкімді кескіні бөз қалпында. Ленин тұғырынан төмендеу мүсінделген бас хатшы (бүгінде жер қойнында, сәл шаршаңқы тоғышар дидарымен адамдарды сабыр-төзімге шақырып тұрған тәрізді. Қос әміршіге төменшіктеп ізет көрсеткен екеудің бірі орыс, бірі қазақ. Қас-қабақтарына жасанды қуаныш ұялап, монтенси жымияды. Тың көшін бастаушы шаруашылық басшыларының жиынтық бейнесі болуы керек. Олардан сәл кейіндеу төрт ұлттың өкілі бидай дестесін қаумалай көтеріп бас хатшыға ұсына тәжім етеді. Қазақ диқаншысы ортада, оң қолы кеудесінде. Дөкейге табынғанда алдына жан салмайтын халықтың өкілін бар болмысымен жарқырата көрсетудің бұдан артық озық үлгісі сірә да жоқ. Нағыз хас шеберлік деп осыны айтса рәуа. Мүсіншіге бұл еңбегі үшін мемлекеттік сыйлық тегін берілмеген.

Осы қазірде ескерткіштердің маңайы толған адам. Аста-

надан, көршілес облыс пен аудандардан, іргелес ауылдардан келген үлкен-кіші бірқыдыру. Арнайы келгендермен қатар әуестікпен қызықтаушылар да жетерлік. “Арқарлы” кеңшарының еңкейген көрісінен бастап еңбектеген баласына шейін қоршауды жиектей үрпиісіп тұр. Жиынды ұйымдастырушылар ескерткіштің басқышты тұғырына көтерілді. Сөйткенше жер төсін тітіренте піл сауыр жылан бауыр жетті. Артында шұбалған білектей темір арқан жыланша шиыршық атып, тулап-тулап басылды.

- Уа, халайық, бүгін біз маңызды жағдайдың куәгері болғалы тұрмыз, - деп бастады шерушілер тобының жетекшісі. - Үш жүздің басы қосылған киелі мекен Бабатаудың түбіне жетіп, түбіртегіне дейін түбейлеп тұлдырлаған, қазақ даласының құнарлы қыртысын қидалап, май топырағын аспанға ұшырған, төрт түлік шиендеген кең жайлауды талпақ танаудың ойнағына айналдырған, қоғалы көлдер мен қопалы айрықты келімсектердің табанына таптатқан, ата-бабамыздың қара қонысын о дүниелік тұрағын соқа түренімен тып-типыл қылған құныкерлердің тас мүсінін тұғырынан тайдырмақпыз. Келешек жас ұрпақтың санасын коммунистік идеологияның бір сарынды қасақ қағидаларынан арылтып, ежелгі халықтық тәлім-тәрбиенің қайнарын, діни наным мен дәстүрінің бітелген көзін ашу үшін аяққа оралғы қазармалық социализмнің жылымшы жылан күйісті саясатын батыл серпіп тастамай, демократия жолында нық адыммен ілгері басуымыз екі талай. Көткеншектер мен көлеңкесінен қорқатын саясаткерлердің табансыз бұлта-лағына алданып, шөре-шөреде жүргенде қолымызға қонған тәуелсіздік құсын келместей қып үркітіп алуымыз кәдік. Сондықтан сіздерді мен батылдыққа шақырамын. Тас құдайларға табына-табына табанынан таусылып, діңкеледі қара халық.

- Кәмөнестік партияның қарт солдататымын, - деп өрбітті сөзін ауыл ақсақалы. - Жүріп-жүріп кеп енді қартайғанда Ленинге қол көтеруім - өзіме өзім қастандық жасағанмен бірдей мен үшін. Кешебіз қараңғылық тұманында адасқан, ішсе тамаққа, кесе киімге жарымаған сахарада босып жүрген көшпелі халық едік. Кеңес өкіметінің, Ленин партиясының көреген саясатының арқасында көсегеміз көгерді...

Осы кезде көпшіліктің арасынан сүйекті қапсағай қара

шал жұлқынып шығып, сұқ саусағын мінберде сөйлеп тұрған табанды Лениншілге кезеді: - Доғар бос мылжынды! - деді бүркітше саңқ етіп. - Партия сені атқа мінгітсе, мені жазықсыздан жазықсыз түрмеге тықты. Деген ғұмырымның он жылын ләгір жалмады. Сенімсіз сілімтікке мал бақтырмаймыз деген кім екен? Отыз екінің нәубетінде көмусіз қалғандардың сүйегін топыраққа жасырғанымды көріп алып, соңыма қырағыларды салған тағы сен едің ғой! Бүркіт баптап, құс салғанымды әшкерелеп, қара есекке теріс мінгізгеніңді ұмыттың ба, ақ жүрегім?! Күні кеше Қосай әулиенің басын қарайтуға көмек бергенімді ілік қып, баламның бағын байлап, қызметінен төмендеткен тағы сенің түртпегің емес пе?! Жансыз тасқа табынғанша, құдайдың бірлігін, пайғамбардың хақтығын мойындасаң етті. Пәртия-пәртия деп көкисің. Сол сенің “сүйіктің” емес пе бізді нарықтың аран аузына итере салған. Ағайын, тас құдайлардан арылмай, қырсықтан құтылмаймыз. Жойыңдар көзің!

- Мен байырғы тыңгермін, - деді сөз алған тракторшы Иван. - Тыңға жорық басталғанына таяуда қырық жыл толады. Тың көтеру кеңестер елінің халқы үшін ұлы ерлік болды. Тыңның арқасында ақ нан ауыздарыңнан қалды. Еңселі үйге кірдіңдер. Еңбек Ері атандындар. Тың жорығып бастаған партияның қарт солдаттарына мың алғыс! Жаңа осында ауылымыздың беделді ақсақалы, еңбек ардагері дұрыс айтты. Ленинге қол көтеруге болмайды. Бұл ескерткіш - халықтар достығының символы.

- Ашу - арындайды, ақыл - аяндайды, - деп салмақтана бастады сөзін байырғы партия шонжары Бек Лекерұлы. - Өздеріңіз жақсы білесіздер. Республика көлемінде үлкенді-кішілі қызмет атқардым. Сексен алтының дүрбелеңінде біріншіге жақпай қалып, облыс басшылығынан аласталдым. Жазығым, бой көтерген жастарды қанатымның астына алып қорғағаным. Тыңға жаппай аттаныс өрістегенде Мәскеу қожайындарына қарсы шыққан санаулы адамдардың бірімін. Қазақстанды бөлшектеуге, тың даланы бей-берекет жыртуға паразылық білдірдім. Нәтижесінде Алматыдан қуылдым. Біз кеше партия мен халық бір деп келдік. Партия ешуақытта қара халықпен ақылдасқан емес. Соның салдары алып елдің ыдырауына әкеп соқты. Бір киер ғана киім бар, кәссінде мықтаса бір мәшинелік қана ақшасы бар қара то-

бырды нарық қыспағына қуалап тыққан да солар. Бабатау - алты алаштың бас қосып, ту тіккен киелі ордасы. Киелі орданы қаптаған өлі ескерткіштерден тазаламай тәуелсіздігімізді терең сезіне алмаймыз. Өлі бәрі қайтып өз орнына келеді деп есек дәмелі боп жүргендердің үмітін тірілкеннен басқа тас құдайлардың түкке де қажеті жоқ.

Мінберге астанадан келген жазушы көтерілді. Таусыла сөйлейтін әдетімен ойын шашыратпай нығыз өрбітті.

- Мұртты көсемнің қол шоқпары Голощекин сатқын қазақ елінде "кіші октябрь" жорығын бастағанда, халықтың мұң-зарымен санасты ма? Қазақ даласын сотталғандардың жатағына айналдырғанда - халықпен ақылдасты ма? Ұлан байтақ Сарыарқаға білгенін істеп, айқыш-ұйқыш жыртқанда, тозаңын аспанға шығарып, құнарлы қыртысын желге ұшырғанда, пікірімізге құлақ асты ма? Ғасыр тажалы сынақ алаңын көк желкемізге төндіргенде, жұртпен есептесті ме? Күні кеше ғана өрімдей жастарымызды итке талатып, гүрзінің астына алып, қанаттарынан қайырғанда, бізден айылын жиды ма? Ендеше, тау арасындағы ербиген тас сүлдені алып тастау үшін тағы да солармен ақылдасып қол қусыруымыз керек пе?! Дәл осы орынға аштықтан қырылған екі жарым миллион қазақтың рухына арнап Арқарлымен тілдесердей алып ескерткіш орнатуды ұсынамын.

- Халайық, ескерткішке анықтап қараңыздаршы, - деді ортаға шыққан ауыл ағасы Зекен мырза. - Көсемге ентелеген екеуді кім деп білесіздер?

- Өзіміздің Есей Досаев мырза! - деп жамырасты көпшілік.

- Есеймен қолтықтасқан мықты кім болар екен? - деді келген қонақтардың біреуі.

- Баяғы партия шонжары Волков ше, - деп жалғастырды сөзін Зекен. - Есейдің досы, құдайдай жебеген қолдаушысы. Арқарлыны шегірткеше жайлап білгенін істеген әкімшіл, әміршіл заманның қос серкесі. Көпшілік құдай емес, құдайдан былай емес. Салындар мойнына қыл дұзақты! Арқарлының арқарына шейін тып-типыл қылып, мәйекті өлкені тері сүйреткендей қу тақырға айналдырған құныкерлерді тіршілігінде тұрмақ, көрінде де тыныш жатқызбаймыз!

Жиналғандар кеу-кеулеп кетті. Наразылық сөз шығып жатты.

- Баяғыда қайда қалған?!

- Жандайшаптанып осының өзі жүрмеді ме?!
- Жүргенде қандай!
- Өз атын өзі шақырған көкек десейші!

Кенет күтпеген жағдай болды. Шеткері тұрған Демесін көтерілді мінберге. Сөл жымыып жүзін жылытты да, орнықты қоңыр үнмен сөз бастады:

- Егер қисаңыздар, мен осы ескерткішті сатып алғалы тұрмын. Не мақсатқа жаратамын - ол өз еркімде. Кәне, бағасын айтыңыздар?

- Жүз миллион.
- Бопты.
- Жоқ, ол аз.
- Жүз елу миллион.
- Екі жүз.
- Ол да аз.
- Ендеше үш жүз.
- Бердік үш жүз миллионға!

- Осы қаржыға ауылдың кәсіпкер жігіттері мал өнімдерін өндейтін, ұқсататын шағын кәсіпорын ашсын. Жабдық сатып алсын,- деді де, Демесін қалтасынан чек алып жиынды ұйымдастырушыға ұсынды. - Аға, құрған ұранды азайтыңыз. Іске кірісіңіздер.

Жиын бейбіт тарқады. Өртті қызықтағандай өректіген көпшіліктің ықыласы сәтте Демесінге ауды. Үйді-үйіне бет алғандар ашық үнмен самбырласады:

- Әй, мынауың ерледі!

- Ерлеп... жау түсірді ме? Әншейін мақтан құмар, қағаз ақшаны аясын ба?!

- Сен не білдің? Тұтанғалы тұрған өртті басты ғой.
- Е, біреу солай ет деп нұсқаған да.
- Жоқ, өз шешімі. Бұл жігіт жұрттың аузында қазір.
- Есімі жақсы екен өзінің, - деп оны біреу қоштады. - Ендігі демеуді түбінде Демесіндерден көретін шығармыз.
- Өзі де солай. Басқа үміт жоқ...

Арада екі-үш сағат өткенде ескерткіштер шоғыры көк жамылғымен бүркеліп қалған-ды.

* * *

Есей дағдарды. Алтын жұлдызын жоғалтып алмаса не қылсын?! Күлмәш марқұмның сандырағы расқа шығып санын соғып қалмаса?! Әлде үйде қалдырып... Медаль тағатын кәстөмін ажырата алмай басы қатты. Сұмдық-ай! Сон-

да мұның пешенесіне бұйырған не өзі? Иығына ілген бір киерін танымаған бұдан не үміт, не қайыр?! Ақыл-есі бүтін жан ең алдымен етіне жақын киімін, үстіне жамылған көрпесін, басындағы панасын, қорасындағы малын, қыл аяғы қолына ұстаған қамшысына шейін иелене білуі керек емес пе. Тәніне жылу, жанына қызу дарытатын нәрсе - қарасын тосырқап, бөктеріншектен шошыған үркек атша оскырынғаны қай бір оңғандық дейсің.

Есей ауыр күрсінді. Бұған тиесілі түк қалмағаны ма, сонда? Уайымын бөле жара арқаламаса да, көңілін аулай салса қайтетін еді. Қайда әлгі қаптаған жарамсақтар? Арқарлының ыстығына күйіп, суығына тоңған, өкіметтің қызыл - аяқ, ақ күмісін қызғыштай қорып бір малын екеу еткен, жұмыс-жұмыс деп жүйкесін тоздырған есіл еңбегі текке кеткені-ау! Қорасында мыңғырған малы, сандығында басып тастаған ақшасы да жоқ. Мұның сөзі енді кімге өтеді? Құзыры кімдерге жүреді? Жақсыдан қасиет қашын, дүние-қорға желік біткен, адалдың арғымағын арқан шалып, арамдардың жабысы бәйгеден келген, не ол емес, не бұл емес, ешкі көзденіп, елірген есер шақта кімді кім тыңдасын. Ақылың зая, айқайың далаға кетіп жігерінді құм еткен, білімдіні тұқыртып біліксізді бай қылған, тексіз мұндарды төбеңе шығарған, бәтуа-бірліктен де дүрлігісуге бейім берекесіз заманда жайынды түсініп, мұң-зарыңа құлақ асар жанашыр табыла қойса, оған да шүкір дерсің. Іштегі назналанды сыртқа шығарып, баз-базда сәл жеңілейсең ғой. Жеңілейгенді айтасың, иығына батпандата жүк артып, тірліктен күдерінді үздіріп, болмашы үмітіңді кесіп тастаса қайтпексің? Тығырықтан шығатын соқпақ - сорапты бірлесе іздеудің орнына ескі сүрлеуге қарай қиыстаған сыңар езулер құртады діңкенді. Бәрінен жаңашыл әпер бақандар қауіпті. Есейді еңіске қуалап есін тандырған солар. Енді бұған ес жиып жұрт қатарына қосылу екі талай. Жақсы ит өлімтігін көрсетпес деген. Құлғана - мерезден аман. Ата қонысы Арқарлы өле қалса суынған тәнін жатырқамай қабылдайтын шығар. Жарты ғұмырын Бабатаудың атағын айдай әлемге жаюға сарп еткені бір аллаға аян. Алып тасбақаға ұксаған шағына көз жіберді. Қызыл күрең жақпар сәтте қан түстеніп, алаулап жанып баражатты. “Астапыралла, тас та жанады екен-ау! - Ендігі сәтте түйе өркеш шың

құтырылған бураның кейпіне еніп, бұған айбат шақыра түксиген тәрізденді. - “Құдай-ау, қайда барып паналадым, тау екеш тау да маған тепсінеді?!” Жұқарған көңіліне демеу түк қалмағаны-ау. Ендеше несіне әуреленеді. Адамдардан күтпеген демесінді таудан сұрағаны несі? Суық қабақ жылан жон тастан нендей жылылық алады? Қызуы пәсең жүректі одан әрмен салқындатып жібермей ме. Күдігі қисынсыз емес-тін. Кінәнің бір ұшығы өзінде. Желтоқсан оқиғасынан кейін Есей-Есағаң бас амандаудың амалын қарастырған-ды. Республиканың бұрынғы басшысына бар кінәні үйіп-төгу сарыны етек алып, Қазақстан саяжайға айналып кеткен деген дақпырт өршіген. Сауысқандай сақ Есей шағын демалыс орнын бір-ақ түнде тып-типыл қылды. Көктемгі тасқында тоспаны ағытты да жіберді. Айна көз көлшік лак етіп төменге құлдилады. Екпінімен үйдей-үйдей тасты домалатқан тасқын жолындағы саяжайды екі бүктеп бір асап, жұтып қойды. Тосын шығынды табиғат апатына жатқызды да, Есей шеттен шыға берді. Содан бері Арқарлының бауыры жым-жырт. Арқар етіне тісі қышығандар жіңішкелеп келіп, ізін суытпай кетіп жатады. Қоржындары бос кетпейді. Оған күмәнданбаңыз. Күмәніміз Арқарлының алпауытында десеңіз келісеміз.

Есей жалтыр тасқа ұяң шуағын төгілдірген күн кірпігінен де қаймықты. Арқарлыдан боса-болмаса. Бәрінен қиыны үнсіз мылқау табиғатпен тіл табыса алмағаны екен. Қыры сынып қызықтан шеттегені, бағы қайтып базарын тонатқаны аздай-ақ, тау екеш тау да бұған қырыс қабақ таныта ма. Ау, сонда ерге құнды, нарға бұлды жалғыз өзі ғана ма?! Саяжай тұрғызса қызығын басқалар көрді. Үзіп-жұлып татқан тәтті-дәмдіден тандайында қалғаны бар ма? Асығыс-үсігіс, шала-шарпы қаузаған ләззаттан не барқадар тапқандайсың. Өзіне өзің қарауыл қойып, екі шоқып бір қараған, тобық жұтқандай қылғынып, жылап ішіп, жиіркеніп құсқан тіленші тоқтықтан бүйірі шықса ендігі семіздіктен жарылып кетпей ме? Тәнді қойшы, жаны семірген жағасы жайлау күндерін атап берсінші. Кісі қайғысыз ішкен қара суға да семіреді. Ал бұның уайымнан сау жүрген алаңсыз ашына жай сәттері тым өткінші-тін. Басыңа тартсаң аяғыңа, аяғыңа ыңғайласаң басыңа жетпейтін кедей қолды шапандай ит әуреге салған бақ пен мансап сайқал әйелдің құбыл-

ғыш көңіліндей бір қалыпта тұрмай діңкелетсе қайтпексің. Діңкелеткені аздай-ақ, қолыңнан бір шықса ұстатпайтын шылбыр қашағандай, жетсең алға салып титықтатып, жықса қарсы қояр қайраның бар ма? Еріксіз далбасалап мықтыға жағынасың, дөкейге табынасың. Солардың көңілін табудың не түрлі амалын қарастырып түлкі бұлаң айлаға салып қой терісін жамылған қасқырдың кейпіне түсесің. Ішінде ырылдап қыңсылаған “иттерінді” бұқтырып, жантақай момақанның өзі боласың да шығасың. Жантақай жағымпаздықтан киген шапаны бойына қона қалса оған да шүкірлік. Үйлеспейді-ау, мүлдем, үйлеспейді!

Ойлап қараса, Есей атаның күші мен ананың сүтінен жұққан кісілік қалпын таныта алмапты. Жастықтың екпінімен дүмділерге көндікпей, асаудай қиықтанып одыраңдаған, кеуделеген кездері болды. Бірақ онысынан не шықты. Мырза қамауға салып өрісін тарылтты да қойды. Заманына қарай адамы, адамына қарай амалы. Амалдап тығырықтан шығар жол таппасаң, қамау тері алынбаған жүйріктей шаң қауып жолда қаласың. Есейдің жолда қалғысы келмеген. Өйткені бұл қара жарыстан гөрі аламан бәйгіден дәмелітін. Сол үшін бағын сынап көрген. Бірақ неше бүгін жер танабын суырған қанатты пырақ болғанымен, қарақшыға жақындағанда тартушың дұрыс кезікпесе мәреге жетіп тұрып та үлесінен құр қалатынын өмір атты ұстаз құлағына мықтап құйған-ды. Сол-ақ екен, Есей қалыпты мінез машығын өзгертіп шыға келсін. Мансап буына семірген ол өзге түгілі өзіне де жағынатын жортақы әдетке басты. Бағы көтеріліп атағы аспандаған сайын мұны тойымсыз аш көз қанағатсыздық иектеді. Болғанның үстіне бола түсу, толғанның үстіне тола түсу керек қайткенде. Бірақ бұл түптің түбінде толғанның төгілерін есепке алмаған. Жартыкеш атақты місе тұтпай, алтын жұлдызды қосарлап такқанды армандады. Арман да бір қолыңнан ұшырып алған құс тәрізді. Қашан соны шырғаға тартып тұғырына қондырғанша, көзің көкке телміріп бар аңсарың соған ауады да тұрады. Көзі аспанда, көңілі далада кісіге иығына ілген бір киері де, қойындасқан қосағы да, бауырынан өрген балалары да жат. Суық бауыр тартып кеткен соң жат болмағанда қайтеді? Қатын мен бала өзімдікі, қайда кетер дейсің. Одан да баянды бақ, байлаулы атақтың алтын құсын қолы-

ма қондырып алайында деп өзін өзі алдаусыратып, сиқыршыдай арбаған алдамшы арманның жетегінде мұрнын тескен өгіздей сәумендегенін енді ғана біліп, енді ғана өкінулі. Опынып орға құлағанша өкініп өткенді еске алғанның да көңілге шүкірлігі бар. Еске алатындай не қалды сонда? Ащысын қойшы, тандай қытықтаған тәттісін қиялдап көрсінші. Өткенді сағынышпен еске алғанның өзі неге тұрады. Сол құрғақ сағыныш жүрекке жылылық себе ме? Керісінше, шаншудай сұққылап жайын кетіретіні бар.

Қияс ой Есейді қатты буды. Өзінікі дегеннің бәрі өзгенікі екен. Жар құшып, бала сүйгеніне ешкімнің күмәні жоқ. Көңілде бар, бірақ өмірде жоқ, жер қойнындағы олардан бұған не қайыр?! Қайта-қайта түсіне кіріп, елес боп арбағаннан басқа. “Арқарлы, Арқарлы” деп аспандатқан қара қоныстың сиқы мынау. Табаны тиген түйеше жынын бүркіп окшырады. Атамекенге бауыр басқандағы алған алғысы белгілі. Басында ойнақтаған тағысын былай қойғанда, етегін көмкерген өскіні мен тасына шейіне түгелдеп шотқа салғанда ажалы жетіп өле қалса, Арқарлының бауырынан бұған топырақ бұйырмас мына қалпында. Сонда бәлен жыл кімдер үшін тер төккен? Кімнің ризықысын еселеп, кімдердің қазанына ас салған? Кімнің қалтасын томпайтып, кімдерді ақ майға бөлеген?

Есей асқына торықты. Осы қазірде мүтін дүние өгей де жат. Төрінде төбе бейдей қомданған даладай кеңсе де қалды. Моладай азынаған иесіз үй анау. Астындағы мәшинесі де өзінікі емес. Ертең біреу аударып алады. Жекешелендіруге қарсы шығып не ақысы бар еді?! Үстіне ілгені де өзінің киімі емес тәрізді. Тым қоңылтақ көрінеді. Әлгі медалі түскірді тағып шыққаны қайда?! Ол үсті-басына үңілді. Киімді өңкей бір түстен киетіні есіне түсті де, Еңбек Ерінің алтын медалі үйде қалған шығар деп жұбатты өзін. Бірақ тереңнен дүмпіп қолқа-жүрегін сығымдаған қысастық әлгіндегі қияли ойды нысаналап, алған бетінен қайтпай қасарысты. “Мендік түк қалмады, өзгенің өрісін шарлауменен есіл ғұмырды текке өткізіппін”. Жарым көңіліне тек қиялын ғана талшық етіп, өткеннің өкініші мен өксігін еске алғаннан басқа амалы қайсы.

Кенет көңілінен күдік қашты. Есі ауғаннан сау ма? Тау сағалап қаңғып кетпекші ме? Жіберген қателігімен күнәсін жуып-шайып арылу үшін далбасалайды ғой. Арылғанда ар-

дан безіп арамға жүрек жалғаса, жылтырағанға көзін сатып алтын-күмісті қойны-қонышына тықпаласа бір сәрі. Жүйрік мініп көсілткені де шамалы. Арқарлыны отыз төрт жыл шарлағанда екі-ақ көлік ауыстырыпты. Құдай бой да берді, бойға лайық ақыл-парасат, кісіліктен де құр тастамады. Әйел затының көзін суырған келісті тұлғасына қарамастан деген күнінде жар төсегінен ұзамай, ұя бұзар аусарлыққа бармағаны бір аллаға аян. Кешіктіріп келген махаббат дер шағын өткізіп алған бұған қайбір опа берсін. Зухраға ынтығып іштен тынғаны айдай анық-тын. Ұйықтаса түсінен шықпай, жайшылықта көз алдынан кетпей сиқыршыдай арбап, жанын жеген махаббат азабы тыншу көңілін толқындай дөңбекшіткенін төзімділікпен көтеріп жан баласына сездірмейін десе де, ғашықтық азабына қояр тосқауылы, жасар қайраны жоқтығын іштей мойындап жар төсегінде жатып та жамбасына түбіртек батқандай аунақши беретін. Сезімтал кіді Күлмәш мұны құшағына тартып жұбатудың орнына бұнымен қосыла күрсініп, қосыла қамығатын. Бірақ ләм деп жақ ашпайтын. Лапылдаған от құшағы кәшек жаққан пештей тез суынып, теріс қарап жатып қалатын. Бұл - Зухраның сұлу жүзін қиялында өбектеп өліп-өшер еді. Ғұмырында бір ғана ұрғашыны төңіреkteп, тоятын тек некелі қосағынан тапқан икемі аздау Есей асауға бұғалық салар талай оңтайлы сәтті өткізіп алғанын кейін біліп сан соққан. Ғашықтыққа да батылдық, көзсіз өлермендік керек. Есей ондай тәуекелге бармаған. Арам ойы жүзеге аспай алтайыдан көз жазған аңшыдай өкінген Есей сыныққа сылтау іздеп, сол қарсаңда арақ ішуді бастады. Көзге түспей жасырын сыздықтатқан. Айдаһардың сілекейіндей зәрлі суға төселмесе де, тиіп қашып ұрттағанын жасырмайды. Ішкен адамнан ұят кететінін сонда білген. Қысасқа қысас. Құшағынан қызу қашқан Күлмәшқа ерегісіп сүйіспеншілік жолындағы сүрінісін сылтауратқан ол жігітшілікке ойысып, аусар сезімге ерік берген-ді. Шетке шыққан бірді-екілі жеңіл етекке құрық салғаны болмаса, емін-еркін кірісе алмай тиіп-қаштымен тынған. Деген қылшылдаған жиырма бесін құдай қосқан қосағымен бөлісіп, қылымсының қабағына арбалмай бойын таза ұстағаны мұны былғанышқа ұрындырып терісжолға түсіретін күнәкарлықтан қақпайлап, қартайғанда көрі боз жорға шығарадының кері ме дегенді жиі-жиі

еске салып тоқтамға шақырғандай еді. Ар ұялар іске баруға беттің қалыңдығы септесетін сәттер де бар. Бірақ ондай қос қыртыс арамдық Есейдің пешенесіне әу бастан-ақ жазылмаған. Аз да болса түп-тұнық сезімін лайлап, жүрегіне кір жұқтырып алғанына күні бүгінге шейін өкінеді. Құдай жолына мықтап берілген Күлмәштің адал көңілін арамға балап онымен санаспағанына, қауіп-қатерді алдын ала болжаған көріпкелдігін мойындамағанына бармақ тістейді. Зарлықтың қазасы бұған оңай соқпады. Күлмәшті бала қайғысы әкетті. Гүлзиді де көп көрді бұларға. Күні бүгінге шейін басы қатады. Қатыбас тас жүрек тағдыр бұған соншама неге өшікті? Сірә, жаратқанға мұның бір қылығы жақпаған. “Аяғыңа оралғы қатының мен баланды о дүниеге жібердің есебін тауып, баста әлгі өнерінді. Көрейік әуселенді” дейтіндей. Бір жағынан замана желі ұйтқиды. Қайта құрыламыз деп өзеуреген өңшең әңгүдік ықты-жарды тындамай көмейі жыртылғанша ұрандайды. “Қайта құру! Қайта құру!” Есейдің де қайта құрылуына тура келген. Бір әбүйірі - соңына шам алып түскен Бек Лекеров желтоқсанның желемігінде омақасып, басымен қайғы боп кетті. Мұның да бір басына қайғысы жетерлік-тін. Бірақ еріксіз серпілуге тура келген. Мүтін Кеңестер елі қайта құрылуға өзгеше екпінмен кіріскенде, Есейдің шеттен бой тасалағаны жігерсіздік. Тәуекелге бел байлап қайта құруды төсек жаңалаудан бастауға табан тіреген. Үйірінен көз жазған сасай құлжадай әр төбеге шығып шолуылдап із кескенімен іздеген жоғы бірден таптырмады. Біреудің ажары келіскенімен, мінезі ұнамайды. Бұған бала табатын өндірі әйел керек. Жасырағына ұрынуға жүрегі дауаламай және тайсалады. Қыз таңдайтын бозбала болса бір сәрі, елуден асқан сақа серіге ұрыншақтық жараса ма. Ұрынбайын десе жалғыздық азабы қинайды. Сопа басы дағарадай үйге симай сенделеді. Жаман да болса исі сіңген қосағына не жетсін. Болмашыдан ілік шығарып, ілһәмді таппадың, құшағыңа тартпадың, деп қисынсыз кінә таққаны астамшылық болғаны ма?! Өкпеге қиса да қиянатқа қимайтын жарыңның бұлдануға барса да, тұлдануға жоқ төзімділігіне, көмпістігіне не жетсін. Төскейде тұрмақ, төсекте де серіктесуге жарамайтын қанағатсыз қомағай ұрғашыдан не қайыр. Мұның Күлмәші бір еркекке үйде де, түзде де сүйеніш, тұла

бойынан пәктік пен имандылық лебі шалқыған шын періште еді. Бір көрпе астында әлде неге өкпелегендей бүрісіп, теріс қарап жатқаны кеп жайды андатып, мұның шыдам-төзімін шындағандай екен-ау. Марқұмның назын былай қойғанда, өкпешіл наласына зар болған жоқ па. Арқарлыны ашса алақанында, жұмса жұдырығында ұстағанымен жөні түзу ұрғашыға қолы жетпей, шын қиналған-ды. Бір күндері тәуекелге бел буып көптен жүздеспеген Зүһраға барсын. Мәшинесін үй сыртында қалдырып кіретін есігін адаспай тапса да, қоңырауды басуға жүрексініп, селтиіп тұрды да қойды. Бес минут, жоқ он минут. Үй иесі есік ашпағанда қаншаға созыларын кім білсін, бәлкім тілдеспей сырттан кетіп қалар ма еді, әлде қайтер еді.

- Аман ба, Зүһра.
- Сәлеметсіз бе, кіріңіз.
- Асығыспын, жүре сөйлесейік.
- Менде де уақыт тапшы, балабақшаға үлгеруім керек, - деді Зүһра басқыштан төменге түсе беріп.

- Сонда жұмыс істеймісің?
- Балаларым бар ғой.
- Қайда?!
- Бақшада.
- Қойшы?!
- Егіз ұлым бар, ағасы.
- Құйтырқы сөзің қалмапты. Бұ не жұмбақ?!
- Үштен сәл ғана асты, егіз екі ұлым бар.
- Күйеусіз қалай?!
- Солай!
- Сен бақытты екенсің, Зүһраш. Жалғыздық қинап жүр мені.

- Тағдырдың ісіне не шара! - деді Зүһра ауыр күрсініп.
- Аямаймысың! Қол ұшын беретін кезің енді келді, - деген Есей дауысына діріл араластыра.

- Құдай аямағанды адам аяғаннан не шығады?
- Олай деме, Зүһраш. Алла тағала зерек зердені пендесіне бір-біріне сүйеніш-демеу болсын, жақсылық жасасын деп сыйлаған.

- Жақсылығым бір басымнан артылмаса қайтпекпін?
- Жақсылығың жалпақ жұртқа жетіп артылғанда, маған келгенде түгесіліп қалатыны қалай?!
- Сонда менен нендей көмек күтесіз?

- Екі жарты бір бүтін дегендей...
- Болмайды! - деген Зухра қатулы пішінде.
- Көз көрген сыйлас едік қой, қанатыңның астына алсаң етті!
- Емексімеңіз босқа. Етегімді көр топырағы ғана басады.

Өзгеге бастырмаймын деп уәде бергемін. Уәде - құдай аты.

- Ақылың бар еді ғой, қайтсаңшы райдан, Зухраш!
- Барыңыз! - деген Зухра.
- Мені өлімге қиғаның ба?!
- Өлмесең өлем қап! - Сөз осымен тынды. Есей үй сыр-тындағы көлігіне зорға жетті. Бүгіндікке оразасын ашпаған-ды. Қаланың орталық көшелерінің біріндегі дәмханаға тартқан. Басынан ат құрсақ кінәздау Есей жат түгілі жақынының дастарқанына сұғынбайды. Бір үйде жалғыз өскендіктен бе, тамақты әлі күнге талғап ішеді. Тәтті-дәмдіні аузына тосып, анасы мұны жаман үйреткен. Күлмәштің қолы берекелі-тін. Дүкендегі дайынға жүгірмей, тағамның неше түрін қолдан істейтін қылап әйел күйеуі ұзын жолға шыққанда жол азығын қоржынға сықап беретін. Қыл аяғы қаймақ қатқан қызыл шайға шейін демдеп термосқа құйып қоятын. Қатыны өліп, қамшының сабы сынғаны өз алдына, осы күндері Күлмәштің берекелі қолын аңсайды. Асхана, мейрамханаларға бас сұқпайтын кергіме әдет бүгінде ұмытылған. Елеңшіл кеңіл дәмханаға бұрады да тұрады. Елуден асқанда бөтен дастарқанға телміртіп, көрінген төмен етектіге көз сүздіріп қойған тағдырдың ісіне не шара. “Жолға шыққанда атың өлмесін, жер ортасына келгенде қатының өлмесін” деген қисын тегін айтылмаған. Оны аш қарынның тілегінен де басқа бір сылтау қиыстатады дәмханаға қарай. Жүрегіне сақтаған “ынтығының” түрі жаңағы. Зухраға ерегіскенде әлгі бір даяршыны іліп кетсе қайтеді? Басы бос, өзі жас. Ауылдың бие шу салпы етегінен қаланың тікбақайы қайырлы. Өмір көрген. Осы оймен бас сұққан еді дәмханаға. Мұнда Есейдің көз танысы бар-тын. Есімі - Зияш. Орысша Зоя аталады. Еркек жандылау бикеш. Есейдің келісті бітіміне қызығып, көрген сайын жұғысып сүйкенгісі кеп тұрады. Тал бойындағы міні - тым бойшаңдығы. Құмырсқа бел, аршын төс аққу мойынның дәл өзі. Әттең киімді тым шолтитып қысқа киеді. Төгілдіріп көйлек киіп, қос өрім ұзын шашты арқасына жібере салса, қасы-көзі қиыл-

ған нағыз бұраң бел болады да шығады. Қазіргі кейпі қолдан әлеміштеген жанды қуыршаққа ұқсайды. Есейді үркітетін сол бояма жасандылық. Қолтықтаса ыңғайына көнетін түрі бар. Көп мінілген бедеудей тым жарау, бала таппай ма деген қауіппен оған сырын алдырмай жүр әзірше.

- Зойчка, ғашығың келді.

-Қайда?

- Әне отыр.

- Оһ, менің сүйіктім! - бүгіліп тәжім етті де.

- Кәне, не ішесіз? - деді қасын кере қылымсып.

- Тоқашпен шай ішем.

- Екіншіге көңілің соқпай ма? Қарныңның ашқанын жасырасың, ә?

- Ұрғашыға жағыну оңай ма, Зияш.

- Зоя деңіз.

- Олай демесем ше?

- Тамақ іше алмай аш кетесің.

- Қойдық. Тездет, көгершінім.

- Міне, нағыз еркектің сөзі.

- Немене өзгелер еркекше сөйлей алмай ма?

- Көбісінде еркектік бейне жоқ. Сіз ғана ұнайсыз маған, - деген Зияш әріптесін ымдап шақырып.

- Бізге тағам жеткізіңіз.

- Нендей түрінен? - деген май бөксе жас әйел.

- Шараптан басқасының бәрін. Түр-түрінен.

- Маған тек қою шай болса. Сүт қатқан.

- Әкеле бер, сүйіктімнің бір жолғы шығынын өзім-ақ көтеремін, - деп Зияш бет бақтырмаған.

- Бәлкім жүз грамға көңіліңіз соғар?

- Ішпеймін. Татып алмаймын, - деп Есей азар да безер болған.

- Араққа жоқ екендігіңіз өңіңізден белгілі. Ішпейтіндер менің бірінші номерлі досым. Айтпақшы, нешедесіз ағасы?

- деген даяршы ақ сарғыш өңіне қуақы мысқыл шаптыра жымып.

- Ер жасы елудемін.

- Шегеріңіз мысқалдап.

- Қырықтағы қырқылжыңмын онда.

- Тағы бір секірсеңіз қайтеді.

- Алға ма?

- Артқа қарай.

- Жок, - деген Есей басын шайқап, - қырқымды саудалап өткізіп алсам да жетер.

- Немене, өтпей жүрмісіз? - деген Зияш Есейдің иығына қолын артып.

- Сіздік пұл бар бізде. Нарқыңызды білсек болғаны.

- Нарқым бір қыз, - деген Есей күлімсіреп.

- Менің қыз екенімді қайдан білесіз?! - деген Зияш аялы қой көзін таңданыспен бағжитып.

- Бөксең жалпаймаған. Бөгернейің бұзылмаған, тепшу көрмеген матадай су жаңасың.

- Мақтауымды асырдыңыз, - деп ол сүт қатқан қою шайды бүйірлі акқұманмен кесеге дендете құйған. - Мінеп көрсеңіз қайтеді?

- Туламаймысың?

- Түсік тастайтын келіншек емеспін, тәуекел.

- Дәм жазып күйеуге шықсаң, бала көтеруден қашпаймысың? - Есей ол күтпеген сұрақты көлденеңдеткен. - Егіздетіп дегендей.

- Именно кімге тиюім керек?

- Өз қатарыңа.

- Өз қатарымнан түңілгелі қашан.

- Неге сонша шошисың олардан?

- Ішкіш пен нашақордан қайбір жөнді бала жаратылады.

- Менен ше?

- Сізді көруге болады. Баласыз емес шығарсыз, бірақ?..

Бұйрықты қойсаңшы. Сыртының бояуы қалыңдау көрінгенімен, жиырманың бесеуіндегі бұла бойжеткеннің қалауы бұзылмапты. Пісуі жеткен ұрғашы сақа еркекпен шұркырай табысқан. Илекке түскен соң-ақ, Зияш әйелдік шырайын тауып құлпырып шыға келген. Опа-далаптан арылған ақ сарғыш өңіне нұр жүгіріп, тым әдеміленіп кетіп еді. Ол тез толысқан. Жүнін жұлған тырнадай түрі арық келіншекке бұғақ бітіп, жоны қалындады. Зияш орысшасын азайтып ауыл тұрмысына бейімделген. Төгілме етек көйлек киіп боянуды азайтты. Бірақ оның есесіне қызғаншақ, қытымыр мінез шығарды. Үйде түнегеннен де түзде ерулегені көп шаруақор Есей апталап оралмайды от басына. Терезеге телмірумен екі көзі төрт болған жас келіншек зерігеді. Зеріккен көңіл күмәншіл келеді. Аптаның алты

күнін былай қойғанда жалқы жексенбіні де жұмыс күніне айналдырып алған тынымсыз директорға дамылдық қайда. Ең құрығанда сейіл құрып, аң аулаған қыдырманың аузын жылытып аттандырып салады. Осымен жүргенде шаңырақ астының шаттығы түгілі уайымы естен шығып кетеді. Нақ сүйерімен қолтықтасып қонаққа барған да ғанибет. Оңашада екеуден екеу отырып сыр бөліскен қандай жарастықты. Баласын бауырына алып, әкелік мейіріммен үздіге сүйгіштегенге не жетсін.

Обалы нешік, Зияш бала көтеруден қашпаған. Бір түсікті есептемегенде, жүдемелете екі ұл тапты. Тұңғышы алты айлығында, екіншісі тоғыз айлығында жер томпайтып, жас ана құлынын қасқырға жегізген кулықша шұрқырап аласұрған. Есейдің де тамтығы қалмады. “Жассың ғой Зияш, тым күйіктене берме, бауырың қатып кетеді”, - деп тоқтамға шақырғаны құрысын, келіншегі мұны “айнымалысың” деп жазғырды. “Көзің менде болғанымен, көңілің басқада” деп қисынсыз кінәні Есейге үйіп-төкті. “Арам жүріске дағдыланып жаман үйренгенсің” деп және қосарлады. Мұнымен шектелмей: “Бала тәрбиесіне мән бермей қасақана сырттадың, менен басқа сенің тағы бір қатының бар көрінеді”, - деп жапты жәлені. Әке-көке, жаздым-жаңылдымнан түк шықпады. Тұлданған тоқал қысыраған биеше ыздиып шыға келген. “Енді өліп кетуім бар, бала көтермеймін. Көнсең сол, көнбесең, басыма азаттық бер” екі сөзінің бірі. Көңілге дік, жүрекке дақ түскен соң, құшақтан да қызу қашады екен. Ерегістің соңы ашуға ұласты да, төсек суынды. Кәрі көңіл жұқарса, жас жүрек алабұртты. Ежелгі бұла еркіндігін аңсап, деген күнін қамауда ұстағысы келмеген тұл тоқал үйдегі бар жылтырақты қоржынға сықады да, үйреншікті мекеніне тайып тұрды. Содан бері де он екі айдың жүзі ауды. Көрінген ұрғашыға көз сүзетін жастан өтіп кеткен Есейдің жалғыздыққа қарсы қояр тосқауылы жоқтың қасы. Қатарына қарамады, аузы күйген үріп ішедінің керіне бағып жасқа қайтіп жоламады. Бар ермегі - қызметі. Бағыт-бағдарынан жаңылып, лақпа қашағандай шығандаған жел аяқ заманда қызметті кім үшін, кімдерден мақтау алу үшін атқармақшы? Соған ойлап-ойлап ақылы жетпейді. Жоғарыдан түскен бұйрықты қалт жібермей орындауға дағдыланған сорлы басы қатты дағдарыста. Арқарлыны қайтсем алға

шығарам деп отыз төрт жыл тырбанғанда, жеткен жері осы ма? Оңайлықпен аттан түсетін өлі сүйегің бұл емес. Өліспей беріспеуге табан тіреудің амалын қарастырып көрсе қайтеді? Шаруашылықты басқарудың мемлекеттік жүйесін бұзып, бытыраңқы шаруа қожалықтарына бөлшектеу бір бүтін денені екіге бөлумен бірдей. Мұндай солақайлық - жан сақтаудың қайнар көзі ауылшаруашылығын тозғындатып халықты күйзеліске ұшыратады. Жұтқа ұрындырып, ашаршылыққа киелітіреді. Осы пікірін жазып та, үлкенді-кішілі бас қосуларда айтып та жүр. Мұны қолдаушылар жайшылықта көп болғанымен, жеме-жемге келгенде тайқып шығады да, өзі жеке қалады. Жеке батыр атанып жау түсіргені шамалы. Қайта қарсылықты көбейтіп алады. Сол қаптаған қарсылас алдымен Арқарлыдан бой көтерген. Жаппай жекешелендіру науқаны өріс алғанда Есей Досайұлы пікірін ашық білдіріп, орталық басылымдарға хат жөнелтті. Қызды-қыздымен президентке арыз жолдады. “Жекешелендіру бағдарламасы түбірімен дұрыс емес. Халықтың қолдауына сүйенбей, күштеп таңылған ұшқары науқан”. Сол-ақ екен бұған тұс-тұстан шабуыл өрістеді. “Ескішіл директордың сандырағы” деген сын мақала облыстық газетке айқайлап шыға келді.

Радио мен теледидар да бөжекей директорға біледі сойыл-шоқпарларын. Жаңашыл бағыттың жандайшаптары аянбады. Бұған бір жағынан тыңгерлерге орнатылған ескерткіш сор боп жабысты. Облыстан уәкілдер ағылды. Аудан әкімшілігі де қарап қалмай “Арқарлы” кеңшарына түртпекті күшейтті. Тез арада кеңшарды не шаруа қожалықтарына, әйтпесе ұжымдық кәсіпорынға біріктіруге, болмаса акционерлік қоғамға айналдыруға бағыт ұстады олар. Бірақ Есей кәнігі ақ қапталдығына басып, күзгі жиын-терінде сылтауратып бір жалтарса, қылышын сүйреткен қыстан шығып алайық деп және көлденеңдеді. Істің насырға шабарын білсе де, Есей алған бетінен қайтпай, қасарысып баққан. Енді оған аудан әкімшілігі құдиган. Жұлқылауға түскен терідей ал кеп созғыласын.

- Досайұлы мырзамен таныс шығарсыздар, - деп бастаған алқа мәжілісін басқарған аудан әкімі.

- Мен әлі мырзалыққа жеткен жоқпын, жай ғана жолдаспын.

- Жарайды оған да келістік, жолдас Досайұлы, респуб-

ликада қарқын алған жаппай жекешелендіруге неге қарсысыз? Соның себебін түсіндіріңізші алдымен.

Есей өкімнің түпкі ойын сезсе де, газетте жарияланған ұсынысын қайталап жатпай, тоқ етерін бір-ақ айтты.

- Жекешелендіруге халық дайын емес. Үлгісі батыстікі.

Өз қолымыздан шықпаған көшірмеге көзсіз електегеннен не шығады?

- Нарықтық қатынас та солай ма?

- Әрине.

- Сіз тартыншақ табансыздардың пікірін қайталайсыз. Керемет екенсіз, тығырықтан шығар жолды нұсқап бере қойыңызшы?

- Тығырықтан шығар жолды елді тұйыққа әкеп тірегендерден сұраңдар.

- Біз сізден сұраймыз.

- Менен?!

- Нақ сізден, жолдас Досайұлы!

- Жоқ, сенен, сендерден әкім мырзалар!

- Ауызымды қышытпаңыз! - деді әкім қызарақтап.

- Мен білмейтін сіздің қай тығындыңыз бар? Баяғыда қарамағыңызда істегенімде бір жылға шыдатпаған кім екен?

- Қикарлығыңнан көр.

- Көрші кеңшарға директор боп барғанымда, күн көрсетпегенсің.

- Уысыңа түстім, аянба! Сілтеп қал шоқпарыңды!

- Шоқпар сізден қалған шығар, ағасы. Сыйлағанды білу керек. Тым шектен шығып барамыз. Мұндағылар сіз ойлағандай ақымақ емес. Тайталастан шеттегенде, шығар биігіміз қайсы?

- Сонда бәріне жазықты құныкерлерің мен бе?!

- Бүгінгі тіршілік басқаша, Есаға. Ендігі жерде, ескі әлаулаймен той бастап жарытпаймыз. Қимағанмен болмайды, мінгішіңіз болдырған. Ат ауыстырыңыз.

- Ауыстырғым келмесе ше?

- Онда аттан түсесіз.

- Жер ортасы көк төбеде қара жаяу қалдырмақсың ғой?!

- Тозған тақымға тыныс керек шығар, Есеке.

Дем алатын мезгіліңіз жетті. Заманды оздыратын жаңашылдарға беріңіз батаңызды. Өткен кезең енді қайтып келмейді.

Одан әрі отырыс ресми өрбіген. Тұс-тұстан сұрақ жауды. Есағаң беріспей, қарсыласып баққан. Олар да аянбады. Боса да аттан аударды, несіне ықтасын. Әкімшілік отырысы солақай шешімге бара қоймайды. Орнында қалу-қалмауы ұжымдық талқылауда шешілсін деген бір ауызды мәмілеге келді.

Жергілікгі жер Есейді ондырсын ба, кеңшар орталығында өткен жиында ауылдастары мұның ит терісін басына қаптаған. Күпілдеп Зекен шыққан. Одан Шорықтың әйелі жұлынды. Өзеуреп жастар кимеледі. Бірінен соң бірі сөз алып, ал кеп сықпыртсын мұны! Отыз төрт жыл шаруашылықты басқарғандағы жіберген қателіктерін жіпке тізсін-ай кеп. Бұған тағылған айыпта есеп жоқ.

Қатын тастағыш та осы. Жемқор да осы. “Әміршіл заманның әккі көкжалы” деп бір шүйліксе, “жерді де, елді де тоздырған құныкер” деп және қаралайды. Есейді жақтаған құдайдың құлы болсайшы! Орыстың аспан көзі, украинның мұрттысы, беларустың ұзын тұрасы - кешегі тыңгерлер әулетіне не жазған?! Солардың арашаға түсетін қисыны бар емес пе?! Аядай Арқарлыны тыңгерлердің күтмекеніне, қасиетті ордасына балағаны ма жазығы? Қайдан, қалай келгені бұған жұмбақ, түрлі қозғалыстар мен партиялардың жетекшілері өзеуреп, есін шығарды. “Қазақтың кіндік жұрты Бабатауды келімсектердің жатағына айналдырдың”. “Арқарлының арқарын құрттың”. “Жерін тоздырдың”. “Қасиетті кара қонысты партия көсемдерінің тас мүсінімен әшекейледің”. Олардың бұған жапқан жәлесі осы сарында.

Қолын бір сермеген де шығып жүре берген. Үйіне бұрылмады. Қайғысын бөлісетін кім бар адыра қалған онда. Талайға тізе бататын еді қызмет бабында, сірә, солар: “есігің жабылып қалсын” деп қарғаған-ау? Алды ғой кегін. Түрмесіне тықпаса болғаны. Өзгесіне көнеді. Көнбегенде не келеді қолынан? Біткен! Бітірді сәбізін. Бір тауда бір құлжадай еді, мүйізін қақты да қоя берді. Сонда бұл отыз төрт жыл құр далақпаймен есіл ғұмырын текке өткізгені ме?! Бозала таңнан тұрғаны, жалқауларға зекіріп, жанбақыға кіжінгені, шабанды қамшылап, шыға шапты ауыздықтағаны, еселеп егін салдырып, тонна-тонна сүт саудырғаны, ақ май, қызыл етті жүздеген вагонмен ойға-қырға жөнелткені есепке алынбағаны ма?! Таңертеңнен кешеге дейін қызыл табан боп жүгіргендегі жеткен мәресі осы ма?

Бозала таңнан қас қарайғанша дамылдық көрмедім, жұмыс-жұмыс деумен-ақ көк иық боп діңкеледім деп кімді сендіреді? Кім сенеді мұның қияли сандырағына?!

Отыз төрт жыл нығарлаған жайлы орындық бөксесіне қатқыл тиді де, түкпірдегі есікті ашып, диванға құлады. Талаймен онаша сыр бөліскен, қызыл күрең шайды ұрттай отырып игі жақсылармен әңгіме-дүкен құрған шағын бөлме ыстық ұшырап жүрегін аздап жылытқандай болды да, көз шырымын алды. Ояна келсе, биік үстелге дастарқан жайылған екен. Кешірім өтінуге келген әлгілер ме деп қалған. Кішірек тоқ самаурынды көтеріп, мәшіңке басатын келіншек кірді. Жәудір көз әдеміше әйел сынықсыған ұяң ибамен төмен қарап отырып шай құйды. Ол да өзі секілді бір мұңлық. Қыздай қосылған қосағымен он жыл отасып шығысқан. Пұшпағы қанамапты. Өттең-ай, осындай жандарға жаратылыстың сараңситыны-ай!

- Бара бер, - деген Есей оған.

- Бағың ашылсын, ықыласыңа ризамын...

Ел жатар кезде үйіне кеп кисайған. Қайдағы-жайдағы еске түсіп, көрер танды көзімен атырады. Елес пе, әлде түс көрді ме, үлкен ақсақалды кәрия тұр дәл қасында. Мандайынан сипағысы келетін сыңайда, сірә, аруақ болуға тиісті, бұл қысылғанда желеп-жебеген. Сол ойымен шығып еді үйден. Қосай әулиенің бейітіне әлем байлап, батырқа сыйынбақшы-тын. Онда баруға жүрексініп, кінәсін жуып-шаюға тәуекел ете алмай жүр. Жай жүрсе бір сәрі, екінші нала ішін кеулеп барады. Қарақан басы сияр кең дүниеге. Заманға таңы бар. Тіктесер дұшпаны кім, қорғанатын жауы ше? Теке тірес тарбайысқа шығар еді, кімдермен майданда-сады?! Жағаласып жұлқысар дұшпанын атап бере қойсыншы. Рас, қымбатшылық буып барады. Нәпақасын табан ақы, мандай терімен айыруға кереген, жан сақтауға икемсіз өңшенан соғар жатып ішерге алланың жіберген зауалы да бұл!

Несіне жұқарады, көппен көрген - ұлы той. Замана толғағы қай кезеңде де оңайға түспеген. Мандайы кере қарыс дәуір перзенті дүниеге оңайлықпен келмейді, өзін де, өзгені де қинайды біраз.

Қиқар ой мұны тағы қиыстатты. Ендігінің бақ қонып, қыдыр дарыған құтырандары Зекен, Сметтер болғаны ма!? Соларға қараған күн нешік?!

Қорықшының мекені жұпыны. Екі пәтерлі шатырлы үй бұған ыстық көрінді. Бойлап өскен ағаштар үй-қораны сырт көзден көлегейлеп тұр. Қора-қопсысы аумақты. Бақшалық оң қанатта. Ойда. Көк желкеден бұлқынған тас бұлақ талдан тоқылған шарбақпен қоршаған бақшаны қақ жарып өтеді. Көлемі он гектардан асып жығылатын танапқа тоқайласқан жеміс-жидектен көз тұнады. Алма, қарақат, бүлдірген - бәрі бар. Өнімін беріп, үлгерген жеміс ағаштарына Данаш қызыға қарады.

- Өй, сен өзі бағбан боп кетіпсің ғой! - деп Сметті арқадан қақты.

- Енді қадай!? Сізден үйренген тәжірибем бар емес пе. Оның үстіне, келіпіңіз күнгейдің қызы.

- Алған өнімді қайттің?

- Базарға салдық. Бір мәшинелік пұл қалтада. Сәбіз, помидор, қияр дегенінде жік жоқ. Ағаш бөшкелерге тұзда-тып тастадым. Кемі екі тоннаға жақын.

- Кәртөшкені қайттің?

- Кәсіпкерлер өздері кеп әкетті.

- Қош. Бұдан басқа қандай кіріс көзі бар?

- Жеті-сегіз сиыр, он шақты бие сауамыз. Қымызды жаз бойы үлкен жолға шығарып, жүргеншілердің сауабын алдық.

- Қалтасын қақтық десеңші.

- Саудаға үйренбегендердің сөзі содан келеді, - деп ол қонағын қолтықтады. - Қора-қонсыны арадаңыз.

Данашқа аумақты көрінген қораның сыры енді ашылды. Қаптаған тор бөліктерге неше түрлі аң қамалған.

- Мына бөлтіріктерді көтемде қасқыр апанынан олжаладым. Жүні жетілгенсін тырс дегіземін де, терісін іс қыламын.

- Қара түлкі тұқымын қайдан алғансың?

- Сібір жақтан.

- Қоян қанша?

- Жік жоқ, есебін аддырмайды.

- Оны қайтпексің?

- Терісіне бола. Малақайға таптыра ма.

Данаш басын шайқады. "Ойна, балта қараңмен!"

- Ау, сонда сендер байығанда не бітірмексіндер!? Ораза, намазың қайда?

- Құранда жазылған, Дәке. Адал кәсіппен, еңбекпен, саудамен шұғылдан деп. Пайғамбарымыз Мұхаммед ғалайһыс-салам саудамен айналысқан. Күнәнің ең үлкені - характерсіздік. Арам тамақ тоғышарлардан қара жер тітіренеді дейді. Алла тағала жалқауларға шапағатын салмақшы емес. Енді омартаны көріңіз, - деп Смет сай табанындағы қалың ағаш арасына бастап жүрді қонағын.

- Баюға бет алған екенсіңдер, - деді Дараш омартаны сыртынан шолып.

- Түсімі қанша?

- Араларды жерсіндіргенімізге биыл үшінші жыл. Былтыр бес жүз қадақ таза бал алғамыз. Биылғы өнім бір тоннадан асып, жығылуға тиісті. Омартаның иесі - Демесін. Баптайтын омарташылары бар. Мен - күзетші есебіндемін. Келешекте бір сайды жеке аламын.

- Ау, сонда сендер кеңшардың есебінде жоқсыңдар ма?

- Ол ұзақ әңгіме, Дәке.

Смет оны тосын жаңалыққа ұйытты.

- Баяғы Одаққа белгілі саяжайды тасқын төңкеріп кеткесін, Есекең маған салған құрықты. “Көш” деген бұл арадан. Бау-бақшалықты қимадым да, сылтауды көбейттім. Соңыма сұр жебедей түсті дейсің! Ерегісіп қорықшылық штатты қысқарттырып тастады. Сонда да тапжылмадым. Жұмыс істемейді, ұрлық қылады, малы көп деп милицияны салды соңыма. Содан құдай жарылқап, жекешелендіру науқанына іліктік те, осы манды кестіріп алдым. Облыстық аңшылар қоғамының қарауылшысы боп және астанаға шейін бардым.

- Ақыры еңбегің жанған екен. Балаларың өсті ғой?

- Үлкен қызым Түркияда оқиды. Ұлым институттың екінші басқышы. Одан кейінгісін өзіме серік етіп алдым. Қалғандары әлі мектеп жасында.

Данаш күрсінді. Жұқарған көңілі осындайда сыр беріп қояды. Ұстамасынан қорынып, қалтасынан дәрі алып талмады да, көз қиығымен Сметті бақты. “Иәпір-ау, заманға дауа жоқ екен-ау! Діндар, ақ жүрек Сметті қақпайлап саудаға бұрғасын, басқаларға не жорық!?”

- Осында боласыз енді.

Смет түпкі аңысын танытты.

- Бақшалықты кеңейтіп, тәжірибелік дақыл ектіріңіз. Үш

атым бар, таңдағанын мінесіз, бүгіннен бастап сіздікі. Атшапан айыбым сізге.

- Айыпкер сен емес, басқалар емес пе?

- Заман екшеп жатыр, Дәке. Арпа ішіндегі бидайлардың көбісі қарамықтан төмен.

- Ол занды құбылыс. Маған керегі дән өнетін топырақ.

- Оған сауатым жетіңкіремейді. Бар қолымнан келетіні - бұл төңірекке кезеген аяқты бастырмаймын. Тіке атамын, қорқытамын суық жүрістіні.

- Жер алғандардың халі нешік?

- Жерді мәпелеп ұқсатқаны шамалы-ау солардың. Олар да мен тәрізді. Атамын деп тепсінеді.

- Жер қоруға жараса, түбінде бірдеңе шығады солардан.

- Қайдам!? - деп басын шайқады Смет.

Данаш ойланды. Азаттық алып дербестікке қол жеткізгенімен, жерге иелік ете алса жақсы-ау момын жұрт. Иелік еткен күнде қадіріне жетер ме қайран қара қоныстың? Бұрын байып көрмеген ашқарақ тобыр жер қойнының асыл тасын былай қойғанда, сай-сайдың қара қыртысын дорбалап базарға тасудан тайынбас. Даланың соры енді қайнамаса не қылсын? Ерік алған өңшең пайдакүнем тегін олжа аң мен құсты аясын ба! Аждаһадай аранын ашқан қымбатшылық қыспағы мынау. Ендеше бұл несіне әуреленеді? Қым-қуыт заманда мұның қияли пәлсапасымен кім санасады?

Көңілі қолма-қол төмен түсіп қалды. Қарап жүрмейін деген далбасасы. Құр алданыш үшін. Сонда қайтпекші?

Дорба ұстап алып, сатар боп кетуі керек пе? Түпу, атасына нәлет! Асырай алмайтын кімі бар?

Жабырқау жүрегі тағы да сазды, жүдеу көңілі төменге тартты.

- Үйге кірейік, Дәке. Дәм дайын.

- Іштік қой кеше. Менің бүгін аузым берік. Өлі күнге аштық жариялап келемін қарғыс атқан заманға! Түзелетін түрі жоқ.

- Дәмнен үлкен емессіз. Келініңіздің ықыласын аяқ асты етпейік.

- Болмайды. Бір тоқтықтың, бір аштығы бар. Теке тойлы болғасын, көңілден мұң қашады. Мұңсыз тірлікке мен байғұс үйренбегенмін.

- Әлгі... Зекен келмекші еді. Сіздің осында екеніңізді айтқамын кеше.

- Бет-жүзін көргем жоқ сол сұмырайдың. Есейді шақырсаң етті.

- Жақтайсыз ба оны?

- Жүздескім келеді. Не айтар екен деп...

- Зекенмен ше?

- Қан жырық құбыл аярысып құртады діңкеңді. Есейде қанша дегенмен кісілік бар. Морт қой. Ішін ашуы кәдік.

- Есейден енді түк шықпайды, - деді Смет қолын сермеп.

- Ол біткен адам.

Данаш тосылды. Бәрінен жұрдай сопа басы қалды дегенге кім нанады? Тығындысы бар шығар. Тау кезіп жүргендегісі бір жосын. Есейлердің біреуде ұпайы кетті, есесі кетті дегенге иланбас ешкім.

- Күнде келеді осы маңға, бірдеңе іздей ме? - деп ол Сметке тосын сауал берді.

Баратын жағы, басар жері шектелгенсін, тауға шықпағанда қайтеді.

- Әр басқан қадамын есепке құратын әккі еді ғой, жасырын қоймасы бар шығар?

- Әй, сонда не қалды дейсің! Омырауындағы жылтырақтан басқа, - деді Смет аяныш білдірген сыңайда.

- Кейінгі жылдары тым-ақ жүрексіп алды.

Одан жекешелендіруге қарсы шығып діңкеледі. Ең құрыса, астындағы мәшинесін арзанға ала адмады. Бәлен жыл отырған үйін де меншігіне жатқызбады.

- Онысы ерлікке бергісіз, - деді Данаш шын құптап.

- Тумысында бір рет ағысқа қарсы жүзіп көрсін де.

- Сонда не бітіреді?

- Азар болса өледі. Өле білген де ерлік. Өле алмай жүрген мен деймісін?

- Сіз тым ауырлатып сөйлейсіз, Дәке. Дербестік алдық. Заман ендігі жерде біздікі.

- Заман қай дәуірде де меншіктелмейді. Меншіктесе қайда қалды өңшең қызыл көз?

- Кеңес өкіметін көксеушілер көп, ол қалай?!

- Ол солай?! Сол кезенді керек десең, мен де аңсаймын.

- Сонда ол қоғам несімен қымбат?

- Оны Есейлерден сұра.
- Зекеннен сұрап көрсем ше?
- Өз кенейі түгел өзгенің асығын түгелдеп қайтеді.
- Кімді айтса сол келеді, өне Зекең! Смет қонағына жалт қарады.

Данаш теріс айналды. Ақаулы жүрек сыр беріп қояр деген сақтықпен тілінің астына валидолды жытырды да, үй сыртындағы жақпарға қарай аяңдады. “Осындай құбылдарды көрмеу үшін өліп қалуым керек екен-ау”. Жылдамдата басып, ұзай берген.

- Таксыр! Таксырекесі! - Сәл жарықшақтанса да үнінде мүкіс жоқ. Өзіне таныс дауыс дігерлеген зіркілін бәсендетіп, жұмсақ мекіреніске ауысқандай екен.

- Жаздық-жаңылдық!

Ентелеп кеп қалған оны кеудеден итеруге оқталды да, сылқ етіп түсіп кеткен қолын жия алмады.

Кісі қабағын бағып, жасанды мінезге басқаны ма, әйтпесе суы қайтып жұмсарғандық па, Данашпен әйелше көрісті. “Ой, бауырым, сені де, көретін күн болады екен-ау!”.

Обалыңа қалып, орға жыққанымды қайтейін! Жартыкеш жаныңа таяныш болудың орнына, қосыла дүрелескенімді қайтейін! Бәлен жыл қамауда жатқанда, артыңнан бір баруға жарамаған тас жүректігімді қайтейін! Не бетіммен сені көремін, не деп ақталамын!? Кешіре көр, Данашжан! Құдайдың берген күшіктерін асыраймын деп қой... Көрінгенге жағынып жандайшаптанғаным. Он баланы жеткізу оңай ма?

Данаш жездесін зорға қайтарды. Біреуді пайдаланғысы келгенде осылай құбыла қалатын. Сірә, бұған бір саудасын өткізбекші ме? Сонда Данаштан нендей жомарттық күтеді? Жездесі көп өзгермепті. Бөкен бүлкегінен жаңылмаған тәрізді. Бітік қабақ астындағы сығыраң көзінің жарқылы бәз қалпында. Аңыс аңдағыш өккілігі барлағыш байыптылыққа бейімделіп, ақсақалдыққа бір табан жақындап қалғаны сөз ауанынан байқалып-ақ тұр. Құбылғыш аярлығынан қол үзбеген сыңайда.

- Әдейі өзіңе сәлем берейін деп келдім, - деп ол кәнігі түлкі бұлаңға басты.

- Енді бұның қисынсыз, - деп сұрланды Данаш. - Іздесең

баяғыда қайда қалдың? Он жеті жыл психдиспансерге қамалғанда, бір келуге жарамадың ғой?

- Осыдан екі жыл бұрын барғам әдейілеп. Мәскеуге емдетуге жібердік деген дәрігерлер.

- Бұның да екі ұшты сылтау.

- Әне, баяғы қыжыртпасы.

- Сенің сырғытпаңнан жаман боп па?

- Айта тұс, сөзіңді сағындық.

- Бұл енді нағыз аярылық.

- Ой, данагөйім-ай, қатырасың кәрі жезденді!

- Бағана кеп едің осы маңға, жай жүрмісің?

- Жалы тоқпақтай үйір қожасынан айрылып, сорымыз қайнап...

- Айғырдан ба?

- Сасайдан.

- Сауысқандай сақ едіндер ғой. Қалай көз жаздындар оларыңнан?

- Жазмыштан озмыш жоқ, обалы заманға. Өзінде де бар.

Үйірін белден бел асырып, арқарлыны бауырына басып жібергісі жоқ. Совхоз тараса, малдан айрылып жұтаймыз, отыз екінің аштығы келеді деп... Жоғарыдағылармен сөз таластырып қандай қылды дейсің!

- Әмпей едің ғой онымен. Қалай араздастың?

- Сен сұрама, мен айтпайын. Құдай сүйер қылығым жоқтығы саған белгілі. Есейдің мәртебесі үшін қыл аяғы Арқарлының арқанына шейін құрбандыққа шалып тыраштандық. Кейінгі кездері бәрін жеңіп алып, маған ауыз салды. Жеке меншік малы көп дегізіп, бір үйір жылқымды етке салдырып жіберді. Шамамды келтірмеді. Арыз жазасың дегенді желеулеп қызметтен тайдырды. Бақташылықта жүргенде арендаға шығармай, тағы бөгеді жолымды. Фермерлікке тырысып едім, оған тағы кедергі жасады. Қуынып жүріп жұрттан бұрын шаруа қожалығына ертерек бет бұрып... Жаман жездең қазір айтулы пермер. Жиендерің шетінен кәмерсант. Өзің талай уатқан, еркелеткен Демесін ірі кәсіпкер.

- Алламен қалайсың, татусың ба?

- Арақты тастағанмын. Райдан қайтты жаман жездең.

- Қатындардан ше?

- Апаң қартайды, тоқал алғалы жүрмін.

Екеуі қосыла күлді.

- Маған да қарайлас. Қашанғы жүремін қу тіземді күшақтап.

- Айтпақшы, жаңалық бар сен қуанатын, - дейді Зекен кутындап.

- Баяғы Күлкеннің қызы Нәйра ше?

- Исағұлдың балдызы ма?

- Иә, сол. Естімедің бе, зағип боп қалған еді ғой.

- Не дейді?! Естісем құлағым керең болсын.

- Су қараңғы соқыр. Мәшине апатынан деп естігеміз.

Соны жездесі әулиеге түнетпекші көрінеді. Алдын ала баласын жіберіпті осы жаққа.

- Смет хабардар ма бұдан? Маған неге айтпаған?

- Аяған да сені.

- Аясандар бұрын қайда қалдындар, өншей жандайшап?!

- Данааш жайсызданды. Баяғы қайырсыз жүздесуден кейін Нәйраның қарасын көрмеген. Не бетімен көрінеді, не деп ақталады? Ауыратынын жасырып, жазықсыз жанның жүрегін жаралағаны да жетер. - Нәйра қашаннан бері сондай? - деді ол Зекеннің екі ұшты сөзіне сенгісі келмеген ажарда.

- Нанбасаң Исағұлдың баласынан сұра. Жүр осында. Бейіт басына екі-үш киіз үй тіктірмекші. Соған көмектесесің деп... Құдайыға соятын малды осы жақтан қарастырмақшы.

- Исағұлмен өш едің ғой, татуласқанбысың?

- Өткеннің былығын қопсытып қайтеміз, онсыз да заман жетісіп тұрған жоқ, - деді Зекен жеңіл күрсініп. - Есейге жағынам деп... Соның қырсығы.

- Үзеңгілесіңді әлі қимай жүрмісің? - деп Данааш сонау ойда қаңтарылған сұр уазикке бой сала қарады. - Мәшинесі тұр әне. Ұзамапты.

- Онымен біржолата есеп айырыстым. - Зекен төс қалтасына қолын сұқты. - Шыпасы бітті Сасайдың. Алтын жұлдызына ие болмағасын, одан не үміт күтесің. Кегің қайтсын, мә, сен ал.

Данааш жылан көргендей ыршып түсті.

- Керегі жоқ, керек емес, - деді қолын сілкілеп.

- Саған қажеті болмаса, маған қажет, - Зекен Еңбек Ерінің алтын медалын орамалға мықтап түйді де, төс қалтасына сұңгітті. - Қайтқан малда береке бар. Үйірімен үш тоғыз.

Данааш капелінде қолайсызданды. Есейді атақ-абырой-

ынан айырып, қаңғыртып жіберуге себепкер нақ өзі сияқтанып кетіп еді.

Тау кезіп сенделгелі бүгін, міне, тоғызыншы күн. Мұнсыз да Арқарлының таңы атып, күні шығады екен. Кім селтиіп атқа мінсе, соның аузына қарап жаман үйренген қара тобырға бәрі бір.

- Бұрынғы басшылық бүлдіріп кетіпті.
- Е, ол нені бүлдірмеді дейсің.
- Біз енді басқаша бастаймыз жұмысты.
- Қолынан іс келетін басшы осылай сөйлесе керек.
- Көреген десеңші одан да!

Көрегендігінде қапы жоқ. Кесек қимылдың адамы болып шықты. Кеңшарды ұсақ шаруа қожалықтарына бөлшектеуге шұғыл бет бұрып, ұрандап жүр.

Бірақ бұл арада Есейдің ары таза. Сопа басын алып қашқанына өкінбейді. Бүлінгеннен бүлдіргі алып керегі не. Өзіне тиесілі бұйыртса да жетер. Бірақ бұған бұйыратындай не қалды өзі? Арқарлының етегінде мәңгі тас мүсінге айналып қалам ба деп еді, құдай оны қош көрмеді. Зекен сұмырайдың кәсіпкер ұлы жасына жетпей нағыз ық қапталдың өзі бопты. Ескерткіштер шоғырын бір түнде бұздырып алды да кетті. Жығылғанға-жұдырық. Шаппай-желмей алтын медалын жоғалтып сергелдеңге түскені біреулердің құлағына шалынса, желді күнгі өрттей өршіп, табашылдардың өсегіне тамызық боп шыға келмей ме? Онсыз да қыбыр мен сыбырдан сыбыс аңдығыш сақ құлақтар жалаулатып жазбай ма. Ендігі бұған қалғаны сол еді. Оны да көрсін. Әй, атаңа нәлет ит тірлік-ай, көрінген сұғанаққа көз түрткі өлесі қылдың-ау, әбден.

Ойға түсіп машинасына барған. От алдырып еді, бензин көрсеткіші нөлде тұр екен. Дағдарған ол қиыстап өтіп бара жатқан жүргіншіге қол бұлғады. Үш аяқты мотоциклді ызғытқан Зекен ентелеп кеп тоқтады. Елпелектеп құрақ ұша: - Ой, Есеке, серуендеп жүрмісің, - деді бітік көзін сығырайта жымиып. - Қолыңыз босады, демаласыз енді жақсылап.

Есей онымен тәжікелесіп жатпады. Үйренген жауының оңтайын білсе де, ұстасқысы келмеген. Ұстасқанмен бәрі бір оны ала алмайды.

- Е, сөйдейсің ғой, Зекен мырза, - деді ішкі қыжылын терең күрсініспен аңдатып.

- Бағана сен бе осы маңға келген?

- Мәшиненді көріп не қып жүр деп.

- Өзің айтқандай қол босады. Жүрмегенде қайтейін.

Есей тағы теткіді.

- Бейіт басындағылар кім? Үй тіктіріп жатыр ма біреу?

- Әлгінің баласы, - деп Зекен қасақана жақтырмағансыды.

- Балдызын әулиеге түнетпекші.

- Әлгің кім?

- Исағұл ше.

Есей селк ете қалды.

- Сонда ол қырғыз көшіп келмекші ме?

- Өйтуі де ғажап емес, - деді Зекен оны сығыраң көзімен бағып.

- Баласы жақсы өсіпті. Кісінің іші-бауырына кіріп тұрады. Сені де біледі. Әкесі айтқан ғой деймін.

Іштесуге жеткізбейтін Зекеннің жарасының аузына тие сөйлегенін елемегенсіп:

- Е, солай де? Кеткендерің келіп, кемтіктерің толып арқа-жарқа боп жатырмыз десендерші, - деді Есей дымы құрыған шарасыздықпен.

- Маған бензиннен қарайласшы. Ауылға жетіп қалайын.

- Менде де әбі-тәбі. Құны удай бұныңның.

- Төрт-бес летірден ештеңең кетпес, - деді Есей сараңдыққа жеткізбейтін оған жалынғандай боп.

- Мәшинесі өзіне, ертеңнен бастап ат мінем.

- Сенде ат бар ма өзі?! - деді Зекен шаншу сөзін ірке алмай.

- Ә, табаларсың бақа басым! - Есей оны ала көзімен түйреді де, бәкті саусағымен шерткіледі.

- Аузы-мұрнынан шығып тұр ғой, ей зөнталақ?!

- Ала бер, ісің түспейді қайтесің енді мені.

- Айтпақшы естідің бе? Досың келген, - деп Зекен оған тағы қыңырттады.

- Зуһра ма?

- Демесін ше? Құныкерің. Есалаңды есіңе ал деген. Сақтан!

- Әй, қанжырық-ай, - деді Есей басын шайқап.

- Баяғыда өзің емес пе, соны менің табанымның астына

салып берген. Балдызым еді деп ара түссең, қолыңнан алдым ба?

Зекен тосылды. Қалтасындағы түйіншектен қорынып, бір түрлі қуыстанғандай жылыстай берген.

- Тоқташы, - деді Есей оған өтініш аралас зілді үнмен.

- Осы сен тіміскі едің қашаннан. Медалымды тауып алған жоқпысың?!

Зекен дүрсе қоя берді.

- Өзің шатасқаннан саумысың?! Қайдағы жоқты көңірсітіп!

- Қара басып, алтын жұлдызымды жоғалтып жүрмін.

Сөйткенше таншадай көк ит келді қастарына. Аң қуған ба, тілі салақтап ыр-ыр етеді. Солығын басқан соң, ит Зекенге қарап үріп-үріп жіберді.

Бейіт басына түнегендер ерте қимылдады. Семіз жылқының еті қазанға түсті. “Иә, құдай-ай, күнінді бере көр! - деді Исағұл самаурыңға ағаш жарып жатып. Айыр қалпақ киген иықты мұртты жігітке: - Балам, тездет, кеше келіскем автобуска. Ақшасын төле барып. Ақсақалдар мен бәйбішелерді қалдырма. Қасына ауылдың бір жігітін ертіп, көше-көшені сүзіп шығыңдар, - деді орнықты қоңыр дауыспен.

- Қосай әулиеге ас беріп жатырмыз деп хабардар ет баршаны.

Әке сөзін екі етпейтін тәрбиелі жігіт жеңіл мәшинеге отырды да, кеңшар орталығына тартты. Отағасы ендігі бұйрықты Зәйраға бағыттады.

- Бәйбіше, ет езіліп кетпесін. Қазанды бабымен қайнат. Айтпақшы, Нәйраның халі нешік? Түс көріп пе?

- Жақсы ұйықтадым, тынығып қалыппын деп көңілді отыр. Өзі айтпаса түртпектеме.

- Ептеп табын жолын көреді ғой деймін, - деді Исағұл.

- Тіл-аузым тасқа, ілігіп келеді. Әзірше жарияламайық. Жан иесі өзі білсін, - деді Зәйра.

Исағұл құптап бас изеді де, қу талды бұтарлауға кірісті.

Көңілденгенде ыңылдап әуен құлап кететін, сол әдетіне басып термелей бастаған:

“Аш қасқырдай алақтап,
Қақпанға түскен жерім бұл.
Боз тұсақты тамақтап,
Жалғатқан өзек елім бұл
Түрмеге тығып қайтадан,
Айтылар енді-ау тегін жыр.
Салауат соның барлығы,
Өркен жайды өнгенім.
Зәйраны беріп бағыма,
Балаға тиді ерінім.
Қосай батыр, қолдай көр!
Пірім сенсің сенімім.
Азаттыққа қол жетті,
Арқамда қозды желігім.
Қарасы батты қорқаудың,
Еркіндік алды елігім”...

- Ау, шоң қырғыз, жетер! - деді Зәйра қазанның көбігін алып жатып. Шыдасаңшы. Ауылға барғансын ырларсың. Ішің толып бара ма?

- Жырым тасып барады, жырым! Көмейімді қытықтап. Аруақ асықпайды деуші еді, Есей есірік боп тауда жүрген көрінеді.

- Асылық сөз айтпа, шал-ау. Нәйраның көңілін ауласаңшы бір ауық.

Исағұл тосылды. Сонау Алатаудың төсінен бұларды осында тоқайластырған - Нәйраның қамы. Тағдыр тәлкегіне ұшырап, жар жағалап қалған мұңлық біраздан бері апа-жездесінің қолында. Екінші кесікті өтеп шыққан соң, Есекең есі барда елін тауып, атамекенге қоныс аударған-ды. Адал еңбек қырсығын қуалап, қорасы малға, үйі балаға толды. Біраз жыл кеңшарда жылқы баққан. Кейінгі кездері жер алып, шаруа қожалығына табан тіреді. Тез-ақ теңеліп, байшыкештер қатарына ілікті. Бір мінгішке зар қылған өкіметің енді жекешелен деп сұңқылдайды. Исағұл техникаға сүйенеді. Арзаншылықта сатып алған темір көлікті осындай ұзын жолға мінеді. Арқарлы бір бүйірінен кетпей сағынышын түрткілей беретін. Махаббатқа жол ашып, Зәйра сұлумен табыстырған құт мекенді ерулегелі көңіл құсында маза жоқ. Шарықтап көкке шығып, қалықтап жер шөл дейді. Қапастағы жылдар көзіне жас келтіріп қамықтырса, азаттыққа шығып, Арқарлы өңірін емін-еркін шарлағаны және

еліттіреді. Ойлап қараса, өткен ғұмыр көрген түстей екен. Желдей ескен есер көңіл қоя берге басып, көмейіне жыр кептеледі. Жыр тербеуге де сылтау керек. Тайға емес аруаққа тағзым етіп, Нәйраны әулиеге түнетуге келгені тұсайды көңілін. Әйтпесе тендікке қол жетіп, ақ түйенің қарны жарылған заман бұл. Қашанғы күрмелсін. Жетпіске келсе де Исекең әлі құнақ. Сойдауылдай төрт ұлы әкені бейнеттен құтқарған. Екі қызы тұрмыста. Екі келіннен төрт немере сүйді. Бәйбішесіне деген жүрегі әлі баяғысынша. “Зәйра сұлу” дастанын өз қаражатымен бастырған. Нәйраның жағдайы демесе, шүкір, бастары аман, малдары түгел.

Исекең балдызына барды. Киіз үйдің сыртында жұмсақ орындықта күнестеп отырған Нәйра:

- Жезде, бүгін күн шуақты-ау осы, - деді төгілме ша-шақты ақ жібек шәлісінің шалғайын арқасына серпе тастап.

- Күзем шағырмағына кезігіппіз, иншалла жолымыз болады.

- Айтқаныңыз келсін! - деді Нәйра балаша қуанып.

- Ауыл аман ба екен?

- Қайда да бұрынғы өктемдікке қарсылық. Сірә, Есей мырза тағынан түссе керек.

- Оны биліктен қуған кімдер екен? Данаш бар шығар араларында.

- Ол бұл жақта жоқ деп естідім. Емделуге Мәскеуге кетіпті.

- Қашан?

- Бұдан екі жыл бұрын. Содан бері хабарсыз. Жақсы ит өлімтігін көрсетпес деген. Онысы жөн бір есептен.

- Өлген екен ғой?! - Нәйра кемсендеді.

- Есіл азамат-ай, ит қорлықпен өтті-ау ғұмырың!

- Жаманаты естілмейді. Сұрастырармыз тағы.

- Мен десеңіз, Данашты жүздестіріңіз менімен. Іздеп табыңыз, жезде.

- Жарайды, Нәйражан. Сендерді жөнелтемін де, өзім осында қаламын. Тірі жүрсе алдыңа бір апарамын қалайда.

- Сөйтіңіз, жезде. Төлешімді қолына табыстауым керек. Құдайдан жасырмағанды адамнан жасырайын ба, бала сонікі.

Исағұл жорта білмегенсіп: - Ө, солай ма еді?! Бәсе-бәсе Төлешжан Данаштың аузынан түсіп қалғандай, - деді.

- Төлеш өзіңнен аумайды деп неге алдайсыңдар мені?

Соқыр тауыққа бәрі бидайдың керіне баққансындар ғой, сірә.

- Көңіліңді аулағанға жазықты емес шығармыз, - деді Исекең қамқор ниетте.

- Бір сенің қамың. Қалай, ұйқың тыныш па? Былай, түс көріп, аруақтар аян беріп дегендей.

- Бүгін тағы еру болайық осында, сосын айтамын.

- Лайым, періштенің құлағына шалынсын! Иә, құдай-ай, шипасын сала көр! Қосай бабаңның аруағы қолдасын сені.

- Құдай тілеуіңізді берсін! Осыдан жанарым орнына келсе, сіздің бейнеңізді бірінші салармын-ау.

- Оған сөз бар ма. Алдымен денсаулығыңды ойла, Нәйраш!

Көңіліңді аландатпай, аруаққа сыйын. Ал, мен кетейін. Айтпақшы, құдайы дәмге көп адам жиналады. Мықты бол. Сырынды алдырма.

Нәйра жездесінің қамқор сөзіне бір көтеріліп қалды. Қасына Төлеш келді. Мектептің соңғы басқышында оқып жүрген ол тым естияр. Әрдайым шешесінің ыңғайымен болады, басы артық сөзге бармайды.

- Арқарлы ұнады ма саған?

- Ұнады, бірақ арқарлар көрінбейді.

- Сақ келеді тау еркелері. Көзге түспейді, балам.

- Әлгі кісі ше, өзің көп іздейтін? - деді Төлеш қолайсызданса да, тілінің ұшына келген сөзді ірке алмай.

- Ол сенің әкең ғой, балам.

- Әкең деймісіз?!

- Енді қалай? Бір естисің ғой, әйтеуір.

Төлеш жаңағыдан бетер тұқырайды. Шешесі кейде бұған: “Менен кейінгі саған жақын адамды айтамын әлі” - деп тұспалдайтын. Сол айтам дегені мұның әкесі боп шыққаны ма? Жарайды, болсын-ақ. Осыған дейін ол қайда жүрген?! Нендей жұмбақ?!

- Сіз отыра беріңіз. Мен сейілдеп келемін, - деді ол шешесін арқадан қағып.

- Ұзама, балам. Қонақ күтесіңдер, - деді Нәйра оның дудыраған шашынан иіскеп.

- Шашыңның бұйралығы әкендікіндей.

- Ол өзі тірі ме, қайда?! - деді Төлеш шыдай алмай.

- Өкең жоқ, өлген деуші едің ылғи.
- Тірі көрінеді. Кең дүниеге сия алмай жүрген бір тас мандай. Әйтпесе баяғыда таппай ма сен екеуімізді, - деді Нәйра қамыға күрсініп.

- Сізге хат жазатын төте кім?
- Зуһра ма?
- Неге кешігіп жатыр? Тосып алады деп едің ғой?
- Ол да мен тәрізді бағы ашылмаған мұңдық.
- Ауыра ма?
- Дені сау, бірақ жаны сырқат.
Төлеш шеше көңілін аулағыш әдетіне басып:
- Түнде түс көрдім, - деді анасын еліктіргендей боп.
- Сіз жазылыпсыз, бәрін көресіз. Сосын бір үлкен ақсақалды кісі саған орамал ұсынады.

- Орамалдың түсі қандай? Байқамадың ба?
- Қызғылттау екен. Бірте-бірте көгілдір тартты. Одан ағарды. Сол мезетте төңірек ақ сәулеге толып кетті.

- Жақсы түс. Тұрған бетте неге айтпадың? Түсті жорытады ғой.

- Қайдан білейін, - деді Төлеш шешесіне жазықты боп қалғандай.

- Кейін үйге барғансын асықпай жеткізермін деп.
- Уақа емес, балам. Құдай деген құр қалмайды. Қосай бабамыздың аруағы желеп-жебей берсін. Көңіліміз ағарып көл-көсір қуанышқа кенелеміз әлі. Жақсылық алладан болғай.

Төлеш тауға бет алды да, Нәйра оңаша қалды. Баласы ақылсыз емес. Тәңірдің мұнысына да шүкір. Жанарынан айырса да, жартыкеш жанына таяныш етіп, қолына алтын сапты кездік ұстатқан. Сол кездігі жалғызы - ұлы. Дұшпанға-айбар, досқа - мақтан. Сүрінсе демейді, жыласа жұбатады. Төлешсіз бұған өмір сүру азап, тіпті қажеті де болмас еді. “Әр адамның иесі бар. Отқа, суға түсірмей жол көрсетеді”

- дейтін анасы марқұм. Сол иесі мұны Данаштың құшағына итермелеп, болашақ жұбайларды некелесуден бұрын қауыштырған. Сірә, екеуіне төнер қасіретті әлгі қамқоршы алдын ала сезген. Құпия жеңгетайлықты бұларға білдірмей атқарып сағынысқан қос құшақты айқастыра салған. Содан соңғысы белгілі ғой. Расында мұны сондай ырықсыздық билеп, ай-шайға қаратпағаны күні кешегідей есінде.

Сурет салудың қиын да қызықты машығынан бір сәт серпілгісі келді ме, жігітке бірден құлай берілді. Данаş зар күйінде екен. Алтайыға шүйліккен қырандай іліп түскен мұны.

Сол күндері Нәйра шексіз қуанышты, бақытты сезінген өзін. Сүйген жігітіне, болашақ қосағына көрпесін аштырып, ауыр сыннан мүдірмей өткені мол шаттыққа бөлегенді. Әлдекімге деген ызасы тарқап, арбасқан біреуден кек қайтарғандай көңілі бар-тын. Екі жылдан бері соңына түсіп, басқан-тұрғанын қалт жібермей андыған біреу бұған шабуылды үдетіп, күн санап қауіп төндірумен жүр. Әлгі өзі тәрізді суретші. Жартастай шомбал ер бейнелі сұсты жігіт ақшаны күреп табады. Өзінің айтуынша шеберханада айлап отыра беретін көрінеді. Соған қарамастан ол сейілшіл. Арақты өлтіре ішеді, ұрғашыға есесін жібермейді. Тұңғыш жұбайымен екі-ақ ай отасты. Екінші алғаны көк бет, долы, жойдасыз қызғаншақ болған. Онымен де жұлдызы жараспаған. Сол әйел тастағыш Нәйраға құрық салмақшы. Жасырмайды. Бұған бәрін айтады. “Ер кезегі үшке дейін. Соңғы некелесуім сәтсіз аяқталса, қатынсыз өтемін”. Ендігі жар ететін ұрғашыға қоятын шарты - нұрдан жаратылғандай сұлулық, гүлдей нәзіктік. Өз басы әйелдің қандай сынына да төтеп бере алады. Ерге лайық кескінді. Талант боса-болмаса. Табысқой. Қаланың шегінде жеке меншік үйі бар. Қос мәшинені қосарлап мінеді. Жақсы жарға қолы жетсе, ішуді қояды. Нәйраға өліп-өшкенде сондай: “Сені алмасам өмірдің құны көк тиын, тіке асылып, әйтпесе атылып өлемін”.

Нәйра одан өлердей сескеніп, қашық жүруге тырысады. Ол бұдан өлсе көз жазатын түрі жоқ. Соңына түскен қуғыннан құтылудың бір ғана жолы - Данаşқа қосылып тыну. Осыған мықтап бел байлап енді ғана әйелдік сезімнің ырқына беріле бастағанда, ойда жоқта қатал тағдырдың суық қолы Данаşты мұның құшағынан жұлып әкетіп, құрдымға итере салған. Оқыс сокқыдан жай түскеңдей есеңгіреген Нәйра ауруханада үш ай жатты. Жүрегі қозғалған. Енді ес жиып Данаşпен хабарласпақшы еді. Күн сайын келгіштеумен ығыр қылған сақалды тағы алдын бөгесін. “Менде түк қалған жоқ. Біреудің қалындығымын. Аяғым ауыр” - десе де қайтпады райдан. Бір күні Нәйраны қала сыртына алып шықты. Сейілдетпекші. Былай шыға бере үйреншікті әнін

бастаған. Су жаңа “Волга” таспа жолда қалқып келеді. “Үйді көрдің. Жаныңа не керек, бәрі бар. Кескіндемеден жалыққанда анайы сурет салумен әуестенемін. Мәселенки, жалаңаш әйел бейнесі. Соның өзімен-ақ қалтаны сықаймын. Колхоз, совхозға шығып, мәдениет үйлерін әшекейлеп, мол ақшаға және кенелемін”.

Нәйра басын шайқаған. “Бір сөзің құлағыма енбейді. Мен ауырамын ғой, жүрегім шікәтті. Жарымжан әйел алып, басынды шатпағың не. Оның үстіне жүктімін. Аяғын шалыс басқан жеңілтек ұрғашыдан не опа табасың”.

- Аман-есен қол-аяғыңды бауырыңа алсаң, басқасы оңай. Нәрестені балалар үйіне тапсырамыз. Кейін ер жеткенсін, өзінді қайтып табады. Әйтпесе алдырып таста.

- Өйтіп керегі не. Серт байласқан жігітім бар. Содан жүктімін.

- Өтірікті соқпа! - дейді ол суық жымыып. - Осындайда бір көрінуге жарамаған жігіттен не қайыр?!

- Ол да жатыр ауруханада. Автобустан аударылып... екеуіміз бірдей... Оның ептеп миы шайқалып...

- Жә, доғар бос сөзді! - Сақалды машина жылдамдығын үдете түскен. - Жылап еңіреп соңыңнан жүгіргелі екі жылдың қарасы ауды. Мені кім деп жүрсің? Қайтамысың райдан?!

- Әуреленбе деп ескерткелі қашан саған. Мен біреудің қатынымын. Ішімде балам бар.

- Мейлі он байдан шық. Сенсіз өмір маған керек емес. Айтпады деме, құрдымға батып, құздан құлап өлем, көз алдында. Сені де, өзімді де бір жолата жоқ қылып!..

Сөйткенше ағындаған “Волга” қарсы ұшырасқан жүк машинасына қарама-қарсы атылды. Қапелімде көзінің оты жарқ етіп жанары сөне қалды да, қара түнекке жұтылып терең шыңырауға домалап бара жатты. Есін жиғанда байқаса, қос алақанымен бетін басқан бойда, бір уыс боп домаланып қалған екен. Машина орташа жылдамдықпен зымырап келеді. Жол серігінің табашыл күлкісі жетті құлағына: “Жаның тәтті, сөйте тұра - дінің қатты. Өтірік талғансып мені қорқытпақсың. Пәле жауып, сотқа бермексің ғой”. Нәйрада үн жоқ. Сақалды әр нені айтып лағады. “Бүгіннен бастап менің қатынымсың. Аярсығаныңмен құтылмайсың бәрі бір. Буаз әйел шошынса, түсік тастайды. Арам сідіктен жаратылған шатадан арыласың. Қайта қуан оған”.

Нәйра көзінің түк көрмей, қол-аяғынан жан кетіп, сіресіп қалғанын жігітке қысқа қайырым сөзбен жеткізген. Сақалды сойқан бір жақсысы, мұны ауруханаға дер кезінде жеткізді. Бетіне жабысқан қолын дәрігерлер үш тәулікте зорға жазды. Оқыстан сөнген жанарын қалпына келтіру мүмкін болмады. Құрсағындағы шарананың жарық көруіне олардың септігі тигені анық. Қимылдап қалған нәрестені алдырып тастаудың реті келмеген. Болашақ ананың келешегіне қауіптенген ағасы мен жеңгесі Нәйраны емдету үшін апармаған жері, қаратпаған дәрігері қалмады. Бірақ, профессорлардың өзі дәрменсіздікпен бас шайқаудан әріге бармады. Жүйкесі қатты зақымданған, уақыт өте келе теңеліп кетуі ғажап емес дегенді айтады. Кейінгі жылдары ел арасынан шыққан емшілерге қаранып жүр.

Солардың шарапатынан ба, төңірегін тұмшалаған қараңғылық сетінеп табан жолын ептеп көреді. Әлгі өзі ұнатқан емші аруақты бабаларыңның басына барып түне деп тапсырған еді. Ұзын жолға шыққалы көңіліне қанат бітіп, кәдімгідей ширап алды. Таяқсыз жүріп кетуге бейіл. Осы қазірде Бабатауды да, бейіт басындағыларды да көреді. Бірақ соған сене алмай жасқаншақтайды. Үміті оянғалы бір жылдан асты. Әр нәрсенің нобайы байқалады. Бірақ қарауытқан адам бейнесіндегі бір сұлба көзіне тіреу боп тұрады да қояды. Ол елес Данаштың бейнесі-тін. Алдамшы елес: “Міне, қарашы, маған дұрыстап, қасыңда тұрмын” деп еліркегендей болады.

Кенет ойы бөлінді. Самбырлаған ашық үн жетті құлағына.

- Мен ғой, Нәйра, - Зүһра оны құшағына тартты.

- Оу, жарығым! Алтын сүйек асылым! Гауһарым сол!

Нәйра да оған ең ыстық тілек сөздерін арнады.

- Қос бөбегің өсіп жатыр ма, Зүһраш? Анаңның алдынан жарылқасын. Қолынан талай дәм татып едім шешенің. Арманы жоқ, сені жеткізіп...

- Саушылығың қалай? - Зүһра оған ықылас таныта сауал тастады.

- Өзің өндісің ғой, мүлдем?

Табан жолын көреді деп естіп едім, рас па?

- Үмітсіз емеспін. Қосай бабамның аруағына сыйынып, атамекеннің топырағына аунап бір жасадым.

- Төлешің қайда? Жігіт болды ма?

- Осында. Соның арқасы менің қалқиып отырғаным. Ақылсыз емес. Өз балаларың ше?

- Егізегімді айтамысың? Жұрт құсап жалқылатқанша, қосарлап бір-ақ таптым. Қанатым мен Жанатым биыл мектеп табалдырығын аттады. Таяуда тоқым қағарын жасап, құдайы бердім көрші-қолаңға.

- Қайырлы болсын. Ұзағынан сүйіндірсін, - деп Нәйра көзілдірігін алып, айналасына сүзіле қарады. - Қайда балаларың?

- Машиненің ішінде отыр.

- О, кімнің машинасы? Байға тиіп алғаннан саумысың?!

- Тимегенде ше! Баланы күлге аунап таппақпын ба?

Нәйра іркілді. Бәлкім, рас шығар тұрмыс құрғаны. Дені сау ұрғашыға жар құшып, бала сүйгеннен артық бақыт бар ма?!

- Айтпақшы, Данаштан не хабар білесің?

- Осыдан үш жыл бұрын ба, арнайы барып халін білгем.

Сәлемінді жеткізгем. Бірақ зағиптығынды жасырдым.

Аядым байғұсты. Облысымыз бөлек, жолым түсе бермейді ол жаққа.

Нәйра күрсінді. “Өліп қалған ба, менен жасырады-ау осылар”. Жүрегім сенбейді. Тірі ол. Сәл босаңсығанын созбен бүркемелеп: - Күйеуің кәмерсанта шығар? - деді ойын-шыны аралас.

- Одан да жоғары. Президент.

- Ненің?

- Үлкен бір фирманың.

- Табысқой, қолы ұзын десеңші. Жолдасыңа тапсырсаңшы. Данашты іздеп тапсын.

Ендігі күрсініс кезегі Зуһраға тиген.

- Әй, аңқауым, сол. Байдан үмітімді үзгелі қашан. Қос жетімекті асырап, ел қатарына қоссам, маған сол да жетеді.

- Өзің ғой мәшинені айтып.

- Зәкенді білесің. Сол кісінің баласы институтты бітірісімен, кәмерсанта боп кеткен. Есімі - Демесін. Қазір үлкен фирманың қожасы. Бармайтын жері жоқ. Бір жылда Қытайға екі рет, Индия мен Түркияға үш рет барып келді. Сейілдеу үшін емес, табыс табудың көзін іздестіріп. Таяуда Америкаға жүрмекші тәжірибе алмасу үшін. Ірі бірлестік

құрмақшы. Қосай әулиеге кесене соқтырмаққа талаптанып жүр. Байдан қашсам да, барлықтан құр қалмайын деп Демесіннің қарамағында дүкен ұстаймын. Қаладағы ең ірі жеке меншік сауда орнының дырдай директорымын. Мәшинені мен теппегенде кім тебеді?

- Соның бәрі де жалғанның жарығына татымайды. Біреуге мал қайғы, біреуге жан қайғы деген осы. Маған салса, дүние-малды сүйгенімнің жолына арнар едім.

- Менде сүйген болмаса қайтпекпін?!

- Жалған сөз саған жараспайды, Зүһра.

- Бәрі бір өз теңім қолға түспейді енді, - деп күрсінді Зүһра.

- Тайлақтан артық нар, жігіттен артық шал бар. Азар болса байсырады дерсің. Әйелдің еркексіз күні қараң. Адамның өзіне өзі жасаған қиянаты барып тұрған имансыздық.

- Ой, қоймадың-ау көк қыз! Есей ағаңа тие саламын. Сол ма керегі?

- Несі бар, ти. Мен көрген Есағаң сені кәртайтуға жарайды.

Зүһра не айтарын білмей тығылып қалды. Құрбысының аталы сөзі бұны ойландырып тастады.

- Жүр, бойынды жаз, - деп ол Нәйраны қолтықтап алды.

- Тағы ұрсып жүрерсің.

... Бейіт басына тұйғындай құнтиған жеңіл мәшине кеп тоқтады. Сия көк “Мерседестен” мығым денелі қара жігіт түсті. Әлгі тау жаққа күн сала қарады. Сірә, біреуді көрді ме, қолын қоймай-қоймай бұлғады. Қонжықтықты ашып, екі бума алып шықты да, состиып анадай жерде тұрған Төлешке:

- Інішек, бері таян, - деді бұйрықты үнмен.

- Ассалаумағалейкум, ағатай!

- Сәлемің неткен нәш, - деп Демесін оған жылы ұшырады. - Кімсің?

- Жолаушымын, ағатай. Құдайы мейманмын.

- Үлкендерше сөйлейді екенсің, тәрбиелі ауылдың баласысың-ау, ә? Жүзің таныс көрінді, біреуге ұқсатып тұрмын.

- Нәйраның баласымын, - деп айтып үлгерді Төлеш.

- Білем апайды. Жиен екенсің ғой. Асығыс едім. Көмектесіп жібер. Мынаның біреуін ұста. Жеңілірегін.

Төлеш үнсіз келісті де, Демесіннің соңынан ерді. Екеуі екі буманы иықтарына қондырып тауға бет алды. Төлештің

ұстағаны жеңілдеу, Демесін жүгін мықшындап зорға көтеріп барады. Бұлар етекке іліге бере тоқтады. Терін сүртініп, демігін басқан соң, Демесін оны сөзге тартты:

- Ел-жұрттарың аман ғой? Қырғызстан не бітіріп жатыр? Өзгеріс бар ма?

- Бар, - деді Төлеш сәл езу тартып. - Біздің жақта екінің бірі алыпсатар. Қаптаған саудагер.

- Өзің не бітіріп жүрсің?

- Оқушымын әлі. Құдай жоқ деуші еді мұғалімдер. Енді бар деп сұңқылдайды. Капитализм адамзаттың қас жауы болмай шықты. Іріп-шіріген империализм емес, социализм екен. Ең дамыған, гүлденген ел солар. Біз артта қалыппыз. Коммунизм құр қиял боп шықты.

- Өтірік пе?

- Сонда, ағатай біздерді қаптаған кәмерсанттар жеткізеді ме мұратқа?!

- Саудагерлік күн көрістің тәсілі. Сауданың ебін тапқандар байиды. Байлық - қазына. Менің байығаным - сендердің бақтарың.

- Қалайша?

- Ендігі жерде барлығын қалта билейді. Сені жоғарғы оқуға түсіремін.

- Сенбеймін?!

- Ендеше тында, - деді Демесін бітікше көзін сығырайтып. - Мен институтты бітірісімен көзді жұмып саудаға араластым. Шалымды бір бизнесменнің қолынан ұстап айрылмадым. Әлгі жат десе жаттым, тұр десе тұрдым. Содан іліктім біртіндеп. Қалтам ақшаға томпайғасын жіңішкелеп фирма аштым. Екі жылда дүрілдеп шыға келдім. Енді мен өзгелерге қожалық ете бастадым. Қожалық дегеннің мәнісі - тамыр-таныстық, жең ұшынан жалғасу, ұйымдасқан алыпсатарлық. Бір-бірімен матасып, тістесіп жатқан ұшы-қиырына көз жетпейтін сыбайластық. Мұны ресми - мафия деп атайды. Бейнелеп айтқанда кәдімгі болат шынжыр. Сен сол шынжырдың бір ғана шығыршығысың. Шынжырды үзуге жай адам тұрмақ мемлекеттің шамасы келмейді.

- Бүйтіп байығанша, ағатай, мен қайыршы боп кетсемші?!

- Әлі қайтасыңдар райыңнан. Жоқтан барды жасау үшін солай жасамасқа лажың жоқ. Өйтпейді екенсің, басқалар құлданады сені. Бұрын да құлданып келген. Қазір де құлдан-

бақшы. Жеріңнің де, еліңнің де қазынасы көлденең көк аттының қанжығасында кетеді.

- Ағатай, кешіріңіз. - деді Төлеш райынан қайтпай. - Сіздер ғой ақшаны онсыз да кедейленіп қайыршылық халге жеткен халықтың қалтасына түсіп, жүліктікпен тауып жүрсіздер. Дұрыс па соларыңыз?!

- Айтпадым ба жаңа. Жетпіс жыл бойы Кеңес үкіметі бай да жоқ, кедей де жоқ деумен келді. Жұрттың бәрін бірдейлестіремін деумен-ақ діңкеледі. Содан не шықты? Ендігі заманның ұраны - бірің емес, бәрің байы. Қалтасы тақыр оңшең әйеншек сыпайы қалай байымақшы? Айтшы құдайшылығын? Демек мен бүгінгі өтпелі кезеңде халықтан алмай, өзімді қайтіп қорландырамын? Көктен ақша жамайды. Бір қалтадағы екінші қалтаға түседі. Жұрттан алғанды күндердің бір күні екі еселеп қайтарамын. Осы жүргенде алуға емес, беруге келдім.

- Беретінің мынау ғана ма, - деп Төлеш буманы нұсқады.

- Ә, бұл қасиетті нәрсе. Тәуелсіз Қазақстанның ел таңбасы мен туы.

- Оны қайтпексіз?

- Бабатаудың басына шығарамыз. Хас шеберге алтынмен аптатып, күміспен күптетіп, асыл заттан жасаттым. Күндік жерден желбіреп жарқырайды да тұрады.

- Біреу ұрлап кетпей ме?

- Арқарлыға екінің бірі шыға бермейді. Осында Смет ағай бар. Сол кісі ғана. Кезінде спортшы болған. Қазір жеке шаруагер. Өні, өзі де келе жатыр. Сен бара бер. Шешен іздеп жүрер.

Екеуі төс түйістіріп амандасты.

- Тапсырмаңыз дайын, - деді Демесін мақтанышпен. - Ақшаны аяйын ба, шебердің қолын алтынға болеп қойдым. Сосын ол аянбай жанын салды.

- Шығындалып қалған жоқпысың? - деп Смет оған сұраулы кескінде антарылды. - Қосай әулиенің кесенесін тұрғызу тағы сенің мойныңда.

- Мәселе ақшада емес, Смет аға, санада. Сананы ояту үшін нендей бір әрекетке көз жұмбай бармасақ - ұтыламыз. Бізді былайғы ағайындар кәмерсант деп шетке қағады. Түбінде жақсылықты кәсіпкерлерден көреді қара халық.

Сілкінуіміз керек, Смет аға. Қашанғы бұға береміз. Қосай батырдың мүсінін граниттен қашатамыз әлі. Ескерткіштің көкесі осы дегізіп.

- Періштенің құлағына шалынсын, - деді Смет тәубешіл әдетімен. - Мешіт ашу да керек еді.

- Ауылда намаз оқитын анық он діндар да жоқ. Ол қалай болады?!

- Мойны қатып кеткен діндарсыз емеспіз бе. Түбінде діндарлық жастардан шығады.

- Көрерміз. Кеңіректеу үйді ыңғайлай беріндер. Бір қалт еткенде сатып әперемін. - Демесін Сметке райлана қарады. - Соңыра тағы келемін. Тау басында желбіреп тұратын болсын. Көзіммен көріп, көңілімді демдейін. Ертең ақсақалдарды жиып батасын аламыз.

- Тұғыры дайын. Алла қуат берсе, бір шәй қайнатымда тындырамын. Демесін кетісімен Смет екі буманы арқасына біріктіре танды да, ширақ адыммен шыңға бет алды.



Күн аралатып соғады үйреншікті шиырға. Бүгін сәл кешіректеу шықты. Баяғы Күлмәш емшегін ұстаған құла биеден тұқым бар. Соның жорға құлынын жылқы ішіне жібере салған. Жеті жасар сары асық құланың жүрісі майда. Жел қайықтай сырғыған жорғасынан көңілге желік бітердей. Бірақ мұнда қайбір жетіскен көңіл бар. Орашолақ қасапшының қолына түскен жіліктей сидиып сопа басы қалғаны батады жанына.

Бағана үйге ойда жоқта Зуһра келген. Сараң амандасудан кейін ол бұған жай-жапсарын білдірді. Тіршілік күйбені оны саудамен айналысуға мәжбүр еткен. Тұрмысы жаман емес көрінеді. Балалары ер жетіп қапты. Өзінің сол баяғы қалпы. Кысыр қулықтай жарап алған.

- Женгей қайда? - деген ол сөз арасында.

- Естімеп пе едің, жібергемін?

- Тағы біреуге үйленді деп...

- Қатын алғыш атандырмақсындар-ау, ә?! - деген Есей кекесінмен. - Өзірше бойдақпын.

Ыңғайсызданған Зуһра:

- Біз бір шаруаға ниет етіп едік. Соның ішінде болсын деп сізді арнайы шақыра келдім, - деді назарын төмендетіп.

- Бізін кім?!
- Зекеннің Демесіні ше?!
- Е, ол байың ба еді?!
- Бастығым.
- Бастығың болса ше?!

- Бизнесмен. Кәсіпкер ғой. Сол мырза Арқарлының биігіне асыл заттан жасаттырған еліміздің ел таңбасы мен туын тіктірмекші.

- Тіктірсе қайтейін?! Бердім соларға Арқарлыны! - деген қолын сермеп. - Жетті ғой қиқағың, өзің тиемісің маған?

Ол суық жымиған. Зухраға дөрекілік әсер етті ме? Қайта ол мұндайға ширығады: Ширыққанда соныңнан сәбізі біткен-ау?! “Қоян жатарында жер талғамайды, әйел қашарында ер талғамайдының” керімен жас жігітке ойысқаны тегін емес?!

Онсыз да салқын жүрегін суық леп шарпып іші азынап барады. Қызғанышқа келіңкіремейді, өкініштен бе, көкірегін кеулеген өтті-кетті бірдеңенің шарпуы тәрізді. Жалынып-жалпайған, майдалап та көрген, бірақ оған иілекті ме? Барсын! Енді оның мұнымен дәм-тұзы жарасып кетуі екі талай. Бәрінен де бұрын қысыраған биедей ойқастағанын тастар ма? Кепкен ағаштай қатып алыпты. Сұрланған сиқы жаман. Есіне мәшіңке басатын келіншек түсті. Азынаған көңіліне қапелімде сағыныш үйірілді. Жұрт көзінен қорынғаны ма, ол да сырт берген. Дағарадай үйде жапа-жалғыз күніренумен күні өтіп жатыр. Жазда Гүлзиден қалған жиен қызы серік болған. Ақ бақай қара мысық пен Айбардан басқа аулада қыбырлаған жан жоқ. Мысықтан гөрі Айбардың жөні басқа. Адамнан зият, есті ит иесіне үйір. Байласа ұлып мазаны алды. Сосын бос жіберген. Енді иесінің соңынан қалмайтын әдет шығарған. Аанада мәшинемен қапталда-сып тауға ере барған. Атқа тақымы тигені өзінен де бұрын итіне жайлы тиді. Сабау құйрық серек ит мейлінше иісшіл. Тапқанын тістеп әкеп иесінің алдына тастайды. Итінің қабілетінен үмітті Есей оны күнде ертеді. Отқа түскірден әзірше дерек болмай тұр. Адам қырпын андағыш Айбар тау-тасты кезеуілдеп тіміскіленіп-ақ бағады. Сол маңнан бір иісті сезетін тәрізді. Өттең тап баса алмайды. Есей саусылдаған көп медальдың біреуін қалтасына сала шығады да, тас жықпылына жасырады. Айбар тығындыны қолма-қол тауып,

ізінше иесіне тістеп апарды. Күндегі ермегі осы. Жоғалған пышақтың сабы алтын, жұлдызын кімге көзі қиғандай. Сол тұсқа түсіріп алғаны өзіне аян. Ендеше іздесін дұрыстап. Бүкіл ғұмырын асыл жылтырақтың жолына сарп етіп, қолы зорға жеткен қымбатын мүйіз сапты кездік құрлы көрмегені обал ғой. Зекенге бекер білдірді. Ендігі ол талаға жеткізіп те қойған шығар. Соның ана жолғы жүрісі суықтау көрінеді де тұрады. Тауып алса бермейді. Өлсе айырылар ма?! Алтын тұрмақ жылтырақ темірдің үстіне түсіп өле жаздайды.

Көңілін күдік қармаған ол үміті кесілгендей шарасыз торықты. Қайтсе екен? Ақырғы рет іздеп көрсін. Бүгіннен кейін бұ жаққа қия баспайды. “Ей, алла, жан ғып жаратқаның рас болса, дос-дұшпанға таба қыла көрме! Қосай бабамның әруағы қолдай көр!”

Тілінің ұшына орала бермейтін жалбарынышты сөз еріксіз лықсыды көмейінен. Әрлі-берлі өткендерден қорынып, жолсызға бұрды ат басын. Айқыш-ұйқыш жыртыла-жыртыла безеу беттеніп, арам шөп басып кеткен, тепсең тұяғына қатқыл тиіп, құла жорғасынан жаңыла берген. Ат жорғасынан жаңылса соғым болады, заман екпіннен жаңылса қайтпекші?! Қай тауға шығып, қай биіктен қарауыл қарағандай? Кешегі биіктік бүгінгінің тұғырына жарамаса, оған кінәлі жалғыз бұл ғана ма?

Тау аңғарынан аса соққан жел түйе қаңбақтарға қоныс таптырмай төңірегі кара-құраға толып кетті. Жортуылдаған қаңбақтарды сағым көтеріп зорая көрінеді. Ит бүлкекке басқан қасқырларға ұқсайды. Айбар елендеп алға озды. Есей тізгінді кілт тежеген. Еті қызынған жорға қоя берге басып, ауыздығымен алыса көлденеңдейді. Ерттеулі ат жайылып тұр. Иесі шұқындап жерден бірдеңе теріп жүр. Таныды. Дәл соның өзі. Топырақ үгіндісін кішірек қалтаға салып жатқан Данаш оны байқамады. Қасына барған иттен сескенді ме, ұшып тұрып атына қарай жүрді.

Ол бұған көз тоқтатқанша, Есей бұрылып кетті. Беттің қалыңдығына жөндіріп көрер еді, илігер ме, анау бірақ? Ұмытты деймісің баяғы сүркілді. Кек қуып есе қайтармаса де?!

Сөйткенше құйындатқан біреу тағы шықты алдынан. Үш аяқты мотоциклге қонжыған Зекен бұған жете амандасты.

- Ой, Есеке, жүрісің жаңа түзеліпті. Айтпады деме, қырсығың кетеді енді?!

- Айтканың келсін! - деді Есей. - Сенен де жөні түзу сөз шығады екен-ау?!

- Мен байғұс қашаннан ақ көйлекпін ғой. Сүйіншілеп жүремін ылғи.

Есей өңмендеді.

- Үздіктірме. Сүйіншің дайын, - деп оған емекси қарады.

- Сенен емес, Данаштан сұрағалы. Құдай көз жасын иіп, қатын-баласы кеп жатыр...

Атын тебіне соқтырта жөнелген. Тегіс жерге тұяқ іліктірген құла барын салды. Есей ештеңе ойламауға тырысса да, құлағынан Зекеннің сабырлаған үні кетпей қойды. “Ошағының оты сөнбепті. Қосай бабасының аруағы қолдаған ғой пақырды! Аққа қарау жүре ме?!”

Жарайды, аққа қарау жүрмесін-ақ, сонда ол ел ұстай ма?! Нақұрыстар билеген елдің сиқы осы ма?! Таусыла торыққан ол үйреншікті маңға кеп атын шідерледі де, тауға тырмысты. Сан шиырлаған ізін тағы шарлап, ұзақ сенделді. Айбар да арсаландап бақты.

Жел тоқтаған. Аспан ашық. Аңғардың сызды ауасы түске қарай сынып, беткейге шуақ ұйыды. Есей дүдәмал тұстарды жалықпай сүзді. Шөп арасынан ине қарағандай сығалап, “әй, осы бұрылыс-ау, ә” деген күмәнді қалтарысқа қайта-қайта айналып соқты.

Шарасы таусылған соң, шыңға тырмысты. Анадағы арқар жусан өскен ернеуге жетіп жығылған. Көз алды бұлдырап есі ауғандай халде зорға басты ентігін. Тынысын түзеп, өз-өзіне келген соң, маңайды асықпай шолды.

Төңірек тым-тырыс. Бұйығы тыныштыққа бөгіп, күзем шағырмағына масайраған тау қабағы ашыңқы. Шолақ сағым желпіген бел-белесті дала төсі құбыла бұлаңытады. Егін алынған мал жайылыста.

Көшке ере алмай жұртта омалған ешкімді көрмей тұр. Біреулер атпен, біреулер машинамен әрлі-берлі шапқыла-сып жүргендерден көз тұнады. Дүние қараң қалса, өсти ме?! Өне, бейіт басында қаптаған адам. Жапа-жалғыз шығандаған бұл ғана. Өзгелердің айдарынан жел ескенде, жемтік күзеткен кәрі қасқырдай көрінген қарадан ықтап бой тасалағаны ұят-ау өзі?! Соншалықты өлі сүйек емес еді ғой?

Қаңырығы түтеп шол қысқанын да елемеді. Қасарыспа намыс тұла бойын сірестіріп буып барады. Итін іздеген.

Айбар етекте сай табанында әлде бір қараны тақымдап жүр екен. Есей созаландап зорға тұрды да, еңіске елпендеді. Аяқ алысы тәлтірек, жүрісі шабан, әрі ебедейсіз еді.

Құдайыға келгендер Нәйраға ыстық ықыластарын білдірді. Әке-шешесінің көзін көргендер алма-кезек құшақтап мекіренсе, құрбы-құрдастары өткен-кеткенді айтысып, көңілін демеді. Бірақ, ол аса серпіле қоймады. Бұған дида-ры тұмантық жандардың қандай пиғылмен құрақ ұшқанына назары жетпеген соң, әншейін өтті-кетті елестей сезініп, аса тұшынбады. Оңашалыққа үйренген бір сарынды тыншу тірлігінің ырғағы бұзылғанына мазасы кетіп, аңсары басқа жаққа ауды. Күткені бұлар емес-тін. Сол бейне емес пе, соқыр жанарына кіреуке боп мәңгілікке ұйыған, қара тастай бедірейіп назарын тұмшалаған. Қашан қозғалысқа түсер екен сол елес? Тас мүсіндей тапжылмайды-ау, тапжылмайды. Бір ауық алыстап бой тасаласа қайтетін еді. Жалғыз сол ғана ма бұған қымбат. Әке-шеше, туыстарының дида-ры неге елестемейді?! Бір ғана Данаш... Үнемі сол. Бір қырындап сыртын беріп... Бұған тура қарамайтыны қалай?! Кейде кеуіліне күпірлік енеді. Осы елес әлгі өзін қара түнекке қамап кеткен опасыздың сұлбасы боп жүрмесін?! Мұны арбап ту сыртынан суық сұғын қадаудан тайынбайды ол арсыз. Жоқ, ол емес. Нақ сол - Данаш. Соның сырт нобайы. Байғұс қайда жүр екен? Ауырады ғой. Сау жүрсе, жазылып кетсе бір көрінер еді ендігі.

Сұлулықты қолдан жасау қазіргі адамдар үшін түк емес. Сонда суретшінің ұқтыраны не? Нені бейнелеп, нендей ғажайыпты тірілтпекші?! Заманына қарай адамы деген пәлсапаға мойын ұсынып, суреткер атаулы жалған әлемішке қол артуы керек пе? Сурет өнеріне ден қойған Нәйраны бұл ой ертеден мазалаған. Табиғат пен адамның өзгеше нәзіктігін қыл қаламмен деген арманын қасақы тағдыр түнекке қамап, тұншықтырып тынды. Ойлайды. Бәлкім, Құдай-тағала мұны зор күнәдан қақпайлап, періште-көңілін таза ұстауына жәрдемдескен. Сұлулық пен кісілікті, айрықша деғдарлықты қиялында, өбектеп санасында тірілтсе, сонда бұған үлкен жеңілдік. Былыққан лас өмірдің тағылық көріністеріне жанарын былғамай, сәби жүрегін кіршіксіз таза ұстайды. Қанқұмар қорқаудың қолындағы қандауырды арақ пен нашаға

улаған маскүнемнің сиықсыз кейпін, нәпсі уытына бой алдырған еркектің емінген ындынын, сұғанақтың тілемсектігін, сұмырайдың су жұқпас кейпін, әнгүдіктің ешкі көзденгенін, жағымпаздың мүләйімсуін, қанағатсыздың жұтынған қомағай пиғылын көрмей, өзін қалыс ұстағаны бір есептен дұрыс та шығар. Әй, дегенмен, жалғанның жарығына не жетеді. Түнекке қамалған мың күнін бір ғана жалт еткен жарыққа айырбастар еді. Жарқ етіп, ашылар ма жанары. Назарын дүниенің сұлу дидарына суарып, табиғат әсемдігін жалықпай ұзақ-ұзақ қызықтаса ғой. Бәрінен де сәбидің балбыраған күнәсіз кейпін, сұлудың уылжыған дидарын, еркектің уытты ер бейнесін айтсаңшы! Ұрғашыға құмарта, қызыға қарағаны, іші-бауырынды жылытып, жүрегінді ерітіп жібермей ме. Еркіннен айырып, емекіте қызықтыратын, бұла сезімінді тасытып, көңіліңе желік бітіретін жігіттің жігерлі, сұсты тұлғасын сырттай қызықтағанның өзі неге тұрады. Махаббат шарабына мастанып, асау жүрегі тар кеудесіне симай бұлқынған азаматтың жалындаған отты дидарына мойыл көзіңді төңкере қарағаның шексіз бақыт емес пе?! “Тәңірім-ау, ең құрыса Данаштың дидарын жақындатшы маған! Соны ғана көріп, соны ғана қызықтайын. Көзіме тіреу, көңіліме демеу болған сол азаматтың түрін көрсетші бір! Өзгеде жұмысым жоқ. Көрсетші, көзіме сол арысымды! Иә, Құдай-ай, зар тілегімді бере көр! Есіркеші мен бейшараны! Қосай бабамның аруағы, демеші!”

Жақын тұсқа мотоцикл тоқтады. Екі адамның тықыры естілді. Дыбысқа сүйеніп дағдыланған Нәйра олардың жүрісінен еркек екенін аңғарды. Аяқ алыстарынан өзіне бір жақындық сезініп, жүрегі тулап қоя берді де, омырау түймесін ағытып, терең тыныс тартты. Көзі көрмесе де, бірдеңені тұла денесімен түйсіну дағдысы мұны осындайда демеп жібереді. Келгендермен жездесі шұрқыраса табысты. Лақылдап төгіле жөнелетін ақпа шешендігіне басып, суырылып барады:

“Сайдағы жалғыз дарағым,
Есен бе, Данаш қарағым!
Көп көріп өмір азабын,
Қалыңдады ма қабағың.
Түгестің бс тақырлап,
Тағдырдың сараң табағын.
Жасып та қалған шығар-ау,

Қырағы өткір жанарың.
Уақа емес, бауырым,
Оңалғансын заманың.
Алыстап қоныс кеткенсін,
Жатқа да сені санадым.
Түңіліп іштен мүжілдім,
Болмағасын хабарың.
Жеңіп те шыққан түрің бар,
Тағдырдың обыр аранын.
Жар болып аруақ жаныңа,
Қайтып бір келген бағалым”...

Есілген жыр Исағұлдың көмейінен түйдек-түйдек төгіліп, бейіт басындағы дүйім жұртты тебірентті. Шемен көкіректен шер болып лықсыған жыр оралымы сағыныштың бал қымызын құлаштай сапырып бір өтсе, у талмағандай “ah” ұрып, өкінішпен өксік ата егілгенде, жылауды ұмытқан безер жанарға да шық үйіріп, иімеген көкірек қалмады.

Нәйра солай қарай ұмсына киіз үйге арқасын беріп қалт тындап қалған-ды. Оқыс қуаныштан ба, әйтпесе, Исекеңнің құмар жырының әсерінен бе, тұла бойы еріп бара жатты. Байқаса, көзінен жас шығады. Оттың табына ұсталған пытырадай жып-жылы жас тамшысы қатыбас қара жерге сіңіп жатты. Беу, жылаған қандай жақсы еді! Көз жасына ерік беріп үнсіз егілген Нәйра рахат сезімге елти тұшынып, зағиптығын ұмытып та кетті. Бәз-баяғы сау күндегісіндей қабылдаған айналасындағы көріністі. Бұған түк болмапты. Жайсыз түсін өңімдегі деп қабылдап өзін алдаған. Бәрі орынорнында тұрғандай. Шоқтығын күзем шуағына аймалатқан құзар, даланың қара бұйра жусаны мен мың сан өскіні де, құба белдер мен көсілген кең жазық та, адамдар да бәз қалпында. Күн де өз орнында, жер де тапжылмаған. Көк жүзінде қалықтаған бұлт та сол қалпы. Бәрін көріп түгел назарынан өткізеді. Әне, жылы жаққа бет алған құстар легі. Шырқау аспанда салтанатпен шеру тартып барады. Тана моншақтай тізіліп, сәнін түзеп алған. Баяғыдан бері көреді екен ғой. Көрмесе, осындайлық дәлдікте қомағай назармен жер бетіндегі барша құбылысты түгел өткізер ме көз алдынан. Оқыстан жарқ етіп жанған жанары осы халіне таңырқап таңдануға, жүрегі жарылардай қуануға мұршасын келтірмей, мұны жарық дүниеге үздіктіре тесіліп, басқаша ойлауға мүмкіндік бермеді. Қара түнектен мезі боп

әбден басы айналған байғұс назары сәл тайқыса, шамшыл да кіді жанары жалп етіп сөніп, дүние дидарын тағы да қараңғылық тұмшалап тастай ма деген сақтықпен, бір жағынан оңтайлы сәтті пайдаланып қалу үшін қомағайлана шолды жан-жағын. Көруінде қапы жоқ. Алла ұзағынан сүйіндірсін. Ақаулы шырақ қайта сөнсе, жануы екіталай. Оралымсыздық жасап, опық жегеннен де, сабырмен ақырын күтсін. Күдігін үміт жеңігі еңсеріп бара жатса да, Нәйра қуанышты сезімін тұқырта берді. Онысы - сақтығы еді.

Енді ол төңірегіндегі адамдарға жекелеп көз тоқтатты. Жездесінің сүйекті тұлғасы сәл еңкіш тартып, жебелі сұлу мұртын қырау шалыпты. Зәйра әпкесі толысып, шау тартқан жүзінен нұр төгіледі. Жартастың сынығындай боп домаланып Зіркіл-Зекен жүр. Данаш көп өзгермепті. Қара бұйра шашына ептеп ақ араласқанымен дендей қоймаған. Бүркіт қабағы баяғысынша қату. Төлеш әкесінің аузынан түсіп қалғандай екен. Данаштың бұла жастығы көрер көзді сұқтандырған ересен ер кейпі баласына ауысыпты.

Нәйра олардан сырт берді. Өзіне қарай жүргенін көріп, қолын сермеді: “Жоламандар маңыма! Кетіндер әрі!”

Үйме-жүйме шоғыр ошарылды. Дабырласқаны кілт үзіп, күңкілге көшті. Нәйра назарын сынақтан өткізіп алуға алысты шолды. Жарықтық Бабатау бұған жылы ұшыраған тәрізденді. Әкесі, жоқ, құтты анасы құсап ақ жаулығын бұлғап тұрғандай. Қайтсін, келешегінен үміт күткен перзентінен қапылыста көз жазғансын құзардың да мұңы ауырлап, қабағын қайғы басқан-ау. Енді сол зарықтырған тұлымшағы жанарын тұтқан тұмантықты серпіп тастап, Арқарлыға суретшіге тән қомағай назармен ынтасын салғанда, алыстан келген қонақтың алдынан шығып дәм-тұзын тосатын халықтық рәсімді ұстанған Бабатау бұған айрықша көрінгісі келгендей, бұлтқа оранған көгілдір желегін бұлғап-бұлғап жіберді. Сол-ақ екен, аспан кенересі шайдай ашылып, Арқарлының биігінен алып құс көтерілді де, әп-сәттің арасында керегедей қанатымен күнді орап ала қойды. Шуағы өлшеусіз, мейірімі шексіз аспан тәңірісі бұрынғысынан да нұрланып, бұрынғыдан да қызуланып, алтын кірпіктерін кең байтақ қазақ даласына төгілдіріп тұрғандай еді.

Жұмбақ көрініс Нәйраны қайран қалдырды. Онсыз да ғайыптан оралғандай жарық тіршілікке тосырқап тұрғанда,

Бабатаудың ағыл-тегіл ақ жарма пейілі тіптен таңырқатты мұны. Үркек күдігі ешкі көзденіп: “Мен осы түс көріп тұрған жоқпын ба?”, - деуге мәжбүр етті де, таудан жанарын алып қашты. Қапелімде ол тағы да тосын көрініске тап болды. Етекте мүйізі шаңырақтай құлжаны ит қуалап жүр. Арсылдақтың тәрізі жаман, тау еркесін бұл бетінде орға жығып, қанын судай шашатын түрі бар.

Байыптаған сәтте Нәйраны аяушылық женді.

- Құтқарындар арқарды! Құтқарындар! - деп жан даусы шықты.



Айбар дүрديدі. Иесін арқаланып арқарға тап берді. Ан қуып дағдыланбаған итті алғашқыда әуестік жеңген. Алдыартын орағыштап құлағын жымып ырылдағаны болмаса, құлжаға тіс батыруға зауқы жоқ-тын.

Керқұлжа үңгірден аса ұзай қоймаған-тын. Түрі суық көрінгенімен, көк ит батылсыздау ма, қалай. Нем кетті үрісінде үрей тудыарлықтай дігер байқалмайды. Құлжа сақтана жылыстап, үйреншікті үңгірге біртін-біртін жақындай берді. Тақымдап қоймаған соң ышқына жүгірген.

Кер еңтігін зорға басты. Кәрі кеуде тозған көрікше ауыр демігіп, біразға шейін тынысын түзей алмады. Қатты жүгіргеннен бе, ақсақ аяғы қан қақсап, жөн арқасы шымырлады. Кенет, екі аяқты құбыжықтың жағымсыз исі келді танауына. Серендеген біреу қарсы беттен бері түсіп келеді. Құлжа жата қалды. Бұқпантай қор тіршілік арынды асау арқарды осындай бейшара халге жеткізген.

Сұр ит өршеленді. Арқарға қарсы шапшып тұмсықтан ала түсті. Кері шегіне беріп, тұра кеп ұмтылғанда, ит сыңар мүйіздің соққысына тап болды.

Құлжа жойдасыз ышқыныстан есеңгіреп қалған-ды. Осындай алымдылық көрсеткенде, айбарлы тұрқы сұңғақтана иір мүйіздері көк тіреп, әй бір астамситын!

Арса-арсасы шыққан кәрі арқарға айбат шеккен астамшылық қайдан келсін. Жанын арашалап қалғанына шүкіршілік етсе де жетер.

Танауынан қан тамшылады. Құлжа пысқырына тыпыршып, тұмсығын топыраққа үйкеді. Небір алапат айқаста

денесіне тіс тидірмеген өршіл тағыға мына салпаң құлақтың басынғаны-ай!

Құлжа шарасыз пысқырынды. Тіліне жылымшы қан дәмі сезіліп, аузына арам шөп түсіп кеткендей малжандады. Ізінше үйреншікті түйсікпен көзіне ерік берді. Жылауды үйреніп алған жануардың сау жанарынан ауыр жас тамшылары домалады.

Сол сәтте тым-тым алыста қалған көмескі елес оянды түйсігінде. Ене бауырында асыр салып, алғаш арқар жусанды талмағаны көз алдынан жүгіріп өтті. Құнан шығып тоқ сауыр тұсақтарға жаныққаны және ереуілдеп, кәрі кеудені еріксіз иітті. Өткенді еске алу сезімі арқарларда әлсіз жетілгенімен, тас жүрек тағдыр жетім құлжаны жылауға, адамша мұнайып сағынышқа берілуге аздап бейімдеген-ді. Оқыстан баураған тәтті мұң құлжаға сақтықты ұмыттырып жіберді. Танауымен иіс тарта пысқырынып, сыңар мүйізін шүйіре таяп келген сұсты бейнеге айбат шекті.

Ұялған тек тұрманың керіне баққан репейсіз ұзын адам амандасу ишарасын жасап, құлжаға бірдеңе деп үн қатты. Өттең, шіркін, ғайыптан тіл бітсе ғой, табиғаттың момын төліне ит терісін басына қаптап айтып-айтып тастар еді. Бірақ, айттың не, айтпадың не, жұмыр бастыларға сөз өтпейді бәрібір. Он сегіз мың ғаламды жаратқая Алла-тағалаға сойылдарын білеп, құрық шошандатқан Құдайсыздар таудың қорғансыз қоңыр қозысын не қылады?!

Есейді алғашқыда әуестік биледі. “Бұ не қылған арқар?! Ит талап тастаған-ау”. Байыптап көз тоқтата бере әлгіндегі ойынан қайтып қалды. Жүрегі бүлк етіп аунап түскендей болды да, кәнігі ескі танысымен жүздескендей, құлжаға бір жағынан таңырқап, бір жағынан мүсіркей назар тоқтатты. Тірі арқарды тым жақыннан көргені осы-тын. Қарсы алдында төрт тағанына ілігіп арбиған сүйегі терісіне жабысқан өімші сұлдер тұр қауқиып. Тұла денесін қатып-семген қу ағаштан домбалдаған қарақшы арқардың күн жеп, жел қағып уақыт тоздырған сыңар мүйізі мазақ үшін қыстыра салған шірік томар тәрізді. Тесірейген жалғыз көзде сын қалмапты. Үрейден шатынап ұясынан атып шығудың аз-ақ алдында. Жыл мезгіліне көндікпей, түсіп бермейтін қоңыр барқын түгі қураған шөптей ақшулан тартқан. Ата сақалы да сирексіп қалғандай ма. Тас көрмеген маймақ

тұяқтары да аянышты. “Арқар емес, әруей ғой, әруей. Есіл құлжаның сәбізі біткен екен!”

Есей қуыстанды. Мына момын тағыға деген аяушылығын қасақы ұры күңкіл іліп әкетіп, өзіне арнағандай сезілді де, шегіншектей берді. Қапелімде тулақша қорбиған қарақшы арқарға жан бітіп қозғалақтай бастады. Құлжа тарпынды. Жер басқаннан бері қыр соңынан қалмаған екі аяқтылардың талайын көрген. Жақыннан да, алыстан да. Соңына сүркіл салып қуғынға түсіргені, құзға қамап құрдымға құлатқаны еміс-еміс түйсігінде. Сол бітіспес жан алғышпен бетпе-бет келіп тұрғаны бір бұл емес. Жарға бұғып, үңгірге тығылумен қос үрей күн кешкен сынық мүйіз, ақсақ құлжа жауларымен өліспей беріспейтін теке-тіресті ұмытқалы қашан. Оны айтасың, егесті тайталастан да ықпайды. “Күресуге дәрмен жоқ, іш қазандай қайнайды” деген осы. Биіктікті тұғыр етіп құздан қарауылдайтын астам кеуде басылып, арынды арқар шабыстан қалғалы от оттап, су ішуден басқада жұмысы жоқ. Бірақ сонда да аңдудан құтылмайды. Тағымен тағыша тіресіп көрер еді, екі аяқтыларға беттей алмайды. Тайталастан шайлыққан жүрегі атқақтап кәрі кеудесін тесіп шығардай бұлқынды дейсің! Бұлқынғанмен тығырықтан жол тауып, сытылып кететін қайраны бар ма?! Кең дүниеге сидырмаған соң, тар қуысқа тығылған, оны да көп көрді. Барар жер, басар тауын тұйықтап тарылтып қойған ит тағдырмен жағаласып көрсе қайтеді?!

Құлжа сестенді. Оқыс шырығып, кеудесін тіктеді. Оңға қарай қиыстатып алып түсе беретін сыңар мүйізін қомдап, көзін ежірейтті арбасқан екі аяқтыға. Шегіне алға шығып, ордаң-ордаң ойкастады.

Есей тіксінді. Қарақшы арқардың одағай қимылынан сескеніп пистолетін кезенді. “Бұ хайуанды аясам, қара мұны!” Құлжа ығыспады. Өршелене өрекіп сыңар мүйізін тасқа ұрды. Тастан от ұшқындады. Шатынап жалғыз көзі Есейдің өңменінен өтіп барады. Қауқарсыз томар мүйізге айдаһар оратылғандай айбынды-ақ. Әлгіндегі өлімші сұлдер көрер көзге іріленіп шоқтығымен көк тірердей алып құбыжыққа ұқсады.

Есей шегіншектеді. Заматта басына неше қилы ой келді. “Арқарға ұқсамайды. Әншейін елес шығар?! Әлде аруақ па, құлжа бейнесінде мені арбап тұрған?!”

Есей бәлекей мылтығын ыңғайлап құлжаға сес көрсетті. “Байқа! Менімен тіктескен неңді алған?! Жол шығын боп кетерсің”.

Құбыжық арқар жуаситын сыңай танытпады. Келсең келге басып жұқа танауы делдең-делдең етіп көзін ежірейтті. Мүйізіне оратылған айдаһар басын қақшандатып Есейге кәдімгідей-ақ оқталып-оқталып қояды. Сірә, атылатын түрі бар ма, қалай?! Іс насырға шаппай тұрғанда есеп айырыспаса болмас мына құбыжықпен. Шүріппені басуындай-ақ басқан. Сұқ саусағы қарысқанша. Бірақ бәлекей мылтық от алмады.

Есей енді анық сескенді. Сескенетін де қисыны бар. Жаман әліне қарамай көтерем құлжа бұған майдан ашқалы тұр. Жалтаруға ойысып еді, табаны жерге жабысып қалғандай-ақ бір орнында тапжылмай тұрды да қалды. Енді осыдан кейін мына өлімтікті кие демей не дерсің?! Кереметі сол - арқар сәтте сан құбылған. Біресе жалғыз көзді дәуге, біресе жеті басты айдаһарға, біресе қарны шерміп, танауы делдиген ұсқынсыз тажалға ұқсап кетеді. Алжасқан неме мүйізін ала жүгіріп... бет-аузын бұзып, елге қарағысыз ғып...

Арқар сүзген Есей атанып жүрсе, масқараның көкесі сонда болар!

Есей шын састы. Бас амандауға намысы жібермей, бәлекей қаруды тағы кезенді құлжаға. Бір атты, екі атты, үш атты. “Ә, бәлем, саған сол керек!” Қайдағы? Қоқиып әлі тұр құбыжық сұлдер. Жай тұрса бір сәрі, атылмақшы бұған. Тәрізі солай. Өлгі мүйізіне оратылған айдаһар жылжып-жылжып тура шоқтығына шықсып, аузын арандай ашып ысқырынатын тәрізді ме?!

Есейде ес қалмады. Қорыққанға қос көрінердің кері ме, неше қилы елес енді адам бейнесіне еніп мұны арбасын. Одан Исағұл тепсіне ме?! Сүйегі баяғыда қурап кеткен Шорық тұрғандай кебінін жамылып. Бақида да ішуін тастамаған ба, ықылық атады.

Есей теңселіп кетті. Шатасқанын анық біліп, кәлимаға тілін келтірейін деп еді, аузына жөні түзу сөз түспеді. Үреймен қосарлана естияр ой қылаң берді санасында. “Арқар сүзіп өлтірді дегізбей, пәлесінен аулақ, мына құбыжықтан алыс кетейін”.

Керқұлжаға кекірлік қайдан келсін. Киесі ұрса ендігі талайды тырапай астырмай ма. Арқарлардың пірі ата-құлжа қорғансыз төлін желеп-жебеп жүрген шығар. Лакса кәріні шиыршық аттырып, делебесін коздырған ненің қуаты екенін

дөл қазір Жаратқан иенің өзі де тап басып айта алмас. Төрт аяғын бос жіберді, неше түрлі өскіннен ризық берді, қыбыр еткенді шалатын қырағы көзі бар, тірескенді тырапай асыратын алып мүйізі бар, жүгірсе желден де жүйірік, тастан тасқа секіргенде болат тұяқтары бір таймайды. Енді не қыл дейді Жаратқанға? Дұшпанымен тайталаса білмеген бор кемік осалдығынан көрсін. Тығырыққа қамалып, тұйыққа тірелсе, амалдап жол тапсын, қажыр-қуатын жұмсап, тосқауылды бұзып өтсін. Тауда туып, тауда өскен арқарға үңгір сағалаған бұқпа тірлік жараспайды.

Керқұлжаны оқыстан тыпыршытып, кәрі жүрегін жойдасыз бұлқындырған ырықсыз күш осындай ширығудан туындаған еді. Енді не тұрыс? Тығырықтан шығудың бір ғана жолы - тәуекел! Тәуекелге тұяқ тіремеді ме, сүйегі шашылып үңгірде қалады. Мына сұрқияның өңешіне жұтылып, ындынына тығын болғанша, шыңға жетіп жығылсын. Биіктен тапсын қазасын.

Есей арқардан алыстай алмады. Қайта құлжаға жақындады. Шағымшыл қысастықпен назалана кемсеңдеп: - Сені мүйізден айырған мен. Құныкеріңмін. Киең ұрды! Кегінді ал, аяма! - деді.

Құлжаның назары басқа жақта. Жалғыз көзі шыңнан көрініс берген тұқымдастарына тесіліп, шарасынан шығып барады. Керді көзсіз тәуекел буған. Жай ғана тәуекел емес, арынымен айға жетердей - Нартәуекел! Шегіне беріп атылып қалғанда, Есей дауыл қопарған теректей шалқалап бара жатты. Екпінінен бұл тұрмақ үй жығылардай. Көз ілеспес жылдамдықпен үстінен қарғығанда, өлтірмесе не қылсын деп түршіккен. Тұяқтары денесін болар-болмас сызып өтсе де, туасы табанға түсіп көрмеген өр кеуде жаншылып-ақ қалды. Қорланғаны ма, әйтпесе шын мұқалды ма, біразға дейін өз-өзіне келе алмаған.

Арқар кейпінде елес боп арбаған дүлей сұлбаны көзімен іздеп еді, алыстап барады екен. Соңынан жүгірген салпаң-құлаққа шалдыратын емес. Құлжаға ғайыптан қанат бітсе керек. Құсша қалықтаған бойында бұлтқа еніп көрінбей кетті.

Бұл ойлаған. Ұшарқар таразы шоқ жұлдызына бет алған шығар деп. Жердегі бей-берекет тайталастан қажып, тірліктен әбден түңілгенсін, көктен рахым күтпегенде қайтеді. Не қалды дейсің мына былыққан -лас дүниеде!

Ол теткіді. Бар арман-аңсары құлжамен ілесіп кеткен-

дей-ақ қапелімде таусыла құлазыды. Өзінің дәрменсіздігіне налыды. Осы уақытқа дейінгі шеккен ғұмыры, істеген ісі, жүріп өткен жолы бұралаң-бұлтаысты екен. Атқан оқтай түп-түзу тартылғанда ғой, мұны да, басқаны да тығырыққа тірмейтін еді. Болар іс болды, енді қайтуі керек? Сынық мүйіз, қауқарсыз құлжаға шейін тығырықтан шығар жол іздеп тайталасқанда, мұның басыр болған түйедей тартыншақтап сырт айналғаны естір құлақтан ұят-ау өзі. Әлде көр соқыр боп түкті де көрмей қалған ба?

Есей тауды нысаналады. Көзі салғаннан арқарларға түсті. Құлжасы мен саулығы қанша, кодыға мен тоқтысы нешеу - бәрін ажыратты. Санап та көрді. Бір емес, бірнеше қайтара. Сметті де таныды. Қой қайтарған қойшыдай арқар үйірін сыртынан бағып жүргеніне тұңғыш рет іші жылыды. “Еңбегі жанған екен байғұстың. Тұқымы құрып кете жаздап еді, отызға жеткізіпті-ау өліп-талып. Әлі мыңғырады. Құдайдың мұнысына да шүкірлік!”

Тәубеге кештеу келгеніне қуыстанса да, назарын таудан айырмады. Сол сәтте ол шың басынан желбіреген туды көрді. Аспанмен астасқан көгілдір жалау алып қыранша қанатын кең жайып, күнге бет алып бара жатқандай. Есейді қанатты қиял еңсерді. Арынды шабыспен тауды айналған қос пырақ тура мұны нысаналады. Дәл жанына кеп тоқтаған. Жануар үйірсек адамға. Қайнардың мөлдіріндей түп-тұнық нәркес жанарына дүниенің бар сұлулығын, кіршіксіз пәктігін сыйдырғандай. Бәрінен де бұрын ер-тұрманы келісті. Аршынды сұлу тұрқына бек жарасқан.

Есей қанаттанды. Бүгежек әдетінен тыйылып, төңірекке қомағай аңсармен ықыластана көз жіберді. Сол-ақ екен, көз алдын көлегейлеген қан-қызыл түс ыдырап, жер дүние көгілдір нұрға шомылып жүре берген. Есейді азатшыл асқақ сезім биледі. Мына қызықты қара, жапырақ жауып тұр. Жапырақ дегені кәдімгі төл ақша - теңге екенін білгенде тіптен мағұрланды.

Енді аңғарды. Бір топ адам бұған қарсы жүріп келеді. Араларында Данаş пен Исағұл бар. Зекен ғой деймін домалдағаны.

Нәйра алда. Сол кейіндеген Зуһраны құрбысы қолынан тартқылап асықтыра түседі.

Азаттықтың қос қарлығашы жапандағы терекке ұя салуға асығады.

ТАЙТАЛАС. РОМАН	
Етек.....	3
Бауыр.....	57
Беткей.....	97
Төскей.....	122
Иық.....	147
Жөн.....	170
Арқа.....	182
Шың.....	198
Күз.....	250
Зенгір.....	258

Әдеби-көркем басылым

Өмір Кәріпұлы
ТАЙТАЛАС

(на казахском языке)

Редакторы *Б. Беделханұлы*
Техникалық редакторы *С. Бейсенова*
Корректоры *Т. Хасенова*

ИБ№42

Теруге 7.08.2000 ж. жіберілді. Басуға 13.11.2001 ж. қол қойылды.
Пішімі 84x108¹/₁₆. Қағазы офсеттік. Қаріп түрі "Таймс". Басылымы офсеттік.
Шартты баспа табағы 14.07.Есептік баспа табағы 15,26. Таралымы 1000 дана.
Тапсырыс № 3847.

Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінің
"Елорда" баспасы, 473000, Астана қаласы, Бейбітшілік көшесі, 25.
"Ақмола полиграфия" жабық акционерлік қоғамы,
473000, Астана қаласы, Бейбітшілік көшесі, 25.